



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ


«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ

БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	4		
Басқарма Төрағасының үндеуі	6		
01		03	
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	8	№5 МАҚСАТ	
Компанияның тарихы	12	ESG қағидаттарын енгізу	58
Компания қызметінің бағыттары	13	ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП	56
Бизнес моделі	13	Тұрақты дамуды басқару	58
Жылдың шешуші оқиғалары	14	Экономикалық әсер ету	64
Халықаралық ұйымдарға, бірлестіктерге қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану	18	Экологиялық жауапкершілік	79
		Энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу	90
		Әлеуметтік жауапкершілік	103
		№6 МАҚСАТ	
		Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру	128
		Қозғалыс қауіпсіздігі	128
		Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	130
02		04	
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП	20	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	
Даму стратегиясы	22	ТУРАЛЫ ЕСЕП	144
№1 МАҚСАТ		Корпоративтік басқару жүйесі	146
Теміржол тасымалдарының тиімділігін арттыру	26	Жалғыз акционер	149
Тарифтік реттеу	26	Директорлар кеңесі	149
Борыштық жүктемесі	27	Басқарма	162
Нарыққа шолу	28	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	171
Өндірістік нәтижелер	30	Ішкі аудит қызметі	182
№2 МАҚСАТ		Корпоративтік омбудсмен	185
Транзиттік тасымалдарды дамыту	31	Мүдделер қақтығысын басқару	186
Қаржылық нәтижелер	33		
Активтердің құрылымы	38	05	
Шешуші бизнес-бірліктер	39	ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН	
Қызмет тиімділігін арттыру	49	ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	188
Инвестициялық қызмет	50	Есеп туралы	282
№3 МАҚСАТ		Тәуелсіз аудитордың есебі	292
Клиенттердің қанағаттануын арттыру	52	GRI стандарттарын ашу көрсеткіші	297
Клиенттердің қанағаттануы	52	Глоссарий	306
№4 МАҚСАТ			
Цифрландыру	55	Байланыс ақпараты	309
Цифрландыру	55		



Есепте қолданылатын шартты белгілер:



Экономикалық аспектінің көрсеткіштері

Осы түспен белгіленген мәліметтер Компанияның экономикалық көрсеткіштерін көрсетеді.

Әлеуметтік аспектінің көрсеткіштері

Осы түспен белгіленген мәліметтер Компанияның әлеуметтік көрсеткіштерін көрсетеді.

Экологиялық аспектінің көрсеткіштері

Осы түспен белгіленген мәліметтер Компанияның экологиялық көрсеткіштерін көрсетеді.

GRI стандарттарының ақпаратты ашу индексі

GRI индексі GRI стандарттарына сәйкес ашылатын ақпаратты көрсетеді.

TCFD стандарттарының ақпаратын ашу индексі

TCFD индексі климат өзгерісіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу бойынша нысанаға алынған топтың (TCFD) кеңестеріне сәйкес ашылатын ақпаратты көрсетеді

SASB стандарттарының ақпаратын ашу индексі

SASB индексі Тұрақты даму саласындағы есепке алу стандарттары жөніндегі кеңестің (SASB) ұсынымдарына сәйкес ашылатын ақпаратты көрсетеді.

Компанияның Даму стратегиясы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясын жүзеге асыру туралы ақпарат, Компанияның жоспарлары мен мақсаттары ашылады.

Интернет сілтемелері

Толығырақ ақпаратты сіз аталған сайттан таба аласыз.

Қосымша ақпарат

Толығырақ ақпарат Есептің осы бөлімінде көрсетіледі.

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы Біріктірілген жылдық есептің мақсаты — біздің мүдделі тараптарға Компания мен оның қызметі туралы тұрақты дамудың үш аспектісі – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық толыққанды және дұрыс ақпаратты ұсыну. Есепте сол сияқты «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейін Даму стратегиясы туралы ақпарат көрсетілген.

Барлық есептер Компанияның ресми сайтында бар:

GRI 2-5



Іріктелген ақпаратты тәуелсіз куәландыру туралы есеп 292-бетте ұсынылған.




Осы Есеп Компания қызметкерлері балаларының суреттерімен иллюстрацияланған.


КОМПАНИЯ ЦИФРЛАРМЕН

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІС, млрд теңге




ЖҮК ТАСЫМАЛЫНАН ТҮСКЕН КІРІС, млрд теңге




ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНАН ТҮСКЕН КІРІС, млрд теңге



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА, млрд теңге




ЕВІТДА, млрд теңге




ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ, млрд жолаушы-км




ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАР, мың жолаушы




КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАР

ТРАНЗИТ КОНТЕЙНЕРМЕН, мың ЖФБ




ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ, млрд т-км




ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК, млн тонна




ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР


ТІЗІМДІК САНЫ, адам




ӘЙЕЛДЕР ҮЛЕСІ, %




1 ҚЫЗМЕТКЕРДІ ОҚЫТУ САФАТТАРЫНЫҢ САНЫ




ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНДЕГІ БҰЗУШЫЛЫҚТАР САНЫ




LTIFR (1 млн адам-сағат)




ЕСЕПKE АЛЫНҒАН ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ ОҚИҒАЛАР САНЫ




ЕСЕПKE АЛЫНҒАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР КЕЗІНДЕ ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР САНЫ




ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, мың тонна CO₂ баламасы (1, 2-қамту)




ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЫҒЫНДАРЫ, млн теңге



ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІ, мың тонна



ОЭР ТҰТЫНУ, мың ГДж



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22



Құрметті акционер, серіктестер, инвесторлар және Жылдық есеп оқырмандары!

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің атынан Компаниямызға қызығушылық танытқаныңыз үшін және жыл бойы көрсеткен қолдауыңыз үшін алғыс айтқым келеді.

Өткен жыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін елеулі жетістіктер жылы болды. Жүк айналымы 2022 жылдың деңгейінен асып, 262,4 млрд т-км көрсеткішіне жетті, темір жол бойынша транзиттік контейнерлік тасымалдау көлемі 1 282,3 мың ЖФБ-ға жетті, қаржылық нәтиже 136,8 млрд теңге болды.

Елдің транзиттік әлеуетін арттыру үшін Компания теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған негізгі жобаларды іске асыруға кірісті. Көрші елдермен бірлесіп негізгі транзиттік маршруттардың операторлары анықталды, халықаралық логистикалық компаниялар тартылды, Сиань қаласында (ҚХР) қытайлық компаниямен бірлесіп жүк терминалы салынды.

Жолаушылар тасымалының сапасын арттыру үшін Қазақстанда «Штадлер» компаниясының технологиясы бойынша вагондар шығару жұмысы басталды, олардың алғашқы жеткізілімдері 2025 жылы болады деп күтілуде. Өткен жылы «Deutsche Bahn» компаниясы ынтымақтастыққа тартылып, оның шеңберінде интермодальдық тасымалдар мен ХАБ-жүйелерді дамыту, сондай-ақ сервис, маркетинг және сату бойынша үздік тәжірибелерді енгізу жөніндегі жобалар іске асырылады деп күтілуде. Бұл ретте 2024 жылға арналған негізгі міндет жолаушылар поездарының уақтылы жөнелтілуін және келуін қамтамасыз ету болып қала береді.

Біз корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырамыз. Мәселен, 2023 жылдың соңында «S&P Global» агенттігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа ESG-рейтингін (әлеуметтік, корпоративтік және экологиялық мәселелерді бағалау) 54 балл деңгейінде берді, оның қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ «S&P Global» бағалаған көлік саласындағы ең жоғары көрсеткіштері бар компаниялардың (бүкіл әлем бойынша 300-ден астам компания) 15%-ына енді.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі ұлттық экономика мүддесімен жүктерді тиімді тасымалдауға, транзиттік әлеуетті кеңейтуге, цифрландыруға және ESG қағидаттарын енгізуге ерекше назар аудара отырып, Компанияның Даму стратегиясына өзекті сипат берді.

Компания қызметкерлеріміздің әлеуметтік тұрақтылығы мен қаржылық әл-ауқатын сақтау үшін бар күшін салуда. 2023 жылы өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысы мөлшерінің алдыңғы кезең деңгейіне қарағанда 30%-ға өсуі қамтамасыз етілді.

Поездар қозғалысы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау біздің компания үшін басымдықтардың бірі болып қала береді. Бұл мәселелер «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің отырыстарында мұқият зерделенеді. Есеп беріліп отырған жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзу саны 2022 жылғы деңгейге қатысты 4,7%-ға төмендеді. Алайда өндірістік жарақаттанудың есепке алынатын оқиғаларының 13%-ға өсуі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кешенді көзқарас қажеттігін білдіреді. Компания алдын алу шаралары мен оқыту бағдарламаларының кең ауқымын пайдалана отырып, өз қызметкерлері үшін қауіпсіз жұмыс ортасын құру үшін бар күшін салуға міндеттенеді.

Қорытындылай келе, «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық қызметкерлеріне Компанияның дамуына қосқан баға жетпес үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді. Сіздің жеке үлесіңіздің арқасында біз айтарлықтай жетістіктерге жетіп, алға қойған мақсаттарға сенімді түрде көшеміз. Сіздің еңбегіңіз – біздің ортақ өркендеуіміздің негізі.

Сондай-ақ біздің барлық стейкхолдерлерге табысты бірлескен қызметі үшін алғыс айтқым келеді. Біз сіздің Компаниямызға көрсеткен қолдауыңыз бен сеніміңізді бағалаймыз және болашақта ынтымақтастық пен серіктестікті жалғастырамыз деп үміттенеміз.

Құрметпен,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

АЙДАР РЫСҚҰЛОВ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22



Құрметті Жылдық есептің оқырмандары!

Компаниямыздың 2023 жылғы жұмыс қорытындыларын қуана ұсынып отырмын.

Тасымалдар өсіп, соңғы үш жыл ішінде тарихи максимумды жаңартты. Тарифтік жүк айналымы 2022 жылға қарағанда 2023 жылы 7,0%-ға өсіп, 262,4 млрд т-км болды. Контейнерлік транзит 14%-ға ұлғайып, 1 282,3 мың ЖФБ болды. Нәтижесінде Компанияның негізгі қызметтен түскен кірісі 2022 жылғы деңгейге қарағанда 30,6%-ға өсіп, 1 934,1 млрд теңге болды, бұл ретте таза пайда 136,8 млрд теңге болды.

Өткен жылы Компания теміржол инфрақұрылымын дамыту жөніндегі ауқымды жобаларды іске асыруды жалғастырды: жаңа теміржол желілерінің (Алматы станциясын айналып өтетін жол, Дарбаза – Мақтаарал және Бақты – Аягөз) құрылысы басталды. Достық – Мойынты теміржол учаскесінің құрылысы график бойынша жүргізілуде.

Бүгінгі таңда локомотив паркінің тапшылығы мәселесі шешілді деп сенімді түрде айтуға болады. Мәселен, соңғы үш жыл ішінде 255 локомотив, оның ішінде 2023 жылы 113 локомотив сатып алынды. Бұл локомотивтердің орташа тозуын 2020 жылғы 68%-дан 2023 жылғы 52%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Қытайлық компаниямен бірлесіп Сиань қаласында (ҚХР) «Құрғақ порт» жүк терминалын салу 2023 жылдың айтарлықтай оқиғасы болды, терминал жұмысын ойдағыдай бастады. Бұл қадам біздің экспорттерлер үшін үлкен перспективаны ашып, оларға тікелей әрі қысқа мерзімде өз тауарларын халықаралық нарықтарға жеткізуге мүмкіндік береді.

Біздің транзиттік дәліздердің бәсекеге қабілеттілігі мен сенімділігін арттыру үшін өткен жылы Компания көршілес елдермен және «PSA International» (Сингапур) мен «AD Ports Group» (БАӘ) жетекші логистикалық компанияларымен ынтымақтастықта шешуші маршруттар – ТХКМ мен Солтүстік – Оңтүстік дәлізінде бірлескен операторларды белгіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ цифрландыру саласындағы «Huawei», «Wabtec» және «PSA» компаниялары сияқты әлем көшбасшыларымен бірлесіп Компанияны цифрландыру жобаларын іске асыруға кірісті. «Huawei» компаниясымен бірлескен цифрлық хаб ашылды. «Wabtec» компаниясымен бірлесіп пилоттық жобалар (Kinetix, PTC 2.0, Trip Optimizer) іске асырылуда, ТХКМ-де «PSA» компаниясымен бірлесіп «DTC цифрлық дәлізі» бағдарламасы іске қосылды.

Біздің қызметкерлер – біздің басты ресурсымыз екенін түсінеміз. Сондықтан біз олардың материалдық жағдайын, еңбек жағдайын және әлеуметтік пакетін жақсартуға айтарлықтай қаражат жұмсаймыз. 2023 жылы өндірістік персоналдың орташа айлық еңбекақысы мөлшерінің өткен кезеңге қарағанда 30%-ға өсуі қамтамасыз етіліп, ол 427 367 теңге болды.

2023 жылғы 22 желтоқсанда Корпоративтік тұрақтылықты ғаламдық бағалау (Corporate Sustainability Assessment) шеңберінде «S&P Global» рейтинг агенттігінің Компанияға 54 балды беруі біздің тұрақты даму қағидаттарын ұстанатындығымызды растады. Рейтинг қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ «S&P Global» рейтингінде сападағы ең жоғары көрсеткіштері бар 15% компаниялар қатарына енді.

Жалпы, 2023 жылы Компания алдына қойылған шешуші міндеттер орындалды. Жан-жақты ақпаратты есептен таба аласыздар.

Құрметпен,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы

НҰРЛАН САУРАНБАЕВ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



Компанияның тарихы	12
Компания қызметінің бағыттары	13
Бизнес моделі	13
Жылдың шешуші оқиғалары	14
Халықаралық ұйымдарға, бірлестіктерге қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану	18

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



Саркенжеева Диана, 12 жаста



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

GRI 2-1, 201-4

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания) – көлік-логистикалық холдинг, Қазақстан Республикасының магистральдық теміржол желісі операторы, Ұлттық теміржол жүк және жолаушылар тасымалдаушысы.



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жалғыз акционері – құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор)

**«ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР ЖОЛЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы еліміздегі локомотивтердің, жүк және жолаушы вагондарының ірі меншік иесі болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі.

КОМПАНИЯНЫҢ РЕСУРСТАРЫ МЕН АКТИВТЕРІ



ЛОКОМОТИВТЕР

1,7 мың



ЖОЛАУШЫЛАР
ВАГОНДАРЫ

2,3 мың



ЖҮК ВАГОНДАРЫ

42 мың



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

116,6 мың

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛДАРЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ

БАС ЖОЛДАРДЫҢ ЖАЛПЫ
ҰЗЫНДЫҒЫ



21 мың км

ПАЙДАЛАНУ
ҰЗЫНДЫҒЫ



16 мың км

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ ҚАТЫСУ ГЕОГРАФИЯСЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының 17 облысымен, республикалық маңызы бар 3 қаласымен, **16 түйіспелік пункт** арқылы бес көрші мемлекетпен: **Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Түркіменстанмен** экономикалық байланысты қамтамасыз етеді.

Темір жолдардың ұзындығы бойынша Қазақстан жолтабан ені **1520 мм** ТМД және Балтық елдері арасында **3 орында** тұр



Елдер	Ұйымдар	Елдер	Ұйымдар	Елдер	Ұйымдар
Қытай Халық Республикасы	«Ляньюньган қытай-қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШҚ («KTZ Express» АҚ – 49%)	Ресей Федерациясы	«Трансевразия» ЖАҚ («Кедентранссервис» АҚ, 10%)	Түрік Республикасы	«KTZ Express Hong Kong» филиалы («KTZ Express» АҚ – 100%)
	Шетелдік капиталы бар «Xinjiang KTZ International Logisnics Co.LTD» компаниясы («KTZ Express» АҚ – 100%)		«Бірлескен көлік-логистикалық компаниясы Еуразиялық теміржол альянсы» АҚ («ҚТЖ» ҰК» АҚ, 33,33%)		
	«KTZ Express Hong Kong» жауапкершілігі шектеулі қоғамы («KTZ Express» АҚ – 100%)				
	СП«YuXinOu (Chongjing) Logistics Co. Ltd» («KTZ Express» АҚ – 16,3%)				
	«Қытай-қазақстан сауда-логистикалық компаниясы (Сиань)» ЖШҚ («Кедентранссервис» АҚ – 49%)			Венгрия Республикасы	«Xinjiang KTZ International Logisnics Co.LTD» филиалы («KTZ Express» АҚ – 100%)

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қытай Халық Республикасындағы өкілдігі (Үрімші қаласы) және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ресей Федерациясындағы (Мәскеу қаласы), Иран Ислам Республикасындағы (Тегеран қаласы), Орталық-Азия және Кавказ өңіріндегі (Ташкент, Баку қаласы), Түрік Республикасындағы (Стамбул қаласы) өңірлік сыртқы қызметтер.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БҮГІН:



Қазақстанның жүйе құраушы көлік компаниясы



Стратегиялық және қоғамдық маңызды жүктер тасымалын орындайды (көмір, темір кені, мұнай өнімдері, астық және т.б.), олар қоғамның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажет



Елде жүк айналымының 65%-ын және жолаушылар айналымының 15%-ын қамтамасыз етеді



Бизнес-ортаның тұрақты өсуінің сапалы негізін қамтамасыз етеді және экономикалық драйвер ретінде қатысады



«Көлік» санатындағы 2023 жылғы¹ тартымды жұмыс берушілердің Топ-3 рейтингі

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ

GRI 2-6

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы №129 қаулысымен:

- Алматы теміржол басқармасы
- Тың теміржол басқармасы
- Батыс Қазақстан теміржол басқармасы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру арқылы «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

1997

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы №310 қаулысымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қосу арқылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамы құрылды.

2002

«ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ болып құрылды және саладағы бәсекелестікті дамытуға және жеке инвестицияларды тартуға бағытталған 2004–2006 жылдарға арналған ҚР теміржол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде локомотив шаруашылығы базасында «Локомотив» АҚ құрылды, ал вагондардың бүкіл мүкәммал паркі дербес кәсіпорын – «Қаз-теміртранс» АҚ болып бөлінді.

2005

2004

Республикалық бюджеттен жолаушы тасымалдаушыларының шығындарын жабу үшін субсидиялар бөліне бастады.

Тасымалдау қызметі мен инфрақұрылымды бөлу арқылы жүк тасымалдаушы – «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ құрылды (2020 жылы «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС құрылды).

2016

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ



Магистралдық теміржол желісі қызметтері



Теміржол жолаушылар тасымалдары



Теміржол жүк тасымалдары



Көлік-логистикалық қызметтер

БИЗНЕС МОДЕЛІ



СЕРІКТЕСТЕРІ

- Тауар мен қызметтерді жеткізушілер
- Теміржол әкімшіліктері
- Көлік-логистикалық компаниялар



ШЕШУШІ ҚЫЗМЕТІ

- Магистральдық теміржол желісі қызметі
- Жүк тасымалдары
- Жолаушылар тасымалдары



ҚҰНДЫ ҰСЫНЫСТАРЫ

Белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылатын жүктер мен жолаушылар тасымалдары бойынша қауіпсіз, сенімді қызметтерді ұсыну



РЕСУРСТАРЫ

- Магистралдық теміржол желісі
- Локомотивтер
- Жүк вагондары
- Жолаушылар вагондары
- Білікті қызметкерлер



ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТТЕРІ

- Жекеменшік жолаушылар теміржол компаниялары
- Жолаушылар
- Жүк вагондарының жеке паркі бар жекеменшік компаниялар
- Жүк жөнелтушілер



ШЕШУШІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫ

- Клиенттер
- Акционер
- Директорлар кеңесі
- Қызметкерлер
- Кәсіптік одақтар
- Мемлекеттік органдар
- Инвесторлар мен кредиторлар
- БАҚ
- Тұрғындар
- Серіктестер



ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- Магистральдық теміржол желісіне қызмет көрсету және күтіп-ұстау
- Локомотивтерді жөндеу және сервистік қызмет көрсету
- Жүк және жолаушылар вагондарын жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету
- Қуат тасымалдағыштары бойынша шығындар
- Қызметкерлердің еңбекақысы бойынша шығындар



ПАЙДА АҒЫНДАРЫ

- Жолаушылар тасымалынан түсетін кіріс
- Жүк тасымалынан түсетін кіріс
- Жүктерді экспедициялаудан және жүк вагондарымен операциялар жүргізуден түсетін кіріс

¹ «Апсog» стаффинг компаниясының зерттеуіне сәйкес Қазақстандағы «Ең тартымды жұмыс беруші»



ЖЫЛДЫҢ ШЕШУШІ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР



17 қаңтарда Қытайдың Үрімші қаласынан Түркияның Мерсин портына теміржол және теңіз көліктерін тарта отырып, рекордтық мерзімде Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ) бойынша тоқыма машиналарының партиясы жеткізілді.

20 қаңтарда Көкшетау-1 станциясынан Түркияның Мерсин станциясына қызыл жасымдық тиелген 20 футтық 20 бірлік контейнер жіберілді. Контейнерлік поезд теміржол және теңіз көліктерін тарта отырып, Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ) бойынша жүрді. Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауды «KTZ Express» АҚ еншілес кәсіпорны – «Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы ұйымдастырды.

АҚПАН



10 ақпанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы логистика саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша «Abu Dhabi Ports Group» компаниясының өкілдерімен кездесу өткізді.

27 ақпан – 3 наурыз аралығында 2023 жылға арналған теміржол көлігімен экспорттық, импорттық және транзиттік жүктерді тасымалдау көлемін және оларды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды келісу бойынша Вьетнам Социалистік Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Корея Халық Демократиялық Республикасының, Моңғолияның, Ресей Федерациясының және Өзбекстан Республикасының темір жолдары мен сыртқы сауда ұйымдары өкілдерінің кеңесі өтті.

НАУРЫЗ



1 наурызда Қытайға ресми сапар аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының Сиань қаласының әкімі Ли Миньюан мырза бастаған әкімшілік өкілдерімен кездесуі өтті. Кездесу қорытындысы бойынша Келісімге қол қойылды, оған сәйкес қытай тарабы Сиань қаласындағы Құрғақ порт аумағында терминал салу үшін жер учаскесін беретін болады.

1 наурызда Парижде (Франция) «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС және құрамында «Société Générale» және «Natixis» бар банктер синдикаты арасында несиелік келісімге қол қойылды. Қарыз отандық өндіруші – «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС-тан жүк және жолаушылар электровоздарын сатып алуға бағытталатын болады.

1 наурызда бірінші демонстрациялық контейнерлік поезд Цзяочжоудан (ҚХР) Копер портына (Словения) ТХКМ дәлізімен жүрді. Жеткізу мультимодальды тасымалдау қағидаты бойынша: теңіз және теміржол көлігімен ұйымдастырылған. Поездың құрамында электромобильдер тиелген контейнерлер бар. Поезд қазақстандық Алтынкөл станциясы, Ақтау порты, Алят порты (Әзербайжан), Бейюк-Кясик (Әзербайжан), Гардабани (Грузия), Потти порты (Грузия), Стамбул (Түркия) арқылы және одан әрі Словенияға дейін өтті. 13 мың км-ден астам қашықтық 45 күнде еңсерілді. Қазақстан бойынша тасымалдауды «KTZ Express» АҚ ұйымдастырды.

14 наурызда «KTZ Express» АҚ интернет арқылы сатып алынған тауарларды ҚХР-дан жедел жеткізуді ұйымдастырды. Интернет арқылы сатып алынған тауарлары бар тұрақты транзиттік шаттл-поезд Үрімші (ҚХР) бағыты бойынша Алашаньюкоу – Достық шекаралық өткелі арқылы Ресей бағытында, сондай-ақ Өзбекстан мен Тәжікстанға қатынайтын болады. Жөнелтуді ұйымдастырушы – «Atasu Logistics» ЖШС-мен серіктестікте «KTZ Express» АҚ.

17 наурызда Үрімші қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (ШҰАА) Коммунистік партиясының хатшысы Ма Синжуй мырзамен кездесуі өтті. Кездесуде көлік саласындағы өзара іс-қимыл: Бақты-Тачэн үшінші теміржол шекара өткелінің құрылысы, Достық – Мойынты учаскесін жаңғырту, халықаралық көлік дәліздерін дамыту болашағы мәселелері талқыланды.

24 наурызда «KTZ Express» АҚ және «Славтранс-Сервис» АҚ арасында контейнерлік тасымалдарды дамыту және жүктердің қосымша көлемін тарту бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Келісім Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің, Қытайдың, Каспий бассейні елдерінің және ТМД елдерінің нарығында ауыл шаруашылығы жүктерін мультимодальды жеделдетіп тасымалдауды дамытуға; «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін нығайтуға ықпал ететін болады.

29 наурызда «KTZ Express» АҚ және «China Xinjiang Electronic Port Co., Ltd» компаниясы арасында Қазақстан Республикасы мен ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Шекара маңы ынтымақтастығының II достық диалогы шеңберінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумның мақсаты «China Xinjiang Electronic Port Co., Ltd» және «Xinjiang Digital Port» компанияларының Қазақстан мен Қытайдағы тасымалдау процесіне қатысушыларға қызмет көрсетуді жақсарту және трансшекаралық теміржол кедендік ресімдеу үшін деректерді беру бойынша кешенді сервистік платформасын пилоттық пайдалану болып табылады.

СӘУІР



14 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ҚХР ірі порт операторы – Шаньдун порт тобы («Shandong Port Group», SPG) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатта көлік-логистикалық сервистерді, порттық және терминалдық қызметтерді дамыту, сондай-ақ теңіз тасымалдарын, оның ішінде Каспий және Қара теңіздеріндегі теңіз буынын дамыту саласындағы ынтымақтастық көзделген.

17 сәуірде Ақтау және «Shangdong Port Group» (SPG) тобына кіретін «Qingdao Port» сауда порттары «SPG» делегациясының Қазақстанға сапары шеңберінде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Тараптар тәжірибе және ақпарат алмасу бойынша тығыз өзара іс-қимыл және бірқатар мәселелер бойынша: персоналды даярлау, пайдалану процестерін оңтайландыру, логистика бойынша ықтимал ынтымақтастық туралы уағдаласты.

26 сәуірде «Медициналық поезд»: елдің шалғай өңірлерінің тұрғындарына тегін медициналық көмек» жобасы басталды. Сондай-ақ медиатор мен заңгердің кеңес беру қызметтері ұсынылды. 75 мыңға жуық ауыл тұрғыны қамтылды.

27 сәуірде «KTZ Express» АҚ «РЖД Логистика» АҚ-пен бірлесіп Мәскеу – Сиань (ҚХР) бағытында тікелей теміржол қатынасында алғашқы рефрижераторлық контейнерлік поездды жөнелтуді ұйымдастырды.

МАМЫР



18 мамырда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында Сиань қаласының құрғақ портында Қазақстанның логистикалық орталығының құрылысын бастау онлайн-рәсіміне қатысты.

22 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және контейнерлік порт терминалдарының әлемдегі ең ірі операторларының бірі – «PSA International» (PSA) компаниясы бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойды. Трансұлттық холдингпен әріптестікте жұмыс істеу Мемлекет басшысы қойған маңызды міндеттердің бірі – елдің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға бағытталған.

22 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Huawei Қазақстан» компаниясы ниет туралы келісімге қол қойды. Келісім шеңберінде бұлтты шешімдерді, Big Data, Заттар интернетін және жасанды интеллектіні пайдалана отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылымын цифрландыру жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарлануда. Тараптар көлік индустриясына арналған телекоммуникациялық технологияларды зерделеу мен әзірлеу үшін бірлескен инновациялық орталық құруға ниетті.

МАУСЫМ



1 маусымда Достық – Мойынты учаскесінде, Сарықұм – Бүйрек аралығында екінші жолдың алғашқы рельстері төселді.

7 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Цифрлық даму стратегиясы Алматы қаласындағы «Huawei Middle East&Central Asia Tech Carnival 2023» форумында ұсынылды.

9 маусымда Астана халықаралық форумында ТХКМ дамуы талқыланды.



15 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ басшылары және «Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd» қытай компаниясының бас директоры Юань Сяоцзюнь Сиань құрғақ портының аумағында жүк терминалын салу үшін бірлескен логистикалық жобаны жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

20 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Rhenus SE» неміс компаниясы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Тараптар Транскаспий халықаралық көлік маршрутында жүк ағынын ұлғайту бойынша бірлескен жұмыс жүргізуге ниетті.

20 маусымда елордалық «Нұрлы жол» вокзалынан «Туған елге саяхат» қайырымдылық балалар поезы өзінің алғашқы тұрына аттанды. Үш жазғы маусымда 10-15 жас аралығындағы 600 бала Қазақстанның көрнекті жерлеріне барып, экскурсиялық поездда ұмытылмас демалыс өткізді.

20 маусымда «Ауысып отыру арқылы жол жүру» қызметі мемлекетаралық қатынас поезддарына іске қосылды.

23 маусым ҚР Үкіметі басшысы Ә.Смайыловтың Грузияға ресми сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Грузия темір жолы» АҚ ТХКМ дамыту жөніндегі бірлескен кәсіпорынды құрудың және оның қызметінің базалық қағидаттары туралы үшжақты келісім жасасты. 22 маусымда Бакуде бұл құжатқа «Әзербайжан темір жолдары» ЖАҚ қол қойды.

ТАМЫЗ



4 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қор өткізген Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі II форумға қатысты.

6 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Көлік қызметкерлері күні қарсаңында Астана қаласының тұрғындары мен қоңақтарына Астана қаласындағы «Салтанат қақпасы» монументінің жанында орналасқан жаңа скверді тарту етті.

21 тамызда «Sovico Group» вьетнамдық корпорациясымен көлік-логистика саласындағы өзара түсіністік және ақпарат алмасу туралы келісімге қол қойылды.

31 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Балаларды мектепке жинайық!» атты науқан өткізді. Науқан аясында 1,9 мың бала көмекпен қамтылды.

ҚЫРКҮЙЕК



4 қыркүйекте ҚХР ірі порт операторы – «Shandong Port Group Co., Ltd.» компаниясымен инвестициялар және порт құрылысы, зияткерлік құрылыс, жабдықтарды жаңғырту, халықаралық логистика және халықаралық жеткізу тізбегі қызметтері саласында келісімге қол қойылды.

6 қыркүйекте Октябрь станциясынан (Тайынша ауданы) Сиань қаласына (ҚХР) 1300 тонна қазақстандық бидай жөнелтілді. Жаңа маршруттық контейнерлік поезддың ұйымдастырушысы «Кедентранссервис» АҚ пен Сиань қаласының халықаралық құрғақ портының бірлескен кәсіпорны – «Қытай-Қазақстан сауда-логистикалық компаниясы» ЖШҚ болып табылады.

11 қыркүйекте елордаға Қарағанды – Жезқазған, Атырау – Маңғыстау, Атырау – Ақтөбе бағыттарындағы поездар құрамында жүретін қазақстандық «ЗИКСТО» зауытының заманауи плацкарт және күпе жолаушылар вагондарының бірінші партиясы жеткізілді.

18 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың АҚШ-қа ресми сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Wabtec» компаниясымен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісім және «Citibank»-пен мандаттық келісім жасасты. «Wabtec» компаниясы қазақстандық зауытта сүтегі технологияларын және олардың жиынтықтауыштарын пайдалана отырып, локомотивтер шығаруды, сондай-ақ инженерингтік орталық құруды және технологиялар трансферттерінде қолдау көрсетуді жоспарлап отыр. Мәміле «Citibank» және АҚШ экспорттық-кредиттік агенттігінің (US Exim Bank) көмегімен төмендетілген пайыздық мөлшерлеменен жүзеге асырылады.

21 қыркүйекте Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ және Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) басшылығының кездесуі өтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ірі даму жобаларын қаржыландыру, оның ішінде Аягөз — Бақты теміржол торабын салу және Қазақстан-Қытай шекарасында жаңа шекара өткелі мәселелері талқыланды. Жаңа инфрақұрылым жүк айналымын жылына 20 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді деп болжануда.

29 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «DB Engineering and Consulting» компаниясы ынтымақтастық туралы келісім жасасты. Құжатқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германияға сапары аясында Берлинде қол қойылды. Стратегиялық әріптестер интермодальды тасымалдау бойынша жобаларды іске асыруды, ХАБ жүйелерін дамытуды, маркетинг, сервис және сату бойынша үздік тәжірибелерді енгізуді жоспарлап отыр, бұл ел халқы үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

ҚАЗАН



4 қазанда Астанада «New Silk Way» халықаралық көлік-логистикалық бизнес-форумы аясында «KTZ Express» АҚ және «Rail Cargo Austria AG» компаниясы арасында өзара түсіністік туралы халықаралық меморандумдарға, сондай-ақ «DB cargo Eurasia» компаниясы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

17 қазанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға ресми сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ қытайлық «CRR Corporation Limited» корпорациясымен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісім жасасты. Құжат 200 маневрлік және магистральдық локомотивтерді сатып алуды, Қазақстанда жылжымалы құрамға қызмет көрсету сервисінің орталықтарын ұйымдастыруды және инженерингтік орталық құруды көздейді.

17 қазанда Қытайдың Ляньюньган портымен трансшекаралық тасымалдарды ұлғайту және кешенді логистикалық желіні құру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

26 қазанда Тбилиси қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Грузия темір жолы» АҚ және «Әзербайжан темір жолдары» ЖАҚ теңгерімді негізде бірлескен кәсіпорын құру туралы шарт жасасты. Құжатқа «Silk Road» Тбилиси форумының алаңында қол қойылды. Үш елдің теміржолшылары ТХКМ-да мультимодальды сервисі дамыту үшін күш біріктірді.

27 қазанда Алматы қаласында логистикалық терминал салу және көлік-логистикалық қызметтер мен электрондық коммерцияның заманауи платформасын құру жөніндегі жобаны іске асыру басталды. Жобаны Сиань қаласының құрғақ портымен бірлесіп «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүзеге асыруда. Жаңа терминал «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың еншілес ұйымы – «Кедентранссервис» АҚ-тың жүк терминалы негізінде құрылатын болады.

31 қазанда кездесу барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және Сиань қаласы (ҚХР) Халық Үкіметінің ынтымақтастығы мәселелері талқыланды. Кездесу аясында «KTZ Express» АҚ және «Xian Free Trade Port Construction and Operation Co. Ltd.» компаниясы арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ҚАРАША

1 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2023 жылғы тартымды жұмыс берушілердің топ-3 рейтингіне енді.

10 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі V форум өтті. Іс-шара «Тәртіп. Қорғалу. Қауіпсіздік» ұранымен өтті. Бесінші мерейтойлық форум маңызды оқиға және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы ірі сараптамалық алаң болды.

14 қарашада Алматы облысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісін салуға кірісті. Инфрақұрылымдық жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша іске асырылуда және елдің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту үшін үлкен маңызға ие. Теміржол төсемінің бірінші буынын төсеу рәсіміне ҚР Премьер-Министрі Ә.Смайылов қатысты.

ЖЕЛТОҚСАН





2 желтоқсанда БАӘ-дағы порттық, өнеркәсіптік және логистикалық оператор – «AD Ports Group» компаниясымен Солтүстік-Оңтүстік маршрутын дамытуға, Каспий теңізіндегі порт инфрақұрылымын кеңейтуге, сауда хабтарын құруға бағытталған бірлескен кәсіпорын құру туралы шарт жасалды.

21 желтоқсанда Абай облысында ұзындығы 272 км болатын Бақты – Аягөз жаңа теміржол желісінің құрылысы басталды. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде іске асырылуда. Жаңа желіні салу барысында Қытаймен арадағы Бақты – Чугучак үшінші шекара өткелін ашу жоспарлануда.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА, БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРДЫ ҰСТАНУ

GRI 2-23, 2-28

	1992 жылдан бері Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі одағы (ЦСЖТ)	Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы www.sovetgt.org
	1993 жылдан бері Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы (ТЖЫҰ) (ҚР қатысуы)	Варшава қаласы, Польша Республикасы www.osjd.org
	1993 жылдан бері «Еуропа – Кавказ – Азия» көлік дәлізі Үкіметаралық Комиссиясы (ЕКАКД УАК) (ҚР қатысуы)	Баку қаласы, Әзербайжан www.traceca-org.org
	1994 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК) (ҚР қатысуы)	Женева қаласы, Швейцария мемлекеті www.unece.org
	1998 жылдан бері Трансеуразиялық тасымалдар жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі (ТТҰК)	Берн қаласы, Швейцария Конфедерациясы www.icctt.com
	2001 жылдан бері Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) (ҚР қатысуы)	Пекин қаласы, Қытай Халық Республикасы www.sectesco.org
	2001 жылдан бері Қазақстанның ұлттық экспедиторлар қауымдастығы (ҚҰЭК)	Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы www.kffanek.kz
	2004 жылдан бері Халықаралық темір жолдар одағы (ХТЖО)	Париж қаласы, Француз Республикасы www.uic.org
	2006 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық Мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (БҰҰ АТМЭАК) (ҚР қатысуы)	Бангкок қаласы, Таиланд Корольдігі www.unescap.org
	2008 жылдан бері Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) (ҚР қатысуы)	Тегеран қаласы, Иран Ислам Республикасы www.eco.int
	2009 жылдан бері Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) (ҚР қатысуы)	Ыстамбұл қаласы, Түрік Республикасы turkicstates.org
	2009 жылдан бері «Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығы» ЗТБ	Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы www.ank.kz
	2010 жылдан бері «Қазақстан машина жасаушылары одағы» ЗТБ	Астана қаласы, Қазақстан Республикасы www.smk.kz

	2010 жылдан бері Теміржолшы спортшылардың халықаралық одағы (USC)	Прага қаласы, Чех Республикасы www.usic-sports.org
	2012 жылдан бері БҰҰ Жаһандық шарты	Нью-Йорк қаласы, Америка Құрама Штаттары www.unglobalcompact.org
	2013 жылдан бері «KAZLOGISTICS» көлік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағы» ЗТБ	Астана қаласы, Қазақстан Республикасы www.kazlogistics.kz
	2015 жылдан бері «KAZLOGISTICS» корпоративтік қоры	Астана қаласы, Қазақстан Республикасы www.kazlogistics.kz
	2014 жылдан бері «Теміржол техникасы өндірушілерінің бірлестігі» коммерциялық емес серіктестігі	Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы www.opzt.ru
	2014 жылдан бері «Атамекен» ҚР кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы	Астана қаласы, Қазақстан Республикасы www.atameken.kz
	2015 жылдан бері Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) (ҚР қатысуы)	Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы www.eaeunion.org
	2017 жылдан бері «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ (ТХКМ)	Астана қаласы, Қазақстан Республикасы www.middlecorridor.com
	2019 жылдан бері Нөлдік жарақаттану қағидасын ілгерілету бойынша әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық қауымдастығының «Vision Zero» халықаралық қозғалысы	visionzero.global/ru
	2022 жылдан бері Ұлттық ESG клубы	Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

GRI 2-23, 2-24

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың саяси міндеттемелері Қазақстан заңнамасының талаптарын орындауды, сондай-ақ елдің көлік инфрақұрылымын дамытуға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық ұлттық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды қамтиды.

Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлемдік көлік жүйесіне интеграциялану, теміржол көлігінің жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасау және оларды дамыту, халықаралық қатынаста жүк және жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруға арналған халықаралық құқықтық негіздерді жетілдіру, теміржол көлігі қызметтерін тұтынушылармен диалог жүргізу және т.б. мақсатында халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың жұмысына белсенді қатысады.

Теміржол көлігінің сапалы қызмет көрсетуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ келесі халықаралық шарттардан:

- Халықаралық теміржол қатынасында жолаушыларды, бағажды және тауар-бағажын тасымалдау тәртібін реттейтін халықаралық жолаушылар қатынасы туралы келісімнен (ТЖЫҰ Комитеті, Варшава);
- тікелей халықаралық теміржол қатынасында және тікелей халықаралық теміржол-паром қатынасында жүк тасымалдау шартының бірыңғай құқықтық нормаларын белгілейтін Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісімнен (ТЖЫҰ Комитеті, Варшава);
- тауарлардың көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігін, ЕАЭО шеңберінде үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын жүргізуді қамтамасыз ететін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттан туындайтын міндеттемелерді қоса алғанда, жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға байланысты халықаралық стандарттар мен нормативтерді ұстанады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

02

Даму стратегиясы.....	22
№1 МАҚСАТ	
Теміржол тасымалдарының тиімділігін арттыру	26
Тарифтік реттеу.....	26
Борыштық жүктемесі.....	27
Нарыққа шолу.....	28
Өндірістік нәтижелер.....	30
№2 МАҚСАТ.	
Транзиттік тасымалдарды дамыту	31
Қаржылық нәтижелер	33
Активтердің құрылымы	38
Шешуші бизнес-бірліктер	39
Қызмет тиімділігін арттыру	49
Инвестициялық қызмет.....	50
№3 МАҚСАТ	
Клиенттердің қанағаттануын арттыру...52	
Клиенттердің қанағаттануы	52
№4 МАҚСАТ	
Цифрландыру	55
Цифрландыру	55





Әбдухит Сымбат, 12жаста

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұлттық экономика мүддесімен жүктерді тиімді тасымалдауға, транзиттік әлеуетті кеңейтуге, цифрландыруға және ESG қағидаттарын енгізуге ерекше назар аударып отырып, өзінің Даму стратегиясын қайта қарады.



МИССИЯМЫЗ

Қазақстанның жүйе құраушы көлік компаниясы ретінде біз ұлттық экономика мен қоғамның жүк пен жолаушыларды тасымалдаудағы қажеттіліктерін қанағаттандырамыз және бәсекеге қабілетті көлік-логистикалық қызметтерді көрсету арқылы елдің транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал етеміз.



ПАЙЫМДАУЫМЫЗ

Біз экономикалық тиімділік, қауіпсіздік, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарына негізделген көлік қызметтерін ұсынатын жетекші компаниямыз. Біз өз клиенттерімізге қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін басқарудың озық әдістерін, инновациялық технологияларды және цифрлық шешімдерді қолданамыз.

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ МЕН ПАЙЫМДАУЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ 2032 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ АЛТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ:



Теміржол тасымалының тиімділігін арттыру



Транзиттік тасымалдарды дамыту



Клиенттердің қанағаттануын арттыру



Цифрландыру



ESG қағидаттарын енгізу



Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру

1-МАҚСАТ. «ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ»

Компания қызметінің тиімділігін арттыруға инфрақұрылым мен жылжымалы құрам жұмысының операциялық тиімділігін арттыруды, тарифтік реттеуді жетілдіруді және жобалау-талдау орталығын дамытуды қамтитын бірқатар бастамаларды іске асыру арқылы қол жеткізілетін болады.



[Толығырақ «№1 мақсат. Теміржол тасымалдарының тиімділігін арттыру» бөлімін қараңыз.](#)

2-МАҚСАТ. «ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАРДЫ ДАМУ»

Еуропа мен Азия арасындағы сауданың тұрақты көлемі, сондай-ақ теміржол тасымалдарына сұраныстың артуы Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдарды дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

Мақсатты іске асыру инфрақұрылымды дамыту, көрші елдердің теміржол әкімшілерімен бірлесіп негізгі транзиттік маршруттарда операторлар құру, халықа-



[Толығырақ №2 «Транзиттік тасымалдар» бөлімін қараңыз.](#)

«КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН АРТТЫРУ»

Компания олармен белсенді өзара іс-қимыл жасау, жүйелі түрде кері байланыс жинау және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөнінде жедел шаралар қабылдау арқылы клиенттердің қанағаттануын ұдайы жетілдіруге бағытталған.

Жолаушылар тасымалы саласында вагондар паркін жаңарту, станциялар мен поездардағы сервисті жақсарту, персоналды даярлау, кестелер мен маршруттарды оңтайландыру, цифрлық технологияларды енгізу және басқа да шаралар жоспарлануда. Сондай-ақ онлайн сату үлесін ұлғайту мақсатында

электрондық билеттерді сату жүйесі жетілдірілетін болады.

Жүк тасымалы саласында негізгі жұмыс көлік және логистика саласындағы қызметтерді алуға байланысты барлық қажетті рәсімдерді азайту мен жеңілдетуге және қызметтің айқындығын арттыруға бағытталатын болады.



[Толығырақ «№3 мақсат. Клиенттердің қанағаттануын арттыру» бөлімін қараңыз.](#)

4-МАҚСАТ. «ЦИФРЛАНДЫРУ»

Компания қызметінің тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды дамыту және қолдану Компанияның IT жүйесін жаңғырту, клиенттерге қызмет көрсетудің бірыңғай орталығын (ҚКБО) енгізу, тасымалдау процестерін басқару тиімділігін арттыру

үшін платформаларды енгізу және т.б. арқылы іске асырылатын болады.



[Толығырақ «№4 мақсат. Цифрлық трансформация» бөлімін қараңыз.](#)

5-МАҚСАТ. «ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ»

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі – үш стратегиялық бастаманы іске асыруды көздейтін ESG қағидаттарын енгізуді белгіледі:

- Әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту.
- Экологиялық тұрақтылық.
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолайлы жұмыс ортасын құру, кадрлық әлеуетті дамыту, мотивацияның кешенді жүйесін енгізу және гендерлік теңдікке қол жеткізу жөніндегі шараларды іске асыру жоспарлануда.

Компания қоршаған ортаға әсерінің маңыздылығын мойындайды, сондықтан климаттың өзгеруімен күресу біздің басымдықтарымыздың біріне айналады. Төмен көміртекті технологиялар мен энергияға көшуді жүзеге асыру, сондай-ақ қоршаған ортаға

әсерді тиімді басқару үшін ресурс тиімділігін арттыру және шығарындыларды басқару жөніндегі шараларды енгізу жоспарлануда.

Стратегиялық мақсат шеңберінде Компания үздік әлемдік тәжірибелер мен сыртқы сарапшылардың ұсынымдарына бағдарлана отырып, корпоративтік басқарудың тәсілдері мен қағидаттарын одан әрі жетілдіретін болады.

Бұдан басқа, қызметтің ашықтығын арттыру жөніндегі бастамаларға ерекше назар аударылатын болады.



[Толығырақ «№5 мақсат. ESG қағидаттарын енгізу» бөлімін қараңыз.](#)

6-МАҚСАТ. «ПОЕЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ»

Поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау Компания қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компания тасымалдау процесінің қажетті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету және нөлдік

жарақаттану жағдайларына қол жеткізу үшін барлық қажетті қадамдарды жасайды.



Толығырақ «№6 мақсат. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру» бөлімін қараңыз.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2023 ЖЫЛЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ШЕШУШІ ЖЕТІСТІКТЕРІ



ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Жүк айналымының көлемі 262,4 млрд т-км болды, бұл өткен кезеңдегі фактіден 7%-ға жоғары.

Таза пайда 136,8 млрд теңге болды, бұл өткен кезеңдегі фактіден 392,1%-ға жоғары.



ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАРДЫ ДАМУ

Контейнерлік тасымалдау көлемі 1 282 мың ЖФБ-ға жетті, бұл өткен кезеңдегі фактіден 13,5%-ға жоғары.



КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН АРТТЫРУ

Экспорттық қатынаста отандық өндірушілерді тасымалдау көлемі 85 655 мың тонна болды, бұл өткен жылдан 9%-ға жоғары.



ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ

«S&P Global» 100-ден 54 балл деңгейінде ESG рейтингін берді.



ПОЕЗДАР ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

Поездар қозғалысының қауіпсіздік деңгейі 0,62 болды, бұл алдыңғы кезеңдегі фактіден 11,4%-ға төмен.



ҚЫЗМЕТТІҢ ШЕШУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖҮЙЕСІ

Даму стратегиясы шеңберінде алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді өлшеу қызметтің стратегиялық шешуші көрсеткіштерін орындау арқылы жүзеге асырылады.

Компанияның тиімділік көрсеткіштері жүйесінің мақсаты Даму стратегиясы мен Бизнес-жоспарды қызметтің нақты көрсеткіштері нысанына декомпозициялау және оларды Компанияны басқарудың барлық деңгейлеріне каскадтау болып табылады.

Қызметтің шешуші көрсеткіштері (ҚШК): корпоративтік және функционалдық стратегиялық мақсаттарға дәйекті қол жеткізуге бағытталған Компанияның басшы қызметкерлерін ынталандыру процесінде шешуші рөл атқарады. Басшы қызметкердің нәтижелілігіне бағдарланған тиімділікті орындаудың әсері оның сыйақы мөлшеріне тікелей әсер етеді.

Корпоративтік ҚШК Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін бірыңғай, функционалдық ҚШК әрбір басшы қызметкер үшін сараланған түрде белгіленеді.

Нысанаға алынған көрсеткіштер белгіленген 2023 жылғы корпоративтік тиімділіктің шешуші көрсеткіштері:

- EBITDA margin;
- Тасымалдар қауіпсіздігі;
- Өндірістік қауіпсіздік деңгейі;
- Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі;
- ESG бағасы;
- Қаржылық сауықтыру;
- Көміртекті із;
- Инвестициялық жобаларды, соның ішінде басым жобаларды жүзеге асыру.



Толығырақ «Компанияның лауазымды тұлғаларының сыйақысы» бөлімін қараңыз.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚШК

ҚШК атауы	Өлшем бірлігі	2022 жылғы факт ²	2023 жылғы мақсат ³	2032 жылғы мақсат ³	2023 жылғы факт ⁴	2023 жылғы факт/мақсат өзгерістері, %	2023 жылғы факт/мақсат өзгерістері, 2022 жыл, %
1-мақсат. Теміржол тасымалдарының тиімділігін арттыру							
4-мақсат. Цифрландыру							
ROACE	%	4,5	6,76	>8,31	7,0	3,6	55,6
Ebitda margin	%	25,6	24,3	>32,1	25,5	4,9	-0,3
2-мақсат. Транзиттік тасымалдарды дамыту							
Транзиттік контейнерлік тасымалдардың көлемі	мың ЖФБ	1129	1250	>2000	1282	2,6	13,5
	млн тонна	23,2	25,1	>30	27,3	8,8	17,7
3-мақсат. Клиенттердің қанағаттануын арттыру							
Клиенттердің қанағаттану деңгейі	%	68,2	69	75	69	0	1,2
5-мақсат. ESG қағидаттарын енгізу							
ESG рейтингі	балдар	басқа әдіснама	59*	68*	54	-	-
Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі	коэффицициент	65	66	75	66	0	1,5
Көміртекті із	%	-	-2,5	>3,5	-5,1	104	-
6-мақсат. Поездар қозғалыс қауіпсіздігіне кепілдік беру							
Қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейі	коэффицициент	0,7	1,04	0,7	0,62	-40,4	-11,4
Еңбекке қабілеттілігі жоғалтылатын жазатайым оқиғалар коэффициенті (есепке алынған) LTIR	коэффицициент	-	0,17	0,12	0,17	0	-

*Жоспарлы мән 2022 жылы «Moody's ESG Solutions» әдіснамасы бойынша алынған ESG рейтингін есепке ала отырып анықталды. ESG рейтингінің 2023 жылғы нақты мәні «S&P Global» рейтинг агенттігінің әдіснамасы бойынша ESG бағасы.

2 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесің 2023 жылғы 27 сәуірдегі №4 шешімімен бекітілген.

3 «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес.

4 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесің 2024 жылғы 25 сәуірдегі №4 шешімімен бекітілген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын жүзеге асыру туралы толығырақ ақпаратпен Сіз Есептің осы шартты белгісі бар парақшаларында таныса аласыз.		2023 жылғы қорытындылар бойынша ҚШК барлық жоспарлы көрсеткіштері орындалған. Бұл ретте рейтинг агенттіктерінің әдіснамалары әр түрлі болғандықтан «ESG рейтингі» ҚШК көрсеткішінің мақсатты мәніне жету мүмкін емес.	
КОМПАНИЯНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ		Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	
Компанияның басқару жүйесі 2023 жылдың қорытындылары бойынша өзінің жарамдылығын, барабарлығын және нәтижелілігін көрсетті. Бұл факт Компанияның басқару жүйесінің менеджмент жүйелерінің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне арналған сыртқы аудитімен де расталды.		2023 жылы жолаушылар тасымалын қолдауға жіберілетін уақытша теңгерімдеу төлемінің күшінде болуын белгілейтін мынадай нормативтік құқықтық актілер мерзімсіз негізде қабылданды: 1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 19 сәуірдегі Заңы; 2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық Кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы; 3) «Уақытша теңгерімдеуші төлемді есептеу және төлеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушысының 2023 жылғы 26 қаңтардағы №11 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы №83 бұйрығы.	
Басқару жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде алға қойылған мақсаттарға қолжеткізу үшін қажетті тиісті ресурстарды бөлу қызметі жүзеге асырылды, сондай-ақ Компания қызметін жақсарту және жетілдіру мүмкіндіктері жөніндегі ақпарат талданды.		Бұдан басқа, Ұлттық жүк тасымалдаушының: 1) жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартым операторына; 2) Ұлттық инфрақұрылым операторына жіберетін уақытша теңгерімдеу ақысын есептеу және төлеу тәртібін айқындайтын уақытша теңгерімдеу ақысын есептеу және төлеу қағидасы (ҚР ҰЭМ 2023 жылғы 26 қаңтардағы №11 бұйрығы) бекітілді.	
2024 жылы Компания келесі мәселелерді жүзеге асыруды жоспарлайды: • пайдаланушылық жүк айналымын 295,4 млрд т-км-ге дейін арттыру (2023 жылға қатысты 9,5%);		Сондай-ақ 2024 жылы қызметті жақсарту және алға қойылған мақсаттарға қолжеткізу үшін тиісті ресурстар бөлу жөніндегі іс-шаралар жалғасын табады.	

№1 МАҚСАТ. ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ		БОРЫШТЫҚ ЖҮКТЕМЕСІ	
ТАРИФТІК РЕТТЕУ		Компанияның 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған борышы номиналды құны бойынша 2,9 трлн теңге немесе баланстық құны бойынша 2,2 трлн теңге болды. 2023 жылдың соңына қарай қатты валютадағы борыштың үлесі 30,8% болды.	
Жаңа геосаяси жағдайларда Қазақстан Республикасының көлік-транзиттік әлеуетін дамыту мәселелері туралы 2022 жылғы 5 шілдедегі кеңестің қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа борыштық жүктемені төмендету, оның ішінде тарифтік саясатты жетілдіру жолымен шаралар әзірлеуді тапсырды.		Қарыз/EBITDA көрсеткіші 2023 жылғы қорытынды бойынша 5,28-ден 4,52-ге дейін төмендеді	
«ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚР Ұлттық экономика және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерімен бірлесіп борыштық жүктемені төмендету мақсатында тарифтік саясатты өзгерту бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді шараларды әзірлеп, ҚР Үкіметімен келісті.		2023 жылы Компания қарыздарды белгіленген мерзімде және толық көлемде жоспарлы өтеуді жүзеге асырды, оның ішінде: • 250 миллион швейцария франкіне еурооблигация (2023 жылдың IV тоқсаны); • «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-тың және «KTZ Express» АҚ-тың Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкіндегі 8,1 млрд теңге мөлшеріндегі қарыздары.	
Қысқа мерзімді шаралар ретінде табиғи монополиялар туралы заңнамаға («Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңына, 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 Тарифтерді қалыптастыру қағидасына және 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 Қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидасына) өңірдегі тиісті саланың еңбекақысы бойынша статистика деректерінің		Сонымен қатар Компания жеңілдікті шарттармен мынадай келісімдер жасасты: • Достық-Мойынты учаскесінің екінші жолдарын салу үшін ҚР Ұлттық қорынан (екінші транш) 173 709 млн теңге мөлшерінде; • «Citibank» және «Santander» банктерінен 478 млн швейцария франкі мөлшерінде Инвестициялар кепілдігі жөніндегі көпжақты агенттігінің (Дүниежүзілік банктің бөлімшесі) кепілдігімен; • «Societe Generale» және «Natixis» банктерінен 105 «Alstom» электровозын сатып алуға 627 млн еуро мөлшерінде;	
қолданыстағы тарифтің құнында есепке алыну тәртібі мен тетігін көздейтін түзетулер енгізілді.		Сондай-ақ Компания 50 тепловоз сатып алуға 2023 жылы Еуропалық даму банкінен 17,7 млрд теңге мөлшерінде қарыз алды.	
ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің көрсетілген заңнамалық нормаларды іске асыруы нәтижесінде:		«ҚТЖ» ҰК» АҚ тобы 2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджеттен 47,646 млрд теңге мөлшерінде мынадай субсидиялар: • «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларды тасымалдауға арналған шығыстарды субсидиялауға 24,9 млрд теңге мөлшерінде; • «Жолаушылар тасымалы» АҚ вагондарын сатып алуға қарыз бойынша мөлшерлемені субсидиялауға 1,3 млрд теңге мөлшерінде; • «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС жолаушылар локомотив тартымына арналған шығыстарды субсидиялауға 11,9 млрд теңге мөлшерінде; • «Қазтеміртранс» АҚ үсті ашық вагондарды сатып алуға арналған қаржылық лизинг шарты бойынша мөлшерлемені субсидиялауға 4,5 млрд теңге мөлшерінде; • «KTZ Express» АҚ фитингтік платформаларды сатып алуға арналған қаржылық лизинг шарты бойынша мөлшерлемені субсидиялауға 5 млрд теңге мөлшерінде алды.	
2023 жылғы 27 сәуірден бастап 2023–2025 жылдарға арналған МТЖ қызметтеріне тарифтердің өсуі бекітілді. 2023 жылға арналған МТЖ қызметтеріне тарифтердің өсуі 28,4% болды (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын қоспағанда);		Сондай-ақ Компания 50 тепловоз сатып алуға 2023 жылы Еуропалық даму банкінен 17,7 млрд теңге мөлшерінде қарыз алды.	
2023 жылғы 6 қарашадан бастап локомотивтік тартым қызметтеріне тарифті 11,4%-ға арттыру келісілді.		Сондай-ақ Компания 50 тепловоз сатып алуға 2023 жылы Еуропалық даму банкінен 17,7 млрд теңге мөлшерінде қарыз алды.	

НӘТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ

2023 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ 2022 жыл деңгейіне қатысты 5,1%-ға өсті (2022 жылы – 3,2%), экономиканың келесі секторларында оң динамика байқалды:

- құрылыс – 13,3%;
- көтерме және бөлшек сауда – 11,3%;
- көлік және қоймалау – 7,1%;
- ақпарат және байланыс – 7,1%;
- өнеркәсіп – 4,2%;
- өңдеу өнеркәсібі – 3,4%.

Өсу қарқынының төмендеуі ауыл, орман және балық шаруашылығында болды – 7,7%-ға.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға ұлғайды, оның ішінде экспорт 7%-ға азайды, импорт 20,1%-ға ұлғайды.

2023 жылы Қазақстан Республикасындағы инфляция 9,8% болды (2022 жылы –20,3%).

ЖҮК ТАСЫМАЛДАР НАРЫҒЫН ШОЛУ

2023 жылы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректеріне сәйкес республика көлігімен 980,7 млн тонна жүк тасымалданды, бұл 2022 жылғы деңгейден 4,4% артық.

2023 жылы көліктің барлық түрлерінен жүк айналымы 501 340,9 млн т-км болды, бұл 2022 жылғы деңгейден 3,1%-ға жоғары.

Теміржол көлігі жүк тасымалындағы негізгі ойыншы болып қалуда, оның үлесіне елдің жалпы жүк айналымының 65,2%-ы тиесілі. Теміржол көлігінің жүк айналымы 2023 жылғы қорытынды бойынша 4,8%-ға өсіп, 326 811,7 млн т-км болды.

Құбыржол көлігі де 28,7% үлесімен маңызды болып қала береді. Көліктің бұл түрінің жүк айналымы іс жүзінде өзгеріссіз қалды, 0,2%-ға 143 715,9 млн т-км-ге дейін азайды.

Автомобиль және қалалық электр көлігі жалпы жүк айналымында аз үлеске ие (6,0%) және 1,7%-ға өсім көрсетіп, 2023 жылы 29 841,2 млн т-км жетті.

Әуе және су көлігінің жалпы жүк айналымындағы үлесі аз (1%-дан кем). Әуе көлігі өз жүк айналымын 1,3%-ға, ал су көлігі 42,0%-ға айтарлықтай төмендетті.

Теңіз көлігі үлесі аз болса да жүк айналымының 26,0%-ға айтарлықтай өсуімен атап өтіледі, 2023 жылы 859,0 млн т-км-ге жетті.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ КӨЛІК ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖҮК АЙНАЛЫМЫ, МЛН Т-КМ⁵

Көліктің түрі	Жүк айналым, млн т-км				Жалпы жүк айналымындағы үлесі, %	
	2021	2022	2023	Өзгерістер 2023/2022, %	2022	2023
Бүкіл көлік	597 196,2	486 072,7	501 340,9	3,1	100,0	100
Құбыржол көлігі	139 012,6	143 969,6	143 715,9	-0,2	29,6	28,7
Әуе көлігі	81,7	54,4	53,7	-1,3	0,0	0,0
Су көлігі	66,4	102,6	59,5	-42,0	0,0	0,0
Теміржол көлігі	299 170,8	311 927,0	326 811,7	4,8	64,2	65,2
Автомобиль және қалалық электр көлігі	158 311,9	29 337,4	29 841,2	1,7	6,0	6,0
Теңіз көлігі	552,8	681,9	859,0	26,0	0,1	0,2

Ескертпе. 2022 жылғы деректер ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының әдістемелік тәсілінің өзгергенін ескере отырып түзетілді.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ НАРЫҒЫН ШОЛУ

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес есепті кезеңде жолаушылар айналымы 72 753,7 млн жолаушы-км болды, бұл 2022 жылдан 10,3%-ға жоғары (2022 жылы – 65 970,0 млн жолаушы-км).

1579,9 млн жолаушы тасымалданды, өсім 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда 8,3% болды (2022 жылы – 1 458,4 млн жолаушы).

42,3%-дық негізгі үлес автомобиль және қалалық электр көлігімен тасымалдауға тиесілі.

Сонымен қатар жолаушылар айналымының айтарлықтай өсуі авиатасымалдарда байқалды, ол 2023 жылдың қорытындысы бойынша 28,8%-ға өсті. Әуе қатынасымен жолаушылар айналымының үлесі 35,6% болды, бұл 2022 жылдан 5,1%-ға жоғары.

Теміржол көлігінің жолаушылар айналымы 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,5%-ға төмендеді, жалпы жолаушылар айналымындағы үлесі 22% болды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ КӨЛІК ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ, МЛН ЖОЛАУШЫ-КМ⁶

	Жолаушылар айналымы, млн жолаушы-км				Жалпы жолаушылар айналымындағы үлесі, %	
	2021	2022	2023	Өзгерістер 2023/2022, %	2022	2023
Бүкіл көлік	106 813,1	65 970,0	72 753,7	10,3	100	100
Құбыржол көлігі	79 709,3	29 494,7	30 739,8	4,2	44,7	42,3
Әуе көлігі	14 815,7	20 109,3	25 898,5	28,8	30,5	35,6
Су көлігі	12 286,1	16 363,0	16 113,0	-1,5	24,8	22,1
Теміржол көлігі	1,4	2,4	2,2	-8,3	0,0	0,0
Автомобиль және қалалық электр көлігі	0,6	0,7	0,2	-71,4	0,0	0,0

Ескертпе. 2022 жылғы деректер ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының әдістемелік тәсілінің өзгергенін ескере отырып түзетілді.

5 Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.
6 Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.


ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕР

GRI 2-6

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

2023 жылы Компанияның тарифтік жүк айналымы 262,4 млрд т-км болды, бұл 2022 жылғы деңгейден 7,0%-ға жоғары (2022 жылы – 245,2 млрд т-км). Өсім қатынастардың барлық түрлерінде жүк айналымының артуына байланысты болды.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ, МЛРД Т-КМ




Қатынас түрлерінің құрылымында жүк айналымы келесідей болды:

- республика ішілік қатынаста темір кені, мұнай өнімдері, астық, түсті кен, түсті металдар, цемент, флюстеуге арналған әктас сияқты жүктерді тасымалдаудың орташа қашықтығының 1,7%-ға өсуі есебінен артуы 1,1% болды;
- экспорттау бойынша жүк айналымы 6,5%-ға ұлғайды, бұл жүктерді тасымалдаудың орташа диапазонының 9,0%-ға өсуіне байланысты. Өсім темір кені, шикі мұнай, астық, химиялық заттар, тыңайтқыштар, түсті кен, цемент тасымалының ұлғаюына байланысты болды;
- әкелу бойынша жүк айналымы жүк тасымалы көлемін 11,1%-ға ұлғайту есебінен 13,9%-ға өсті. Көмір, құрылыс жүктері, қара металл сынықтары мен түсті кендерден басқа жүктердің барлық номенклатурасын тасымалдау көлемі ұлғайды;
- транзит бойынша тасымалдау көлемінің 18,0%-ға өсуіне байланысты өсім 16,5% болды. Ресейден Өзбекстанға мұнай; Ресейден ОА елдеріне мұнай өнімдері; Ресейден Қырғызстанға астық өнімдері; Қытайдан Өзбекстан мен Ресейге, Ресейден Қытайға химиялық заттар; Беларусиядан Қытайға, Ресейден ОА елдеріне және Қытайға тыңайтқыштар; Ресейден Қытайға (мыс) және Өзбекстанға (алюминий), Ресей мен Қытайдан ОА елдеріне қара металдар, басқа да жүктер: Беларусьтен Қытайға және ОА елдеріне ағаш, Қытайдан Ресейге, Беларуське және ОА елдеріне машиналар мен

жабдықтар, Өзбекстаннан Қытайға көкөніс пен жеміс тасымалдау өсті.

2023 жылы теміржол көлігімен тасымалдауға ұсынылатын жүк айналымындағы негізгі жүктердің құрылымы мен үлесі келесідей қалыптасты:

КОМПАНИЯНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖҮК АЙНАЛЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖҮКТЕРДІҢ ҮЛЕСІ, %



2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы келесі жүктер айналымының артуы орын алды:

- химикаттар мен тыңайтқыштар – 21,7%;
- мұнай өнімдері – 19,8%;
- астық – 17,9%;
- қара металдар – 11,7%.



№ 2 МАҚСАТ. ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАРДЫ ДАМУ

GRI 2-6

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдардың рекордтық көлеміне қол жеткізіліп, ол 27,3 млн тонна болды (2022 жылға қарағанда +18%), оның ішінде келешегі бар контейнерлік тасымалдау сегментінде 1282,3 мың ЖФБ тасымалданды (2022 жылға қарағанда +14%).

Транзиттік тасымалдарды ұлғайтудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Ресейден ОА мен Ауғанстанға мұнай өнімдері мен мұнайды тасымалдаудың өсуін жалғастыру;
- Ресейден Қырғызстанға астық тасымалдау көлемін ұлғайту;
- Қытайдан Ресейге және ОА еліне химиялық жүктерді тасымалдау логистикасын өзгерту;
- Беларусьтен Қытайға контейнерлерде калий тыңайтқыштарын тасымалдаудың айтарлықтай өсуі.

Транскаспий халықаралық көлік маршруты (бұдан әрі – ТХКМ) бойынша жүк ағынын ұлғайту үшін Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де логистикалық қызметтер сервисін жақсарту бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

2023 жылдың қазан айында Тбилиси қаласында өткен «Tbilisi Silk Road Forum» форумы аясында Қазақстан, Әзербайжан және Грузия теміржол әкімшіліктері Астана қаласындағы Халықаралық қаржы орталығы базасында ТХКМ бірлескен кәсіпорнын құру туралы құрылтай құжаттарына қол қойды. Бірлескен кәсіпорын «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсетуге, жеткізу мерзімі мен құнына кепілдік беруге, сондай-ақ мультимодальды сервисті дамыту бойынша келісілген саясат жүргізуге мүмкіндік береді.

ТХКМ-ге қосымша жүк көлемін тарту және цифрлық дәлізді дамыту мақсатында сингапурлық «PSA Eagle Pte. Ltd» компаниясымен бірлесіп Астана қаласындағы Халықаралық қаржы орталығының базасында бірлескен кәсіпорын – «KPMC Ltd» жекеменшік компаниясы құрылды.

Халықаралық «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізінің шығыс бағытын жүк жөнелтушілер өз өнімдерін Иран, Үндістан және Парсы шығанағы нарықтарына тасымалдаудың балама бағыты ретінде қарастырады.


«РЖД» ААҚ-пен және Түрікмен темір жолдарымен бірлесе отырып, тар жерлер мен технологиялық кедергілерді анықтау үшін Қазақстан, Ресей және Түрікменстанның

түйісу пункттері мен келе жатқан теміржол инфрақұрылымына техникалық аудит жүргізілді. Аудит нәтижелері бойынша мемлекетаралық түйісу пункттерінің тиімділігін арттыру жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары (2023 жылғы 31 наурызда) бекітілді.

Сондай-ақ «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі бойынша жүк базасын кеңейту және сыртқы нарықтарға қосымша қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «Abu Dhabi Ports Group» компаниясымен бірлескен кәсіпорын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірлескен кәсіпорын құру туралы шартқа 2023 жылғы желтоқсан айында БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі 2023 жылғы конференциясы (COP28) аясында қол қойылды.

«РЖД Логистика» АҚ, «КТЗ Express» АҚ және «Түрікменстанның көлік-логистикалық орталығы» ААҚ арасында бірлескен кәсіпорын құру мәселесі пысықталуда, ол 1520 жолтабаны бойындағы «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс тармағында бірыңғай логистикалық оператор ретінде әрекет ететін болады. Ұйымдастырушылық құжаттарды әзірлеу және бірлескен кәсіпорын құру шарттарын анықтау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ КОНТЕЙНЕРЛЕРДЕГІ ТРАНЗИТ, МҰҢ ЖФБ



Транзиттік қатынаста контейнерлерді тасымалдаудың өсуі Қытай – Ресей – Қытай, Қытай – Беларусь – Қытай, Қытай – Орталық Азия елдері – Қытай бағыттары бойынша тасымалдардың ұлғаюына байланысты.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қытай – Еуропа – Қытай бағытындағы контейнерлік та-



сымалдар 2022 жылға қарай 45%-ға төмендеп, 229 мың ЖФБ болды.

Бұл төмендеу Беларусиядан Қытайға калий тыңайтқыштарын тасымалдаумен (2022 жылға қарағанда 2,5 есе өсті) және Қытай – Ресей – Қытай бағытындағы контейнерлермен (2022 жылға қарай 65% өсті) байқалды.

Қытай – Ресей – Қытай – 494,6 мың ЖФБ (2022 жылға қарағанда +65%);

Қытай – Еуропа – Қытай – 402,3 мың ЖФБ (2022 жылға қарай –18%);

Қытай – Орталық Азия елдері – Қытай – 250,5 мың ЖФБ (2022 жылға қарағанда +22%);

Қиыр Шығыс – Орталық Азия елдері – 77,4 мың ЖФБ (2022 жылға қарағанда +10%);

Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ) – 2,6 мың ЖФБ (2022 жылға қарағанда –77%).

Компания транзиттік тасымалдарды дамыту мақсатында:

- Транскаспий халықаралық көлік маршруты мен «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі арқылы Үндістан мен Парсы шығанағы елдеріне Иран мен ирандық Бандар-Аббас порты арқылы транзиттік жүк ағынын ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде;
- әкімшілік кедергілерді азайту бойынша жұмыс жүргізуде;
- өткізу қабілетін арттыру мақсатында жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде;
- Қолданыстағы теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетін 2030 жылға дейін арттыру бағдарламасы әзірленді.

НЕГІЗГІ ТРАНЗИТТІК БАҒЫТТАР




ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

GRI 2-6

Компанияның жолаушылар тасымалы 2023 жылы 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда 4,2%-ға төмендеп, 11 831 млн жолаушы-км болды (2022 жылы – 12 353 млн жолаушы-км).

ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ, МЛН ЖОЛАУШЫ-КМ




- өзі қалыптастыратын поезддар бойынша
- «Қала маңындағы тасымалдары» филиалы
- бөтен т/ж әкімшіліктері қалыптастыратын поезддар бойынша

2023 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ ҚЗХ шекарасында жолаушылар саны 13 681 мың болды (2022 жылы – 14 073 мың жолаушы), оның ішінде:

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ қалыптастыратын поезддар бойынша – 11 178 мың жолаушы;
- «Қала маңындағы тасымалдар» филиалы бойынша – 2 338 мың жолаушы;
- бөтен т/ж әкімшіліктері қалыптастыратын поезддар бойынша – 165 мың жолаушы.

ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАР САНЫ, МЫҢ АДАМ




- өзі қалыптастыратын поезддар бойынша
- «Қала маңындағы тасымалдары» филиалы
- бөтен т/ж әкімшіліктері қалыптастыратын поезддар бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


2023 жылы негізгі қызметтен түскен табыс 1 934,1 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы фактіден 30,6% жоғары. Ұлғаю жүк тасымалдарынан (жүк тасымалдау көлемінің 7,0% ұлғаюы және жүк айналымы құрылымының өзгеруі себебінен) және жолаушылар тасымалдарынан түсетін кірістердің 15,0%-ға (республика ішілік қатынаста табыс мөлшерлемесінің орта есеппен 16,7%-ға ұлғаюы есебінен) өсуіне байланысты болды.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІС, МЛРД ТЕҢГЕ




Жүк тасымалынан түсетін кірістер 2022 жылғы фактіге қатысты 31,1%-ға ұлғайды, негізінен тасымалдау көлемін 7,0%-ға ұлғайту және жүк айналымы құрылымын өзгерту; транзиттік тасымалдардан түсетін кірістерді есептеу бойынша валюта бағамының (швейцария франкі) өзгеруі; 2022 жылы швейцария франктерінде көрсетілген түсімдегі хеджирлеу мәмілесін аяқтау бойынша түзету жүргізу және т.б. есебінен өсті.

ЖҮК ТАСЫМАЛДАРЫНАН ТҮСЕТІН КІРІС, МЛРД ТЕҢГЕ




2023 жылы жолаушылар тасымалынан түскен кірістер 101,7 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы ұқсас кезең фактісінен республика ішілік қатынаста орташа есеппен 16,7%-ға кіріс мөлшерлемесін ұлғайту есебінен 15,0%-ға жоғары.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНАН ТҮСЕТІН КІРІС, МЛРД ТЕҢГЕ



EBITDA көрсеткіші 2023 жылы 493,5 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы фактіден 45,8%-ға жоғары.

EBITDA, МЛРД ТЕҢГЕ



MD&A ТАЛДАУ

Стратегиялық ҚШК

Қарыз/EBITDA қарызы 4,52 болды, бұл EBITDA көрсеткішінің 45,8% өсуіне байланысты бекітілген жоспардан (5,45) 17,1%-ға жақсы.


Талдамалық ҚШК

2023 жылғы **Таза кіріс**⁷ көрсеткіші 133 508 млн теңге мөлшеріндегі пайданы құрайды, бұл бекітілген жоспардан 10 439 млн теңгеге артық (пайда 123 068 млн теңге) негізінен:

- жүк тасымалынан түсетін кірістің 189 948 млн теңгеге ұлғаюы, бұл жалпы жүк айналымы көлемінің 0,2%-ға (оның ішінде экспорттық қатынаста 28,1%-ға және транзиттік қатынаста 11,9%-ға) өсуі себебінен қатынастардың импорттық және транзиттік түрлері бойынша кіріс түсімдерінің өсуімен, жүк айналымы құрылымының өзгеруімен, өзгерістен

Операциялық пайда 2023 жылы 332,8 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы фактіден 87,1%-ға жоғары.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА, МЛРД ТЕҢГЕ



Акционерге қатысты таза табыс 2023 жылы 133 508 млн теңге болды, бұл 2022 жылғы ұқсас кезең фактісінен 98 620 млн теңгеге жоғары, негізінен операциялық қызметтен түскен пайданы 154 978 млн теңгеге ұлғайту жүк айналымы көлемінің 7,0% ұлғаюы, МТЖ және ЛТ қызметтеріне тарифтердің өсуі, 2022 жылы швейцария франктерінде көрсетілген түсімде 54 442 млн теңге көлемінде хеджирлеу мәмілесін аяқтау және басқа макроэкономикалық көрсеткіштерді ұлғайту бойынша түзетулер есебінен болды.

түсетін кірістердің ұлғаюымен байланысты тарифтердің көтерілуінің орташа деңгейі, жүк вагон паркімен жұмыс істеу жөніндегі қызметтен түсетін кірістердің өсуі, қосымша алымдар мен экспедициялау қызметтерін көрсетуден түсетін кірістер;

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша нақты көрсетілуіне байланысты алынған айыппұлдардан түсетін кірістердің 10 475 млн теңгеге ұлғаюы;
- жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша шығыстарды (әкімшілік шығыстар мен салықтарды қоспағанда) үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу есебінен 7 010 млн теңгеге үнемдеу;
- жүк вагондарын өткізу есебінен ТМҚ сатудан түсетін кірістердің 6 324 млн теңгеге өсуі;
- негізгі емес қызметтен түсетін пайданың (сальдоның) 6 226 млн теңгеге ұлғаюы, негізінен активтерді сатудан түсетін кірістердің 11 345 млн теңгеге өсуі есебінен;

- қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға инвестициялар бойынша активтердің құнсыздануы бойынша 4 220 млн теңгеге резервтерді қалпына келтіру, сондай-ақ ҚЕХС пайымдауына сәйкес шығындарды қайта жіктеу;
- салық салынатын базаның өзгеруіне байланысты КТС шығыстарының 4 084 млн теңгеге төмендеуі.

Бұл жағдайда индикаторға әсер етудің теріс факторлары:

- 126 124 млн теңгеге өзіндік құн шығыстарының өсуі негізінен жүктерді тасымалдау көлемінің 0,2%-ға өсуі есебінен, оның ішінде: 2023 жылғы 01 наурыздан бастап қызметкерлердің жалақысын 15%-ға арттыру есебінен еңбекақы төлеу қоры бойынша 82 019 млн теңгеге шығыстар; отын бойынша 37 073 млн теңгеге (өсім есебінен бағалар 24,8%-ға); электр энергиясы бойынша 7 491 млн теңгеге (бағаның 14,2% өсуі есебінен); жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша 6 425 млн теңгеге (негізінен жылжымалы құрамға сервистік қызмет көрсету бағасы мен көлемінің өзгеруі есебінен) және өзге де шығыстар бойынша 1 368 млн теңгеге негізінен актуарлық есеп айырысулар, айыппұлдар, ТМҚ іске асыруға байланысты шығыстар және т. б. есебінен;
- 2023 жылы айналым капиталын толықтыруға қосымша қысқа мерзімді қарыздар тарту есебінен қаржыландыруға арналған шығыстарды 62 736 млн теңгеге ұлғайту, ұзақ

- мерзімді қарыздар бойынша банктердің сыйақыларының пайыздық мөлшерлемелерінің өсуі және кредиттік міндеттемелердің өзгеруі;
- мөлшердегі бағамдық айырмашылықтан болған шығындарды нақты көрсету
- 14 124 млн теңге, бұл шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты;
- әкімшілік шығыстар мен салықтардың 5 949 млн теңгеге өсуі 2023 жылғы 01 наурыздан бастап өндірістік санаттағы қызметкерлердің жалақысының 15%-ға өсуімен және есепке жатқызылмаған ҚҚС нақты көрсетілуімен байланысты;
- жолаушылар айналымы көлемін 6,4%-ға азайту есебінен жолаушылар тасымалынан түсетін кірісті 5 201 млн теңгеге төмендету;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың пайда үлесін «БКЛК ЕРА» АҚ бірлескен кәсіпорнының қаржылық нәтижесін төмендету есебінен 2 282 млн теңгеге төмендету;
- миноритарлық акционерлері бар еншілес ұйымдардың қаржылық нәтижесін жақсарту есебінен 616 млн теңгеге бақылаусыз үлесті (азшылық үлесін) ұлғайту;
- ҚР ИИДМ субсидияларының нақты бөлінуіне байланысты жолаушылар тасымалы шығындарын жабуға арналған субсидиялардың 551 млн теңгеге төмендеуі;
- көрсетілетін қызметтер көлемін азайту есебінен бөгде ұйымдарға көмекші қызметтер көрсетуден түсетін кірісті 265 млн теңгеге азайту.

Әсер ететін факторлар	Ауытқуы, млн теңге
Таза кіріс, млн теңге	10 439
соның ішінде:	
Жағымды факторлар:	
– жүк тасымалдарынан түсетін кірістердің өсуі	189 948
– алынған айыппұлдар	10 475
– ЖӘШ үнемдеу (әкімшілік шығындар мен салықтардан басқа)	7 010
– ТМҚ сатудан түскен кірістерді арттыру	6 324
– негізгі емес қызметтен түскен пайданы арттыру (сальдо)	6 226
– активтерді құнсыздандыру бойынша шығындарды төмендету	4 220
– КТС бойынша шығындарды төмендету	4 084
Теріс факторлар:	
– өзіндік құн шығындардың артуы	(126 124)
– қаржыландыру шығындарының артуы	(62 736)
– күрстық бағамнан орын алған шығынның артуы (таза)	(14 124)
– әкімшілік шығындар мен салықтардың артуы	(5 949)
– жолаушылар тасымалынан түсетін кірістердің азаюы	(5 201)
– үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдар пайдасының үлесін төмендету	(2 282)
– қатысудың бақыланбайтын үлесін арттыру	(616)
– субсидияларды азайту	(551)
– бөгде ұйымдарға қосалқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістерді азайту	(265)

7 Акционерге қатысты таза табыс

2023 жылғы **ROACE** көрсеткіші 6,97% болды, бұл NOPAT көрсеткішінің өсуі есебінен 0,21 пайыздық тармаққа жоспардан (6,76%) жоғары 19 776 млн теңге бақылаусыз қатысу үлесі шегерілгенге дейінгі таза табыстың 11 056 млн теңгеге өсуі себебінен. Бақылан-байтын үлесті шегергенге дейін таза кірісті арттырудың негізгі себептері:

- жүк тасымалынан түсетін кірістің 189 948 млн теңгеге ұлғаюы, бұл жалпы жүк айналымы көлемінің 0,2%-ға (оның ішінде экспорттық қатынаста 28,1%-ға және транзиттік қатынаста 11,9%-ға) өсуі себебінен қатынастардың импорттық және транзиттік түрлері бойынша кіріс түсімдерінің өсуімен, жүк айналымы құрылымының өзгеруімен, өзгерістен түсетін кірістердің ұлғаюымен байланысты тари-фтердің көтерілуінің орташа деңгейі, жүк вагон паркімен жұмыс істеу жөніндегі қызметтен түсетін кірістердің өсуі, қосымша алымдар мен экспедициялау қызметтерін көрсетуден түсетін кірістер;
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша нақты көрсетілуіне байланысты алынған айыппұл-дардан түсетін кірістердің 10 475 млн теңгеге ұлғаюы;
- үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу есебінен 7 010 млн теңгеге жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша шығыстарды (әкімшілік шығыстар мен салықтарды қоспағанда) үнемдеу;
- жүк вагондарын өткізу есебінен ТМҚ са-тудан түсетін кірістердің 6 324 млн теңгеге өсуі;

- негізгі емес қызметтен түскен пайданың (таза) 6 226 млн теңгеге ұлғаюы, негізінен активтерді сатудан түскен кірістің 11 345 млн теңгеге өсуі есебінен;
- активтердің құнсыздануы бойынша резерв-терді 4 220 млн теңгеге қалпына келтіру;
- салық салынатын базаның өзгеруіне байла-нысты КТС шығыстарының 4 084 млн теңгеге төмендеуі.

Бұдан басқа, NOPAT көрсеткішіне банктерге сыйақы түріндегі шығыстардың (КТС-ті ескере отырып) 8 720 млн теңгеге өсуі оң әсер етеді, бұл ұзақ мерзімді қарыздар бойынша банктер сыйақысының пайыздық мөлшерлемелерінің өсуіне және кредиттік міндеттемелердің өзгеруіне, сондай-ақ айналым капиталын толықтыруға қысқа мерзімді қарыздардың қосымша тартылуына байланысты кредиттік портфельдің ұлғаюына байланысты.

ROACE көрсеткішіне тартылған капиталдың орташа мәнінің 178 067 млн теңгеге өзгеруі теріс әсер етеді, ол 2023 жылғы қызмет қо-рытындылары бойынша таза табыстың және басқа салымдар түріндегі бөлінбеген пайданың өзгеруі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ББП-ны түзету есебінен 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мен-шікті капиталдың 357 779 млн теңгеге дейін ұлғаюына байланысты. Бұл ретте қарыз капи-талының орташа мәні 2023 жылы валюта баға-мының өзгеруі және кредиттік портфельдің өзгеруі есебінен 61 455 млн теңгеге төмендеді.

2023 жылғы **FCF** көрсеткіші 301 218 млн теңге мөлшерінде теріс болып қалыптасты, бұл ағымдағы қызметті қолдауға жұмсалған шығындарды 123 164 млн теңгеге арттыру есебінен (ҚҚС-ты ескермегенде) жоспардан (- 167 324) 133 894 млн теңгеге төмен, бұл жылжымалы құрамды (локомотивтерді, жүк және жолаушылар вагондарын) жаңарту қажеттілігімен және магистральдық желіні жөнедуден байланысты.

Бұдан басқа, операциялық қызметтен түсетін ақша ағынының 10 240 млн теңгеге төмендеуі көрсеткішке теріс әсер етеді.

FCF көрсеткішінің теріс мәні операциялық қызметтен және бірлесіп бақыланатын ұй-ымдардың дивидендтерінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ ағымдағы қызметін қолдауға арналған инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қаржыландыруға алынған, өсу қарқыны бойынша операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының өсу қарқынынан асатын ақшалай қаражаттың жеткіліксіз болуымен байланысты.

Осыған байланысты, «ҚТЖ» ҰК» АҚ осы тапшылықты жабуға қарыз қаражатын тартуға мәжбүр.

Әсер ететін факторлар	Ауытқуы, млн теңге
ROACE, %	0,21%
соның ішінде:	
NOPAT артуы	19 776
соның ішінде:	
Қатысудың бақыланбайтын үлесін шегергенге дейінгі таза кіріс (шығын)	11 056
Сыйақылар түріндегі шығындар (КТС есебімен)	8 720
АСЕ арттыру (орташа мәні)	178 067
соның ішінде:	
2023 жылдың басындағы СЕ өзгерісі	59 809
соның ішінде: жеке капитал	188 371
қарыздық міндеттемелер	128 562
2023 жылдың соңындағы СЕ өзгерісі	296 324
соның ішінде: жеке капитал (өсу)	357 779
қарыздық міндеттемелер (төмендеу)	61 455



Батырова Аида, 8 жаста

АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ GRI 2-6

Компания активтерінің оңтайлы бизнес-моделі мен нысанаға алынған құрылымын қалыптастыру Компанияның Даму стратегиясында Компания қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі стратегиялық бастама ретінде айқындалған.

2019–2023 жылдар аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ периметрінен барлығы 30 ұйым шығарылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына 42 ұйым кіреді.

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ПОРТФЕЛІ БЕС БЛОКТАН ТҰРАДЫ:

Р/с №	Бағыт	2-деңгейлі ұйымдардың атауы	Қатысу үлесі ⁸
1	Магистральдық теміржол желісі	«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы	–
2	Жүк тасымалдары	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	100%
		«Қазтеміртранс» АҚ	100%
3	Жолаушылар тасымалдары	«Жолаушылар тасымалы» АҚ	100%
		«ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС	100%
4	Көлік-логистикалық блок	«KTZ Express» АҚ	100%
		«Кедентранссервис» АҚ	100%
		«Біріктірілген көлік-логистикалық компаниясы – Еуразиялық теміржол альянсы» АҚ (БКЛК-ЕРА)	33,33%
		«Құрық порты» ЖШС	100%
		«Middle Corridor Multimodal Ltd» жекеменшік компаниясы	33,33%
5	Бейінді-көмекші блок	«Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ	сенімгерлік басқаруда
		«Транстелеком» АҚ	25%
		«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС	100%
		«Теміржолсу» АҚ	100%
		«Dosjan temir zholy» АҚ	46,016%



Серік Санжар, 4 жаста

8 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының құрылымы (1, 2-деңгей).

КОМПАНИЯНЫҢ ШЕШУШІ БИЗНЕС-БІРЛІКТЕРІ GRI 2-6

«ҚТЖ – ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Қазақстан Республикасындағы ірі жүк тасымалдаушы мен локомотивтік тартым операторы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-қа⁹ Ұлттық жүк тасымалдаушысы деген мәртебе берілді.

БИЗНЕС-БІРЛІКKE ШОЛУ ЖАСАУ



РЕСУРСТАРЫ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ



ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ



9 2020 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС болып қайта құрылды.

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТІ:



- жүк жөнелтушілер;
- жүк алушылар;
- экспедиторлар;
- тармақ иеленушілер;
- тасымалдау процесіне қатысушылар.



БАҒАЛЫҚ ҰСЫНЫСЫ:



- поездар қозғалысы қауіпсіздігін және жүктер мен багаждың сақталуын қамтамасыз ете отырып, экономика мен халықтың жүктерді теміржол көлігімен тасымалдаудағы қажеттіліктерін үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету;
- мультимодальды тасымалдарды пайдалануды, жылжымалы құрам операторларымен және иелерімен өзара іс-қимылды ескере отырып, бірыңғай оператордың функцияларын қалыптастыру және магистральдық теміржол желісіне қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- көлік дәліздерінің магистральдық және терминалдық инфрақұрылымын дамыту.

ШЕШУШІ ҚЫЗМЕТІ:



- жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау;
- әлеуметтік жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау;
- локомотивтік тартым қызметтерін ұсыну;
- локомотив бригадасы қызметтерін ұсыну;
- тартымдық жылжымалы құрамды және моторлы-вагонды жылжымалы құрамды магистральдық желіге кіруге дайындау;
- тартым құрастырушыларының, тауар кассирлерінің және қабылдап-тапсырушыларның қызмет көрсетуі;
- жүк вагондарын жүк тиеуге дайындау.

ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЕШУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
Түсім, млрд теңге	1178,9	1332,6	1655,8	13,0	24,3
Операциялық пайда, млрд теңге	50,7	26,1	-1,8	-48,5	-106,9
EBITDA, млрд теңге	68,8	44,8	22,5	-34,9	-49,8
Тарифтік жүк айналымы, млрд ткм	225,6	232,5	248,8	3,1	7,0
Тасымалданған жүк, млн тонна	267,7	259,8	270,6	-3,0	4,2
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	44 894	44 944	43 315	0,1	-3,6
Әйелдер үлесі, %	26	26	26	0	0
Әкімшілік-басқарушы персонал, адам	1 666	1 494	1 356	-10,3	-9,2
Өндірістік персонал, адам	43 228	43 450	41 959	0,5	-3,4
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	69	61	65	-11,6	6,6
Қалдықтар көлемі, мың тонна	9,1	8,7	8,3	-4,4	-4,6

2023 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүк айналымы 248,8 млрд т-км болды, бұл 2022 жылғы деңгейден 7,0%-ға жоғары. Өсім экспорттық, импорттық және транзиттік қатынастардағы жүк айналымының артуынан болды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-тың түскен ақшасы есепті кезеңде 2022 жылмен салыстырғанда 24,3%-ға ұлғайды, бұл жүк айналымының өсуімен, транзиттік тасымалдардан түсетін кірістер мен теміржол

әкімшіліктері арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша валюта бағамымен, сондай-ақ тасымалдау құрылымының өзгеруімен байланысты болды.

EBITDA және 2023 жылғы операциялық пайда көрсеткіштері 2022 жылмен салыстырғанда қызметкерлер жалақысының өсуіне, дизель отыны, электр энергиясы және т.б. бағаларының өсуіне байланысты шығындардың өсуіне байланысты төмендеді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларды, почта жөнелтімдерін, багажды және жүк багажын ауданаралық, облысаралық және халықаралық қатынастарда темір жолмен тасымалдауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі ұлттық тасымалдаушы мәртебесіне ие болды.

БИЗНЕС-БІРЛІКKE ШОЛУ ЖАСАУ



ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ

1998



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ИЕ
БОЛУ ҮЛЕСІ

100%

РЕСУРСТАР

ТІЗІМДІК САНЫ



10,6
МЫҢ АДАМ



2,2
МЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР
ВАГОНЫ

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ



БАТЫС, СОЛТҮСТІК, ОҢТҮСТІК, ЭКСПРЕСС,
«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ – «ҚАЛА МАҢЫНДАҒЫ
ТАСЫМАЛ»

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТТЕРІ:



- жолаушылар;
- багаж бен жүк багажын жөнелтушілер;
- тасымалдау бойынша қызмет көрсетілетін ұйымдар.

БАҒАЛЫҚ ҰСЫНЫСЫ:



теміржол көлігімен халықаралық, облысаралық, ішкі және қала маңындағы қатынастарда жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша сапалы және қауіпсіз қызметтер көрсету.

ШЕШУШІ ҚЫЗМЕТІ:



- теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдау;
- багажды, жүк багажын және почта жөнелтімдерін тасымалдау.

ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЕШУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
Түсім, млрд теңге	91,6	122,5	137,5	33,7	12,2
Операциялық пайда, млрд теңге	-6,1	2,3	-4,8	137,7	-308,7
EBITDA, млрд теңге	4,1	14,4	6,5	251,2	-54,9
Жолаушылар айналымы, млрд жолаушы-км	9,5	12,4	11,8	30,5	-4,2
Жөнелтілген жолаушылар, млн жолаушы	11,6	14,1	13,7	21,6	-2,8
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	10 766	10 642	10 504	-1,2	-1,2
Әйелдер үлесі, %	33	32	33	-3,0	3,1
Әкімшілік-басқарушы персонал, адам	634	617	590	-2,7	-4,4
Өндірістік персонал, адам	10 132	10 025	9 914	-1,1	-1,1
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	65	58	61	-10,8	5,2
Зиянды заттар шығарындысы, тонна	795	546,1	450,6	-31,3	-17,5
Қалдықтар көлемі, мың тонна	10,2	9,9	9,2	-2,9	-7,1

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ 137,5 млрд теңге көлемінде түсім алды, 2022 жылғы өсім 12,2% болды.

- 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда операциялық пайданың 7,2 млрд теңгеге және EBITDA-ның 7,9 млрд теңгеге төмендеуі мындан туындады:
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақының 5%-ға және 1 наурыздан 15%-ға ұлғаюы;
 - 2022 жылғы 3-тоқсанда 62 «Тальго» вагонының жеткізілуі және шарт талаптарына сәйкес қызметтер құнының индекстелуі;
 - дизель отыны бағасының 54%-ға артуы;
 - вагондар қосалқы бөлшектері мен тауарлар, жұмыстар мен қызметтер құнының ұлғаюы.




Марат Кәусар, 7 жаста

«KTZ EXPRESS» АҚ


«KTZ Express» АҚ порттық инфрақұрылымды, қоймалар мен терминалдар желісін пайдалана отырып, теміржол, теңіз және автомобиль көлігімен тасымалдауды біріктіре отырып, қатынастардың барлық түрлерінде көлік-логистикалық қызметтердің толық спектрін көрсетеді. LCL қағидаты бойынша құрама жүктерді тасымалдауды, ұйымдастырылған шаттл-поездарда жүктерді тасымалдауды, сондай-ақ температуралық режимге сезімтал жүктерді тасымалдауды жүзеге асырады.

БИЗНЕС–БІРЛІКKE ШОЛУ ЖАСАУ



РЕСУРСТАРЫ

ТІЗІМДІК САНЫ



ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ



ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ



ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТТЕРІ:



- экспедиторлар;
- жүк жөнелтушілер.

БАҒАЛЫҚ ҰСЫНЫСЫ:



Кедендік ресімдеу, жүктерді ауыстырып тиеу, «Бір терезе» арқылы қызмет көрсету сияқты қосымша сервистерді ұсына отырып, клиенттерге кешенді қызмет көрсету.

ШЕШУШІ ҚЫЗМЕТІ:



- көлік-экспедиторлық қызметтерді көрсету;
- логистикалық қызмет;
- габаритті емес, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасымалдау;
- көлік-логистикалық инфрақұрылым объектілерін басқару;
- жүк тасымалдаудың ақпараттық сүйемелдеуін қамтамасыз ету;
- кедендік ресімдеу, сақтандыру, тәуекелдің барлық түрлері бойынша кепілдіктер беру, жүктерді ұйымдастыру, сүйемелдеу, күзету, сертификаттау.

ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЕШУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
Түсім, млрд теңге	32,9	38,2	60,3	16,1	57,9
Операциялық пайда, млрд теңге	19,3	15,9	44,7	-17,6	181,1
EBITDA, млрд теңге	24,2	22,9	42,6	-5,4	86,0
Контейнерлік тасымалдарды экспедициялау, мың ЖФБ	329,7	378,0	752,9	14,6	99,2
Теміржол тасымалдарын экспедициялау, мың тонна	3 372	1433,0	1875	-57,5	30,8
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	559	740	963	32,4	30,1
Әйелдер үлесі, %	42	41	35	-2,4	-14,6
Әкімшілік-басқарушы персонал, адам	181	210	212	16,0	0,95
Өндірістік персонал, адам	378	530	751	40,2	41,7
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	87	85	74	-2,3	-12,9
Қалдықтар көлемі, тонна	401,58	366,66	377,2	-8,7	2,9
Стационарлық көздерден атмосфераға ла- стаушы заттардың шығарындылары, тонна	16,57	14,29	8,1	-13,8	-43,3

2023 жылы «KTZ Express» АҚ түсімі 60 322 млн теңгеге жетті, бұл 2022 жылғы деңгейден 57,9%-ға жоғары. Түсімнің өсуі контейнерлік тасымалдарды экспедициялаудан түскен табыстың артығымен орындалуы нәтижесінде болды.

Контейнерлік тасымалдарды экспедициялау көлемінің 2022 жылмен салыстырғанда 99%-ға артуы ҚХР – РФ – ҚХР (Мәскеу торабы) бағыты бойынша тасымалдардың өсуімен және ҚХР – ЕО – ҚХР бағыты бойынша кері жүктемені қамтамасыз етумен байланысты

(«Belintertrans Germany GmbH» компаниясы Беларусь темір жолынан ҚХР-ға «калий» жүгін тасымалдауды жүзеге асырды).

Теміржол тасымалдарын экспедициялау көлемі 2023 жылы 1 875 мың тоннаны құрап, 2022 жылғы деңгейден 31%-ға асып түсті. Өсім Ресейден Орталық Азияға вагондарда қара металдар мен мұнай өнімдерін транзиттік тасымалдау көлемінің ұлғаюынан болды.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

«Қазтеміртранс» АҚ еліміздің жүк вагон паркінің ірі операторы болып табылады, операциялар жүргізуге жүк вагондарын ұсынады, арнайы жылжымалы құрамды жалға беруді, металл сынықтарын сақтауды және өткізуді жүзеге асырады.

«Қазтеміртранс» АҚ вагондарында тасымалданатын жүктердің көп үлесі көмір, астық, ұн және ұнтақтау өнімдері, кен, минералды тыңайтқыштар және цемент сияқты жаппай үйінді жүктерден тұрады.

БИЗНЕС–БІРЛІКKE ШОЛУ ЖАСАУ



ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ

2003



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ИЕ
БОЛУ ҮЛЕСІ

100 %

РЕСУРСТАРЫ

ТІЗІМДІК САНЫ



1,3

МЫҢ АДАМ



37,7

МЫҢ БІРЛІК ЖҮК
ВАГОНДАРЫ

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



10

ӨҢІРЛІК
ФИЛИАЛ



«САРЫӨЗЕК» ӨНДІРІСТІК
БАЗАСЫ

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТТЕРІ:



негізгі сегмент – үйінді жүктердің (көмір, астық, ұн және ұнтақтау өнімдері, кен, минералды тыңайтқыштар және цемент) иелері.

БАҒАЛЫҚ ҰСЫНЫСЫ:



жүк тасымалдау бойынша сапалы қызмет көрсету.

ШЕШУШІ ҚЫЗМЕТІ:



- жүк вагондарымен операциялар жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсету;
- жылжымалы құрамды мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- металл сынықтарын сақтау және сату;
- меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару.

ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЕШУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
Түсім, млрд теңге	105,7	135,1	184,8	27,8	36,8
Операциялық пайда, млрд теңге	7,9	24,3	66,0	207,6	171,6
EBITDA, млрд теңге	32,0	44,6	91,7	39,4	105,7
Тасымалданған жүк, млн тонна	82,8	82,8	48,6	0	-41,3
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	1138	1023	1338	-10,1	30,8
Әйелдер үлесі, %	43	45	60	4,7	33,3
Әкімшілік-басқарушы персонал, адам	342	328	315	-4,1	-4,0
Өндірістік персонал, адам	796	695	1023	-12,7	47,2
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	80	79	77	-1,3	-2,5

2023 жылдың қорытындысы бойынша «Қаз-теміртранс» АҚ кірісі 184,8 млрд теңге болды, бұл 2022 жылғы деңгейден 36,8%-ға артық. Кірістің өсуі операция мен жалға беруден түсетін кірістің өсуіне байланысты болды.

Операциялық пайда 66,0 млрд теңгені құрап, 2022 жылғы көрсеткіштен 171,6%-ға асып түсті. Негізгі қызмет бойынша көрсеткіштерді жақсартудың негізгі себебі – жүк вагондарымен операциялар жүргізу және оларды жалға беру.



Жанболат Мейірлен, 8 жаста

«КЕДЕНТРАССЕРВИС» АҚ

«Кедентранссервис» АҚ Қазақстан Республикасындағы логистикалық терминалдардың жетекші операторы болып табылады. Қоғам жүктерді терминалдық өңдеу саласындағы активтер мен құзыреттерге ие, сондай-ақ Достық және Алтынкөл шекара станцияларында ҚХР-дан әкелінетін жүктерді қайта тиеу жөніндегі қызметтерді жүзеге асырады.

БИЗНЕС–БІРЛІКKE ШОЛУ ЖАСАУ



РЕСУРСТАРЫ

ТІЗІМДІК САНЫ




ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ




ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ


ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТТЕРІ:



БАҒАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАРЫ:



ШЕШУШІ ҚЫЗМЕТІ:



ҚЫЗМЕТІНІҢ ШЕШУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
Түсім, млрд теңге	37,3	43,2	45,3	15,8	4,9
Операциялық пайда, млрд теңге	6,8	15,2	10,9	123,5	-28,3
EBITDA, млрд теңге	12,7	20,1	15,1	58,3	-24,9
Жылжымалы құраммен операциялар жүргізу, мың ЖФБ	243	277,7	225	14,3	-19,0
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	1755	1716	1725	-2,2	0,5
Әйелдер үлесі, %	20	21	19	5,0	-9,5
Әкімшілік-басқарушы персонал, адам	553	503	505	-9,0	0,4
Өндірістік персонал, адам	1202	1212	1220	0,8	0,7
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	84	77	67	-8,3	-13,0
Қалдықтар көлемі, мың тонна	3,8	3,8	3,8	0	0

2023 жылы 1 585 бірлік мөлшеріндегі жұмыс істемейтін парк себебінен 2022 жылғы деңгейге қарағанда операциялар жүргізу көлемінің 19%-ға төмендеуі байқалды.

2023 жылы түсім логистикалық процестерді тиімді пайдалану есебінен 2022 жылмен салыстырғанда 4,9%-ға өсті.


EBITDA көрсеткішінің 2022 жылғы нәтижелерден -25%-ға ауытқуының негізгі себебі вагондар паркін беру және функциялардың еншілес ұйымдар арасында қайта бөлінуі болып табылады.



Жангелді Фараби, 7 жаста

ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ


**ЛОКОМОТИВТІҢ ОРТАША ТӘУЛІКТІК
ӨНІМДІЛІГІ, МҢҢ Т-КМ БРУТТО**



2023 жылы локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігінің төмендеуі себебінен 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда:


- жүк айналымының 7,0%-ға ұлғаюы, инфрақұрылымның өткізу қабілеттілігі резервтерінің болмауы, жүру жолында поездар кідірістерінің 1,8 есе өсуі салдарынан локомотивтің орташа тәуліктік жүрісі 4,1%-ға;
- поездың салмағы 0,5%-ға, оның ішінде жеңіл салмақты контейнерлік поездар санының 12%-ға өсуіне байланысты төмендеді.

ПОЕЗД ТАРТЫМЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫНЫҢ МЕНШІКТІ ШЫҒЫСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, КГ/ӨЗГ.



2023 жылы поезд тартымына жұмсалған меншікті жалпы шығын 2022 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға төмендеді. Төмендеу мынадай себептерге байланысты болды: техникалық жылдамдықтың 0,9%-ға төмендеуі, қозғалыстың шаруашылық түріндегі поезддың орташа салмағының 22,8%-ға артуы, маневрлік қозғалыс түріндегі жұмыс сағатына отын шығынының 2,2%-ға төмендеуі, локомотивтің дара жүруінің 2,5%-ға төмендеуі.

**КЕЛТІРІЛГЕН ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ, МЫҢ
ТН КМ/АДАМ**



2023 жылы еңбек өнімділігінің өсуі жүк айналымы мен жолаушылар айналымы көрсеткіштерінің артуынан болды.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық қызметі теміржол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тасымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруға бағытталған.

2023 жылы теміржол инфрақұрылымын дамытуға және жылжымалы құрамды жаңартуға 687,1 млрд теңге сомасында инвестициялар бағытталды.

- Осы қаражат есебінен келесі ірі іс-шаралар орындалды:
- Достық – Мойынты учаскесінде екінші жол салу жұмыстары жалғастырылды;
 - Құрық портының құрылысын аяқтау жұмыстары жалғастырылды;
 - Алматы станциясының теміржол торабын айналып өтетін айналма теміржол желісінің

- құрылысын және Бақты – Аягөз, Дарбаза – Өзбекстанмен мемлекеттік шекара теміржол желілерінің құрылысын іске асыру басталды;
- 557 км жолдың үстіңгі құрылысын жаңғырту және жөндеу жұмыстары орындалды;
 - 113 бірлік локомотив сатып алынды және 63 бірлік локомотивке күрделі жөндеу жүргізілді;
 - жүк вагондарының 635 бірлігі сатып алынды және 5 541 бірлігіне күрделі жөндеу жүргізілді;
 - жолаушылар вагондарының 102 бірлігі сатып алынды және 25 бірлігіне күрделі жөндеу жүргізілді;
 - теміржол инфрақұрылымын жаңартуға және оңалтуға, көлік логистикасын дамытуға және қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылды.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СЫРТҚЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ЖАСАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР МӨЛШЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ GRI 203-1

	Сомасы, млн теңге
Құрық портында паромдық кешен салу	2 674
Достық – Мойынты учаскесінде екінші жол салу	82 514
Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісін салу	4
Астана станциясының теміржол торабын дамыту, вокзал кешенін салуды қоса алғанда	393
Фитингтік платформаларды сатып алу	9 683
Барлығы	95 268

2023 жылы жоғарыда аталған коммерциялық инвестициялық жобаларды іске асыру барысында қоғамдастықтар мен экономикаға оң әсер еткен нәтижелерге: өткізу қабілетінің артуына, көлік әлеуетінің артуына, шекара маңындағы сауда-экономикалық

қатынастардың дамуына және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, көлік инфрақұрылымының дамуына және жолаушыларға қызмет көрсету деңгейінің артуына қол жеткізілді.



2024 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІК БОЛАШАҚҚА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2024–2028 жылдарға арналған Даму жоспарына келесі шаралар енгізілген:
- Достық – Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолдарын салу;
 - Алматы станциясының теміржол торабын айналып өтетін айналма теміржол желісін салу;
 - Дарбаза – Өзбекстанмен мемлекеттік шекара теміржол желісін салу;
 - 193 бірлік фитингтік платформа сатып алу.

Бұдан басқа, ағымдағы қызметті үздіксіз режимде ұстауға және қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру жоспарлануда, оның ішінде:

- 2 834 км көлемінде жолдың үстіңгі құрылысын күрделі жөндеу (2024 жылы – 570 км);
- 2 945 км көлемінде жолды жөндеудің балама түрлері (2024 жылы – 342 км);
- 315 бірлік локомотив сатып алу (2024 жылы – 125 бірлік);
- 130 бірлік локомотивті күрделі жөндеу (2024 жылы – 29 бірлік);
- 2 725 бірлік жүк вагонын сатып алу (2024 жылы – 1 500 бірлік);
- 19 002 жүк вагонын күрделі жөндеу (2024 жылы – 3 175 бірлікке: КЖ – 2 391 бірлік, ДЖ – 784 бірлік);
- 470 бірлік жолаушылар вагонын сатып алу (2024 жылы – 100 бірлік);
- 2024 жылы 15 бірлік жолаушылар вагонын күрделі жөндеу;
- теміржол инфрақұрылымын жаңартуға және оңалтуға, көлік логистикасын дамытуға және қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жобалар.

2023 жылы келесі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы басталды:

1. «Алматыны айналып өту теміржол желісін салу».

Жобаны іске асыру Алматы торабының жүктемесін 30%-ға түсіруді, транзиттік контейнерлік поездардың жылдамдығын орта есеппен 24 сағатқа арттыруды, транзиттік жүк ағынын жаңа қысқа бағытқа қайта бағыттауды, сондай-ақ Алматы агломерациясында қала маңындағы жолаушылар тасымалдарын дамытуды қамтамасыз етеді.

2. «Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісін салу».

Жобаның мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекарада жаңа өткізу пунктін аша отырып, еліміздің көлік әлеуетін дамыту.

Құрылыс Сарыағаш МАТП-сіндегі және Ташкент торабындағы инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді кеңейтуді, жүк ағынын қайта бөлуді және Орталық Азия елдеріне және олар арқылы бағытындағы учаскенің жүктемесін түсіруді көздейді.

2030 жылға қарай жүктерді тасымалдаудың болжамды көлемі 10 млн тоннаны құрайды.

КОМПАНИЯНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРЫ

«Күшті өңірлер – елді дамыту драйвері» ұлттық жобасы және ҚР көлік-логистикалық әлеуетін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы шеңберінде 2022 жылғы қарашада Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдардың құрылысы басталды. Жобаның мақсаты – учаскенің өткізу қабілетін арттыру және еліміздің транзиттік әлеуетін дамыту.

Ұзындығы 836 км екінші желінің құрылысы учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға мүмкіндік береді (тәулігіне жүк поездарының 12 жұбынан 60 жұпқа дейін). Бұл отандық өнімнің үздіксіз экспортын қамтамасыз ету жөніндегі маңызды міндетті шешеді және қазақстандық экспорттаушылардың жүктерін осы бағытта тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3. «Қолданыстағы «Семей – Ақтоғай» теміржол учаскесіне шығатын қазақстан-қытай шекарасында үшінші «Бақты» шекаралық теміржол өткелін салу.

Осы жобаның мақсаты Қытаймен үшінші шекаралық өткелді ашумен елдің транзит -көліктік әлеуетін арттыру болып табылады.



№3 МАҚСАТ. КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН АРТТЫРУ


Компания тұтынушыларының жүк, жолаушылар тасымалы және көлік-логистикалық қызметтер саласында көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады.

КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ

Клиенттердің қанағаттануын үнемі бағалау клиенттермен қарым-қатынастың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және клиенттердің қанағаттануы мен адалдығын жақсартуға бағытталған Компанияның еншілес ұйымдарында одан әрі даму қадамдары туралы уақтылы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Клиенттер арасында сұрақ-сауал жүргізу Компанияның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарында орналастырылған сауалнамаларды толтыру арқылы жүргізіледі.

2021 ЖЫЛ МЕН 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕ КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ, %



«Қазтеміртранс» АҚ және «Кедентранссервис» АҚ клиенттерінің қанағаттану деңгейінің төмендеуі жылжымалы құрамның жұмыс паркінің азаюынан және тозуынан туындады.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ САЛАСЫНДА

2023 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ тарифтердің қолжетімділігін арттыруға және имиджді бекітуге бағытталған бір қатар бастамаларды жүзеге асырды:

Маркетингтік акциялар

Адалдық бағдарламасын кеңейту шеңберінде жол жүруге 25% жеңілдігі бар жаңа ақылы «Алтын», «Қүміс», «Жастар» дисконттық карталары енгізілді. 2023 жылы 344 карта сатылып, 3,4 млн теңге көлемінде табыс әкелді.

Адалдық бағдарламасының оң әсері жолаушылардың «Тальго» поездары мен «Гранд» және

«Бизнес» вагондары сияқты жоғары деңгейлі вагондарды таңдауы болды.

Қосымша «Жастар» дисконттық картасына арналған маршруттардың тізбесі қала маңындағы 20 поездға кеңейтілді.

2023 жылдың басында 15 ақпан мен 15 наурыз аралығында сәрсенбі күндері жеңілдіктер беретін «Сәтті сәрсенбі» маркетингтік акциясы өткізілді. Акция 31 мыңнан астам жолаушыны тартып, 2022 жылдың ұқсас күндеріне қарағанда жолаушылар айналымын 31%-ға арттырды.

18 қыркүйек пен 7 желтоқсан аралығында жолаушылары аз поездардың жекелеген топтарына (Астана – Қостанай/Жезқазған/

Арқалық) 20%-дан бастап 40%-ға дейін жеңілдік шарттары енгізілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жолаушылар айналымының 30%-ға ұлғаюына әкелді.

2023 жылдың наурызында Наурыз мерекесіне арналған тақырыптық вагондар іске қосылды. Сондай-ақ 2023 жылдың қыркүйегінде «Қазақ туризм» ҰК» АҚ-пен бірлесіп Түркістан облысының туристік әлеуетін ілгерілету және дамыту мақсатында «Тальго» поезын этникалық стильде әрлеу жұмысы жүргізілді.

Тарифтік саясат

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті органмен (Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі) келісім бойынша және Әлеуметтік маңызы бар маршруттар бойынша тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау туралы шарттардың талаптарына сәйкес тарифті 7%-ға арттыру бойынша жұмыс жүргізілді.

1.07.2022 жыл мен 31.05.2023 жыл аралығындағы кезеңде әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жүретін поездарда динамикалық тарифтік басқару жүйесі (ДТБ) жұмыс істеді, ол жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатып алу кезеңіне және тасымалдауға сұранысқа байланысты -25%/+25% шегіндегі жеңілдіктер мен үстемеақыларды қарастыратын.

2023 жылы жүргізілген икемді тарифтік саясаттың нәтижесінде коммерциялық сапарлар бойынша кірісті 2023 жылға арналған жоспарға 12%-ға ұлғайтуға қол жеткізілді.

Электрондық билеттерді сату жүйесі

2023 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ келесі жақсартуларды енгізе отырып, электронды билеттерді сату жүйесін жақсарту бойынша жұмысын жалғастырды:

- жолаушылар поезының кідірісі үшін әрбір толық сағаттық кідіріс үшін 3% айыппұл қарастырылған өтемақыны қайтару процесі автоматтандырылған;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректер базасымен билеттерді сату жүйесін біріктіру арқасында мүмкіндігі шек-

теулі адамдар үшін жеңілдікті билеттерді ресімдеу енді жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) бойынша жүзеге асырылады.

- тікелей маршрут болмаған кезде билеттерді сату жүзеге асырылды, яғни тікелей маршрут болмаған жағдайда клиентке бір поездда ауыстырылатын орындарды ресімдеуге мүмкіндік беріледі. Поезда орын толық болмаған жағдайда келісілген поездарға орын ресімдеу мүмкіндігі беріледі.
- bilet.railways.kz веб-сайты арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерін) оларды сатып алу орны мен төлем тәсіліне қарамастан қайтару мүмкіндігі іске асырылды.

2023 жылдың соңында билеттерді онлайн сату үлесі 2022 жылдың соңындағы 72%-бен салыстырғанда 77%-ға дейін өсті.

Жылжымалы құрам паркін жаңарту

2023 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ «ЗИКСТО» АҚ зауытының 94 жаңа жолаушылар вагонын және «Ташкент жолаушылар вагондарын салу және жөндеу зауыты» АҚ-тың 8 жаңа вагонын (ЗАК) жеткізді. Бұл вагондар Павлодар – Алматы, Ақтөбе – Атырау, Маңғыстау – Атырау, Қызылорда – Семей, Алматы – Өскемен бағыттарындағы поездар құрамына ішінара енгізілді.

Жылжымалы құрам паркін жаңарту жолаушылар тасымалы қызметтерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді, сондай-ақ біздің жолаушылар үшін жайлылық деңгейін арттыруды қамтамасыз етті.

Сервисті жақсарту

2023 жылы фирмалық санаты бар 2 поездың қатынауы ұйымдастырылды.

Қоғам имиджді арттыру бастамалары аясында Халықаралық әйелдер күні, Балаларды қорғау күні және Жаңа жылда жолаушыларға 3,5 мыңнан астам сыйлық табыс етті. Сондай-ақ 4 вагон ішінде вагон-мейрамханалар/барлар мен купе-буфеттер мен мерекелік сыртқы безендіруді қоса алғанда, Жаңа жыл қарсаңында вагондарда және вокзалда жолаушыларды құттықтау өткізілді.



ЖҮК ТАСЫМАЛЫ САЛАСЫНДА

«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүк жөнел-
тушілермен/жүк алушылармен, экспеди-
торлық компаниялармен және мемлекеттік
органдардың өкілдерімен тұрақты кездесулер
ұйымдастырады, сондай-ақ өз корпоративтік
сайтында өзекті ақпаратты жариялайды.
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС ЖЭО мен халыққа
көмірді уақтылы жеткізу бойынша міндет-
темелердің орындалуын бақылайды, көмір
компанияларының қатысуымен жедел штабтың
кеңестерін өткізеді.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

Клиенттерге ыңғайлы болу үшін жеке кабинет
жұмыс істейді, онда әрбір клиент онлайн
режимде мөлшерлемені есептеуге, жүк та-
сымалдауға өтінім бере алады, вагондардың
орналасуын қадағалай алады, оферта шартын

жасай алады, сондай-ақ «Қазтеміртранс» АҚ-қа
өтініш жаза алады.

2023 жылы келесі жұмыс жүргізілді:

- «Шарттық коммерциялық жұмыс» авто-
маттандырылған басқару жүйесінде (ШКЖ
АБЖ) бұрын «Қазтеміртранс» АҚ пен клиент
арасында жасалған қолданылу мерзімі өткен
шарттарды қолдануға логикалық бақылау
қосылды;
- ГУ-11 нысанындағы өтінімдерді
«СТЖ-Кешен» өндірістік ақпараттық жүй-
есіне беру алгоритмі пысықталды;
- «СТЖ-Кешен»-де электрондық сауда алаңы
арқылы тасымалдау тарифтерін есептеу
процесі автоматтандырылды;
- шартқа қосымша келісімдерге, ҚР резиденті
емес тұлғалармен құжаттарға қол қою,
салыстыру актілерін беру іске асырылды,
клиенттің жеке кабинетінде «Тасымалдауға
арналған өтінімдерде» вагонның қажетті
ерекшеліктерін көрсету үшін қосымша
жолдар қосылды.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА

«KTZ EXPRESS» АҚ

Көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту мақса-
тында келесі шаралар жүзеге асырылды:

- «бірінші және соңғы миль» кешенді логисти-
калық қызметтері ұйымдастырылды;
- электрондық коммерция тауарларын, авто-
мобильдерді тасымалдау ұйымдастырылды;
- Чжэнчжоу, Чэнду, Сиань, Иу, Чунцин,
Будапешт қалаларындағы агенттік желі
кеңейтілді;
- «PSA International Pte Ltd.»-мен бірлескен
«KPMC Ltd.» кәсіпорнын құруды қоса
алғанда, әлемдік логистикалық компани-
ялармен ынтымақтастықты ұйымдастыру
және «AD Ports Group»-пен бірлескен
кәсіпорын құру туралы шартқа қол қойылды;

- Қазақстаннан экспортты және ҚХР-дан
Түркия мен Еуропа бағытына транзитті
қамтамасыз ету үшін «MSC»-пен және
«Maersk»-пен серіктестікте Поти/Батумиден
(Грузия) Ыстамбұл (Түркия)/Констанс (Ру-
мыния) бағытында фидерлік сервис ұйымда-
стырылды.



№4 МАҚСАТ. ЦИФРЛАНДЫРУ

Цифрландыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ дамуындағы
стратегиялық бағыт болып табылады және
қазіргі заманғы АТ-шешімдерді енгізу арқылы
процестердің тиімділігін арттыруға және
оңтайландыруға бағытталған.

2023 жылы орындалған негізгі міндеттер:

- **Цифрлық сауда дәлізі:** ТХКМ-де «PSA» ком-
паниясымен бірлесіп «DTC цифрлық дәлізі»
бағдарламасы іске қосылды, оның арқа-
сында бұл транзиттік дәліздің қазақстандық
учаскесі сыртқы жүк жөнелтушілер үшін
«сұр аймақтан» шығарылды. 2023 жылғы
10 желтоқсанда Алтынкөл – Сарыағаш
бағыты бойынша үшінші елдерге өтпелі
транзит кезінде теміржол көлігімен тасымал-
данатын жүктерді декларациялау бойынша
транзиттік декларация автоматты тіркелетін
және автоматты шығарылатын өнеркәсіптік
ортада пилот жүргізілді.
- Пилот шеңберінде 109 транзиттік декла-
рация өңделді, барлық 109 декларация
бойынша кедендік транзит рәсімі сәтті
аяқталды. Пилот барысында өнеркәсіптік
ортада «ШКЖ АБЖ», «DTC Tez Customs» және
«АСТАНА-1» бағдарламалық қамтамасыз
етулері арасында өзара әрекеттесу орна-
тылды.

Көрсетілген бағыт бойынша пилоттың
сәтті жүргізілуіне байланысты 2023 жылғы
27 желтоқсанда Достық – Брест-Северный
тасымалдау маршруттары бойынша теміржол
көлігімен өткізілетін тауарлардың транзиті
кезінде электрондық құжаттармен алмасу
бойынша пилот іске қосылды.

АТ архитектурасы: Ақпараттық технологиялар
архитектурасының 3.0 нұсқасы әзірленді, бұл

инфрақұрылымды одан әрі дамыту үшін негіз
болып табылады.

- **«Бірыңғай цифрлық терезе» жобасы:** KTZE
мен «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы»
ШЖҚ РМК арасында ынтымақтастық туралы
меморандум жасалды. Жобаны табысты
іске асыру үшін жол картасының жобасы
әзірленді.
- **Желі мен серверлерді жаңғырту:** 2023–
2027 жылдар аралығында деректерді беру
желісін және серверлік инфрақұрылымды
жаңарту бойынша рәсімдер басталды, бұл
жүйелердің сенімділігі мен өнімділігін арт-
тыруды қамтамасыз етеді.
- **Теміржол автоматикасы.** «Wabtec» және
«HUAWEI» сияқты компаниялармен бірлесе
отырып, теміржол автоматикасы мен теле-
коммуникация жүйелерін автоматтандыру
және цифрлық трансформациялау жо-
балары бойынша жұмыс жүргізілуде.
- **Поездардың интервалдық қозғалысы:**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Westinghouse Air Brake
Technologies Corporation» корпорациясы
арасында Стратегиялық серіктестік туралы
негізгі келісімге қол қойылды. Ынты-
мақтастықты бастау үшін пилоттық учаске
анықталды. 2023 жылғы 10-13 желтоқсан
аралығында жұмыс тобының Қандыағаш –
Никельтау учаскесіне таныстыру сапары
ұйымдастырылды. Сондай ақ техникалық
тапсырманы әзірлеу үшін бірлескен жұмыс
тобы құрылды.
- **SAP HCM S/4 HANA.** Жоба периметріне
кіретін компаниялар: «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та, «ҚТ-
Ж-Жүк тасымалы» ЖШС-те, «Жолаушылар
тасымалы» АҚ-та, «Қазтеміртранс» АҚ-та
SAP HCM S/4 Hana жүйесін тираждау сәтті
аяқталды.



Шишкин Никита, 9 жаста

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

03

Тұрақты дамуды басқару.....	58
Экономикалық әсер ету.....	64
Экологиялық жауапкершілік.....	79
Энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу.....	90
Әлеуметтік жауапкершілік.....	103
№6 МАҚСАТ	
Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру.....	128
Қозғалыс қауіпсіздігі.....	128
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	130



Беріков Ділмұхамед, 10 жаста



№ 5 МАҚСАТ. ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Тұрақты экономикалық өсуді қолдаудағы өзінің шешуші рөлін мойындай отырып, Компаниямыз көлік-логистика саласына ғана емес, әлеуметтік жауапты бизнес ретінде де белсенді қатысады. Біз әлеуметтік әл-ауқат пен қоршаған ортаны қорғауға үлес қоса отырып, қатысуымыздың әрбір аймағында тұрақты дамуға ұмтыламыз. Біздің 2032 жылға дейінгі Даму стратегиямыздың бағыттарының бірі ESG қағидаттарын біріктіру болып табылады, бұл үш негізгі бағытты іске асыруды білдіреді:

- Әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және адами капиталды дамыту;
- Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- Корпоративтік басқару тетіктерін жақсарту.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Тұрақты даму саласындағы саясаты¹⁰ Компаниядағы тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Компанияның негізгі құжаты болып табылады.

Саясат тұрақты даму саласындағы мақсаттарды, қағидаттарды айқындайды, мақсаттарға қол жеткізу және тұрақты даму қағидаттарын енгізу тетігін, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды басқарудың тиімді жүйесін құруды белгілейді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бүгінде қабылданып жатқан шешімдердің ықтимал салдарларын түсініп, сезіне отырып, экономикалық өсуді, әлеуметтік әл-ауқат пен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұрақты даму қағидаттарына бағдарланады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ:



ашықтық



есептілік



айқындылық



этикалық тәртіп



құрмет



заңдылық



адам құқығын сақтау



сыбайлас жемқорлыққа шыдамау



мүдделер қақтығысына жол бермеу



жеке басының үлгісі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінде келесіге ұмтылады:

- Қазақстанның транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыта отырып, ұлттық экономиканың өсуін қамтамасыз ету;
- жаңа жұмыс орындарын құру, көлік шығындарын азайту, азаматтардың ұтқырлығын арттыру және қайырымдылық бастамаларын іске асыру есебінен қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын жақсарту, оларға әлеуметтік пакет пен оқыту және кәсіби дағ-

дыларды арттыру мүмкіндігін бере отырып, өз қызметкерлерінің өмірі мен жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- поездар қозғалысы қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету;
- жаңа технологиялар мен заманауи жылжымалы құрамды енгізу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайту.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ GRI 2-9, 2-12, 2-13



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- тұрақты даму саласындағы Компания қызметін стратегиялық басқаруды қамтамасыз ету;
- тұрақты даму саласындағы есепті бекіту



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ



СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясын, Даму жоспарын қарау және іске асырылуын бақылау, «ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық стратегиясы бойынша, қаржылық тұрақтылығы бойынша кеңестер беру



АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

корпоративтік басқару жүйесінің дамуына, қаржылық есептіліктің сапасы мен шүбәсіздігіне, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен сыртқы аудит жүйелеріне бақылау жасау



ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

кадрлық саясат, тағайындаулар, бағалау мен сыйақы, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мәселелерді қарау



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, қозғалыс қауіпсіздігі, тұрақты даму, инновациялық даму саласындағы мәселелерді қарастыру



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ



ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ



КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН



БАСҚАРМА

- тұрақты даму саласындағы қағидаттарды енгізу және іске асыру;
- тұрақты даму саласындағы қызмет мониторингін жүргізу

СТРАТЕГИЯ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

дайындығын бақылау:

- Біріктірілген жылдық есептің дайындалуын;
- тұрақты даму саласындағы ҚШК-ның орындалуын;
- ESG рейтингін алуды бақылау

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР

- тұрақты даму саласында бастамалар мен іс-шараларды әзірлеу, оларды іске асыру

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

жеке мінез-құлық және тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау арқылы тұрақты даму және ТМД-ға қол жеткізу саласындағы қағидаттар мен қызметті жүзеге асыру

¹⁰ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 мамырдағы шешімімен (№8 хаттама) бекітілді.

GRI 2-12, 2-16, 403-4

Тұрақты даму мәселелері Директорлар кеңесінен бастап әрбір жеке қызметкерге дейін Компанияның барлық иерархиялық деңгейлерінде жауапкершілік аймағында болады.

Директорлар кеңесі негізгі стратегиялық мақсаттар мен бағдарларды белгілей отырып, тұрақты даму саласындағы Компания қызметінің стратегиялық бағытын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, сондай-ақ оларды Компанияның жалпы даму стратегиясына енгізуге ықпал етеді.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің отырысы алдында тұрақты даму мәселелерін неғұрлым терең және сапалы пысықтауды қамтамасыз етуге арналған.

Компанияның тұрақты даму мәселелерін бақылау тетігі ретінде оның осы саладағы іс-әрекеттерінің тиімділігіне жылдық тексеру жүргізіледі. Тұрақты дамудың үш негізгі бағыты: экономикадағы, экология мен әлеуметтік саладағы Компанияның жетістіктеріне талдау жүргізіледі. Нәтижелер осы көрсеткіштерді жақсарту үшін ұсыныстар мен тапсырмаларды әзірлейтін Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетіне ұсынылады. Сондай-ақ Компанияның атқарушы органының құрылымында тұрақты дамуға қатысты мәселелерді қоса алғанда, міндеттерді қатаң делегациялау және құзыреттілік салаларын айқындау енгізілді. Бұл жүйе келесідей ұйымдастырылған:

- Басқарма Төрағасы:**
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйелерін жетілдіру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ және т.б. кадр саясатының тұжырымдамасы мен стратегиясын айқындау бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Стратегия жөніндегі басқарушы директор «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне келесі бағыттар бойынша басшылықты жүзеге асырады:

БҰҰ ҒАЛАМДЫҚ ШАРТЫ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ҰСТАНУ

2012 жылдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ 160 астам елден 15 мыңнан астам компанияны біріктіретін әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ең ірі халықаралық бастама – БҰҰ Ғаламдық шартының (UN Global Compact) мүшесі болып табылады.

Бұл есеп БҰҰ Ғаламдық шарты шеңберіндегі прогресс туралы біздің хабарламамыз болып табылады. Компания БҰҰ Ғаламдық шартына тұрақты қолдау көрсететінін мәлімдейді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ адам құқықтарын сақтау, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы БҰҰ Ғаламдық шартының он қағидатын өз жұмысында басшылыққа алуға

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясын әзірлеу, оны іске асыру жөніндегі жұмыстарды мониторингтеу және үйлестіру;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ және т.б. тұрақты даму қағидаттарын енгізу және іске асыру мәселелерін үйлестіру.

- Басқарма Төрағасының орынбасары «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне келесі бағыттар бойынша басшылықты жүзеге асырады:**
- қозғалыс қауіпсіздігін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, өрт қауіпсіздігін, өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйелерін, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелерін жетілдіру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, экологиялық қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау;
 - Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ энергия үнемдеу мен энергия тиімділігінің кешенді бағдарламаларын әзірлеу, енгізу, оларға өзекті сипат беру және олардың іске асырылуын мониторингтеу және т.б.

- Аппарат басшысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне келесі бағыттар бойынша басшылықты жүзеге асырады:**
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының кадр саясатының тұжырымдамаларын әзірлеу;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, оларды ынталандыру, қызметін нормалау және бағалау жүйелерін жетілдіру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және енгізу;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының еңбек ресурстарын қайта құрылымдау саласындағы саясатты әзірлеу және іске асыру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында әлеуметтік саясатты айқындау және іске асыру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді және т.б.

Адам құқықтары	1-қағидат	Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс.
	2-қағидат	Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
Еңбек қатынастары	3-қағидат	Іскер топтар бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.
	4-қағидат	Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы тиіс.
	5-қағидат	Іскер топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс.
	6-қағидат	Іскер топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс.
Қоршаған орта	7-қағидат	Іскер топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.
	8-қағидат	Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолдануы тиіс.
	9-қағидат	Іскер топтар экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	10-қағидат	Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс.

БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫНА ҮЛЕС ҚОСУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) «Біздің әлемді түрлендіру: 2030 жылға дейінгі кезеңдегі тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» бағдарламасы шеңберінде БҰҰ қабылдаған тұрақты даму саласындағы барлық мақсаттарын ұстанады.

Компанияның қызметін БҰҰ мақсаттарымен салыстыра отырып, біз оларға назар аударатын және оларға қол жеткізуге ықпал ететін 6 мақсатты анықтадық.

Қол жеткізуге біз айтарлықтай үлес қоса алатын мақсаттар:



Қызметтің шешуші көрсеткіштері (ҚШК) тұрақты даму саласында көрсетілген мақсаттарға жетуді бағалайды.

Компания прогресі туралы хабарлама БҰҰ Ғаламдық шартының ресми сайтында:





«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

БҰҰ мақсаттары «ҚТЖ» ҰК» АҚ мақсаттарының орындалуы

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛ-АУҚАТ	LTIR еңбекке қабілеттілікті жоғалтумен байланысты (есепке алынған) жазатайым оқиғалар коэффициенті			
	2021	2022	2023	
	–	–	Жоспар	Факт
			0,17	0,17
5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК	Басқарушы лауазымдағы әйелдер үлесі, %			
	2021	2022	2023	
	21	24	Жоспар	Факт
			25	24
8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі, %			
	2021	2022	2023	
	72	65	Жоспар	Факт
			66	66
	Әкімшілік қызметкерлерді тарту деңгейі, %			
	2021	2022	2023	
	81	82	Жоспар	Факт
			83	53
9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	Тасымалдар қауіпсіздігінің деңгейі, жағдай/млн поезд-км			
	2021	2022	2023	
	0,81	0,7	Жоспар	Факт
			1,04	0,62
12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС	Поезд тартымына дизель отынының меншікті шығыны, %			
	2021	2022	2023	
	–	–	Жоспар	Факт
			24,42	24,8
3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛ-АУҚАТ	Көміртегі ізі, %			
	2021	2022	2023	
	–	–	Жоспар	Факт
			–2,5	–5,1

Дизель отынының нақты тұтыну жоспарының асып кетуіне келесі факторлар әсер етті:

- қозғалыстың жүк түрінде пайдаланылатын тепловоздар паркін ұлғайту;
- техникалық жылдамдыққа қатысты учаскелік жылдамдық коэффициентін төмендету;
- қозғалыстың жүк түріндегі вагондардың бос жүрісін 1,4%-ға ұлғайту;

- қозғалыстың маневрлік түріндегі жұмыс сағатына отын шығынын 11%-ға ұлғайту.

ESG РЕЙТИНГІ

Kazakhstan Temir Zholy National Company JSC ESG Score

S&P Global ESG Score

54/100

Data Availability :

High

Ticker: N/A

Industry: TRA Transportation and Transportation Infrastructure

Location: Republic of Kazakhstan

Methodology Year: 2023

Updated annually or in response to major developments

2023 жылғы 22 желтоқсанда «S&P Global» тәуелсіз рейтинг агенттігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың ESG-рейтингін корпоративтік тұрақтылықты Ғаламдық бағалауда (Corporate Sustainability Assessment) 100-ден 54 балл деңгейінде берді.

ESG компоненттері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ бағалары: экологиялық – 61 балл, әлеуметтік – 59 балл, корпоративтік басқару – 40 балл.


«Көлік және көлік инфрақұрылымы» саласындағы орташа көрсеткіш 26 балды құрады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «S&P Global Corporate Sustainability Assessment» рейтингінде салалағы ең жоғары көрсеткіштері бар компаниялардың 15%-ына кірді.

Берілген бағалау Компанияның ESG қағидаттарын жүзеге асырудағы күш-жігерінің көрінісі

болып табылады және оның қоршаған орта, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы жоғары стандарттарға ұмтылысын растайды.

«S&P Global» ұсынған «ҚТЖ» ҰК» АҚ рейтингінің нәтижелері «S&P Global» компаниясының веб-сайтында.

Анықтама: «S&P Global ESG Score» рейтингі — бұл компанияның сол салалық классификациядағы әріптестерімен салыстырғанда ESG тәуекелдерін, мүмкіндіктерін мен әсерлерін басқару саласындағы тиімділігін өлшейтін салыстырмалы бағалау.



Махамбет Бегімсұлу, 7 жаста

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

GRI 3-3, 201-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өңірлердің дамуына және қоғамдық әл-ауқатқа ықпал ете отырып, Қазақстанның ұлттық экономикасын қолдауда түйінді позицияны алады. Компания экономиканың әртүрлі секторлары үшін маңызды көлік қызметтерін ұсынады және олардың өзара интеграциясы мен дамуына ықпал ете отырып, елдің әртүрлі өңірлері мен елді мекендерін байланыстыруда орталық рөл атқарады. Біздің Компанияның экономикалық және әлеуметтік дамуға қосқан елеулі үлестерінің ішінде келесі аспектілер ерекшеленеді:

- мұнай-газ, көмір, металлургия және ауыл шаруашылығы салаларын қоса алғанда, әртүрлі салалардағы кәсіпорындардан шикізат пен дайын өнімді тасымалдауды қамтитын жүк тасымалы. Бұл экономикалық өсуге ықпал етеді және экспорт көлемін арттырады;

- Қазақстанның әртүрлі өңірлерін байланыстыратын жолаушылар тасымалы, бұл туризм мен демалыстың дамуына ықпал етеді;
- халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен әл-ауқаты үшін маңызды жұмыс орындарын құру және қолдау;
- елдің қаржы жүйесін нығайта отырып, салық аударымдары арқылы мемлекеттік бюджетке салым салу;
- қызметкерлер үшін лайықты еңбекақы деңгейін қамтамасыз ету, олардың кәсіби және жеке дамуы;
- бизнесті кеңейтуге және оның тиімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық жобаларды және салымдардың басқа да нысандарын іске асыру.

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКелей ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКелей ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН, МЛРД ТЕҢГЕ

GRI 201-1

	2023
1. Құрылған тікелей экономикалық құн	
Жиынтық кірістер	1 985
2. Бөлінген экономикалық құн	
Операциялық шығындар	722
Қызметкерлердің еңбекақысы мен жеңілдіктері	691
Капитал жеткізушілерге арналған төлемдер	164
Қауымдастықтарға арналған инвестициялар	96
Табыс салығынан басқа салықтар	36
Корпоративтік табыс салығы	6
Басқа шығындар	11
Жиынтық шығыстар	1 725
3. Бөлінбеген экономикалық құн	260



МЕМЛЕКЕТТЕН АЛЫНҒАН ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-пен жасалған жалға алу шарттары

2020 жылғы қарашада «KTZ Express» АҚ жалпы құны 47 391 млн теңге (2023 жылғы 29 қыркүйектегі қосымша келісімді ескере отырып) және жылдық 15%-дық мөлшерлеменен 2 000 бірлік мөлшерінде вагон-платформаларды жалға алуға шарт жасасты, оның 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылды құрайды. «KTZ Express» АҚ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2023 жыл ішінде осы шарт шеңберінде «KTZ Express» АҚ 393 бірлік көлемінде вагон-платформа алды және 32 жыл мерзімге 9 683 млн теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімге 4 759 млн теңге мөлшерінде жалдау міндеттемесін мойындады.

2022 жылғы желтоқсанда «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде жалпы құны 7 427 млн теңге және жылдық 1,5%-дық мөлшерлеменен 11 бірлік мөлшерінде жолаушылар вагондарын жалға алуға шарт жасасты. Негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жылды құрайды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 жыл ішінде осы шарт шеңберінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ 6 бірлік көлемінде жолаушылар вагондарын алды және 28 жыл мерзімге 4 043 млн теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы

активтерді және 20 жыл мерзімге 2 581 млн теңге мөлшерінде жалдау міндеттемесін мойындады.

2023 жылдың қыркүйегінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ жалпы құны 65 796 млн теңге және жылдық 13,15%-дық мөлшерлеменен 100 бірлік мөлшерінде жолаушылар вагондарын жалға алуға шарт жасасты, оның 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдікті кезең 5 жылды құрайды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 жыл ішінде осы шарт шеңберінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ 38 бірлік мөлшерінде жолаушылар вагондарын алды және 40 жылдық мерзімге 24 402 млн теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімге 10 832 млн теңге мөлшерінде жалдау міндеттемесін мойындады.

2023 жылғы шілдеде «Қазтеміртранс» АҚ жалпы құны 88 125 млн теңге және жылдық 13,15%-дық мөлшерлемесі бар 3 000 бірлік мөлшерінде үсті ашық вагондарды жалға алуға шарт жасасты, оның 6%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылды құрайды. «Қазтеміртранс» АҚ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 жыл ішінде осы шарт шеңберінде «Қазтеміртранс» АҚ 242 бірлік көлемінде үсті ашық вагондар алды және 22 жыл мерзімге 7 109 млн теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 14 жыл мерзімге 5 040 млн теңге мөлшерінде жалдау міндеттемесін мойындады.

ҰЙЫМНЫҢ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ ІШІНДЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҮКІМЕТТЕН АЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕГІНІҢ ЖАЛПЫ АҚШАЛАЙ ҚҰНЫ, МЛН ТЕҢГЕ

GRI 201-4

Санат	2023
Субсидиялар	47 646
Инвестициялық гранттар, зерттеулер мен әзірлемелерге арналған гранттар және басқа да тиісті грант түрлері ¹¹	180
Кез келген операция үшін кез келген үкіметтен алынған немесе алынатын басқа қаржылық пайда	173 709
БАРЛЫҒЫ	221 535



Кез келген операция үшін кез келген үкіметтен алынған немесе алынатын қаржылық көмек туралы қосымша ақпарат [«Борыштық жүктеме»](#) бөлімінде берілген.


11 Бақты-Аягөз жаңа теміржол желісін салудың техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін Еуразиялық Даму Банкі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа берген грант.



САЛЫҚ АУДАРЫМДАРЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ елдегі ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының бюджетіне есепті жылы салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасы 201 604,4 млн теңге (2022 жылы – 148 849,8 млн теңге) болды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2021 ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ САЛЫҚ АУДАРЫМДАРЫ, МЛН ТЕҢГЕ



ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР

Компаниялар экономикалық кеңістікке және сала құрылымын жанама экономикалық әсер етеді. Бұл операциялық қызметке және нарықтың өнеркәсіптік және коммерциялық сегменттерін қоса алғанда, көлік қызметтеріне тәуелді салалардың өсуіне ықпал ететін жүк тасымалын жүзеге асыру арқылы көрінеді. Тиімді және жылдам көлік шешімдеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету халықтың өмір сүру сапасын арттыруға тікелей әсер етеді.

Көлік инфрақұрылымын дамыту жаңа жұмыс орындарын құру және жергілікті деңгейде экономикалық дамуды қолдау үшін катализатор болып табылады.

Теміржол көлігінің экономикалық қолжетімділігі мен сенімділігі экспорттаушы компанияларға нарықтарды кеңейту және кірістілікті арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Компанияның экономикаға елеулі әсері қызметкерлердің сатып алулары мен шығыстары арқылы өз қызметінен тыс таралады, бұл мердігерлер секторында қосымша жұмыс орындарын құруға, табыс табуға және бюджетке салық аударымдарын ұлғайтуға ынталандырады.

Сондай-ақ Компанияның қызметкерлері отбасыларының әлеуметтік әл-ауқатына жанама әсерін атап өту маңызды, оларды тұрақты жұмыспен, лайықты жалақы деңгейімен және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етеді.



Жүнісбек Жәннат, 8 жаста

2023 ЖЫЛДАҒЫ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ САНЫ, АДАМ

Өңірлер	Соның ішінде	
	отбасы мүшелері, адам	кәмелет жасқа толмаған балалар, адам
ЖИЙНТЫҒЫ	282 488	160 797
Астана қаласы	24 540	12 724
Алматы қаласы	17 294	7 503
Шымкент қаласы	6 511	4 005
Ақмола облысы	15 703	10 222
Ақтөбе облысы	33 719	17 397
Алматы облысы	8 761	6 176
Қарағанды облысы	21 063	13 220
Жамбыл облысы	22 415	13 833
Батыс Қазақстан облысы	2 700	1 771
Шығыс Қазақстан облысы	6 035	3 402
Солтүстік Қазақстан облысы	2 573	1 245
Атырау облысы	10 574	5 920
Павлодар облысы	16 033	7 802
Қызылорда облысы	20 063	11 124
Түркістан облысы	15 771	9 185
Маңғыстау облысы	17 679	9 963
Қостанай облысы	14 447	7 536
Абай облысы	8 456	5 859
Жетісу облысы	15 182	9 344
Ұлытау облысы	2 969	2 566

Қоғамға арналған жобалар: 2023 жылғы үлес

GRI 203-2

2023 жылы қоғамға үлес қосуға мүмкіндік беретін жобаларды іске асыру шеңберінде БКЛК ЕРА-мен бірлесіп Астана қаласында теміржолшылар саябағының құрылысы жүзеге асырылды.

Саябақ елорданың орталығында орналасқан, онда 300 бірлік жапырақты ағаштар мен 3000-нан астам бірлік бұталар мен гүлдер отырғызылған. Алаңда ойын алаңы, «work-out» аймағы, сондай-ақ қала тұрғындарының демалуына арналған орындар орналасқан.

Сондай-ақ Компания «Samruk-Kazyna Trust» қорының «Медициналық поезд» және «Балаусы болашақ» (балалар поезы) әлеуметтік жобаларын іске асыруға үлес қосты.

Бұдан басқа, Компания корпоративтік еріктілік мәдениетін белсенді түрде насихаттайды.

2021 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға сервисті арттыру үшін әйелдерге арналған вагондары бар поезддарды енгізді.

2023 жылы бұл қызметті 161 760 адам пайдаланды.

Бұдан басқа, мүгедектіктің барлық топтарындағы адамдар үшін, сондай-ақ мүгедек балаларға:

- әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жол жүру құжаты (билет) құнының 50%-ы мөлшерінде;
- коммерциялық бағыттар бойынша мамандандырылған күпелерге, оның ішінде ілеспе тұлға үшін 50% жол жүру жеңілдіктері беріледі.

2023 жылы Компанияның билет кассаларында және www.bilet.railways.kz сайтында жеке басын куәландыратын құжатты және ЖСН қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін жеңілдікті жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу міндеті іске асырылды.

2023 жылы мүгедек тұлғаларға 531 754 билет ресімделді.

Сондай-ақ Қоғам келесі жеңілдіктерді қарастырды:
1. Әлеуметтік маңызы бар маршруттарда «Алтын» және «Күміс» дисконттық карталары бойынша - 25%;



Толығырақ
[«Қайырымдылық және демеушілік қызмет»](#)
бөлімінен қараңыз.



2. «Тальго» коммерциялық бағыттарында «Алтын» және «Жастар» жеңілдік карталары бойынша – 25%;
- «Саяхатшы» жеңілдік карталары бойынша – 10%, 15%, 20%.

Барлық поезддарда Қағидаға сәйкес балаларға жеңілдікпен жол жүру ұсынылады: 7 жасқа дейін – тегін; 7 жастан бастап 15 жасқа дейін – 50% жеңілдік.

САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 3-3, 2-6, 204-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол маршруттарының жұмысын қолдау және жолаушылар мен жүктердің қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін қажетті ресурстармен және материалдармен уақтылы қамтамасыз етуге үлкен мән береді. Компания өз қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыру, жеткізушілермен өзара әрекеттесуді оңтайландыру және сатып алу процестерін басқару үшін жауапты сатып алу тәсіліне назар аударады, өз қызметтерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде Компания «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібін басшылыққа алады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ сатып алу туралы барлық ақпарат Компанияның <http://www.railways.kz> корпоративтік сайтында, сондай-ақ <http://www>.

zakup.sk.kz мамандандырылған сатып алу порталында барлық әлеуетті жеткізушілерге қол жетімді. Электрондық сатып алу жүйесін енгізудің арқасында сатып алу процесінің тиімділігі едәуір артты, ал процестің ашықтығы айтарлықтай жақсарды. Жүйе сатып алу процесін дәлірек бақылауға және әлеуетті жеткізушілермен өзара әрекеттесуді жақсартуға мүмкіндік береді.

Жеткізушілермен жасалған «ҚТЖ» ҰК» АҚ шарттарының сомасы 2023 жылы 1 трлн 090 млрд теңге болды, оның ішінде бәсекелестік сатып алу үлесі 37%, холдингшілік кооперация – 38%, бір көзден сатып алу – 25% болды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ САТЫП АЛУ ӘДІСТЕРІ БОЙЫНША САТЫП АЛУЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



Алдаңғаров Әлихан, 10 жаста

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ САТЫП АЛУЫ ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ, МЛН ТЕҢГЕ

	2021	2022	2023
Жалпы жиынтығы, млн теңге	691 267	736 153	1 090 503
Қазақстан Республикасы	670 882	730 401	940 916
Астана қаласы	534 089	541 118	718 789
Алматы қаласы	44 014	40 177	51 193
Шымкент қаласы	6 977	17 309	15 807
Ақмола облысы	3 945	58 560	11 869
Ақтөбе облысы	4 130	5 183	7 571
Алматы облысы	8 555	7 282	4 572
Атырау облысы	1 644	2 351	1 983
Шығыс Қазақстан облысы	5 313	3 956	2 492
Жамбыл облысы	6 039	9 223	8 830
Батыс Қазақстан облысы	451	852	20 071
Қарағанды облысы	20 879	15 533	20 507
Қостанай облысы	2 481	3 750	4 409
Қызылорда облысы	1 064	2 455	3 561
Маңғыстау облысы	11 639	3 719	5 459
Павлодар облысы	15 034	12 709	12 372
Солтүстік Қазақстан облысы	855	1 475	40 673
Түркістан облысы	3 773	4 577	5 672
Абай облысы	–	130	4 304
Жетісу облысы	–	34	718
Ұлытау облысы	–	8	62
Резидент еместер	20 385	5 752	149 587

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДЕН САТЫП АЛУ АРАҚАТЫНАСЫ

GRI 204-1

	Өлшем бірлігі	2023
Жеткізушілер саны, барлығы	бірлік	3 988
Сатып алудың жалпы сомасы	млрд теңге	1 090
Жергілікті ¹² жеткізушілер саны, барлығы	бірлік	3 948
Жергілікті сатып алу сомасы	млрд теңге	941
%, саны бойынша	бірлік	99,0%
%, сомасы бойынша	млрд теңге	86,3%

12 Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденттері



ЕЛ ІШІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУЫ GRI 3-3

Компания жергілікті жеткізушілермен және мердігерлермен ынтымақтастық арқылы жергілікті бизнесті дамытуды белсенді қолдайды, осылайша жергілікті экономиканың өсуін ынталандырады және өңірлердің тұрғындары үшін қолайлы экономикалық және әлеуметтік жағдайды қалыптастырады. Осы саясатты іске асыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірқатар шаралар қолдануда:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы құрамына, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарына жыл сайынғы негізде «Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы ел ішілік құндылық үлесі» мотивациялық көрсеткіші белгіленеді;
- отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар жасалады;
- жаңа өндірістер құру жолымен жаңа өнім өндірісін құруды ынталандыру, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған өндірістер өнімдерінің тізілімін кеңейту, бәсекеге қабілетті отандық өніммен қамтамасыз ету;
- басымдық беру – тауар өндірушілер мен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер ұйымдары арасында сатып алуды өткізу, олар үшін бірқатар басқа да преференциялар көзделген: тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді енгізуден, шартты орындаудан, аванстық төлемді қайтарудан босату, 5 жұмыс күні ішінде есептеу, шарт сомасының кемінде 30%-ы мөлшерінде алдын ала төлем төлеу, тендерлік өтінімдерді қарау кезінде бағаны шартты

төмендетуді қолдану баға теңдігі кезіндегі артықшылық және т.б., сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер арасында сатып алу;

- жобалау-құрылыс құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде жұмыстарды мердігердің тауар өндірушілерден міндетті түрде сатып алуы туралы талап белгіленеді.

2023 жылы сатып алудағы елішілік құндылық үлесі: тауарларда 54%, жұмыстар мен қызметтерде 93% болды. 2022 жылмен салыстырғанда төмендеу сәйкесінше –15% және –3% болды. Тауарлар бойынша көрсеткіштің төмендеуіне әсер еткен негізгі факторлар:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес елішілік құндылығы нөлдік үлесі бар Ресей Федерациясы өндірген тепловоздар мен дизель отынын сатып алу;
- елішілік құндылығы төмен отандық өндірістегі тепловоздарды, электровоздарды және жолаушылар вагондарын сатып алу.


Сондай-ақ жұмыстар мен қызметтер бойынша –3% көрсеткіші жылжымалы құрамға техникалық/сервистік қызмет көрсету, жүк вагондарын күрделі, деполық жөндеу және елішілік құндылығы төмен темір жолдарды күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстардың көлемін ұлғайту есебінен қалыптасты.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУДАҒЫ ЕЛІШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ ҮЛЕСІ, %

Көрсеткіштер	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
Тауарлар	65	69	54	4	-15
Жұмыстар мен қызметтер	92	96	93	4	-3

Жергілікті бизнесті қолдау аясында 2023 жылы жалпы сомасы 5,5 млрд теңгеге 16 офтейк шарт жасалды.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОФТЕЙК ШАРТТАР, МЛРД ТЕҢГЕ



САНАТТЫҚ САТЫП АЛУ

Сатып алу санаттарын басқару санат бойынша шығындар мен сыртқы ортаны егжей-тегжейлі талдау, сатып алудың оңтайлы тәсілдерін анықтау арқылы сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2023 жылы санатты сатып алу көлемі 128 млрд теңгеден асты. 15 сатып алу санаттық страте-

гиясын іске асырудың нақты пайдасы 3,7 млрд теңгеден асты.

Бұл стратегиялар жергілікті жеткізушілерді дамытуға, ТЖҚ сапасын арттыруға, сатып алу рәсімдерін оңтайландыруға, қамтамасыз етудің сенімділігі мен уақтылығын арттыруға бағытталған.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ GRI 3-3

Теміржол компаниясындағы сыбайлас жемқорлық, пара беру, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және басқа да заңсыз әрекеттерді қоса алғанда, әртүрлі нысандарда болуы мүмкін. Оның салдары ауыр болуы мүмкін және адамдар өмірі мен ел экономикасының әртүрлі аспектілеріне әсер етуі мүмкін.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауына, заңдар мен қауіпсіздік стандарттарының бұзылуына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде апаттар мен жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық жолаушылар мен жүк иелеріне шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін, өйткені сыбайлас жемқорлық схемалары билеттер мен тарифтердің бағасын көтеріп, инвестициялар мен экономиканың өсуіне кедергі келтіріп, ел экономикасына зиян келтіруі мүмкін.

Компанияның басым міндеті Компанияның тұрақты даму жолында елеулі тосқауыл болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл экономикалық өсуді төмендетеді, бәсекелестікті бұрмалайды, инвесторлардың сеніміне нұқсан келтіреді, өйткені ол елеулі құқықтық және беделді тәуекелдермен байланысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілді, ол Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және оны орындау жөніндегі міндеттемелерді, сондай-ақ Компаниядағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін белгілейді.

Компанияның Директорлар кеңесіне комплаенс-бақылау жүйесін құруға және оның тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында Комплаенс қызметі жұмыс істейді.

Комплаенс қызметінің негізгі міндеттері:

- реттеу талаптарын анықтау және сәйкестік тәуекелдерін бағалау;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, этика және комплаенс мәселелері бойынша Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері үшін оқыту іс-шаралары мен тренингтер өткізу;
- комплаенс-рәсімдерді әзірлеу және енгізу;
- жедел желіні қоса алғанда, құпия ақпараттандыру арналарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- қызметтік тергеу жүргізу, сондай-ақ түзету шараларын әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету;
- CEO-1, CEO-2 лауазымдарына үміткерлерде үлестестіктің және мүдделер қақтығысының болуы/болмауы тұрғысынан тексеру жүргізу;
- Компанияның еншілес ұйымдарының басқару органдары мен атқарушы органдарының құрамына кандидаттарда үлестестік пен мүдделер қақтығысының болуы/болмауы тұрғысынан тексеру жүргізу;
- бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алуларды, сондай-ақ сатып алудың санаттық стратегияларын келісу;
- Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық материалдарды келісу.







КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ:




ҚЫЗМЕТТІК ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗУ



ЖЕРГІЛІКТІ АКТІЛЕРДІ КЕЛІСУ



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ



ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР



552 үміткерге тексеру жүргізілді. 2022 жылы 243 үміткер тексерілді. 2 еседен астам өсу



Бір көзден сатып алуды келісу (19,5 млрд теңгеден астам сомаға 600-ден астам номенклатуралық позиция)



Персоналды іріктеу және жалдау жөніндегі комиссиялардың отырыстарына қатысу

Комплаенс қызметі Директорлар кеңесінің қарауына комплаенс-тәуекелдерді бағалау жөніндегі жыл сайынғы есепті, оның ішінде комплаенс-тәуекелдер тізілімі мен картасын және оларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ өз қызметі туралы тоқсан сайынғы есептерді ұсынады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2022 жылы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен бірлесіп сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді. Талдаудың жалпы нәтижелері сыртқы талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері комплаенс-тәуекелдерді бағалау шеңберінде анықталғандармен сәйкес келетіндігін көрсетті.

Комплаенс қызметі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен бірлесіп «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша

анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 205 іс-шараның 111 іс-шарасы орындалды. Сондай-ақ Компания қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым тиімді қарсы іс-қимыл жасау үшін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен өзара іс-қимыл тетігін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2023 жылдың мамыр айынан бастап Қордың тапсырмасы бойынша елеулі комплаенс-тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру мақсатында апта сайынғы мониторинг жүргізіледі. Осы тапсырманы орындау аясында Комплаенс қызметі келесі жұмыстарды орындады:

- негізгі тәуекелдер бойынша мониторингтік есептілік нысандары әзірленді;
- Қоғамның барлық еншілес ұйымдары мен қатысты құрылымдық бөлімшелеріне апта сайынғы мониторингтік ақпаратты беру тәртібін түсіндіре отырып, ақпарат жіберілді;
- апта сайын мониторингтік ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау және талдау, сондай-ақ қажетті мәліметтерді Қорға жіберу жүзеге асырылады;
- түзету шараларын қабылдауды талап ететін бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті ұсынымдары бар хаттар/қызметтік жазбалар дайындалады.

Апта сайынғы мониторингтің мәні:

- уәкілетті органдар қойған нұсқамалар мен айыппұлдар туралы ақпарат;
- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жағымсыз ақпарат туралы;
- 100 млн теңгеден астам сомаға жасалған шарттар туралы;
- Қоғамның ішкі бақылау-тексеру қызметтері жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері бойынша қозғалған қылмыстық істер туралы;
- сатып алу рәсімдеріне қатысатын әлеуетті өнім берушілерді тексеру нәтижелері туралы;
- бос басшы лауазымдарға кандидаттарды қарау кезінде Комплаенс қызметінің қорытындыларын есепке алу туралы.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ТҰРҒЫСЫНДА БАҒАЛАНҒАН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ/БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

GRI 205-1

	2023
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған құрылымдық бөлімшелердің/бизнес-процестердің жалпы саны	47
Құрылымдық бөлімшелердің/бизнес-процестердің жалпы саны	47
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер бойынша бағаланған құрылымдық бөлімшелердің/бизнес-процестердің пайызы	100%

ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП


«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та құпия ақпараттандыру және этика мен комплаенс мәселелері бойынша алаңдаушылық білдіру үшін жедел желі жұмыс істейді. Арна сыбайлас жемқорлыққа, ұрлыққа, бухгалтерлік есептің бұзылуына, тең емес жалдау және еңбек жағдайларына, денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп-қатерге, операциялық қызметтің бұзылуына және ақпараттың шығып кетуіне/

жойылуына алаңдаушылық білдіру үшін қол жетімді.

Тәуелсіз ұйым – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС сенім телефонының әкімшісі болып табылады.

2023 жылы 157 хабарлама тіркелді.

2019 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР САНЫ



2023 ЖЫЛҒЫ ӨТІНІШ МӘРТЕБЕСІ:

Барлық келіп түскені	Қараусыз қалдырылғаны	Қаралғаны	Расталғаны	Расталмағаны
157	10	147	43	104

РАСТАЛҒАН СҰРАНЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Расталған хабарламалар бойынша мынадай ден қою шаралары қолданылды:

- 10 жағдайда материалдар тергеп-тексеру үшін құқық қорғау органдарына берілді;

- Мынадай тәртіптік жазалар қолданылды:
 - сөгіс (оның ішінде қатаң) – 22;
 - ескерту – 2;
 - төмен тұрған позицияға ауыстыру – 3;
 - еңбек қатынастарын бұзу – 1.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ РАСТАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРЫ GRI 205-3

Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайларының жалпы саны	4
Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жұмыстан босату немесе жазалау жағдайларының жалпы саны	7
Есепті кезең ішінде ұйымға немесе оның қызметкерлеріне қарсы қозғалған сыбайлас жемқорлық туралы жария сот істері және осындай істерді қарау нәтижелері	1

КЕМСІТУШІЛІК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ТҮЗЕТУ ШАРАЛАРЫ GRI 406-1

Есепті кезеңде құпия ақпараттандыру ар-налары, оның ішінде жедел желі бойынша кемсітушіліктің ықтимал жағдайлары туралы 3 өтініш түсті. Барлық өтініштер қаралып, тексеру нәтижесінде кемсітушілік фактісі расталмады. Аталған жағдайлар еңбек міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ қыз-меткерлердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу кезінде қызметкерлер құқықтарының бұзылуына байланысты болған.

Сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі сыбай-лас жемқорлықтың алдын алу

Жалпы, 2023 жылы Комплаенс қызметі 19 млрд теңгеден астам сомаға тауарлардың, жұмы-стардың, көрсетілетін қызметтердің 500-ден астам номенклатуралық позицияларын сатып алуды қамтыған сатып алу бойынша материал-дарды қарады, бұл ретте 9 сатып алу бойынша материалдар сатып алудың бәсекелестік тәсілін таңдау туралы ұсыныммен қабыл-данбады.

Жалдау саласындағы сыбайлас жемқор-лықтың алдын алу

2023 жылы Комплаенс қызметі қызметкерлері персоналды іріктеу және жалдау үшін кон-курстық комиссиялардың отырыстарына, сондай-ақ «Кедентранссервис» АҚ-та кадрлық аудит жүргізуге қатысты. Осы жұмыс шең-берінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шекте-улердің сақталуын растайтын құжаттардың болуы бөлігінде басшы қызметкерлердің жеке істерін қалыптастыру процесіне байланысты бұзушылықтар анықталды.

Бұдан басқа, анықталған бұзушылықтар бел-гіленген конкурстық рәсімдерді бұза отырып, жекелеген қызметкерлерді тағайындау және ауыстыру процесіне қатысты болды.

Түзету шаралары ретінде Адами ресурстарды басқару департаменті «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының кейбір лауазымдарына жұмысқа қабылдау және ауыстыру қағида-ларын қайта қарау бойынша жұмыс жүргізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, этика және мінез-құлық мәсе-лелері бойынша тұрақты негізде оқыту семи-нарларын өткізеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 45 мыңнан астам қызметкер оқудан өтті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған 10-нан астам, оның ішінде жоғары басшылықтың қатысуымен 4 іс-шара өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың этика және комплаенс саласындағы негізгі тұжы-рымдарын тарату мақсатында:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесінде орналастырылған «Сы-байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Этика және мінез-құлық кодексі» тақырып-тарында онлайн электрондық оқыту курсы. Бұл жүйе адами факторды қоспағанда оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушылардың білімін тексеруді автоматтандыруды көз-дейді;
- «КТЗ HSE» корпоративтік мобильді қосым-шасында орнатылған «Комплаенс» модулі. Модульде этика және сәйкестік мәселелері бойынша ішкі құжаттар мен ақпараттық презентациялар бар, сонымен қатар жедел желіге бір рет басу арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мі-нез-құлық этикасы мәселелері бойынша тұрақты негізде консультациялық және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Консульта-циялар мен түсініктемелер сұрау салуларға жазбаша жауаптар нысанында да, қызметкер-лердің жеке өтініші кезінде немесе телефон арқылы ауызша нысанда да беріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексінің деректері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың объективті дәлелі болып табылады, оны анықтауды Қордың зерттеу қыз-метінің операторы – Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы тұрақты негізде жүргізеді. 2023 жылғы осындай зерттеу деректеріне сәйкес Компанияның сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексі 2022 жылғы 71%-дан 2023 жылы 78%-ға дейін 7 тармаққа көтеріліп, оң динамиканы көрсетеді.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН ХАБАРДАР ЕТУ GRI 205-2

Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны, адам	1886
Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған басқару органдары мүшелерінің жалпы саны, адам	1886
Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған басқару органдары мүшелерінің пайызы, %	100

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ХАБАРДАР ЕТУ

Қызметкерлердің жалпы саны, адам	116 560
Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған қызметкерлердің жалпы саны, адам	116 560
Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған қызметкерлердің пайызы, %	100

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ МҮШЕЛЕРІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ПЕН РӘСІМДЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ Өңірлер бойынша бөлінісінде, адам

Өңірлер	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны
Астана қаласы	680
Алматы қаласы	143
Шымкент қаласы	43
Павлодар облысы	96
Алматы облысы	18
Қызылорда облысы	74
Ақтөбе облысы	168
Атырау облысы	67
Маңғыстау облысы	29
Ақмола облысы	68
Шығыс Қазақстан облысы	58
Жамбыл облысы	112
Батыс Қазақстан облысы	6
Қарағанды облысы	68
Қостанай облысы	79
Солтүстік Қазақстан облысы	7
Түркістан облысы	15
Ұлытау облысы	–
Жетісу облысы	3
Абай облысы	111
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	41
БАРЛЫҒЫ	1 886

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ПЕН РӘСІМДЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ Өңір және қызметкерлер санаты бойынша бөлінісінде, адам

Өңірлер	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны
Астана қаласы	448
Алматы қаласы	1 854
Шымкент қаласы	523
Павлодар облысы	1 903
Алматы облысы	248
Қызылорда облысы	806
Ақтөбе облысы	3 111
Атырау облысы	1 728

Өңірлер	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны
Маңғыстау облысы	1 302
Ақмола облысы	1 264
Шығыс Қазақстан облысы	1 741
Жамбыл облысы	1 882
Батыс Қазақстан облысы	9
Қарағанды облысы	83
Қостанай облысы	929
Солтүстік Қазақстан облысы	67
Түркістан облысы	2 068
Ұлытау облысы	190
Жетісу облысы	–
Абай облысы	2 410
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	695
БАРЛЫҒЫ	23 261

Өңірлер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша оқудан өткен қызметкерлер саны	Қызметкерлердің жалпы саны	Өңірлер бойынша оқудан өту пайызы
Астана қаласы	1 128	10 043	11%
Алматы қаласы	1 997	6 564	30%
Шымкент қаласы	566	2 232	25%
Павлодар облысы	1 999	8 054	25%
Алматы облысы	266	3 248	8%
Қызылорда облысы	880	6 588	13%
Ақтөбе облысы	3 279	11 252	29%
Атырау облысы	1 795	5 141	35%
Маңғыстау облысы	1 331	5 338	25%
Ақмола облысы	1 332	7 390	18%
Шығыс Қазақстан облысы	1 799	3 217	56%
Жамбыл облысы	1 994	7 711	26%
Батыс Қазақстан облысы	15	1 658	1%
Қарағанды облысы	151	11 830	1%
Қостанай облысы	1 008	7 320	14%
Солтүстік Қазақстан облысы	74	1 606	5%
Түркістан облысы	2 083	4 712	44%
Ұлытау облысы	190	1 220	16%
Жетісу облысы	3	5 094	0%
Абай облысы	2 521	4 721	53%
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	736	1 621	45%
БАРЛЫҒЫ	25 147	116 560	22%

Санаты	Қызметкер-лердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқор-лыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жал-пы саны	Ұйымның сыбайлас жемқор-лыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы
Басқару органының мүшелері	1 886	6 984	27%
Өндірістік пер-сонал	23 261	109 576	21%

ЗАҢ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУ

Заңдар мен ережелерді сақтау Компания қызметінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Компания қауіпсіздікке, эколо-гиялық стандарттарға, тұтынушылардың құқықтарына, еңбек қатынастарына және өз қызметінің басқа аспектілеріне қатысты барлық тиісті заңдар мен ережелерді сақтайды.

2023 жылы заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны 3 112, оның ішінде ақшалай айыппұлдар салынған 3 088 жағдай, ескерту түріндегі ақшалай емес санкциялар қолданылған 24 жағдай болды. Айыппұл сомасы 191,7 млн теңге болды.

- 2023 жылғы бұзушылықтардың негізгі түрлері Қазақстан Республикасы заңнамасының:
- кеден заңнамасының («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Респуб-ликасы Кодексінің 528 және 535-баптары);
 - теміржол көлігімен жүктерді, жолаушы-ларды, багажды және жүк-багажды тасы-малдау қағидаларының («Әкімшілік құқық

- бұзушылық туралы» Қазақстан Респуб-ликасы Кодексінің 571-бабы);
- теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қағидаларының («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қа-зақстан Республикасы Кодексінің 559-бабы);
 - азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларының («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Респуб-ликасы Кодексінің 484-бабы);
 - мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі жасау, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Респуб-ликасы Кодексінің 462-бабы);
 - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерін («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Рес-публикасы Кодексінің 425-бабы) бұзумен байланысты болды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЗАҢДАР МЕН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІ САҚТАМАУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ

Айыппұл салынған жағдайлар саны	3 088
Ақшалай емес санкциялар қолданылған жағдайлар саны	24
Істердің жалпы саны	3 112
Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамау жағдайларының жалпы саны, оның ішінде:	3 112
Айыппұл салу жағдайлары	3 088
Ақшалай емес санкцияларды қолдану жағдайлары	24
Айыппұлдары төленген заңдар мен нормативтік актілерді сақтамағаны үшін істердің жалпы саны	3 388
есепті жылы ұсынылған	3 081
алдыңғы есепті жылдары ұсынылған	307
Заңдар мен нормативтік актілерді сақтамағаны үшін төленген айыппұлдардың жалпы сомасы, теңге	191 737 631
есепті жылы ұсынылған	178 294 451
алдыңғы есепті жылдары ұсынылған	13 443 180

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

GRI 3-3

Теміржол көлігі бірқатар артықшылықтарға байланысты экологиялық таза көлік түрлерінің бірі болып табылады. Ең алдымен, ол жоғары отын тиімділігіне ие, бұл басқа көлік түр-лерімен салыстырғанда атмосфераға зиянды шығарындыларды азайтады. Бұдан басқа, ол флора мен фаунаға аз әсер етіп, аз шу шығарады. Тағы бір маңызды артықшылығы - бір сапарда үлкен көлемдегі жүктерді тасы-малдау мүмкіндігі, бұл жолдарда көптеген көлік құралдарының қажеттілігін азайтады және нәтижесінде экологиялық зиянды азайтады.

Дегенмен, теміржол көлігінің жағымсыз жақтарын да мойындау керек. Экологиялық жүктеменің негізгі көзі CO2, NOx, SO2 және басқа ластағыш заттардың шығарынды-ларын тудыратын отынды пайдалану болып табылады. Теміржол жолдарының құрылысы табиғи экосжүйелердің бұзылуына әкелуі мүмкін, ал поездарды пайдалану шуыл шығарады, бұл теміржол магистральдарының жанында тұратын жануарлар мен адамдардың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ (ҚОҚ) БАСҚАРУ

Компанияның қоршаған ортаны қорғаудағы негізгі мақсаттарына ластағыш заттардың шығарындыларын азайту, биоалуандылықты сақтау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, тұрақты технологияларды дамыту және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін эколо-гиялық өмір салтын ынталандыру кіреді.

Компаниядағы қоршаған ортаны қорғауды (ҚОҚ) басқару бірнеше негізгі тәсілдерге негіз-делген:

Заңнаманы сақтау. Компания табиғат пен қоғамға теріс әсерді азайту мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңна-малық және халықаралық талаптарды қатаң сақтайды. Экология саласындағы заңнамалық және басқа да нормативтік талаптардың сақталуын мониторингтеу шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да норма-тивтік талаптарға сәйкестігін бағалау ұдайы жүргізіледі.

Экологиялық менеджмент жүйесі. Компания ISO 14001 стандарттарын енгізді, бұл бизнестің экологиялық аспектілерін тиімді басқаруға, мақсаттар қоюға және қоршаған ортаға әсерді дәйекті түрде азайтуға мүмкіндік береді.

Ресурстарды тиімді пайдалану. Энергияны, суды және басқа ресурстарды тұтынуды оңтайландыру мақсатында, сондай-ақ Ком-панияның қауіпті ізін азайтуды қамтамасыз ету және тұрақтылықты арттыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді.

Қызметкерлерді оқыту және ақпарат-тандыру. Қызметкерлерді экологиялық мәсе-лелер бойынша үнемі оқыту және тұрақтылық қағидаттарын сақтауға ынталандыру қор-шаған ортаны қорғауды басқарудың негізгі элементтері болып табылады.

Қоғамдастыққа қатысу. Жобалау сатысында көзделген қызмет кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) міндетті түрде жүр-гізіледі.

ҚОӘБ – бұл қоршаған орта мен адам денса-улығы үшін экономикалық және басқа қыз-меттің ықтимал салдарына талдау жүргізетін процесс. Осы процесс барысында табиғи эко-логиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуы, тозуы, бүлінуді және сарқылуы сияқты қолайсыз салдарлардың алдын алу жөніндегі нақты шаралар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын ескере отырып, қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған шаралар әзірленеді.

ҚОӘБ жүргізген жоспарланған қызметтің нәтижелері қоғамдық талқылауға жатады. Жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттесу және тұрғындардың экологиялық жобаларына қатысу консенсусқа қол жеткізуге және қор-шаған ортаны қорғау саласында оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Осы тәсілдердің тиімді үйлесімі компания-ларға бизнес мақсаттары мен қоршаған орта алдындағы жауапкершілік арасындағы те-пе-теңдікке қол жеткізуге көмектеседі.





ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ


Компанияның экологиялық менеджмент жүйесі ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігіне сертифицирталған. Стандарт кәсіпорында экологиялық менеджмент жүйесін (ЭМЖ) енгізуге қойылатын талаптарды белгілейді. ISO 14001 сертификаты Компанияның өндірістік процестерінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға және орны толмас ресурстарды орынды пайдалануға бағытталған енгізілген ЭМЖ бар екенін растайды.

2023 жылы сертифициаттаушы орган – «ТЮФ Тюрингенмен бірлескен Интерсертифика-ТЮФ» фирмасы ЖШҚ-ның аудиторлары жүргізген «ҚТЖ» ҰК» АҚ ресертификаттау аудитінің нәтижелері Компанияның ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйесі» халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін растады.


ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАР

Компания табиғи ресурстарды ұтымды тұтыну, шығарындыларды, ластағыш заттардың шығарындыларын дәйекті азайту, қалдықтардың пайда болу көлемін азайту және оларды қайта пайдалану, сондай-ақ энергия үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға қол жеткізеді.


2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАР ДИНАМИКАСЫ, МЫҢ ТОННА



ЛАСТАҒЫШ ЗАТТАР ЭМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ, %



2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЛАСТАҒЫШ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, ТӨГІНДІЛЕР КӨЛЕМІ, ТОННА



Есепті жылы ластағыш заттардың апаттық және тұрақты емес төгінділеріне жол берілмеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпті жүктердің ағып кетуіне жол бермей, оларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мақсатты жоспарлар әзірлейді. Бұл шаралар тәуекелдерді азайтуға бағытталған және тасымалдау процесінде қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне кепілдік береді.

Экологиялық аспектілерді зерттеу және тәуекелдерді бағалау топырақтың ластануы маңызды экологиялық мәселе екенін көрсетті. Бұған жауап ретінде топырақты ластанудан қорғау үшін белсенді қадамдар қабылданады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ластанудың алдын алу және азайту үшін әртүрлі өңірлерде мониторинг жүргізе отырып, еңбек қауіпсіздігі және экология инспекциясы мамандарының көмегімен топырақтың жай-күйіне үнемі тексерулер жүргізеді. 2023 жылы тексерулер Ақмола, Қарағанды, Защита, Алматы, Шымкент және Атырау өңірлерінде жүзеге асырылды. Тексеру нәтижесінде топырақтың ластануы саласындағы бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқама актілері жасалады.

Қызметкерлерді төтенше жағдайларға дайындау және қауіпті жүктердің ағып кетуін жою үшін тактикалық-арнайы оқу-жаттығулардың жоспарлары әзірленіп, бекітілді. Сондай-ақ

станциялардың, локомотив және вагон деполарының қызметкерлерімен, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдар және сақтық шаралары бойынша құрастырушы бригадалармен техникалық және практикалық сабақтар өткізілді. Барлығы 20 мыңнан астам қызметкер қамтылды.

2023 жылы поезд құрамындағы цистерналардан қауіпті жүктердің ағып кетуінің 42 жағдайы және вагон-цистерналардың істен шығуының 1 жағдайы тіркелді.

Ағып кетудің ең көп саны дизель отынымен (оның ішінде авиациямен) 20 жағдай, бензинмен 12 жағдай, қышқылмен 4 жағдай және басқа да қауіпті жүктермен байланысты болды.


Вагон-цистерналардың төменгі ағызу аспаптарынан қауіпті жүктердің ағыуына байланысты жолда вагондардың ағыу жағдайлары жүк жөнелтушілердің есебіне жатқызылды. Компанияда қауіпті жүктердің ағыу жағдайлары тіркелген жоқ.

Ағып кетудің негізгі себептері – төменгі ағызу құрылғысы клапанының өзегінің бос қысқаруы, жоғарғы кіріс және шығыс клапандарының толып кетуі, сондай-ақ цистернаның ағызу құрылғысы клапанының тығыздағыш сақинасының дұрыс жұмыс істемей.


Қауіпті жүктердің ағыу салдарынан топырақ жамылғысының ластануын жою шеңберінде ластанған топырақты ойып алу және оны одан әрі кәдеге жарату жұмыстары орындалды. Ойып алудан кейін тракциялық жолдарға жаңа қиыршық тас салу жүргізіледі.




2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ



2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНКЦИЯЛАР ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ



2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ





ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ШЫҒЫНДАР ҚҰРЫЛЫМЫ, %




Есептік жылда экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша оқудан 387 қызметкерлер өтті.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН КОМПАНИЯНЫҢ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА СТАНДАРТТАР МЕН НОРМАЛАР ТАЛАПТАРЫН КОМПАНИЯ АНЫҚТАҒАН ЖӘНЕ ЖОЙҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАР САНЫ, БҰЗУШЫЛЫҚТАР



Нәсімбек Адель, 10 жаста

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

GRI 201-2, TCFD

Климаттың өзгеруі – белсенді әрекетті қажет ететін күрделі мәселе. Теміржол көлігі мен оның инфрақұрылымына да осы өзгерістер әсер етеді, бұл бейімделу үшін шаралар қабылдауды маңызды етеді. Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді басқару Компанияның жалпы тәуекелдерді басқару жүйесіне біріктірілген.

Климаттың өзгеруі қаржылық тәуекелдерге әкелуі мүмкін: ауа-райының қолайсыздығы теміржол инфрақұрылымын зақымдауы

мүмкін, бұл қалпына келтірудің айтарлықтай шығындарын талап етеді. Ауа-райының өзгеруі Компанияның кірісін төмендету арқылы тасымалдау санын азайтуы мүмкін. Сонымен қатар, климаттың өзгеруіне бейімделу шаралары операциялық шығындарды көбейту арқылы жанармай шығындарын арттыруы мүмкін.

Бұл тәуекелдер Компанияның қаржылық жағдайына, оның кірістілігі мен рентабельділігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.



Толығырақ ақпарат TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosures) Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстарына сәйкес дайындалған есепте берілген.

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ҮШІН КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ:



СУ ТАСҚЫНДАРЫ

Жауын-шашын мен өзен ағынының жоғарылауынан туындаған су деңгейінің жоғарылауына байланысты теміржол жолдары, көпірлер мен өткелдер зақымдалуы мүмкін, бұл Компанияның жұмысын тоқтатады. Бұл сонымен қатар жолдардың, теміржол жолдарының, көпірлердің, туннельдердің, дренаждық жүйелердің, телекоммуникация және трафикті басқару жүйелерінің пайдалану-техникалық жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін, бұл жөндеу және алдын алу жұмыстарына деген қажеттілікті арттырады. Жауын-шашын мен су тасқынының жиілеуінің нәтижесінде ауа-райына байланысты апаттар саны артуы мүмкін, сондай-ақ көлік желілерінің жұмысында кідірістер мен іркілістер болуы мүмкін.



ДАУЫЛДАРДЫҢ КҮШЕЮІ

Дауыл желдер порт құрылыстарына (мысалы, крандар мен жүк терминалдары) зиян келтіруі мүмкін, теміржол көлігінің жұмысын қиындатады: теміржолдарды зақымдайды және поезддардың қозғалысына кедергі келтіреді.



ЫСТЫҚ ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАЛАР

Жоғары температура теміржол инфрақұрылымына зиян келтіруі және поезддардың жылдамдығын бәсеңдетуі мүмкін. Қалыпты емес жылу кезеңдері инфрақұрылымның физикалық беріктігі мен ұзақ мерзім қызмет етуіне, оның негізгі функцияларын орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін, табиғи өрттер мен егіннің жетіспеушілігін тудырады, судың жетіспеушілігіне әкеледі, азық-түлікті сақтауды қиындатады және энергетикалық желілерге қосымша жүктеме тудырады. Бұл ретте теміржол жолдарының деформациясы және олардың жер төсемінің кебуі мүмкін, бұл поезддардың қозғалыс жылдамдығын шектеуге байланысты ұзақ кідірістерге қауіп төндіреді.



ҚАРЛЫ БОРАНДАР

Климаттың өзгеруі қатты және таза қарлы борандарға әкелуі мүмкін, бұл теміржол поезддарының қозғалысын қиындатуы мүмкін. Қатты қарлы боран кезінде темір жолдарды тазарту қиын, бұл поезддардың кешігуіне әкелуі мүмкін. Сондай-ақ қар теміржолға түсіп, жолдардың деформациясын тудыруы мүмкін, бұл поезддардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

Магистральдық теміржол желісі объектілерін қолайсыз ауа-райынан қорғау мақсатында Компанияда үш филиал: Астана, Алматы, Ақтөбе қорғағыш екпе ағаштар дистанциялары жұмыс істейді. Қорғағыш екпе ағаштардың жалпы ауданы 63 207 гектарды құрайды.

Екпе ағаштардың қорғағыштық қасиеттері мен беріктігін сақтау үшін филиалдар екпе ағаштарды ағымдағы күтіп-ұстауды (ағаш кесу жұмыстары, қоқыстардан тазарту, жолақ аралық аралықтарды жырту) жүзеге асырады, сондай-ақ өрт қауіпі бар маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылым объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін бөлу белдеуі мен екпе ағаштардың аралығын жырту жөніндегі жұмыстарды орындайды.

Ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында жыл сайын мұзды және тасқын суларды өткізуге жолдар мен жасанды құрылыстарды

дайындау жоспары әзірленіп, іске асырылуда. Осы жоспар шеңберінде бұрғылау-жару жұмыстары, бөгеттер мен су қоймаларын зерттеу, қоқыс тастарын өздігінен дайындау және оларды платформаларға тиеу, жасанды құрылыстарды қардан тазарту, сондай-ақ шайып кетуге қарсы поездарды қалыптастыру және басқа да шараларды қамтитын түрлі іс-шаралар өткізіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалында қармен күресудің жедел жоспары бекітілді, оның шеңберінде 284 бірлік қар тазалау, қардан тазарту техникасы сыналды және бекітіп берілді, станциялық жолдар мен бағыттамалық бұрмаларды тазалау бойынша тарту үшін 10 мыңнан астам қызметкер белгіленді. Сондай-ақ 57 километрдегі қардан қорғайтын қоршауларға жөндеу жүргізілді, 11 866 бірлік қар қалқандары сатып алынды.

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТАЯЗДАНУ ҚАУПІ

Каспий теңізінің таяздануы Ақтау сауда теңіз порты аймағындағы жағалау экожүйесіне елеулі әсер ететін елеулі табиғи-климаттық тәуекелді білдіреді.

Каспий теңізінің таяздануы Каспий маңы елдерінің порттары арқылы жүзеге асырылатын жүктердің транзиттік және экспорттық тасымалдарына теріс әсер етуі мүмкін. Су деңгейінің төмендеуі каналдардың тереңдігін шектеуге әкелуі мүмкін, бұл үлкен кемелердің өтуіне қиындық туғызады және тасымалдау көлемін азайтады. Сондай-ақ бұл соның ішінде қымбат және баяу айналып өтетін маршруттарды қоса алғанда, жүктерді тасымалдау шығындарының артуына, сондай-ақ тауарларды жеткізу уақытының ұлғаюына әкелуі мүмкін.

Каспий теңізінің таяздану қаупінің салдарларын азайту үшін мынадай шаралар жүргізіледі:

- сұңгуірлердің айлақтарды және 20 метр қашықтықта айлақтар бойындағы теңіз

түбін бөгде заттарды көтере отырып, қашықтықтан тексеруі;

- «АТСП» ҰК» АҚ түбінің жергілікті учаскелерінде іріктеу және тазарту жұмыстары;
- әзірленген жұмыс жүргізу жобасына сәйкес бөгде заттарды көтере отырып, Ақтау порты айлақтарының бойындағы 18 метрлік жолақта теңіз түбін тазалау;
- жиектеме көрсеткіші арқылы теңіз деңгейін күнделікті бақылау.

2023 жылы Ақтау портының акваториясын тереңдету жұмыстарын қоса алғанда, тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды. 2024 жылы порт акваториясын тереңдетуге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жоспарлануда, ал жобаны іске асыру мерзімі – шамамен 2025 жылдың соңына дейін. Бұл жоба жер қазу көлемін, жұмыстарды орындау технологиясын, құрылыстың сметалық құнын, экологиялық шығындыларды бағалауды және экологиялық зиянды өтеуді қамтиды.

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ GRI 305-1, 305-2, 305-5

2020 жылғы желтоқсанда Қазақстан Ғаламдық температураның 1,5-2 градусқа өсуін бақылау туралы Париж келісімі шеңберінде өз міндеттемелерін растай отырып, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатын жариялады.

2023 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы бекітілді. Стратегияның негізгі мақсаты – антропогендік шығарындылар мен парниктік

газдарды сіңіру арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу.

2022 жылғы 25 тамызда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын және Қордың Төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жоспарын бекітті.

Парниктік газдар шығарындыларын төмендету жөніндегі күш-жігерге үлес қосу үшін 2022 жылы Компания Басқармасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Төмен көміртекті дамуының

2060 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдады.¹³

Компанияның тұжырымдамасы энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, теміржолдарды электрлендіру және экологиялық таза отынмен жұмыс істейтін локомотивтерді енгізу шараларын жүзеге асыру арқылы көміртегі жүктемесін азайтуға бағытталған.

Осы Тұжырымдама негізінде 2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Төмен көміртекті даму жөніндегі 2023–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар елдің климаттық мақсаттарына сәйкес көміртегі шығарындыларын азайтуға және тұрақты дамуға қол жеткізуге бағытталған шаралардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтиды.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ КӨЛЕМІ

Тікелей парниктік газдар шығарындыларының көлемі (1-аумақ) азайту бастамаларының нәтижесінде азайды, тонна CO ₂ -бал.	7 908,44
Жанама парниктік газдар шығарындыларының көлемі (2-аумақ) азайту бастамаларының нәтижесінде азайды, тонна CO ₂ -бал.	11 877,98
Парниктік газдар шығарындыларының жалпы азаюы, тонна CO ₂ -бал.	19 786,42

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған ТҚДТ тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жоспарлар:

2024 жылға арналған жоспарды іске асыру шеңберінде энергия тиімділігін жақсартуды, темір жолдарды электрлендіруді, отынның неғұрлым экологиялық таза түрімен жұмыс істейтін локомотивтерді енгізуді, сондай-ақ вагон паркін жаңартуды және қазандықтарды көмірден газға және электр жылыту жүйелеріне ауыстыруды жалғастыру жоспарлануда. Тікелей шығарындыларды 34 880 тоннаға және жанама шығарындыларды 15 833 тоннаға азайтуды қоса алғанда, CO₂ шығарындыларын 50 713 тоннаға азайту жоспарлануда.

Компанияның көміртегі ізі тікелей және жанама энергия шығарындыларын қамтиды:

- Парниктік газдардың тікелей шығарындылары жылжымалы көздерді (тепловоздар, дрезиналар, автомобильдер) және стационарлық тұтынушыларды (қазандар, қазандықтар, пештер) пайдалану нәтижесінде пайда болады.

2023 жылы жарықтандыру шамдарын ауыстыру, терезелерге төмен эмиссиялы пленка орнату, жылуды шағылыстыратын экрандар орнату және жылу жүйелерін жаңғырту сияқты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шараларын да қамтитын Компания мен оның еншілес ұйымдарының 2023–2027 жылдар аралығындағы төмен көміртекті дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру нәтижесінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну 150 мың ГДж көлемінде үнемделді.

Осы іс-шаралардың нәтижесінде CO₂-бал. шығарындыларын азайту 19 786,42 тонна болды, соның ішінде:

- тікелей шығарындылардан болатын парниктік газдар шығарындыларын азайту – 7908,44 тонна CO₂-бал.;
- жанама шығарындылардан болатын парниктік газдар шығарындыларын азайту – 11 877,98 тонна CO₂-бал.

- Жанама энергия шығарындылары Компания сыртқы жеткізушілерден сатып алатын және өндірістік қажеттіліктерге жұмсайтын электр энергиясын пайдаланумен байланысты болады.

Парниктік газдар шығарындыларының негізгі көздері:


- локомотивтер;
- автокөлік;
- арнайы техника;
- газбен, дизель отынымен, көмір, электр қуатымен жұмыс істейтін қазандар;
- пешпен жылытылатын ғимараттар.

2023 жылы 2 389,43 мың тонна тікелей шығарындыларды, 3118,58 мың тонна жанама шығарындыларды қоса алғанда, парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі 5 508,01 мың тонна болды.

Парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты ашудың қамтуына «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық бақылауындағы Компанияның еншілес ұйымдары кірді. Толығырақ ақпарат Ақпарат периметрі бөлімінде берілген.

13 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№ 02/49 хаттама) бекітілген.

2018 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ (1, 2-ҚАМТУ АУМАҒЫ), МЫҢ ТОННА CO₂-БАЛ.



Тікелей парниктік газдар шығарындыларын есептеу GHG Protocol басшылығында көрсетілген тәсілге сәйкес және Климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобының Парниктік газдардың ұлттық түгендеулерінің басшылық қағидаттарын қолданып жүргізілді, 2006. Метан мен азоттың шала тотығының мәндерін CO₂ баламасының тоннасына аударған кезде Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының Бесінші бағалау баяндамасына, Тараптар Конференциясының 2022 жылғы 17 қарашадағы 6/CP.19 шешімінің 4-тармағына сәйкес қабылданған Ғаламдық жылыну әлеуетінің ағымдағы мәндері қолданылды (метан – 28, азоттың шала тотығы – 265). 1-қамту аумағына және ПГ шығарындыларын азайтуға тікелей шығарындылардан көміртегі диоксидтерінің, метанның және азот шалатотығының шығарындылары енгізілді. 2-қамту аумағына ПГ шығарындыларын азайтуға жанама шығарындылардан көміртегі диоксидтерінің шығарындылары енгізілді.

Жанама ПГ шығарындыларын есептеу үшін 2 GHG Protocol Scope 2 Guidance 2-аумақ жөніндегі басшылықта көрсетілген тәсіл қолданылады, ал ПГ шығарындыларының меншікті коэффициенттері Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 шілдедегі №260 бұйрығымен бекітілген Экономиканың реттелетін секторларындағы коэффициенттердің бенчмарктар тізбесіне сәйкес қабылданды.

2023 жылғы 1 шілдеден бері Қазақстанда электр энергиясын Бірыңғай сатып алушы арқылы сатып алу енгізілді (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 01 шілдедегі №212 бұйрығы, «Энергияның қалпына келтірілетін көздерін қолдау жөніндегі есеп-қаржы орталығы» ЖШС). Бұл парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістеріндегі өзгерістерге алып келеді. Осыған байланысты Компанияда 2023 жылғы Scope 2 шығарындылары көлемін есептеу былай жүргізілді: бірінші жартыжылдық үшін отын түрі бойынша сатып алынған энергияның көлемі көбейтіледі, содан соң екінші жартыжылдық үшін, отын түрлері белгісіз болғанда, энергияның көлемдері отын түрлері бойынша үлесі негізінде бөлініп, тиісті коэффициенттерге көбейтіледі.

Әдіснаманы есептеу үшін «Экономиканың реттелетін секторларындағы бенчмарктер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 шілдедегі №260 бұйрығы, «Қазақстан Республикасының Отын-энергетикалық кешені дамуының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №724 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №260 қаулысы қолданылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму тұжырымдамасына сәйкес ПГ шығарындылары үшін (1 және 2-аумақтар) 2021 жыл, ПГ шығарындыларын азайту үшін (1 және 2-аумақтар) 2023 жыл базалық жыл болып табылады.

ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

GRI 305-1

	2021	2022	2023	Өзгерістер 2022/2021, %	Өзгерістер 2023/2022, %
CO ₂ , мың тонна CO ₂	2 059	2 158	2 179	4,8	1,0
CH ₄ , тонна CO ₂ бал.	3,21	3,07	3,53	–4,5	15,1
N ₂ O, тонна CO ₂ бал.	218,79	227,80	206,57	4,1	–9,3
Барлығы (тонна CO ₂ бал.)	2 281,00	2 388,87	2 389,43	4,7	0,02

Компанияда биомассаны жағу немесе ыдырату шығарындылары, сондай-ақ ГФК, ПФК, SF₆, NF₃ шығарындылары жоқ.

Парниктік газдар шығарындылығының көрсеткіші орындалған теміржол көлігі жұмысының көлеміне байланысты тікелей және жанама парниктік газдар шығарындыларының көлемін көрсетеді.

GRI 305-4

2023 жылы тікелей шығарындылар қарқындылығы 50,491 кг CO₂-бал./10 мың тонна км-брутто, жанама энергия шығарындыларынан – 65,898 кг CO₂-бал./10 мың тонна км-брутто болды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ

Парниктік газдардың жалпы шығарындылары, кг CO ₂ -бал.	5 508 006 465
Жүргізілген жұмыс бірлігі, 10 мың тонна км-брутто	47 324 152
Тікелей шығарындылардан болатын парниктік газдар шығарындыларының, кг CO ₂ -бал./10 мың тонна км-брутто	50,491
Жанама энергия шығарындыларынан болатын парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы, кг CO ₂ -бал./10 мың тонна км-брутто	65,898
Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы – тасымалдау жұмысының көлемі, кг CO ₂ -бал./10 мың тонна км-брутто	116,389

GRI 305-7

Отынның жануы нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларымен қатар эмиссия көздерінде (дизель отыны, сұйытылған газ, мазут, табиғи газ, көмір) атмосфераға азот (NO_x) және күкірт (SO₂) оксидтері шығарылады, бұл да ластануға әкеледі және климаттық өзгерістерге ықпал етеді

Бұл ретте әрбір сала бойынша рұқсат етілетін шығарындылар нормативтері рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобаларына сәйкес белгіленеді, олар өз кезегінде уәкілетті органдар беретін эмиссияларға тиісті рұқсаттарда бекітіледі.

2022 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КӨЗДЕРДЕН ШЫҚҚАН SO₂, NO_x ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, МЫҢ ТОННА

Ластағыш заттар шығарындылары	2022	2023
NO _x	0,34	0,21
SO _x	0,68	0,60
Қатты бөлшектер	2,37	1,97
CO	1,42	1,41
Ұшқыш органикалық қосылыстар (ҰОҚ)	0,25	0,10
Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ)	0,0	0,0

Атмосфераға ластағыш заттардың шығарындыларын шоғырландыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 6 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Экологиялық менеджмент жүйесі басшылығының есептілік нысандары қолданылады.

Ластағыш заттарды есептеу келесі әдістемелерге сәйкес жүргізіледі:

1. Түрлі өндірістердің атмосфераға шығаратын зиянды ластағыштардың шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелер жинағы. Алматы, КазЭКОЭКСП, 1996 ж., 2-тармақ. Бу шығару өнімділігі 30 т/сағ-қа дейін қазандықтарда отынды жаққан кезде зиянды ластағыштардың шығарындыларын есептеу.
2. Мұнай өнімдерін (мұнай базалары, АЖС) және басқа сұйықтықтар мен газдарды сақтау мен сатуды жүзеге асыратын кәсіпорындардың шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ҚР Қоршаған орта министрінің 2011 жылғы 29 шілдедегі №196-ө бұйрығы).
3. Дәнекерлеу жұмыстары кезінде атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (меншікті шығарындылардың мәндері бойынша). РНД 211.2.02.03-2004. Астана, 2005.
4. Металдарды механикалық өңдеу кезінде атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (меншікті

шығарындылардың мәндері бойынша). РНД 211.2.02.06-2004. Астана, 2005.


5. Теміржол көлігі кәсіпорындарындағы атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі №100-п бұйрығына 21-қосымшаның 5.2-т.).
6. Автокөлік кәсіпорындарындағы атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (3-тарау) (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі №100-п бұйрығына 3-қосымша).
7. Лак-сыр материалдарын жаққан кездегі атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (меншікті шығарындылардың мәндері бойынша). РНД 211.2.02.05-2004. Астана, 2005.
8. Ұйымдастырылмаған қайнар-көздерден шығарындылар нормативтерін есептеу әдістемесі (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 12 маусымдағы №221-Г бұйрығына 8-қосымша).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2060 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША МАҚСАТТАР

Тұжырымдама іс-шараларын іске асыру шеңберінде 2030 жылға дейінгі кезеңде тікелей шығарындыларды 1,8 млн тонна CO₂-ден 1,3 млн тоннаға дейін немесе 2020 жылғы деңгейден 25% төмендету жоспарлануда. Бұл

ретте энергияны ауыстыру іс-шараларын енгізу болмаған кезде поезддар тартымындағы дизель отынының шығынын ұлғайту себебінен оның 16%-ға ұлғаюы байқалады.

КӨМІРТЕГІ ІЗІ ДИНАМИКАСЫ (CO₂ ТІКЕЛей ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ), МЛН ТОННА




«ҚТЖ» ҰК» АҚ ПЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ 2060 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШУШІ ШАРАЛАР

№ п/п	Іс-шаралар	Саны, бір.	Көміртек ізінің (CO ₂) азаюы, мың тонна
2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН			
1	Жүк тепловоздары паркін жаңарту	150	194,9
2	Теміржол желілерін электрлендіру*	820	165
3	Жолаушылар тепловоздары паркін жаңарту	99	61
4	Сұйытылған табиғи газдағы/аккумулятордағы локомотивтерді енгізу**	77	29
5	Маневрлік тепловоздар паркін жаңарту	50	13,3
6	Көмір қазандықтарын жаңғырту	124	5,1
7	Қазандықтарды дизельдік отыннан газға ауыстыру	25	0,9
Барлығы			469
2030 ЖЫЛДАН KEЙІН			
8	Аккумуляторлық батареялардағы автокөлікті енгізу (мысалы, Tesla)**	2377	28,9
9	Аккумуляторлық батареялардағы маневрлік тепловоздарды енгізу	420	126,7
			155,6

* электрлендіру іс-шарасы АЭС-тан электр энергиясын өндіру жағдайында өзекті болады
** СТГ іс-шарасы пилоттық жобаны іске асырудың нәтижесі мен мерзіміне тәуелді болады

2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КӨМІРТЕГІ ІЗІН АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШУШІ ІС-ШАРАЛАР ҮЛЕСІ



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

GRI 3-3

Энергия бағасының өсуі және тасымалдау көлемінің артуы салаға жалпы энергия шығындарын азайту міндетін қояды. Мұндай жағдайда энергияны үнемдеу, әсіресе энергия ресурстары құнының жыл сайынғы өсуін ескере отырып, шешуші болады. Қа-

зақстандағы энергия ресурстарын ірі тұтынушылардың бірі ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ өзінің қоршаған ортаға әсерін оның ішінде энергияны тиімді пайдалану арқылы азайтуға белсенді ұмтылады.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Компания энергетикалық менеджмент жүйесі саласындағы ISO 50001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкестігін сараптау мақсатында жыл сайын сыртқы аудиттен өтеді.

Энергетикалық менеджмент жүйесі Компания менеджментінің біріктірілген жүйесіне кіреді және магистральдық теміржол желісі, жүк және жолаушылар тасымалы қызметтерін көрсету

процестерінде энергия тиімділігін арттыруға бағытталған.

ISO 50001:2018 стандартының қағидаттарына сәйкестігін растау 2023 жылы «ТЮФ Тюрингенмен бірлескен Интерсертифика-ТЮФ» ЖШҚ компаниясының халықаралық аудиторларынан алынған сертификат болып табылады.

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

GRI 302-4, 302-5

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ кем дегенде 5 жылда бір рет міндетті энергия аудитінен өтеді. Аудит нәтижесінде отын-энергетикалық ресурстарға жыл сайынғы шығыстарды азайтуға бағытталған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

2019 жылы жүргізілген энергия аудиті негізінде Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу жөніндегі 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар шеңберінде энергия ресурстары шығынын 3 160 тонна шартты отынға төмендету жоспарланған, бұл 2018 жылғы деңгейге қатысты ЖЭР жалпы тұтынуының 2,6%-ын құрайды. Ақшалай мәндегі жалпы үнемдеу шамамен 868 млн теңге болды.

2023 жылы Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу жөніндегі 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарының іс-шаралары «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Төмен көміртекті даму жөніндегі 2023–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілді, оның нәтижелері бойынша 2023 жылы 150 мың ГДж мөлшерінде отын-энергетикалық ресурстардың шығыны үнемделді¹⁴.

Компанияда енгізілген энергия менеджменті жүйесін жетілдіру мақсатында 2016 жылғы 17 наурызда №291-ЦЗ бұйрығымен Энергетикалық талдау әдістемесі бекітілді, оның негізінде отын-энергетикалық ресурстардың шығыстарына тұрақты талдау жүргізіледі.

Компания бойынша 2023 жылғы жалпы энергия шығыны 41 599 мың ГДж болды, бұл 2022 жылғы деңгейден 1%-ға жоғары. Энергия шығысының ұлғаюы жүк-жолаушылар тасымалы көлемінің 6,6%-ға өсуінен болды.

GRI 302-1

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЭР ТҰТЫНУ

Көрсеткіш	2021		
	Барлығы	Пайдаланымдық-өндірістік (тартымсыз) қажеттіліктер	Тартым қажеттіліктеріне (жылу тартымы және электр тартымы)
Электр энергиясы, мың кВт	3 300 203,80	416 953,58	2 883 250,22
Дизель отыны, тонна	598 624,35	23 228,27	575 396,09
Көмір, тонна	57 176,52	57 176,52	–
Жанармай, тонна	5 151,60	5 151,60	–
Табиғи газ, мың м³	7 067,30	7 067,30	–
Бензин, тонна	6 155,64	6 155,64	–
Сұйытылған мұнай газы, тонна	33,34	33,34	–
ОЭР барлық түрлерінің жиынтығы, мың ш.о.т.	1 334,32	145,36	1 188,96
ОЭР барлық түрлерінің жиынтығы, мың ГДж	39 759,82	4 925,79	34 834,03

Көрсеткіш	2022		
	Барлығы	Пайдаланымдық-өндірістік (тартымсыз) қажеттіліктер	Тартым қажеттіліктеріне (жылу тартымы және электр тартымы)
Электр энергиясы, мың кВт	3 336 365,29	395 064,99	2 941 300,30
Дизель отыны, тонна	621 162,22	35 055,88	586 106,34
Көмір, тонна	69 654,00	69 654,00	–
Жанармай, тонна	4 390,72	4 390,72	–
Табиғи газ, мың м³	6 664,18	6 664,18	–
Бензин, тонна	6 593,74	6 593,74	–
Сұйытылған мұнай газы, тонна	38,31	38,31	–
ОЭР барлық түрлерінің жиынтығы, мың ш.о.т.	1 378,40	166,76	1 211,63
ОЭР барлық түрлерінің жиынтығы, мың ГДж	41 185,74	5 687,54	35 498,20

Көрсеткіш	2023		
	Барлығы	Пайдаланымдық-өндірістік (тартымсыз) қажеттіліктер	Тартым қажеттіліктеріне (жылу тартымы және электр тартымы)
Электр энергиясы, мың кВт	3 507 292,69	456 764,11	3 050 528,58
Дизель отыны, тонна	635 990,17	37 058,86	598 931,32
Көмір, тонна	54 738,01	54 738,01	–
Жанармай, тонна	4 273,84	4 273,84	–
Табиғи газ, мың м³	6 464,49	6 464,49	–
Бензин, тонна	7 354,42	7 354,42	–
Сұйытылған мұнай газы, тонна	7,29	7,29	–
ОЭР барлық түрлерінің жиынтығы, мың ш.о.т.	1 412,23	168,6	1243,7
ОЭР барлық түрлерінің жиынтығы, мың ГДж	41 599	5 149,0	36 436,5

14 Отын және энергияны тұтынуды үнемдеуді есептеу кезінде 2016 жылғы 17 наурыздағы No 291-ЦЗ бұйрығымен бекітілген Энергетикалық талдау әдістемесі қолданылады.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ОЭР ТҰТЫНУ, МЫҢ ГДЖ

	2023
Оның ішінде электр және жылу энергиясының жалпы тұтынуы:	41 599
Сатып алынған электр энергиясы	12 626
Көмір	1 232
Табиғи газ	218
Сұйытылған газ	0,34
Бензин	321
Дизель отыны	27 030
Жанармай	172

Көрсеткіштерді есептеу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Энергетикалық менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулығы, ISO 50001:2018 халықаралық стандарты, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тағы энергетикалық талдау әдістемесі пайдаланылды.

Қайта есептеу коэффициенттері Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық теңгерімін жасаудың әдіснамалық ұсынымдарына, Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес пайдаланылды.

ЭНЕРГИЯЛЫҚ СЫЙЫМДЫЛЫҚ GRI 302-3

Энергия тиімділігінің индикаторы жүк айналымына (мың ГДж/млрд тн км брутто) жатқызылған шартты есептеудегі отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) үлестік шығысына негізделген. жалпы). Машинистің маршрутын біріктіріп өңдеудің автоматтандырылған жүйесінен алынған мәліметтерге сәйкес жүк айналымы 473 млрд тонна км болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның энергия сыйымдылығы 88 бірлік болды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 5,3%-ға аз.

Компанияда ОЭР пайдалану тиімділігін бағалау мың ГДж-мен өлшенетін өнімнің (жұмыстың) бірлігіне отын-энергетикалық ресурстардың нақты шығынын өлшеу арқылы жүзеге асырылады. Энергия тиімділігінің көрсеткіші энергия ресурстарының нақты шығысының тасымалданған жүктер көлеміне қатынасы ретінде айқындалады.

Энергия тиімділігін есептеу кезінде Компания пайдаланатын барлық ОЭР түрлері: электр энергиясы, дизель отыны, бензин, мазут, табиғи газ, сұйытылған газ, көмір ескеріледі.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖҰМЫС БІРЛІГІНЕ ЖҰМСАЛАТЫН ҮЛЕСТІК ОЭР ТИІМДІЛІГІ

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгерту 2022/2021, %	Өзгерту 2023/2022, %
Шикізатты өндіру, тасымалдау және өңдеу үшін ОЭР тұтыну, мың ГДж	39760	41186	41599	3,6	1,0
Тасымалдау, млрд тонна км брутто	423	444	473	4,8	6,6
Меншікті энергия қарқындылығы, мың ГДж/млрд тонна км брутто	94	93	88	-1,2	-5,3

2024 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІК КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2024 жылға аккумуляторлық маневрлік локомотив жобасын әзірлеу, магистральдық локомотивтерде сұйытылған табиғи газды қолдану жөніндегі пилоттық жобаны енгізу, сондай-ақ тепловоздарды газ-моторлы отынға көшіру сияқты отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту жөніндегі іс-ша-

раларды қамтитын «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Төмен көміртекті даму жөніндегі 2023–2027 жылдар кезеңіне арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру жоспарланған. Әлемдік технологиялық прогрестің дамуына қарай болашақта сутегі технологияларын қолдану қарастырылуы мүмкін.

СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ GRI 303-1, 303-2, 303-3

Су ресурстары өмірде де, шаруашылық қызметте де шешуші рөл атқарады. Біз бұл ресурстардың шектеулі және құнды екенін мойындаймыз және болашақ ұрпақ үшін суды үнемдеуді біздің экологиялық жауапкершілігіміздің бір бөлігі деп санаймыз.

Компанияда біз шаруашылық-ауыз суға өз қажеттіліктерімізді қанағаттандыруға бағытталған Қазақстан Республикасының су ресурстарын пайдалану туралы заңнамасын қатаң сақтаймыз.

Біздің қызметіміздің негізі бағыттары теміржол кәсіпорындары мен халықты, жұмыс істеп тұрған тазарту және көріз жүйелерін үздіксіз

сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ ағынды суларды теміржол көлігі объектілерінен және тұрғындардан сүзу аландарына қабылдауды және бұруды қамтамасыз ету болып табылады.

Біздің сумен жабықтау жүйесіне су құдықтары, су бұру жүйелері, тазарту қондырғалары, таза су қоймалары, сорғы станциялары, су мұнаралары және тарату желілері кіреді. Біз су ресурстарының пайдаланылуына қатаң бақылау жасаймыз және оларды оңтайландыру мен тиімді пайдалану бойынша тұрақты жұмыс жүргіземіз.

ЕСЕП БЕРУ ЖЫЛЫНДАҒЫ СУДЫ ҚАБЫЛДАУ, МЕГАЛИТР¹⁵

Көздері бойынша жалпы су алу	Барлық өңірлерден	Су тапшылығы бар өңірлерден
Жер үсті сулары	1 081	397
Тұщы су	660	0
Басқа су	421	397
Жер асты сулары	4 688	1 732
Тұщы су	2 525	1 159
Басқа су	2 163	573
Бөгде ұйымдардың суы	788	33
Тұщы су	363	0
Басқа су	424	33
Жалпы су алу	6 557	2 162
Көздер бойынша бөгде ұйымдардың суы		
Жер асты сулары	788	0

¹⁵ Компанияның су тұтыну және сарқынды суларды бұру есебі «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі жергілікті актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Суды тұтыну туралы ақпарат су есептегіш құралдарының көрсеткіштері бойынша есеп беру әдісімен жасалады.

АҚАБА СУЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Компания бойынша 2023 жылы ақаба су-лармен ластағыш заттардың шығарындылары 273,5 тонна болды, 2022 жылдың осындай кезеңінде 283,6 тонна болып, 4%-ға азайған.

Компанияның еншілес ұйымдарының бөлім-шелері ақаба сулардың тастандыларын шекті жол берілетін шығарындылар нормативтеріне сәйкес жүзеге асырады.

Ластағыш заттардың шекті жол берілетін шығарындылар нормативтері Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес белгіленеді. Ластағыш заттардың шекті жол берілетін шығарындылар нормативтері эмиссиялардың мәндері болып табылады, олар әр қайнаркөздің және жалпы кәсіпорынның есептеулері негізінде қоршаған орта сапасының нормативтеріне қолжеткізуді қамтамасыз ету шартымен белгіленеді.

Суды бұру жүйесінің қабылданған техникалық шешімдерін ескере отырып, ластағыш заттарды шығару шарттарын анықтау мақсатында ластағыш заттардың шекті жол берілетін кон-центрацияларының есебі жасалды, 7 көрсеткіш бойынша шекті жол берілетін шығарындылар нормативтері белгіленді. Ластағыш заттардың шекті жол берілетін шығарындылар нормативтері келесі Ingredi-енттер бойынша ұсынылды: қалқыма заттар, хлоридтер, сульфаттар, аммонийлі азот, фос-фаттар, АПАВ, мұнай өнімдері.

2023 жылы рұқсат беру құжаттарында көрсетілген лимиттердің асып кетуіне жол берілмеді.

Тиісті бақылау өлшеулерін жүргізгеннен кейін ағынды суларды сүзу өрістеріне ағызу жүзеге асырылады.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СУ БҰРУ, МЕГАЛИТРЛЕР GRI 303-4

Мақсаты бойынша жалпы су бұру	Барлық өңірлерден	Су тапшылығы бар өңірлерден
Жер үсті сулары	28	0
Жер асты сулары	1103	272
Бөгде ұйымдардың суы (жалпы)	291	0
Жалпы су алу	1 422	272
Жалпы су бұру түрі бойынша	1 422	272
Тұщы су	383	0
Басқа су	1040	272

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ СУ ТҰТЫНУ, МЕГАЛИТ GRI 303-5

Су тұтыну	барлық өңірлерден	су тапшылығы бар өңірлерден
Жалпы су алу	6 557	2 162
Жалпы су бұру	1 422	272
Жалпы су тұтыну	5 135	1 890


ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ GRI 306-3

Теміржол саласында әртүрлі қалдықтар, соның ішінде вагондарды, станциялар мен жолдарды жөндеу және қызмет көрсету қалдықтары, сондай-ақ теміржол желілерін пайдалану қалдықтары пайда болады. Қалдықтардың құрамында металдар, пластмасса және қор-шаған ортаға теріс әсер етпеу үшін дұрыс жоюды қажет ететін басқа материалдар сияқты зиянды заттар болуы мүмкін. Сондықтан теміржол саласындағы қалдықтарды басқару және кәдеге жарату тұрақты дамудың маңызды элементі болып табылады.

Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарында жұмыс істеу барысында қатты тұрмыстық қалдықтар, металл сынықтары, пайдаланылған майлар, автомобиль шиналары, флуоресцентті шамдар және басқа матери-алдар сияқты өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 58 563 мың тонна қалдық пайда болды, бұл 2022 жылғы деңгейден 0,9%-ға төмен.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІ, ТОННА GRI 306-3



Компанияның қалдықтары бойынша деректер «Экологиялық қауіпсіздік» бірыңғай есепке алу модулінде жиналады, онда құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың қызмет-керлері қалдықтарды есепке алу журналын тоқсан сайынғы негізде толтырады.

Компанияның қалдықтары туралы ақпарат «Экологиялық қауіпсіздік» бірыңғай есепке алу модулі шеңберінде жүйелі түрде жиналады. Құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұй-ымдардың қызметкерлері қалдықтарды есепке алу журналын тоқсан сайын толтырады.

Компанияда пайда болатын негізгі қалдықтар:

- құрамында сынабы бар қалдықтар;
- ағаш қалдықтары;
- құрамында мұнайы бар қалдықтар;
- дәнекерлеу электродтарының өртенуі;
- күлді, аумақтың қоқысын, қағазды, картонды және басқа материалдарды қамтитын қатты тұрмыстық қалдықтар;

- қара металл сынықтары;
- қорғасын аккумуляторларының қалдық батареялары;
- пневматикалық шиналар;
- лак-бояу құралдарының қалдықтары;
- пайдаланылған майлар;
- күл-қож қалдықтары.

Қалдықтарды басқару жауапкершілігі Қа-зақстан Республикасының заңнамасына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес айқындалады. Қалдықтарды шығарушылар қалдықтарды пайда болған сәттен бастап ли-цензия негізінде қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға иелік етуге берілген сәтке дейін оларды қауіпсіз өңдеуге жауапты болады.

GRI 306-2

Компания коммуналдық қызметтермен және қалдықтарды кәдеге жарату және көму қызметтерін жеткізушілермен келісімшарт жасайды.

Полигонға шығарылатын қалдықтарды азайту және қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында Компанияда қалдықтарды одан әрі кәдеге жарату және мүдделі ұйымдарға тапсыру арқылы бөлек жинау жұмыстары жүр-гізілуде.

GRI 306-1, 306-5

2023 жылы үшінші тарап ұйымдарына өтеулі негізде 155 366 кг қалдықтар берілді, оның ішінде:

2023 ЖЫЛЫ БӨГДЕ ҰЙЫМДАРҒА ТАБЫСТАЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР



БИОАЛУАНДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ GRI 304-1, 304-2, 304-3, 304-4

Биоалуандылық мәселелерін басқару

Биоалуандылықты қорғау – жоспарлау мен құрылыстан бастап теміржол нысандарын пайдалануға дейінгі әр кезеңде назар аударатын Компанияның маңызды міндеттерінің бірі. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін шаруашылық немесе өзге де қызметтің кез келген түрі үшін міндетті болып табылады.

Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қоса алғанда, тиімді құралдар пайдаланылады. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың нәтижелері ескеріледі және қоршаған ортаға және адам денсаулығына ең аз зиян келтіретін нұсқа таңдалады. Жобалардың тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде тұрақты негізде жүзеге асырылады. Атмосфералық ауаға, жер үсті және жер асты суларына, ландшафттарға, жер ресурстарына және жер жамылғысына, биоалуандылыққа және басқа факторларға әсері бағаланады.

Пайдаланылатын теміржол учаскелерінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлардың, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің шоғырлану орындары жоқ.

2022 жылы теміржол көпірінде жүк поезы жүріп келе жатқан кезінде мыс-мырыш кені мен үйінді қожын тасымалдаған 6 вагон Ертіс өзеніне құлаған апаттың салдарын жою жұмыстары 2023 жылы жалғастырылды.

Ертіс өзеніне келтірілген экологиялық залалды жою үшін ремедиация бағдарламасы әзірленіп, оның шеңберінде келесі жұмыстар орындалды:

- теміржол вагондары мен металл сынықтарының қосалқы бөлшектерін аумақтан кейіннен кәдеге жарату арқылы жинау;
- жағалау сызығынан шашыраңқы жүкті әкету және кәдеге жарату;
- аумақты шашыраңқы жүктің қалдықтарынан тазарту және жинау және оны кәдеге жарату;
- сүңгуірлерді тарта отырып, топогеодезиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу;
- ауыр металдардың болуына судың сапасын зерттеу.

Сынама алу нәтижесінде ауыр металдардың асып кетуі анықталған жоқ, көрсеткіштер норма шегінде.

Бекітілген ремедиация бағдарламасы шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен орындалған жұмыстарды қабылдаудың комиссиялық актісін жасай отырып, вагондардың қосалқы бөлшектері мен жүк қалдықтарын қоса алғанда өзен түбінен барлық 6 жүк вагоны көтерілді.

Бұдан басқа, биоалуандылықты сақтау мақсатында апат болған жерде балық шаруашылығына келтірілген залалды бағалау жүргізілді.

Бағалау қорытындысы бойынша 2024 жылы балық шаруашылығының залалы мен шығынын болдырмау мақсатында Өскемен су қоймасының балық өсіру шаруашылығын жүргізу учаскесінде балық отырғызу материалын су айдынына шығару жоспарлануда.

Ремедиация бағдарламасына сәйкес 2024 жылы Ермаковка ауылында 3 518,7 мың дана ақ балық – рипус шығару жоспарлануда.

ЖЕТКІЗУШІНІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ GRI 308-1, 308-2

Компания тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде жеткізушілерге қажетті іс-шараларды орындау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және экология жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтау туралы талаптар қояды.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздікті басқару» корпоративтік стандарты қабылданған. Стандарт заңнамалық және Компанияның жергілікті актілерін сақтау бойынша міндеттемелерді, мердігерлердің қызметкерлерімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бағыт сілтейтін кеңестер мен кіріспе нұсқаулықтарды

өткізуді, сондай-ақ олардың сақталуына мониторингті қамтиды.

Сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттардың үлгі шаблондарында өнім берушілердің Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасының нормаларын сақтау, сондай-ақ жұмыстар жүргізілетін немесе көрсетілетін қызметтер көрсетілетін аумақтағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінің теріс салдарларын жою жөніндегі міндеттемелері белгіленген.

2023 жылы көрсетілген стандарт талаптарына сәйкес экологиялық және әлеуметтік аспектілер бойынша жеткізушілерге қолдау көрсету шеңберінде бағыт сілтейтін кеңестер кезінде 436 экологиялық аудит өткізілді.

КЛИМАТҚА БАЙЛАНЫСТЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (TCFD)

TCFD кеңесі	Ақпаратты ашу
Корпоративтік басқару	
Директорлар кеңесі мен жоғарғы басшылықтың климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқарудағы рөлі	
(а) Директорлар кеңесінің климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқарудағы рөлі	Директорлар кеңесі климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқаруда, әсіресе климаттың өзгеруінің жаһандық проблемасының күшеюі жағдайында маңызды рөл атқарады. Директорлар кеңесінің климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқарудағы рөлі стратегиялық деңгейде жүзеге асырылады. Мәселен, 2023 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2032 жылға дейін көміртегі ізін төмендету бойынша Компанияның маңызды бастамасын қамтитын Даму стратегиясы бекітілді. Компанияның табысын және климаттың өзгеруінің ғаламдық мәселесін шешуге қосқан үлесін бағалау үшін 2032 жылға дейінгі нысанаға алынған көрсеткіштері бар қызметтің шешуші көрсеткіштері (ҚШК) белгіленді. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жоспар қабылданып, оған Компанияның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар кірді. Жоспардың іске асырылуын қадағалауды Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.
	Сондай-ақ Компанияда стратегияны іске асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылатын және Компанияның бес жылдық кезеңге арналған қаржылық жоспарларын белгілейтін және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға арналған шығыстарды қамтитын бизнес-жоспар қабылданады. Сондай-ақ бизнес-жоспар күрделі шығындарды, оның ішінде Ақтау және Құрық порттарының акваториясын тереңдетудің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді, жаңа локомотивтер сатып алуды және т. б. қамтиды. Бизнес-жоспарды Директорлар кеңесі бекітеді және тоқсан сайын Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің Стратегия және қаржы комитетінің қарауына іске асырудың ағымдағы жай-күйін бағалау үшін бизнес-жоспардың орындалуы туралы есеп (CFO есебі) шығарылады.
	Сонымен қатар Директорлар кеңесі мен оның жанында жұмыс істейтін Аудит жөніндегі комитет тәуекелдерді, оның ішінде ESG тәуекелдерін басқарудың тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады. Жыл сайын Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер тізілімі мен картасы әзірленеді және бекітіледі. Бұл құралдар тәуекелдерді, соның ішінде климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді нақты анықтауға және талдауға көмектеседі. Сондай-ақ Компанияда тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер туралы шоғырландырылған есеп дайындалады. Бұл есеп әртүрлі негізгі мүдделі тараптарды, соның ішінде есептің негізгі пайдаланушыларын – Директорлар кеңесін, Аудит жөніндегі комитетті, Компания Басқармасын және тәуекел иелерін хабардар ету және шешім қабылдау үшін маңызды құрал болып табылады.
	Сонымен қатар Директорлар кеңесінің жанында қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді.
	Аталған комитеттің қарауына жыл сайын экологиялық аспект көрсеткіштерін қоса алғанда, Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің көрсеткіштерін көрсететін тұрақты даму тиімділігін бағалау нәтижелері шығарылады.



Жанболат Балнұр, 10 жаста

TCFD кеңесі	Ақпаратты ашу
(b) Жоғарғы басшылықтың климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқарудағы рөлі	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқарудағы жоғары басшылықтың рөлі Компанияның климаттың өзгеруіне сәтті бейімделуі және тұрақты тәжірибелерді енгізу үшін өте маңызды. Компанияда Климаттық мәселелерді басқару жүйесін енгізу басшылық лауазымдарға тиісті міндеттер беру арқылы жүзеге асырылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатына сәйкес Компания Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін құруды және қолдауды қамтамасыз етеді. Басқарма тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті келесі деңгейдегі басшыларға және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшыларына/бизнес-процестердің иелеріне және/немесе бақылау рәсімдерінің иелеріне/орындаушыларына бөледі. Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Компанияның келесі органдары мен бөлімшелерін: Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттерін, Басқарманы, Басқарма комитеттерін, ішкі аудит қызметін, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы корпоративтік саясатты іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшені және өзге де құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, басқарудың бірнеше деңгейінде тәуекелдерді басқарумен ұсынылған. Тәуекелдерді басқару құрылымы ақпараттың барабар – тігінен және көлденеңінен ағынын қамтамасыз етеді. Бұл ретте төменнен жоғарыға түсетін ақпарат Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасын: ағымдағы қызмет туралы; қызмет барысында қабылданған тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төменге бағытталған ақпарат ішкі құжаттар мен тапсырмаларды бекіту арқылы мақсаттарды, стратегияны, қажетті мәдениетті жеткізуді қамтамасыз етеді. Ақпаратты көлденеңінен беру Компания ішіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын және еншілес ұйымдардағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелермен тәуекел бөлімшесінің өзара іс-қимылын білдіреді. Бұрын тізілімге енгізілмеген елеулі тәуекел анықталған кезде тәуекел иесі бұл туралы тәуекел бөлімшесіне хабарлауы тиіс. Тәуекел бөлімшесі алынған ақпаратты талдайды және қажет болған жағдайда тәуекелдер тізіліміне жаңа тәуекелді қосады. Бұдан басқа, Басқарма Төрағасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйелерін жетілдіру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады, Басқарма Төрағасының орынбасары «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне мынадай бағыттар бойынша басшылықты жүзеге асырады: компаниялар тобы бойынша экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелерін жетілдіру, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ энергия үнемдеу мен энергия тиімділігінің кешенді бағдарламаларын әзірлеу, енгізу, оларға өзекті сипат беру және олардың іске асырылуын мониторингтеу және т.б. Бас инженер – Техникалық саясат департаментінің директоры климатқа байланысты бағалау мен басқаруды аша отырып, Компания басшылығына кезең-кезеңімен есеп береді, бұл көміртегі ізін азайту стратегияларын әзірлеуді, экологиялық таза технологияларды пайдалануды ынталандыруды және қоршаған ортаға әсерін мониторингтеуді қамтиды. Сондай-ақ оның жұмысының маңызды бөлігі бизнесті тұрақты жүргізуге бағытталған тиісті стандарттар мен заңнамалардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Компанияда тәуекелдерді, оның ішінде климаттық және ішкі бақылауды басқаруға жауапты Тәуекелдер департаменті директорының басшылығымен құрылымдық бөлімше жұмыс істейді, ол тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жергілікті нормативтік актілерді әзірлеуді және оларға өзекті сипат беруді қамтамасыз етеді, тәуекелдерді анықтау және бағалау бөлігінде басқа құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетеді, ұсыныстар береді.

TCFD кеңесі	Ақпаратты ашу
Стратегия Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің Компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына нақты және ықтимал әсері туралы ақпаратты ашу	(a) Қысқа, орта және ұзақ мерзімді келешекте анықталған физикалық климаттық тәуекелдер «Климаттың өзгеру қаупі» бөлімінде сипатталған. Біздің Компания үшін климаттың өзгеруіне байланысты ең маңызды мүмкіндік теміржол жүк тасымалы көлемінің өсуі болуы мүмкін. Ауа-райының өзгеруіне әкелетін климаттың өзгеруі жүктерді жеткізудің тұрақты және экологиялық таза әдісі болып саналатын теміржол тасымалына сұраныстың артуына әкелуі мүмкін, бұл кірістің өсуіне әкеледі. Сондай-ақ баламалы энергия көздерінің белсенді дамуымен климаттың өзгеруіне жауап ретінде біз арзан энергияға қол жеткізе аламыз, бұл өз кезегінде операциялық шығындарымызды төмендетуі мүмкін. Энергия шығынын азайту Компанияның қаржылық тұрақтылығы мен өсуіне жағымды әсер етеді. Климаттың өзгеруінің Компанияның қаржылық өнімділігіне әсерін толық талдау үшін қосымша зерттеулер мен мәліметтер жинау қажет. Алайда жоғарыда аталған факторлар, мысалы, теміржол жүктерінің өсуі және арзан энергияға қол жеткізу, климаттың өзгеруі жағдайында біздің Компания үшін маңызды мүмкіндіктер болып табылады.
(b) Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктердің Компанияның бизнесіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына әсері	Климаттың өзгеру қаупі келесі жағдайларда Компанияға айтарлықтай қаржылық әсер етуі мүмкін: • пайдалану шығындарын ұлғайту; • тасымалдау көлемінің азаюы нәтижесінде кірістердің төмендеуі; • шығарындылары төмен технологияларға көшу шығындары. Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыруға әсер етуі мүмкін, атап айтқанда: Каспий теңізінің таяздану қаупі «Транзиттік тасымалдарды дамыту» мақсатына әсер етеді, өйткені Каспий теңізінің таяздануы Каспий маңы елдерінің порттары арқылы өтетін жүктердің транзиттік және экспорттық тасымалдарына теріс әсер етуі мүмкін. Су деңгейінің төмендеуі каналдардың тереңдігін шектеуге әкелуі мүмкін, бұл үлкен кемелердің өтуін қиындатады және тасымалдау көлемін азайтады. Компанияның Каспий теңізінің таяздану қаупінің салдарын төмендету жөніндегі шараларымен «Каспий теңізінің таяздану қаупі» бөлімінде танысуға болады. Магистральдық теміржол желісі объектілерін қолайсыз ауа-райынан сенімді қорғауды қамтамасыз ету үшін Компания екпе ағаштарды пайдаланады. Екпе ағаштарда қорғағыш қасиеттер мен беріктікті сақтау үшін екпе ағаштарды ағымдағы күтіп-ұстау (ағаш кесу жұмыстары, қоқыстардан тазарту, жолақ аралықтарын жырту) жүзеге асырылады, сондай-ақ өрт қаупі маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылым объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін бөлу белдеуі мен екпе ағаштардың арасын жырту бойынша жұмыстар орындалады. Физикалық климаттық тәуекелдердің Компания қызметіне әсері туралы ақпаратпен «Климаттың өзгеру тәуекелдері» бөлімінде танысуға болады. Директорлар кеңесі 2023 жылғы 9 ақпанда бекіткен Тәуекелдер картасы мен тізілімі экологиялық және климаттық тәуекелдерден тұрады (ESG): • Каспий теңізі деңгейінің түсу қаупі; • Климаттың физикалық параметрлерінің өзгеруіне байланысты тәуекелдер; • Экология; • Қоршаған ортаның ластануы; • Экологиялық заңнамадағы өзгерістер; • Ғаламдық жылынудың байланысты климат өзгеруінің әсері; • Ауа-райының әсер ету қаупі.

TCFD кеңесі	Ақпаратты ашу
(с) Стратегияның тұрақтылығын сценарийлік талдау, оның ішінде температураның 2°C-қа немесе одан аз көтерілуін көздейтін сценарий	Каспий теңізіндегі су деңгейі жауын-шашынның аздығына және Еділ өзенінің ағыны көлемінің азаюына байланысты төмендеуде. 1978-1995 жылдар аралығында Каспий теңізіндегі су деңгейі көтерілді. Деңгейдің көтерілуінің орташа қарқындылығы жылына шамамен 14 см, ал кейбір жылдары 36 см-ге жетті, алайда 1995 жылдан кейін бұл процесс баяулады және 1999 жылдан бастап Каспий теңізінің деңгейі төмендей бастады. Бір метрден астам (-2,5 метр) төмендеу Каспий теңізінің жағалау сызығына, әсіресе қазақстандық бөлікке қатты әсер етті, бұл теңіздің белгілі бір аймағында түбінің және іргелес құрлықтың беткейлері аз болғандықтан, теңіз деңгейінің шамалы өзгеруі де жағалауды қатты су басуға немесе құрғатуға әкеледі. Осы кезеңде теңіздің су бетінің ауданы 22 мың км²-ге қысқарды, оның жартысы Солтүстік Каспийдің қазақстандық бөлігіне тиесілі. Каспий теңізі деңгейінің бұл өзгерістері негізінен климаттың өзгеруіне байланысты. 1999-2020 жылдар аралығында Каспий теңізінің су аймағында жауын-шашын аз болды, ал булану процестері қарқынды болды. Сондай-ақ Еділ өзенінен су ағынының азаюына су аз кезеңдер себеп болды. Бұл судың жетіспеушілігінің басты себебі – бүкіл солтүстік жарты шарды қамтыған климаттың жылынуы. Каспий теңізіндегі су деңгейінің өзгеруі бірнеше маңызды экологиялық проблемаларды тудырады: • су алу каналының ауданын азайту, бұл халықтың тіршілігін қамтамасыз ету үшін, әсіресе Маңғыстау облысында су тапшылығына әкеп соғуы мүмкін; • Жайық өзені жайылмасының таяз болуы және уылдырық шашатын жерлердің азаюы, бұл өз кезегінде бекіре балықтарының популяциясына әсер етеді; • жылы Қаракөл көлінің таяз болуы және аққулар, қызғылт қоқиқаздар, бүркіттер және қыстауға ұшатын басқа да түрлерді қоса алғанда, Қызыл кітапқа енген құстарға қауіп төндіреді; • теңіз порттарының акваториясындағы су деңгейінің төмендеуі, бұл тереңдетуді қажет етеді және теңіз порттары аймағындағы теңіз экожүйелеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Каспий теңізі деңгейінің төмендеуіне байланысты Ақтау және Құрық порттары елеулі сын-қатерлерге тап болды. Қазіргі уақытта теңіз деңгейі жобалық белгімен салыстырғанда 1,28 м-ге төмендеді және «Қазгидромет» РМК-ның жедел деректеріне сәйкес Каспий теңізі деңгейінің жылдық 20 см-ге төмендеуі күтілуде, бұл Құрық портындағы №1 және №2 көтергіш-өтпелі көпірлерді пайдалану проблемаларына алып келді, сондай-ақ кемелердің толық жүктелмеуде. Каспий теңізі деңгейінің төмендеуіне жүргізілген талдау мынадай параметрлерді ескереді: • Қазгидрометтің апта сайынғы есептерінде үнемі көрсетілетін Каспий теңізінің теңіз бетінің деңгейі; • кемелерді жобалық жүктемелеу; • портта жүктерді ауыстырып тиеу туралы нақты деректер негізінде есептелген кемелердің нақты орташа жүктемесі; • Құрық портындағы акваторияның орташа тереңдігі – 35 метр (Балтық координаттар жүйесіне сәйкес); • Балтық координаттар жүйесінің мәліметтері бойынша теңіз беті мен акватория тереңдігі арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін су аймағының метрмен өлшенетін орташа тереңдігі. Талдауға сәйкес 2030 жылға қарай жағдай нашарлайды деп күтілуде, өйткені судың тереңдігі жеткіліксіз, бұл кемелер үшін шектеулерге әкелуі мүмкін.



Лоренц Артем, 8 жаста

TCFD кеңесі	Ақпаратты ашу
Тәуекелдерді басқару Климатпен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару процестері	(а) Климатқа байланысты тәуекелдерді басқару тәуекелдерді басқарудың жалпыкорпоративтік жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және Компания қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындар туындаған кезде теріс әсер мен шығын ықтималдығын азайтуға немесе қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді. Компаниядағы климаттық тәуекелдерді азайту және бақылау белгіленген бизнес-процестерге (Компанияның өз операциялары) талдау жүргізу және оларды жетілдіру жөніндегі тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, ішкі бақылау жүйесін енгізу арқылы жүзеге асырылады. Өндірістегі климаттық тәуекелдер үшін тәуекелдерді азайту және бақылау еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін, экологиялық қауіпсіздікті сақтау ережелерін, өндірістегі жұмыс ережелерін сақтау арқылы жүзеге асырылады. Егер тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша қолданылатын әдістер шығындармен байланысты болса және бұл шығындар елеулі болып табылса, мынадай талдау жүргізіледі: • бұл іс-шаралар қаншалықты қажет және оларды тәуекелдерді ұстап тұру және/немесе қаржыландыру (ауыстыру) арқылы азайтуға бола ма; • тәуекелдерді ұстап тұру/тасымалдау құнымен салыстырғанда іс-шаралар шығындарының балама құны қандай. Компанияның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына ESG тәуекелдері бөлігінде толықтырулар енгізілді. Саясатқа сәйкес Саясатты іске асырудың барлық кезеңдерінде тұрақты даму шеңберінде Компания экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық тәуекелдерге (ESG-тәуекелдер) ерекше назар аударады.
(b) Компанияның климатқа байланысты тәуекелдерді басқару процестерінің сипаттамасы	Компания тәуекелдерге жауап беру әдістерін анықтайды және маңызды тәуекелдерді басқару жоспарын жасайды. Тәуекелдерге ден қою әдістерін таңдау және қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жөніндегі іс шаралар жоспарларын әзірлеу мынадай ден қою стратегияларын қамтиды: • тәуекелдерді азайту және бақылау – ықтимал шығындар деңгейін төмендету мақсатында тәуекелді іске асыру ықтималдығы дәрежесін азайту жағына қарай өзгертуді және тәуекелді іске асырудан туындау себептерін немесе салдарын өзгертуді қамтитын тәуекелді іске асыру жағдайында алдын алу іс-шараларын пайдалану және іс-әрекеттерді жоспарлау арқылы тәуекелге әсер ету; • тәуекелді ұстап тұру/қабылдау, оның деңгейіне жол берілетіндігін білдіреді және оның көріну мүмкіндігі қабылданады, сондай-ақ оны азайту жөніндегі іс-шараларды қолданғаннан кейін қалдық тәуекелді қабылдауға болады; • тәуекелдерді қаржыландыру – жауапкершілік пен міндеттемелерді бөлуге мүмкіндік беретін әртүрлі тетіктерді (келісімшарттар, сақтандыру келісімдері, құрылымды анықтау) пайдалануды қоса алғанда, тәуекелді басқа тарапқа беру/бөлу немесе тәуекелді ішінара беру; • тәуекелден бас тарту (жалтару)/тәуекелдің туындау көзі болып табылатын әрекетті жалғастыруға немесе қабылдауға қарсы шешім қабылдау арқылы тәуекелден аулақ болу; • кейінгі әсер ету – тәуекелдік оқиғасын іске асыру салдарына әсер етуді көздейтін стратегия. Әдетте, бұл стратегия басқарудың төмен деңгейімен және/немесе іске асырудың төмен ықтималдығымен сипатталатын тәуекелдерге қатысты қолданылады. Стратегияның бұл түрі сақтандыруды, тәуекелдерді хеджирлеуді, сондай-ақ төтенше жағдайлар жоспарларын, бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын әзірлеуді қамтуы мүмкін; • тәуекелдерді басқару жөніндегі стратегияларға, әдістерге және жоспарларға қатысты ұсыныстарды тәуекел иелері ұсынады және олар тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі.
(с) Климаттық тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестерінің компанияның жалпы тәуекелдерді басқаруға интеграциялануын сипаттау.	ESG тәуекелдерін, соның ішінде Компанияның климатқа байланысты тәуекелдерін басқару келесі элементтерден тұрады: 1) тиімді КТБЖ және ІБ үшін қажетті корпоративтік басқаруды қабылдау; 2) Компанияның бизнес контексті мен стратегиясын түсіну; 3) ESG тәуекелдерін сәйкестендіру; 4) ESG тәуекелдерін бағалау және саралау; 5) ESG тәуекелдеріне жауап беру; 6) ESG тәуекелдеріне шолу және оларды қайта қарау; 7) ESG тәуекелдері туралы коммуникация және есеп беру.

TCFD кеңесі	Ақпаратты ашу
Көрсеткіштер мен мақсаттар	
Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару үшін қолданылатын көрсеткіштер мен мақсаттар	
(a) Тәуекелдерді басқару стратегиясы мен процесі шеңберінде климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштер	Компания климаттық тәуекелдерді бағалау үшін қолданатын негізгі көрсеткіштер: • Қоршаған ортаға эмиссиялар көлемі; • Ластағыш заттар шығарындыларының, төгінділерінің көлемі; • Кезеңдегі парниктік газдар шығарындыларының көлемі (1, 2-қамту аймағы); • CO₂ шығарындыларының қарқындылығы; • Стационарлық көздерден SO₂, NO_x шығарындыларының көлемі; • Отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну көлемі; • Жұмыс бірлігіне ОЭР үлестік шығысының тиімділігі; • Қайта өңделген қалдықтар көлемін қоса алғанда, қалдықтар көлемі. Климаттық мақсаттарға қол жеткізу бойынша белсенді іс-қимылдарды ынталандыру және климаттың өзгеруі мәселелерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін аталған бірқатар көрсеткіштер Компания басшылығының сыйақысына тікелей байланысты корпоративтік және функционалдық қызмет көрсеткіштеріне (ҚШК) енгізілген. Мәселен, 2023 жылға арналған корпоративтік ҚШК-ға климаттың өзгеруіне ықпал ететін парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және осылайша Париж келісімінің міндеттемелерін орындауға бағытталған «Көміртегі ізі» ҚШК-сы енгізілді. Өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директорының функционалдық ҚШК-сына «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС поездарының тартымына арналған дизель отынының шығынын азайтуға бағытталған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша дизель отынының үлестік шығыны» ҚШК-сы кірді. Сондай-ақ Бас инженер - Техникалық саясат департаменті директорының ҚШК-сына «Энергия тиімділігі деңгейі» ҚШК-сы кірді, оның мақсаты Компанияның энергия тиімділігін арттыру болып табылады.
(b) 1, 2-қамту және қажет болған жағдайда 3 парниктік газдар шығарындыларын қамту және онымен байланысты тәуекелдер	1 және 2-аумақ бойынша шығарындылар көрсеткіштері осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2023 жылғы біріктірілген жылдық есебінің «Экологиялық жауапкершілік» бөлімінде ұсынылған. Қазіргі уақытта Компанияда 3-аумақ бойынша шығарындылар көлемінің есебі жүргізілмейді, бірақ біз болашақта осы көрсеткішті ашу мүмкіндіктерін қарастырамыз.
(c) ұйым климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді және мақсатты көрсеткіштерге қатысты қызмет нәтижелерін басқару үшін пайдаланатын мақсаттар	«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясында климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару саласындағы қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар айқындалған – 2032 жылға дейінгі нысаналы көрсеткіштері бар «Көміртегі ізі» ҚШК: • қысқа мерзімді (2025 жылға дейін) – өткен жылға қатысты (-2,5)%; • орта мерзімді (2027 жылға дейін) – өткен жылға қатысты (-3,2)%; • ұзақ мерзімді (2032 жылға дейін) – өткен жылға қатысты >(-3,5)%. Бұдан басқа, көміртегі ізін азайту жөніндегі стратегиялық мақсатты іске асыру шеңберінде Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдама Компанияның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің негізгі бағыттары мен міндеттерін қарастырады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы шеңберінде парниктік газдар шығарындылары жөніндегі мақсаттар туралы қосымша ақпаратпен осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2023 жылғы біріктірілген жылдық есебінің 88-бетінде танысуға болады.



Сержан Жібек, 14 жаста

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК GRI 3-3

Қызметкерлер – Компанияның ең басты құндылығы. Қызметкерлермен қарым-қатынасты нығайту біздің табысымыздың негізгі элементі болып табылады. Біз қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын, лайықты және тең сыйақыны, әртүрлілік кепілдігін және бірлестік еркіндігін қолдауды қамтамасыз етуге тырысамыз.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясы шеңберіндегі әлеуметтік аспект «Әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту» стратегиялық бастамасынан тұрады.

«ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ» БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ШЕШУШІ БАҒЫТТАРЫ

ЖАҒЫМДЫ ЖҰМЫС ОРТАСЫН ҚҰРУ



КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ



Біздің стратегиялық бастамамыз адамдарды Компанияда жұмыс істеуге, қажетті дағдыларды дамытуға және игеруге шабыттандыруға бағытталған бәсекеге қабілетті еңбек нарығындағы күш-жігеріміздің көрінісі болып

КЕШЕНДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ



ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК



табылады. Біз командамыздың әрбір мүшесіне Компания ішінде өсу және даму мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қызметкерлеріміздің жетістіктерін тиісті түрде бағалауға және мойындауға тырысамыз.

КАДРЛЫҚ САЯСАТ GRI 405-1

Стратегиялық бастамаға қол жеткізу үшін 2023 жылы Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жаңартылған 2023–2028 жылдарға арналған Кадрлық саясатын бекітті.¹⁶

Кадрлық саясат адами ресурстарды басқару жөніндегі негізгі құжат болып табылады және персоналды белсенді жоспарлауды, қызметкерлердің кәсіби даярлығын күшейтуді, таланттарды тарту бағдарламаларын енгізуді, өндірістік қатынастар жүйесін жетілдіруді, қызметкерлерді ынталандыру жүйесін дамытуды, аралуан және инклюзивті жұмыс ортасын құруды және біздің командамызда гендерлік теңгерімді қалыптастыруды қамтиды.

Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ персоналды басқару мәселелерінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларын, халықаралық стандарттарды және корпоративтік құжаттар кешенін ұстанады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының кадр резервін қалыптастыру және дамыту қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің қызметін бағалау қағидасы;
- Басшы қызметкерлердің, өз қызметінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін және Корпоративтік омбудсмен мен Корпоративтік хатшыға есеп беретін қызметкерлердің қызметін бағалау қағидасы;



Саясат Компанияның корпоративтік веб-сайтында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2023–2028 жылдарға арналған Кадрлық саясаты сілтемесі бойынша орналастырылған.

16 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі №11 шешімімен бекітілген.

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу қағидасы;
- Өз қызметінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызмет қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу қағидалары және басқалар.

Кадрлық саясатты іске асыруға Компанияның корпоративтік орталығының, филиалдарының және еншілес ұйымдарының HR бөлімшелері жауапты болып табылады.

Кадрлық саясатты енгізу процесін қадағалауды «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет жүзеге асырады. Жыл сайын олардың қарауына

кадрлық саясатты іске асыру барысы туралы есеп шығарылады.

- Кадрлық саясатты іске асырудың тиімділігі мынадай түйінді көрсеткіштермен бағаланады:
- әлеуметтік тұрақтылық және қызметкерлерді тарту;
 - еңбек өнімділігі;
 - кадрлардың тұрақтамау көрсеткіштерін ұстап тұру (14%-дан асырмай);
 - атқарушы органдар мен басқару органдарындағы гендерлік теңдік;
 - қызметкерлерді оқыту пайызы, оқыту тиімділігін бағалау;
 - қызметкерлердің әл-ауқатын басқару бағдарламасын бағалау;
 - ішкі клиенттердің HR функциясына қанағаттануы;
 - дайындалған тәлімгерлердің саны, жылына әрбір тәлімгерге білім алушылардың орташа саны және т.б.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – елдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі. 2023 жылы Компания қызметкерлерінің тізімдік қызметкерлер саны 116 560 адамды болды. 2022 жылмен

салыстырғанда тізімдік қызметкерлер саны азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарттармен жұмыс істеген қызметкерлерді қайтару себебінен 2,5%-ға өсті.

2020 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМДІК САНЫ САНАТТАР БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

GRI 405-1

Барлығы, соның ішінде:	2022	2023
	113 769	116 560
БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ	50	52
әйелдер	6	5
30 жасқа дейін	0	0
31-50 жаста	3	1
51 жастан асқан	3	4
ерлер	44	47
30 жасқа дейін	0	0
31-50 жаста	26	29
51 жастан асқан	18	18
ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	7 058	6 932
әйелдер	4 101	4 034
30 жасқа дейін	364	360
31-50 жаста	2 746	2 730
51 жастан асқан	991	944
ерлер	2 957	2 898
30 жасқа дейін	278	292
31-50 жаста	1 929	1 883
51 жастан асқан	750	723

Барлығы, соның ішінде:	2022	2023
	113 769	116 560
ӨНДІРІСТІК ПЕРСОНАЛ	106 661	109 576
әйелдер	22 243	22 044
30 жасқа дейін	2 560	2 706
31-50 жаста	12 636	12 475
51 жастан асқан	7 047	6 863
ерлер	84 418	87 532
30 жасқа дейін	14 031	16 133
31-50 жаста	46 524	48 657
51 жастан асқан	23 863	22 742

	2022			2023		
	Басқарма	ӘБҚ	Өндірістік персонал	Басқарма	ӘБҚ	Өндірістік персонал
Ерлер үлесі	88%	42%	79%	90%	42%	80%
Әйелдер үлесі	12%	58%	21%	10%	58%	20%
30 жасқа дейінгі қызметкерлер үлесі	0%	9%	16%	0%	9%	32%
31-50 жас аралығындағы қызметкерлер үлесі	58%	66%	55%	58%	67%	54%
51 жастан асқан қызметкерлер үлесі	42%	25%	29%	42%	24%	14%

Компаниядағы негізгі жас тобы – 31 және 50 жастан асқан қызметкерлер. 30 жасқа дейінгі жас қызметкерлердің үлесі азшылықты – жалпы қызметкерлер санының 16,7%-ын құрайды.

2020 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМДІК САНЫ ЖАС БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

Барлығы, соның ішінде:	2020	2021	2022	2023
	119 071	112 581	113 769	116 560
30 жасқа дейін	22 869	17 929	17 233	19 491
Әйелдер	4 063	3 129	2 924	3 066
Ерлер	18 806	14 800	14 309	16 425
31-50 жаста	63 228	62 835	63 864	65 775
Әйелдер	15 600	15 431	15 385	15 206
Ерлер	47 628	47 404	48 479	50 569
51 жастан асқан	32 974	31 817	32 672	31 294
Әйелдер	7 995	7 840	8 041	7 811
Ерлер	24 979	23 977	24 631	23 483

Компания қызметкерлерінің басым көпшілігі (90,7%) ұзақ мерзімдік шарттар бойынша, ал 9,3% мерзімдік шарттар бойынша жұмыс істейді.

Толық жұмыспен қамту жағдайында 99,9%, ішінара жұмыспен қамту жағдайында 0,1% жұмысқа орналастырылды.

Шарттардың мерзімі және қызметкерлердің жұмыспен қамтылуы еңбек заңнамасына және Компанияның ішкі жергілікті актілеріне сәйкес айқындалады.

2022 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ТІЗІМДІК САНЫ ӨҢІРЛЕР ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ¹⁷

GRI 2-7

Өңірлер	Қызметкерлер саны			
	2022		2023	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Астана қаласы	6 749	4 031	6 015	4 028
Алматы қаласы	4 724	1 682	5 010	1 554
Шымкент қаласы	1 940	479	1 804	428
Павлодар облысы	5 467	2 160	5 893	2 161
Алматы облысы	6 948	1 777	2 486	762
Қызылорда облысы	5 434	923	5 709	879
Ақтөбе облысы	8 268	2 429	8 772	2 480
Атырау облысы	3 607	1 247	3 805	1 336
Маңғыстау облысы	4 229	1 064	4 314	1 024
Ақмола облысы	5 795	1 644	6 028	1 362
Шығыс Қазақстан облысы	5 770	1 579	2 470	747
Жамбыл облысы	6 678	1 204	6 546	1 165
Батыс Қазақстан облысы	1 177	427	1 239	419
Қарағанды облысы	9 543	2 927	9 222	2 608
Қостанай облысы	5 440	1 731	5 607	1 713
Солтүстік Қазақстан облысы	860	88	1 332	274
Түркістан облысы	3 690	514	4 135	577
Абай облысы	0	0	3 838	883
Жетісу облысы	0	0	4 123	971
Ұлытау облысы	0	0	992	228
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	1 100	444	1 137	484
БАРЛЫҒЫ	87 419	26 350	90 477	26 083

17 Есепті кезеңнің аяғындағы қызметкерлердің еңбек ақы қорының саны есепті кезеңнің соңғы күніндегі қызметкерлер санының көрсеткіші; оның ішінде қабылданғандардыжәне осы есепті кезеңде жұмыстан кеткен қызметкерлерді есепке алмағанда. Қызметкер жасалған еңбек шарты және оны жұмысқа қабылдау туралы бұйрық негізінде жұмысты бастаған күннен (еңбек міндеттерін бастаған күннен бастап) еңбекақы төлеу ведомосіне енгізіледі. Қызметкерлердің еңбекақы төлеу қорын есептеу қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және олармен еңбек шартын бұзу туралы бұйрықтармен расталатын қызметкерлердің жалақысының күн сайынғы есебі негізінде жүзеге асыралады.

2020 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ТІЗІМДІК САНЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ТҮРІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

Барлығы, соның ішінде:	2020	2021	2022	2023
	119 071	112 581	113 769	116 560
Тұрақты қызметкерлер	116 416	109 926	99 408	105 705
әйелдер	26 451	25 193	23 837	23 988
ерлер	89 965	84 733	75 571	81 717
Уақытша қызметкерлер	2 655	2 655	14 361	10 855
әйелдер	1 207	1 207	2 513	2 095
ерлер	1 448	1 448	11 848	8 760
Толық жұмыспен қамтылған қызметкерлер	119 071	112 581	113 451	116 465
әйелдер	27 658	26 400	26 154	26 026
ерлер	91 413	86 181	87 297	90 439
Ішінара жұмыспен қамтылған қызметкерлер	0	0	318	95
әйелдер	0	0	196	57
ерлер	0	0	122	38

ЕСЕПТІК ЖЫЛДАҒЫ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ТІЗІМДІК САНЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ТҮРІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

Өңірлер	Тұрақты қызметкерлер		Уақытша қызметкерлер		Толық жұмыспен қамтылған қызметкерлер		Ішінара жұмыспен қамтылған қызметкерлер	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Астана қаласы	5 697	3 700	318	328	6 015	4 028	0	0
Алматы қаласы	4 973	1 357	37	197	4 988	1 528	22	26
Шымкент қаласы	1 655	389	149	39	1 801	428	3	0
Павлодар облысы	5 182	1 952	711	209	5 893	2 161	0	0
Алматы облысы	2 254	652	232	110	2 486	762	0	0
Қызылорда облысы	5 144	826	565	53	5 709	879	0	0
Ақтөбе облысы	7 556	2 240	1 216	240	8 771	2 471	1	9
Атырау облысы	3 371	1 252	434	84	3 803	1 335	2	1
Маңғыстау облысы	4 079	970	235	54	4 309	1 022	5	2
Ақмола облысы	4 949	1 269	1 079	93	6 027	1 358	1	4
Шығыс Қазақстан облысы	2 131	696	339	51	2 470	747	0	0
Жамбыл облысы	5 836	1 098	710	67	6 546	1 165	0	0
Батыс Қазақстан облысы	1 087	363	152	56	1 239	419	0	0
Қарағанды облысы	8 381	2 446	841	162	9 222	2 607	0	1
Қостанай облысы	5 039	1 619	568	94	5 607	1 713	0	0

Өңірлер	Тұрақты қызметкерлер		Уақытша қызметкерлер		Толық жұмыспен қамтылған қызметкерлер		Ішінара жұмыспен қамтылған қызметкерлер	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Солтүстік Қазақстан облысы	1 193	249	139	25	1 332	274	0	0
Түркістан облысы	3 832	533	303	44	4 135	571	0	6
Ұлытау облысы	873	205	119	23	992	228	0	0
Жетісу облысы	3 935	868	188	103	4 123	971	0	0
Абай облысы	3 429	826	409	57	3 834	875	4	8
Қазақстан Респуб-ликасынан тыс жерлерде	1 121	478	16	6	1 137	484	0	0
БАРЛЫҒЫ	81 717	23 988	8 760	2 095	90 439	26 026	38	57

2022 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ ЖАЛДАМАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ GRI 2-8

Шарт түрі	Қызметкерлер саны	
	2022	2023
Қызмет көрсетуге арналған шарттар бойынша	3 667	227
Аутстаффинг келісімшарты	23	385

Ескертпе. Қызметкерлер санын есептеудің қолданыстағы әдістемесіне сәйкес қызмет көрсетуге арналған шарттар және аутстаффингке арналған келісімшарттар бойынша тартылатын персонал персонал санына енгізілмейді және Компания бойынша еңбек өнімділігі есебіне енгізілмейді. Бұл персонал санаттары негізгі қызметке қатыспайды және көмекші функцияларды/қызметтерді орындайды.

ӘРАЛУАНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

Біз әралуандық күшті корпоративтік мәдениетті құрудың кілті деп санаймыз. «ҚТЖ» ҰК» АҚ гендерлік ерекшелігіне, жасына, дініне, ұлтына, мүгедектігіне және басқа да сипаттамаларына қарамастан өз қызметкерлеріне жұмысқа орналасу және кәсіби даму мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді және мәжбүрлі немесе балалар еңбегін пайдаланбайды.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Этика және мінез-құлық кодексінде баяндалған қағидаттарға сәйкес кемсітуге қатаң тыйым салынады. Кемсітушілікке жол бермеу Этика және мінез-құлық кодексі ережелерінің сақталуын

бақылауды жүзеге асыратын Компанияның Директорлар кеңесі басталады.

Сондай-ақ кадрлық саясатта кемсітушілікке жол бермеу және персоналдың әртүрлілігін сақтау бойынша негізгі міндеттер айқындалған:

- жеке айырмашылықтар түсінілетін, құрметтелетін және бағаланатын инклюзивті жұмыс ортасын құру;
- ел халқын жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыру шеңберінде мүгедектігі бар адамдарға жұмыс орындарын ұсыну;
- атқарушы органдар мен басқару органдарындағы гендерлік теңдік.

құрылымы гендерлік негізде ерлердің негізгі үлесі жалпы санының 77,6%-ын құрайды. Әйелдердің үлесі – 22,4%.

Атқарушы және басқарушы органдарда әйелдердің өкілдігін ұлғайту «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппараты басшысының (Басқарма мүшесі) 2023 жылға арналған ҚШК-сіне енгізілді, бұл

әртүрлі басшылықты қалыптастыруға деген ұмтылысты көрсетеді.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Корпоративтік басқару кодексінің нормаларына және Директорлар кеңесінің/Байқау кеңесінің (ДК/БК) құрамдарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес ДК/БК құрамдарының бейінін қалыптастыру мақсатында еншілес ұйымдардың ДК/БК

ағымдағы мүшелерінің құзыреттеріне талдау жүргізілді.

Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ДК/БК құрамындағы әйелдердің пайызы 21%-дан бастап 25%-ға дейін ұлғайтылды. Атқарушы органдар мен басқару органдарында әйелдердің өкілдігін арттыру 17%-дан бастап 18%-дан дейін ұлғайтылды.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ ЖЫНЫСЫ МЕН ЖАСЫ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ, АДАМ GRI 405-1

Директорлар кеңесі	2021		2022		2023	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	9	0	8	1	8	0
30 жасқа дейін	0	0	0	0	0	0
31 жастан 50 жасқа дейін	1	0	2	1	5	0
51 жастан асқан	8	0	6	0	3	0
Еншілес ұйымдар	39	10	40	12	34	14
30 жасқа дейін	0	0	0	0	0	1
31 жастан 50 жасқа дейін	27	2	24	9	19	11
51 жастан асқан	12	8	16	3	15	2
БАРЛЫҒЫ	48	10	48	13	42	14

	2021	2022	2023
Ерлер үлесі	83%	79%	75%
Әйелдер үлесі	17%	21%	25%
Жасы 30-ға дейінгі Директорлар кеңесі мүшелерінің үлесі	0%	0%	2%
Жасы 31-ден 50-ге дейінгі Директорлар кеңесі мүшелерінің үлесі	52%	59%	63%
Жасы 51-ден асқан Директорлар кеңесі мүшелерінің үлесі	48%	41%	36%

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЫНЫСЫ МЕН ЖАСЫ БОЙЫНША БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ, АДАМ

Басқарма	2021		2022		2023	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	10	1	9	0	8	0
30 жасқа дейін	0	0	0	0	0	0
31 жастан 50 жасқа дейін	4	0	4	0	4	0
51 жастан асқан	6	1	5	0	4	0
Еншілес ұйымдар	39	4	35	6	39	5
30 жасқа дейін	0	0	0	0	0	0
31 жастан 50 жасқа дейін	25	3	22	3	25	1
51 жастан асқан	14	1	13	3	14	4
БАРЛЫҒЫ	49	5	44	6	47	5

	2021	2022	2023
Ерлер үлесі	91%	88%	90%
Әйелдер үлесі	9%	12%	10%
Жасы 30-ға дейінгі Басқарма мүшелерінің үлесі	0%	0%	0%
Жасы 31-ден 50-ге дейінгі Басқарма мүшелерінің үлесі	59%	58%	58%
Жасы 51-ден асқан Басқарма мүшелерінің үлесі	41%	42%	42%

Мемлекеттік қатысуы бар басқару орғанда-рында әйелдердің үлесін арттырудың «Ген-дерлік теңдік» бағдарламасы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 13 қызметкері оқуды сәтті аяқтады. Қызметкерлердің кандидатуралары 2024 жылы Корпоративтік басқару кодексінде және ДҚ/БК құрамдарын қалыптастыру қағидаларында бекітілген талаптарды ескере отырып, сон-дай-ақ олардың құзыретін ескере отырып, ДҚ/БК құрамына енгізу үшін қаралатын болады.

Сондай-ақ, 2023 жылы БҰҰ Даму бағдарлама-сының қызметкерлері «Гендерлік теңдік» және «Антихарассмент» тақырыптары бойынша

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлеріне оқыту жүргізді, сондай-ақ «Гендерлік теңдік призмасы арқылы адам құқықтары» тақырыбында инфосессия өтті.

Бұдан басқа, БҰҰ-мен бірлесіп «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» жаһандық науқанының бөлігі болып табылатын «Айтылмаған әңгімелер» инте-рактивті инсталляциясы ұйымдастырылды. Инсталляцияның мақсаты – елдегі зорлық-зом-былықтың ауқымы туралы қоғамның хабар-дарлығын арттыру және осы мәселеге қатысты өзгерістерді ілгерілету.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРУДЫҢ ӘР ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ



Кіріс әкелетін лауазымда қызмет ететін әйелдер – 53,3%
STEM лауазымда қызмет ететін әйелдер¹⁸ – 71,4%
Басқарушы лауазымда қызмет ететін әйелдер – 23%

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАЗАЛЫҚ ЖАЛАҚЫ ДЕҢГЕЙІ GRI 405-2

	Әкімшілік қызметкерлер ¹⁹	Өндірістік қызметкерлер ²⁰
Базалық жалақы мөлшері		
Әйелдер, теңге	172 023	101 274
Ерлер, теңге	172 023	101 274

18 Ғылыми, технологиялық, инженерлік және математикалық білімді талап ететін лауазымдар.

19 «Теміржолсу» ЖШС кадрлар жөніндегі маманның (10-разряд) базалық жалақы мөлшері.

20 «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС курьерінің (1-разряд) базалық жалақы мөлшері.

Компанияда гендерлік айырмашылықтарға байланысты негізгі жалақы мен сыйақы төлеу жүйесінде ешқандай айырмашылық жоқ. Еңбекақы лауазымға сәйкес анықталады, бір лауазымдағы ерлер мен әйелдер бірдей ең-бекақы алады және Компаниядағы еңбекке ақы

төлеуқағидаларына сәйкес басқа да төлемдер алады.

Осылайша, Компанияда еңбекке ақы төлеудің гендерлік айырмашылықтар негізінде сара-лануы жоқ.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ GRI 405-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ инклюзивтілікке және барлық қызметкерлер үшін қолдау ортасын құруға ұмтылу мүгедектерге жұмыс орындарын ұсынады. Компанияда барлығы мүгедектігі бар 1 092 адам, оның ішінде мүгедектік тобы бойынша: 1 топ – 9 адам, 2 топ – 184 адам, 3 топ – 899 адам жұмысқа орналастырылды.

Мүгедектігі бар қызметкерлер атқаратын негізгі лауазымдар электромеханиктер, өткел бойынша кезекшілер және т.б. болып табылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес 1 және 2-топ мүгедектігі бар қызмет-керлерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы – аптасына 36 сағаттан аспайтын етіп белгіленеді. 1-топ мүгедектігі бар қызмет-керлер үшін жұмыс уақытын жиынтық есепке алуға жол берілмейді.

Мүгедектігі бар қызметкерлерді түнгі уақытта жұмысқа тартуға медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша оларға мұндай жұмысқа тыйым салынбаған жағдайда олардың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Бірінші және екінші топ мүгедектігі бар қыз-меткерлерге ұзақтығы күнтізбелік алты күннен кем емес қосымша жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстары беріледі.

2024–2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа сәйкес 1 және 2 –топ мүгедектігі бар адамдарға толық жалақысы сақтала отырып, 6 күндік жұмыс аптасында – 36 сағат, 5 күндік жұмыс аптасында – 35 сағат жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленді.

2022 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ САНАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ GRI 405-2

Мүгедектігі бар қызметкерлер саны, адам	2022			2023		
	Жоғары басшылық	ӘБП	Өндірістік персонал	Жоғары басшылық	ӘБП	Өндірістік персонал
	0	78	968	0	87	1 005

ҰЛТТЫҚ ӘРАЛУАНДЫҚ

Компания ұлты бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Біздің командада ұлты және этникалық шығу тегі әртүрлі, сондай-ақ сенімдері мен нанымдары әртүрлі мамандар жұмыс істейді.



ЕСЕПТІК КЕЗЕНДЕГІ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМДІК САНЫ ҰЛТЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

Барлығы, соның ішінде:	Ұлты					
	қазақ	орыс	украин	татар	неміс	басқа
әйелдер	21 480	3 194	495	270	181	463
ерлер	79 373	7 288	1 214	603	496	1 503
Қызметкерлердің жалпы санындағы үлесі, %	86,5%	9,0%	1,5%	0,7%	0,6%	1,7%
Басқарушы лауазымдағы барлығы, соның ішінде:	8 977	559	114	59	36	129
әйелдер	2 050	205	36	28	14	45
ерлер	6 927	354	78	31	22	84
Басқарушы лауазымдағы қызметкерлердің жалпы санындағы үлесі, %	90,9%	5,7%	1,2%	0,6%	0,3%	1,3%

ТАЛАНТТАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ҰСТАП ҚАЛУ

Талантты қызметкерлерді тарту мен ұстап қалуды табысты басқару Компанияның тұрақтылығы мен табысты дамуын қамтамасыз етудегі маңызды шарт болып табылады.

Компанияның барлық деңгейлерінде келешегі бар, жоғары кәсіби және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге уәждеделген қызметкерлердің болуы ішкі кадрлық әлеуетті ұдайы арттыру және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде, корпоративтік мәдениетті дамытуда, үздік бизнес практикалары мен корпоративтік дәстүрлер сабақтастығында дәйектілік пен жоғары тиімділікті қамтамасыз етуге қабілетті жеке басқарушы кадрларды тәрбиелеу жолымен жүзеге асырылады.

Таланттарды дамыту мен сақтаудың негізгі тәсілдері:

- өндірістік персоналға баса назар аударатырып, негізгі лауазымдар тізбесін және

- сабақтастық жоспарын жыл сайын қайта қарау;
- кешенді жылдық бағалау қорытындысы бойынша жоғары әлеуетті қызметкерлерді анықтау;
- қызметкерлердің құзыреттерін бағалау;
- «Жас Темір» тағылымдама бағдарламасы шеңберінде жас таланттарды тарту.

Таланттарды дамыту мен сақтаудың ажырамас бөлігі – тәжірибелі басшылар дағдылар мен құзыреттерді дамыту үшін өз тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісетін менторлық жүйесі.

- 2024 жылға арналған менторинг бағдарламасына іріктеу нәтижелері бойынша 40 қызметкер іріктеліп алынды, олардың әрқайсысына тәжірибелі ментор тағайындалды. Бағдарламаға барлығы 21 ментор қатысады.

бағалау әдістері қолданылады. Кандидаттарды тарту және іріктеу процесінде инклюзивтілікті қамтамасыз ету үшін ұлты, жынысы, жасы және басқа да критерийлері бойынша кемсітушілікке белсенді түрде жол берілмейді. Ақырында, үміткерлерге іріктеу барысында уақтылы және объективті кері байланыс беріледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа жұмысқа қабылдау және кейбір лауазымдарға ауыстыру қағидаларына сәйкес жұмысқа қабылдау кезінде негізгі басымдық бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін кәсіби және жеке-іскерлік қасиеттердің ең жақсы үйлесімі

- бар кандидаттарға беріледі. Егер бірнеше кандидат белгіленген талаптарға сәйкес келсе, мынадай санаттағы адамдарға:
- 1) Компанияның кадр резервіне және Президенттік жастар кадр резервіне енгізілген қызметкерлерге;
 - 2) Компанияның жұмыстан босатылатын/босатылған қызметкерлеріне;
 - 3) Компанияның білім беру гранты бойынша білім алған жас мамандарға;
 - 4) орталықтандырылған бөлуге сәйкес бос лауазымдарға орналасуға бағытталған колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне;


- 5) Компания мен «Самұрық-Қазына» АҚ қамқорлығымен іске асырылатын жас мамандарды дамыту, таланттарды басқару жөніндегі бағдарламалардың түлектері, «100 жас тұлға» бағдарламасының жеңімпаздарына артықшылық беріледі.

2023 жылы қабылданған қызметкерлердің жалпы саны 18 583 адам, оның ішінде 15 651 адам сырттан тартылған, 2 932 адам ішкі аударымдар болып табылады. Қызметкерлерді санаттарға бөлу 25 топ-менеджерді, 986 менеджерді, 3 073 маманды, 848 қызметкерді және 13 651 жұмысшыны қамтиды.


2023 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ ЖЫНЫСЫ, ЖАСЫ ЖӘНЕ ӨҢІРІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ GRI 401-1

Өңірлер	30-ға дейін		31-ден бастап 50-ге дейін		51-ден асқан	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Барлығы	5 329	710	7 979	1 954	2 070	541
Астана қаласы	444	191	888	581	264	137
Алматы қаласы	184	42	481	145	202	46
Шымкент қаласы	52	2	92	16	13	9
Павлодар облысы	440	49	779	154	204	53
Алматы облысы	216	32	444	55	61	9
Қызылорда облысы	318	10	315	13	70	15
Ақтөбе облысы	387	64	554	130	161	62
Атырау облысы	227	23	286	64	98	13
Маңғыстау облысы	192	10	150	33	46	19
Ақмола облысы	371	43	597	130	139	29
Шығыс Қазақстан облысы	137	5	235	51	61	7
Жамбыл облысы	393	29	513	54	95	20
Батыс Қазақстан облысы	70	10	131	20	25	6
Қарағанды облысы	615	66	631	151	141	45
Қостанай облысы	371	37	552	178	124	21
Солтүстік Қазақстан облысы	76	6	111	13	14	2
Түркістан облысы	164	8	316	21	78	13
Ұлытау облысы	72	9	93	14	21	2
Жетісу облысы	456	57	392	76	143	18
Абай облысы	118	17	371	42	92	14
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	26	0	48	13	18	1

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯҒА
ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІСІ БОЙЫНША
БӨЛІНІСІНДЕ, %



ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯҒА
ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЖАСЫ БОЙЫНША
БӨЛІНІСІНДЕ, %



2020 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ

	2020	2021	2022	2023
Жаңа қызметкерлердің жалпы саны, адам	16 605	21 426	15 630	18 583
Ішкі кандидаттар (ішкі қызметкерлер) алынған ашық бос орындар пайызы, %	49,65%	49,32%	15,27%	15,78%

ЖОО-МЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

2023 жылы жоғары оқу орындарымен (ЖОО) және орта арнаулы оқу орындарымен (ОАОО) өзара іс-қимыл шеңберінде біз мынадай бастамаларды табысты іске асырдық:

- профильді ЖОО-мен және ОАОО-мен ынтымақтастық туралы 23 меморандумға қол қойылды;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың профильдік оқу мекемелерімен өзара әрекеттесуінің 2023–2024 жылдарға арналған жол картасы бекітілді.

Қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және білім беру мекемелері арасындағы өзара іс-қимылдың ауқымды бағдарламасы іске асырылды. Негізгі жетістіктерге мыналар жатады:

- 1 038 жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарында кәсіби тәжірибеден өтті;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ сарапшылары оқу орындарында 11 қонақ дәрісін өткізді;
- 30 оқытушы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Оқу орталығында біліктілікті арттыру курстарынан өтті;
- ЖОО-ның 3 оқытушысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік алаңдарында тағылымдамадан өтті;
- «Алматы логистика және көлік академиясының колледжі» ЖШС 612 оқушысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ дуальды жүйе бойынша оқудан өтті;

- «Алматы логистика және көлік академиясының колледжі» ЖШС 44 оқушысы «Жолсеріктердің жазғы студенттік отрядтары» жобасы аясында жолсерік болып жұмысқа орналастырылды;
- Астана қаласының 32 мектебінің оқушылары үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та және т.б. кәсіпорындарында таныстыру экскурсиясы ұйымдастырылып, өткізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес мынадай бастамалар сәтті іске асырылды:

- жоғары және орта арнаулы оқу орындарының 75 студентіне «Магистраль» бағдарламасы аясында білім беру гранттары берілді;
- жоғары және орта арнаулы оқу орындарының 12 студенті «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының атаулы стипендиясының иегері атанды;
- кадрларды бөлу аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарына жұмысқа орналасу үшін Логистика және көлік академиясының 47 түлегі белгіленді.

КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ GRI 401-1

Еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің саны есепті кезеңде 15 793 адамды болды (оның ішінде 12 681 адам Компаниядан кетті, 3 112 адам Компания ішінде трансферді жүзеге асырды), бұл 2022 жылғы деңгейден 9%-ға артық.


КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ САНАТ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

Өңірлер	30-ға дейін		31-ден 50-ге дейін		51-ден асқан	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Барлығы	3 013	609	6 045	1 956	3 241	929
Астана қаласы	351	201	758	580	439	186
Алматы қаласы	152	46	432	153	322	73
Шымкент қаласы	34	0	77	17	53	20
Павлодар облысы	198	46	471	124	290	59
Алматы облысы	172	15	346	81	97	20
Қызылорда облысы	119	6	219	33	159	39
Ақтөбе облысы	237	31	399	139	215	87
Атырау облысы	127	20	199	66	105	41
Маңғыстау облысы	48	6	138	49	77	22
Ақмола облысы	246	48	329	117	193	48
Шығыс Қазақстан облысы	103	8	256	60	127	20
Жамбыл облысы	187	19	356	60	237	55
Батыс Қазақстан облысы	29	7	82	28	41	19
Қарағанды облысы	313	64	610	190	229	85
Қостанай облысы	247	35	469	115	175	73
Солтүстік Қазақстан облысы	39	1	88	10	31	5
Түркістан облысы	72	4	145	23	162	25
Ұлытау облысы	23	2	105	6	16	6
Жетісу облысы	230	43	273	39	132	14
Абай облысы	75	5	246	45	100	28
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	11	2	47	21	41	4






ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, %



● Әйелдер
● Ерлер

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, %



● 30 дейін
● 31 бастап 50 дейін
● 51-ден асқан

2020 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕ КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ, %

	2020	2021	2022	2023
Кадрлар тұрақтамауының жалпы коэффициенті, %	8,2	11,1	12,7	13,5
Кадрлардың ерікті тұрақтамауы, % ²¹	7,9	10,6	7,2	7,5

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСТАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫ ШЫҒАРУ

Әлеуметтік шиеленісті тудырмай, персоналды жұмыстан жеңіл шығару мақсаттарына жету үшін 2020 жылы Персоналды жұмыстан әлеуметтік жауапкершілікпен шығару бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты – Компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру шеңберінде қызметкерлер мен Компания үшін неғұрлым қолайлы және экономикалық негізделген құралдар арқылы еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Осындай құралдардың бірі ерте зейнетке шығу бағдарламасы болды. Ерте зейнетке шығу бағдарламасы Компания қызметкерлерінің ерікті түрде ерте зейнетке шығуы есебінен қызметкерлер санын ауыртпалықсыз оңтайландыруға бағытталған. ҚР заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 5 және одан аз жыл, ерекше жағдайларда 6 және одан аз жыл қалған қызметкерлер Бағдарламаға қатысушы бола алады және лауазымдық жа-лақысы мен өтіліне байланысты өтемақы ала алады.

2023 жылы 357 бірлік оңтайландырылды. Жұмыстан шығарылатын қызметкерлер ішінен 90 адам ерте зейнетке шығу бағдарламасын пайдаланды. Жұмыстан шығарылатын персоналдың негізгі бөлігі 231 адам мөлшерінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша жұмысқа орналастырылды.



Исқақов Димаш, 9 ай

²¹ Көрсеткіш еңбек шартын бұзудың мынадай себептерін ескереді: тараптардың келісімі бойынша (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 50-бабы); қызметкердің бастамасы бойынша (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 56-бабы) еңбек шартын бұзу.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ GRI 404-3

Жыл сайын Компаниядағы қызметкерлердің қызметін бағалау күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады және бірнеше маңызды кезеңдерді: мақсат қоюды, тұрақты мониторингтеуді, нәтижелікті бағалауды, кешенді бағалауды және нәтижелілік қорытындылары бойынша қызметкерлерге тұрақты сындарлы кері байланыс беруді қамтиды.

Бағалау және кері байланыс процестері персоналды басқарудың тұрақты және ажырамас бөліктері болып табылады. Тікелей басшылар тиімділікке қатысты уақтылы және мазмұнды кері байланысты қамтамасыз ете отырып және одан әрі даму бағыттарын анықтай отырып, жыл бойына қызметкерлердің мақсаттарға жету барысын үнемі қадағалап отыруға міндетті.

Қызметкерлердің қызметін ресми бағалаудың 3 түрі бар:

- 1) ұдайы кешенді бағалау – қойылған мақсаттар/ҚШК шеңберіндегі қызметкерлердің жетістіктерін және есепті кезеңдегі құзыреттерін бағалау. Бұл бағалаудың нәтижелері персоналды басқарудың келесі қадамдарын анықтайтын таланттар картасын құруға негіз болады;
- 2) мақсаттардың орындалу дәрежесін тұрақты мониторингтеу – қойылған мақсаттарға қол жеткізуді жүйелі мониторингтеудің жар-тыжылдық процесі;
- 3) құзыреттерді/дағдылар мен білімді тұрақты емес бағалау – ішкі ресурстарды пайдалана отырып және/немесе сыртқы өнім берушілерді тарта отырып жүргізілетін қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін бағалау. Бағалаудың бұл әдісі бизнестің қажеттілігіне

қарай жүргізіледі және оған бағалау/даму орталықтары, «360/270/180» әдісі бойынша кері байланыс жинау, сондай-ақ кәсіби тестілер кіреді.

Қызметті кешенді бағалау шеңберінде Компанияның және еншілес ұйымдардың еңбекақы төлеудің грейдтік жүйесіне енгізілген қызметкерлер қатысады.

Қызметті кешенді бағалау қорытындылары бойынша тікелей басшы жұмыстың тиімділігін, күшті жақтарын, қызметкерді оқыту мен дамыту қажеттіліктерін, сондай-ақ қызметті бағалау қорытындылары бойынша сыйақыны ықтимал қайта қарауды қамтитын кері байланыс ұсынады.

Икемді әңгімелер бағалау процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және қызметкердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге ықпал ететін, дамуға қолайлы жағдай жасайтын және оқу мен өсуге деген ынтаны арттыратын көшбасшы мен қызметкер арасында тереңірек пікірлермен және идеялармен алмасуға мүмкіндік береді.

Есепті жылы 2023 жылдың қорытындысы бойынша Компания қызметкерлерінің қызметін кешенді бағалау қорытындысы шығарылды. Бағалаумен қызметкерлердің 88%-ы, соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты қызметкерлерінің 86%-ы, филиалдар қызметкерлерінің 90%-ы, еншілес ұйымдары қызметкерлерінің 87%-ы қамтылды.

2023 жылы қызметті кешенді бағалаумен 3 385 қызметкер қамтылды.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ ҚЫЗМЕТІН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУМЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

	2021		2022		2023	
	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер
Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын жұмысшылардың жалпы саны	1 730	1 416	1 456	1 665	1 819	1 566
Жынысы бойынша қызметкерлердің жалпы саны	26 400	86 181	26 350	87 419	26 083	90 477
Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын жұмысшылардың пайызы	7%	2%	6%	2%	7%	2%

Ескерту. 2021 және 2022 жылдардағы деректер «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалындағы түзету себебінен өзгертілді.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ ҚЫЗМЕТТІ КЕШЕНДІ БАҒАЛАУМЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ САНАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, АДАМ

	2021			2022			2023		
	Жоғары менедж-мент	ӘБП	Өн-дірістік персонал	Жоғары менедж-мент	ӘБП	Өн-дірістік персонал	Жоғары менедж-мент	ӘБП	Өн-дірістік персонал
Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын қызметкерлердің жалпы саны	45	3 146	0	44	3 121	0	59	3 385	0
Әр санаттағы қыз-меткерлердің жалпы саны	116	7 771	104 694	110	6 998	106 661	108	6 876	109 576
Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын қызметкерлердің пайызы	39%	40%	0%	40%	45%	0%	55%	49%	0%

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадрлық резервін қалыптастырудың жаңа қағидалары бекітілді, соған сәйкес Компанияның, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының 1166 қызметкері үшін сабақтастықтың стратегиялық және функционалдық жоспарлары әзірленді.


Өңірлік/желілік деңгейлердің ізбасарлары үшін (өңірлік деңгей басшыларының орынбасарлары мен желілік деңгей басшыларының қатарынан) 2024 жылға арналған басқарушылық құзы-реттерді дамытуға, корпоративтік мәдениет деңгейін арттыруға және ESG қағидаттарын енгізуге бағытталған корпоративтік көшбас-шылық бағдарлама әзірленді.

Сондай-ақ кадрлық резервке 1166 ізбасардан басқа, 2022 жылғы есепті кезеңдегі қызметті тұрақты кешенді бағалау қорытындысы бойынша жоғары әлеуетті 622 қызметкер (Та-ланттар картасының 8-9-торлары), 2023 жылы 711 қызметкер енгізілді.


Кадрлық резервке кіретін қызметкерлер үшін «MiniMBA» оқыту бағдарламасы арнайы әзір-ленген. Оқыту бағдарламасы негізгі басқару дағдыларын дамытуға бағытталған және бизнес-процестерді басқарудың нақты практи-калық әдістерін пысықтауға бейімделген.

Бизнес-процестердің үздіксіздігін және адам ресурстарын проактивті жоспарлауды қамта-масыз ету, сондай-ақ барлық деңгейдегі қыз-меткерлердің кәсібилігін арттыру мақсатында Компания мен еншілес ұйымдардың қызмет-керлерін ротациялау қағидалары әзірленеді. Қағидалар қызметкерлерді ұтымды бөлуге және тиімді пайдалануға, сондай-ақ олардың қанағаттану деңгейі мен уәждемесін арттыру үшін жағдай жасай отырып, жоғары білікті ма-мандарды дамытуға және ұстауға бағытталған.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВКЕ АЛЫНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ



РОТАЦИЯЛАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ



МАТЕРИАЛДЫҚ МОТИВАЦИЯЛАУ

Компания үшін әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың, өмір сүру деңгейін арттырудың және олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайтудың негізгі факторларының бірі болып табылатын қызметкерлерді матери-алдық мотивациялау мәселесі маңызды болып табылады.

2023 жылы қызметкерлердің материалдық мотивациясын жақсарту бойынша бірқатар шаралар іске асырылды, олардың ішінде:

- 1 қаңтардан бастап жалақы 5%-ға және 2023 жылғы 1 наурыздан бастап 15%-ға арт-тырылды, бұл ретте негізгі өндірістік персо-налдың жалақысы 2023 жылы 20%-ға өсті;
- еңбекке қатысу коэффициентін (ЕҚК) қолдана отырып, өндірістік персоналға ағымдағы сыйлықақы беру жүйесін одан әрі көбейту бойынша жұмыс жүргізілді. Ағымдағы сыйақы жүйесімен өндірістік пер-

соналдың 85%-ы қамтылған. Бұдан басқа, 46 станцияда қозғалыс шаруашылығы бойынша бизнес-нәтиже үшін (жүк ай-налымын ұлғайту, тасымалдау құнын төмендету) прогрессивті сыйлықақы беру жүйесінің пилоттық жобасы енгізілді;

- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу аясында Компанияның әйел қыз-меткерлеріне біржолғы сыйлықақы төленді;
- Қазақстан Республикасы күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, Наурыз мейрамына, сондай-ақ кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күніне біржолғы сыйлықақылар төленді.

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша орташа айлық еңбекақының 2022 жылғы деңгейге қа-рағанда 29%-ға өсуі қамтамасыз етілді.

САНАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ОРТАША АЙЛЫҚ ЕҢБЕКАҚЫ ДЕҢГЕЙІ, ТЕҢГЕ

	2020	2021	2022	2023
Әкімшілік-басқарушы қызметкерлер	345 763	417 192	525 578	690 903
Алдыңғы жыл деңгейіне қатысты өсу, %	9	20,7	26	31
Өндірістік қызметкерлер	192 649	236 287	329 206	427 367
Алдыңғы жыл деңгейіне қатысты өсу, %	10	22,7	39	30

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢ АЗ ЕҢБЕКАҚЫ ДЕҢГЕЙІНІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ЕҢБЕКАҚЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚАТЫНАСЫ

GRI 202-1

Ең аз еңбекақы	
Әйелдер, теңге ²²	126 593
Ерлер, теңге ²³	126 593
Еңбекақының ең аз мөлшері ²⁴	70 000

22 «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС күрьердің (1-разряд) жалақы мөлшері.
23 «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС күрьердің (1-разряд) жалақы мөлшері.
24 «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №163-VII Заңымен белгіленген Қазақстан Республикасындағы ең аз жалақы мөлшері.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ GRI 401-2

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің әлеуметтік пакеті «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еңбек ұжымы арасындағы 2021–2023 жылдарға арналған ұжымдық шартта (бұдан әрі – Ұжымдық шарт) айқындалған.

Ұжымдық шарт шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету міндеті көзделеді. Осы мақсатта «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлінген бюджет шегінде жыл сайын белгіленген тәртіппен қызметкерлерді сырқаттанған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру (бұдан әрі – ЕМС) қызметтерін сатып алу арқылы қызметкерлерді сақтандыруды жүзеге асырады.

Әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және персоналды әлеуметтік қолдау саласында бірыңғай саясатты қолдану мақсатында Компанияның бүкіл тобы бойынша бірыңғай сақтандыру бағдарламасы бар.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлердің денсаулығына байланысты проблемалар туындаған кезде, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері жоғары білікті медициналық көмек алуы үшін әлеуметтік қызметтер пакетін жақсарту мақсатында қызметкерлерді сақтандырады.

Бұдан басқа, ұжымдық шартта қызметкерлерге мынадай әлеуметтік қолдау көзделген:

- тууға, жерлеуге, некені тіркеуге, Компания қызметкерлері мен қызметкерлерінің отбасыларына, бөлу бойынша жұмысқа келген жас теміржолшы – мамандарға күтпеген материалдық шығыстарға әкеп соғатын оқиғалардың айрықша маңыздылығы туындаған кезде, Жастар күніне, Отан қорғаушылар күнін мерекелеуге, 1 қыркүйекке; Мүгедектігі бар адамдар күніне, Отбасы күніне арналған материалдық көмек көрсету;
- жылына бір реттен артық емес теміржол көлігімен жол жүру ақысын төлеуге арналған шығыстарды өтеу;
- қызметкерлерге жеңілдетілген шарттармен санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдама беру;
- 2 жылда бір рет тістерді протездеуге арналған шығыстарды өтеу;
- мерейтойға байланысты қызметкерлерді көтермелеу: әйелдер – 55 жас, ерлер – 60 жас;
- 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге байланысты әйелдерді көтермелеу;
- қызметкерлер балаларының жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру, балаларға арналған жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру және т.б.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға жұмсалған шығыстар 13,4 млрд теңге болды, оның ішінде:

- зейнеткерлікке шыққандар үшін 582 млн теңге сомасына зейнетақыларға үстеме-ақылар мен біржолғы жәрдемақылар;

- зейнеткерлерге денсаулықты жақсартуға және қолдауға 918 млн теңге көлемінде қаражат беру;
- қызметкерлерге бала туған, қызметкерді жерлеу, некені тіркеу, сауықтыру жағдайларына 3 839 млн теңге сомасына материалдық көмек көрсету;
- қызметкерлерге сауықтыруға арналған материалдық көмек, мүгедек балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлерге арналған жәрдемақылар және т. б. сомасы 8,048 млн теңге;

Сондай-ақ 2023 жылы 3,1 млрд сомаға мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- мәдени-ағарту, сауықтыру және басқа да іс-шараларды өткізу;
- қызметкерлерге тамақ беру немесе ақшалай өтемақы төлеу;
- жұмыстан шығарылатын қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерден тыс қосымша өтемақы төлеу және т. б.

Ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес қызметкерлерге және олардың өкілдеріне қызметкерлердің еңбек жағдайларына әсер ететін Компания қызметіндегі елеулі өзгерістер туралы хабарламалар жіберу туралы (жұмыссыз тұруды жариялау туралы – күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей, құрылымдық бөлімшені тарату туралы – бір айдан кешіктірмей) Компанияның міндеттемелері көзделген. Қысқартылған қызметкерлерге (соңғы алты айда) штат ұлғайтылған кезде бос жұмыс орындары туралы хабарланады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің Ұжымдық шарт талаптарына, ұсынылатын кепілдіктер мен жеңілдіктерге қатысты хабардарлығын арттыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ Компаниядағы адами ресурстарды басқару мәселелерінде неғұрлым ашық және тиімді коммуникацияларды белгілеу мақсатында.

GRI 402-1

Жоғарыда айтылғандарға байланысты филиалдар мен еншілес ұйымдардың өңірлік және желілік өндірістік учаскелерінде HR стендтері жасалады, сондай-ақ HR қызметтерімен ақпараттық сессиялар өткізіледі, сондай-ақ көшпелі кадрлық аудиттер және ұжымдармен кеңестер ұйымдастырылады. Сондай-ақ қызметкерлерге ыңғайлы болу үшін персоналды басқару мәселелеріне арналған жадынамалар мен брошюралар әзірленуде.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі 100% болды.

GRI 2-30

Бұл ретте ұжымдық шарттарға енгізілмеген қызметкерлердің еңбек жағдайлары ҚР Еңбек кодексінде айқындалады. Жалдау және еңбекақы төлеу шарттары жұмыс бе-

рушінің жеке жергілікті актілерінде реттеледі. Айырмашылық жұмыс берушінің жергілікті актілерінде көрсетілмеген кейбір әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізуінде болады.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАРМЕН ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚҚА КІРЕТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

Қызметкерлердің жалпы саны, адам	116 560
Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер саны, адам	116 560
Кәсіподақ қызметкерлерінің жалпы саны, адам	96 215
Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	100
Кәсіподақпен қамтылған қызметкерлердің үлесі, %	82,6

КӘСІПТІК ОДАҚТАР

Компания «Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігімен тығыз жұмыс істейді.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, теміржол көлігінің басқа да ұйымдары және «Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі арасында 2021–2023 жылдарға арналған әлеуметтік-еңбек мәселелері жөніндегі салалық келісімге қол қойды.

Салалық келісім ұжымдық шарттарға енгізу үшін міндетті болып табылатын қызметкерлерге, олардың отбасыларына және зейнеткерлерге арналған ең аз әлеуметтік кепілдіктерді белгілейді. Келісім тараптары осы кепілдіктерді кеңейтуге жұмыс берушілер мен қызметкерлердің құқықтарын шектемейді.

«Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі мен Компания бұл келісімді әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты деп таниды. Ол теміржол саласы ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыруға,

өмір сүру деңгейін арттыруға және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған келісілген әлеуметтік-еңбек саясатын жүргізудің жалпы ғағидаттарын белгілейді.

«Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің міндеттері мен қызметінің кепілдіктері Компанияның Ұжымдық шартында көзделген.

2023 жылы комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша кәсіподақпен бірлесіп Ұжымдық шартқа екі қосымша келісімге қол қойылды, онда мынадай жақсартулар ұсынылды:

- теміржол саласында жұмыс өтілі 15 жылға дейінгі қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу мөлшері 15 АЕК-тен 25 АЕК-ке дейін; теміржол саласында 15 жылдан астам жұмыс өтілі бар қызметкерлерге – 30 АЕК-тен 35 АЕК-ке дейін ұлғайтылды;
- «Мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұлттық мереке – Республика күні біржолғы сыйлықтарға қосылды.

БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС GRI 401-3

Компания ерлер мен әйелдерге тең мүмкіндіктер ұсынады. Атап айтқанда, барлық қызметкерлерге жынысына қарамастан бала күтімі бойынша демалыс беріледі, дегенмен тәжірибе көрсеткендей, әйелдер бұл мүмкіндікті еркек-

терге қарағанда жиі пайдаланады. 2023 жылы 291 ер адам мен 3496 әйел бала күтімі бойынша демалыс алу мүмкіндігін пайдаланды.

2023 ЖЫЛЫ БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС АЛУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ, АДАМ

	Жиыны	Ерлер	Әйелдер
Бала күтімі бойынша демалыс алуға құқығы бар қызметкерлердің жалпы саны	116 560	90 477	26 083
Бала күтімі бойынша демалысты пайдаланған қызметкерлердің жалпы саны	3 787	291	3 496
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін есепті кезеңде жұмысқа оралған қызметкерлердің жалпы саны	1 330	98	1 232
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін (2022 жылы) жұмысқа оралған және жұмысқа оралғаннан кейін 12 ай ішінде жұмыс істеуді жалғастырған қызметкерлердің жалпы саны	2 065	139	1 926
2023 жылғы демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралуы тиіс қызметкерлердің саны	1 323	111	1 212
2022 жылы бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер саны	2 127	139	1 988
Жұмысқа оралу коэффициенті,%	101	88	100
Ұстап қалу коэффициенті, %	97	100	97

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу әлеуметтік әл-ауқат тенденциясын, еңбек жағдайларына қанағаттануды, еңбек ұжымдарындағы психозмоциялық жағдайды бақылауға мүмкіндік береді, бұл кәсіпорындардағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, 2023 жылы Компанияда сауалнаманың екі түрі:

- «Samruk Research Services» негізінде «Самұрық-Қазына» АҚ жүргізетін зерттеулер;
- Компанияның өзі жүргізетін өндірістік қатынастар мониторингі шеңберіндегі сауалнамалар жүргізілді.

«Samruk Research Services» зерттеулері жылына екі рет өндірістік персонал арасында жүргізіледі және персоналдың тартылу деңгейіне, олардың әлеуметтік әл-ауқатына және әлеуметтік тыныштығына байланысты мәселелер тақырыбын қамтиды. Сауалнама «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 10 мыңға жуық қызметкерін, немесе өндірістік персоналдың жалпы санының кемінде 10%-ын қамтиды. Сауалнама нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарлары, сондай-ақ топ-менеджменттің ҚШК-сы қалыптастырылады. Бұдан басқа, жыл сайынғы негізде зерттеу нәтижелерін «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынады.

Өндірістік қатынастарды бақылау шеңберіндегі сауалнама жылына екі рет жүргізіледі және өндірістік персоналды да, әкімшілік-басқарушылық персоналды да қамтиды.

2023 жылы әрбір сауалнама периметріне кемінде 25 мың қызметкер (персоналдың жалпы санының кемінде 25%-ы) кірді. Сауалнамаға мынадай блоктар: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитарлық-тұрмыстық жағдай және медициналық қызметтердің сапасы, арнайы киім және жеке қорғаныс құралдары, нысанды киім, ішкі коммуникациялар, әлеуметтік пакет туралы хабардар болу, оқыту және корпоративтік мәдениет бойынша сұрақтар енгізілді.

Сауалнама нәтижелері Компанияның және еншілес ұйымдардың қатысты құрылымдық бөлімшелеріне қиындықтарды анықтауға және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шараларға басымдық беруге көмектеседі.

Атап айтқанда: Компания 2022 жылғы сауалнама нәтижелері бойынша 2023 жылы еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі бағдарламаны іске асырды, оның шеңберінде желілік кәсіпорындарда ғимараттар мен санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды жөндеу бойынша іс-шаралар жүргізілді, санитарлық-тұрмыстық модульдік ғимараттар, жиһаз және тұрмыстық техника сатып алынды.

ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР

Қызметкерлердің жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар

2022 жылдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ желілік кәсіпорындарда санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту, атап айтқанда: ғимараттарды/үй-жайларды жөндеуді, жиһаз бен тұрмыстық техниканы жаңартуды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды жүйелі түрде іске асыруда.

2023 жылы «Industrial relations» (өндірістік қатынастар) стандарттарын іске асыру шеңберінде:

- 228 ғимаратты, 465 үй-жайды және локомотив бригадаларының 37 демалыс үйін жөндеуге;
- өндірістік қызметкерлер үшін 1224 жылыну пунктін орнатуға;
- 137 модульдік ғимаратты орнатуға;
- 384 бірлік автокөлік сатып алуға;
- 17 мыңнан астам жиһаз, 2,1 мыңнан астам тұрмыстық техника жеткізуге;
- шағын механикаландырудың 2,8 мыңнан астам бірлігін және 4 мотовоз жеткізуге Компания 20 млрд теңге (2022 жылы – 3,5 млрд теңге) бөлді.

2024 жылы ғимараттарды/үй-жайларды, локомотив бригадаларының демалыс үйлерін жөндеуді, модульдік ғимараттарды сатып алуды және т.б. қамтитын дәл осындай іс-шаралар жоспарланған.

Кері байланыс алу үшін қызметкерлермен әрекеттесу

Компанияда Қордың шағымдары мен өтініштерінің жалпы базасына біріктірілген «Нысана» жедел желісі жұмыс істейді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Компания өз қызметінде адам құқықтарын сақтау мен қорғауға үлкен мән береді. БҰҰ Жаһандық шартының мүшесі ретінде біз мынадай қағидаттарды қолдаймыз: халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдау және құрметтеу, ұжымдық шарттар жасасу құқығын біріктіру және нақты тану бостандығын қолдау, мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою, балалар еңбегін толық жою және т.б.

Сонымен қатар Компания адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын ұстанады, соның ішінде:

- жұмыс істеу құқығы – заңнаманы сақтау, жұмыс орындарын ұсыну, лайықты еңбекақы, жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен

Жалпы алғанда, 2023 жылы шағымдар мен өтініштердің жалпы санының 13%-ға азаюы (өткен жылмен салыстырғанда 548-ден 482-ге дейін), атап айтқанда ұжымдық өтініштер үлесінің 49%-ға азаюы (177 өтініштен 89 өтінішке дейін) және өткен жылмен салыстырғанда ірі еншілес ұйымдардағы өтініштер санының азаюы, сондай-ақ өткен жылмен салыстырғанда мемлекеттік органдарға (прокуратура, соттар, атқарушы органдар) шағымдар мен өтініштердің жалпы санының азаюы (2022 жылы 105 өтініш және 2023 жылы 40 өтініш, 61%-ға азаю) байқалуда.

Бұдан басқа, Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының өңірлік және желілік деңгейдегі бөлімшелерінде әлеуметтік-еңбек қатынастары бойынша ішкі коммуникацияларды құру қағидалары (2021 жылғы 7 желтоқсандағы №894-ЦЗ) қолданылады.

Аталған қағидаларға сәйкес басшылар мен кәсіподақ жетекшілері ұдайы еңбек ұжымдарында кездесулер өткізеді.

2023 жылы 25 мыңнан астам қызметкерді қамтумен 650-ден астам кездесу өткізілді.

Сондай-ақ «Industrial relations» (өндірістік қатынастар) стандарттарын іске асыру шеңберінде өңірлік және желілік бөлімшелердің қызметкерлері арасында өндірістік қатынастарға қанағаттану бойынша сауалнама жүргізілді.

2023 жылы екі сауалнама жүргізіліп, 57 мыңнан астам қызметкер қамтылды. Сауалнама еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитарлық-тұрмыстық жағдайлар, медициналық тексерулердің сапасы, арнайы және нысанды киім мен ЖҚҚ сапасы, ішкі коммуникациялар деңгейі, әлеуметтік пакет туралы хабардар болу, оқыту және корпоративтік іс-шаралар туралы хабардар болу мәселелерін қамтыды.

денсаулықты қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс уақыты мен демалысты сақтау;

- әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы – медициналық сақтандыруды, ақылы демалысты және басқа да әлеуметтік кепілдіктерді қоса алғанда, әлеуметтік жеңілдіктер беру;
- теңдік және кемсітпеу құқығы – жынысы, жасы, ұлттық, діни және басқа да белгілері бойынша теңдік және кемсітпеу қағидаттарын сақтау;
- білім алу және біліктілікті арттыру құқығы – қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру үшін мүмкіндіктер беру;
- денсаулық сақтау және қауіпсіздік құқығы – қажетті қорғаныс құралдарын және еңбекті қорғау бойынша оқытуды қоса алғанда,

жұмыс орнында қауіпсіздік пен денсаулықты қамтамасыз ету;

- жеке тұлғаны құрметтеу құқығы – қызметкерлердің жеке басын құрметтеу және олардың құқықтары мен бостандықтарын зорлық-зомбылықтан, кемсітушіліктен немесе қысымшылықтан қорғау.

2023 жылы Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тағы адам құқықтары жөніндегі 2024 жылға ар-

налған іс-шаралар жоспары қабылданды, оған іс-шаралардың кең спектрі, олардың ішінде адам құқықтары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, Компанияның ішкі құжаттарына өзгерістер енгізу, сарапшылардың қатысуымен ақпараттық сессиялар өткізу, өтініштер мен шағымдарды мониторингтеу, сондай-ақ еңбекақы төлеудің дұрыстығы мен еңбек жағдайларының сәйкестігіне тексеру (ішкі аудит/ревизия) кіреді.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУТҰ

GRI 404-2


Оқыту және кәсіби даму Компанияның табысты жұмысының негізгі элементтері болып табылады. Олар қызметкерлердің мансаптық өсуіне және кәсіби құндылығын арттыруға ықпал ететін кәсіби дағдыларды, жеке қасиеттерді және көшбасшылық қабілеттерді дамытуды қамтиды.

Қызметкерлерді оқыту мен дамытуға инвестициялау қызметкерлердің өнімділігі мен адалдығын арттырудың тиімді әдісі болып табылады, бұл өз кезегінде Компанияның жұмысын жақсартады. Оқыту және дамыту қызметкерлерге білім деңгейін және кәсіби өсуді арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді, бұл олардың сенімділігін, мотивациясын және жұмысқа қанағаттануын жақсартады.


Компания өз қызметкерлерінің кәсіби, жеке-іскерлік және басқарушылық құзыреттерін дамыту үшін үнемі жұмыс істейді. Қазіргі уақытта Компанияда елдің әртүрлі өңірлерінде орналасқан 5 оқу орталығы жұмыс істейді. Оқу орталықтарының базасында 2023 жылы 22 034 қызметкер (2022 жылы – 22 102 қызметкер) оқудан өтті, есепті кезеңде оқытылғандардың жалпы саны 38 918 қызметкер (2022 жылы – 41 295 қызметкер), жалпы сомасы 1,9 млрд теңге (2022 жылы – 1,7 млрд теңге) болды.

1 қызметкерді оқытуға және дамытуға жұмсалған орташа сома – 49 мың теңге.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ БАҒЫТТАР БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, %



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ, %



Компанияда өз салаларының сарапшылары болып табылатын 50-ден астам жоғары білікті ішкі жаттықтырушылар бар. 2023 жылы ішкі жаттықтырушылар күшімен жанжалдарды басқару, стресске төзімділік, тиімді коммуникациялар, клиентке бағдарлану, цифрлық дағдылар, тиімділікті басқару және т.б. сияқты тұлғалық-іскерлік тақырыптар бойынша 8 000-нан астам қызметкерге оқыту жүргізілді.

Ішкі жаттықтырушылардың «Білім экспресі» жылжымалы мектебі аясында өңірлік деңгейдегі Компанияның 6 000-нан астам қызметкері «Стреске төзімділік», «Жанжалдарды басқару», «Клиентке бағдарлану» және «Тиімді коммуникациялар» тақырыптары бойынша оқытудан өтті.

GRI 404-2

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ БІР ҚЫЗМЕТКЕРДІ БІР ЖЫЛДА ОҚЫТУДЫҢ ОРТАША САҒАТ МӨЛШЕРІ ЖЫНЫСЫ МЕН САНАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ

GRI 404-1

Персоналды оқыту	Жоғарғы менеджмент	ӘБП	Өндірістік персонал
Әр санат пен жыныс бойынша қызметкерлерді жылына оқыту сағаттарының жалпы саны, адам	200	150 582	1 578 723
Әр санаттағы және жынысы бойынша қызметкерлердің жалпы саны, адам	108	6 876	109 576
Әр санаттағы және жынысы бойынша бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны, сағат	1,85	21,90	14,41

Персоналды оқыту	2023	
	Әйелдер	Ерлер
Жыныс бойынша қызметкерлерді жылына оқыту сағаттарының жалпы саны, адам	298 297	1 431 207
Жынысы бойынша қызметкерлердің жалпы саны, адам	26 083	90 477
Жынысы бойынша бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны, сағат	11,44	15,82

КОРПОРАТИВТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

2023 жылы кәсіби қоғамдастық құру, қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға және өндірістік жарақаттануды төмендетуге бағытталған қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және біліктілігін арттыру мақсатында «Бірінші желі» модульдік корпоративтік оқыту бағдарламалары іске асырылды: 33 бас инженер үшін «Алғы шеп», 53 машинист-нұсқаушы үшін «Кәсіби шамшырақ» және қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі 85 ревизор үшін «Қауіпсіздік сақшылары» бағдарламасы.

Білім беру бағдарламалары қызметкерлердің функционалдық құзыреттерін ескере отырып, олардың кәсіби құзыреттерінің матрицасы негізінде әзірленді.

Негізгі әдістерге Компанияның сыртқы провайдерлері мен ішкі жаттықтырушылары мен сарапшыларын тарту, интерактивті сабақтар өткізу, практикалық жаттығулар, нетворкинг және бейінді сарапшылардың кері байланысы кірді.

Бағдарлама соңында қатысушылар біліктілігін арттыру туралы сертификаттар алды.

Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженерлеріне арналған «Бірінші желі» бағдарламасы Теміржол тасымалы саласындағы оқыту бойынша уақытша жұмыс тобының XXV отырысының қорытындысы бойынша ТЖЫҰ үлгілік бағдарламасы ретінде қабылданды.

Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі ревизорларды дамыту бағдарламасы Қырғыз темір жолы мен «Богатырь Көмір» ЖШС қауіпсіздік ревизорлары қатысқан интеграциялық процесс шеңберінде жүзеге асырылды. Оқытуды Алматы қаласындағы Логистика және көлік академиясы мен Мәскеу қаласындағы «РЖД» корпоративтік университетінің оқытушылары жүргізді.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТ

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі бірыңғай саясатын іске асыруды «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

Өз кезегінде, Компания корпоративтік волонтерлік арқылы аз қамтылған азаматтарға және халықтың қорғалмаған топтарына көмек көрсету үшін жағдай жасайды. Бұл қызметкерлерге қоғам мен қоршаған ортаны дамытуға үлес қосуға мүмкіндік беріп қана қоймай, әріптестер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

2023 жылы корпоративтік еріктілер жәрдем көрсетіп, бірқатар акциялар мен іс-шараларды іске асырды, олардың ішінде:

- мемлекеттік, ұлттық мерекелерді және кәсіптік мереке – Көлік қызметкерлері күнін тойлауды ұйымдастыру;
- Балаларды қорғау күніне, Білім күніне және Қарттар күніне орай мерекелік іс-шаралар өткізу;
- шалғайдағы станциялар мен разъездерде тұратын көпбалалы отбасылар үшін «Балаларды мектепке жинайық» акциясын өткізу;
- Жаңа жыл қарсаңында ерекше балаларға арналған «Балалардың тілектері шыршасы» акциясын өткізу;

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ

Компанияда жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау көрсету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Теміржол ардагерлерінің орталық кеңесі жұмыс істейді.

Осы бағдарлама аясында қызметкерлер үйде және ауруханаларда жатқан науқастар мен жалғызбасты зейнеткерлерге барады, мерейтой иелерін айтулы күндерімен құттықтайды және кеңес беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және практикалық көмек көрсетеді.

Бұдан басқа, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге Компания жыл сайынғы тегін жол жүруді, санаторлық-курорттық емдеуді, олар 70, 80, 90 және

- саланың жалғызбасты ардагерлері мен зейнеткерлеріне арналған «Азық-түлік себеті» және «Қысқа арналған тұрмыстық көмір» акцияларын өткізу.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2023 жылы компаниялар тобының 40-тан астам қызметкерінің ауруына, жазатайым оқиғаларға және басқа да жағдайларға байланысты қаржылық қолдау туралы өтініштеріне жауап ретінде ерікті қайырымдылыққа шақыра отырып, корпоративтік почтамен тарату және «Қазақстан темір жолы» газетінде мақала жариялау арқылы Компанияның басқа қызметкерлерінен қаражат жинау ұйымдастырылды. Бұл шаралар мұқтаз қызметкерлерге көмек көрсету үшін қомақты қаражат жинауға мүмкіндік берді.

Корпоративтік волонтерлікті дамыту үшін 2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік волонтері» конкурсы өткізілді, онда конкурстық негізде «Үлкендерге қамқорлық», «Балаларға қамқорлық», «Табиғатқа қамқорлық», «Ортаны және қоғамды дамыту», «Спорт және денсаулық» номинациялары бойынша сыйлықтар тағайындалды.

Еріктілер жұмсаған адам/сағаттың жалпы саны 30 мыңнан асты.

100 жасқа толған кезде біржолғы материалдық көмекті, сондай-ақ Әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша және Көлік қызметкерлері күні мен Жеңіс күні мерекесі күндері сияқты мерекелерге материалдық көмекті қамтитын әлеуметтік пакетті ұсынады.

Есепті кезең ішінде 9 000 астам қызметкер мен зейнеткер сауықтырылды, оның ішінде 3 000-нан астам қызметкер «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қарамағындағы Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторийде санаторлық-курорттық сауықтыруды алды.

қоғамының мүддесі үшін қызметкерлердің әлеуметтік қалыптасуы мен дамуы, олардың барынша толық өзін-өзі іске асыруы үшін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық жағдайлар мен кепілдіктер жасау болып табылады.

Жастар саясаты бағдарламасы кәсіби дағдыларды жетілдіруге, корпоративтік рухты көтеруге, жастарды тарту мен бейімдеу жүйесін дамытуға, оларды міндеттерді шешуге тартуға, рухани-адамгершілік тәрбие беруге және

салауатты өмір салты мен спортты ілгерілетуге бағытталған. Жастар саясатын іске асыру шеңберінде мынадай жобалар:

- «ҚТЖ 100 жас тұлғасы» жас мамандарды дамыту бағдарламасы;
- «Жас үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы;
- КВН қозғалысы;
- «Теміржол білгірлері» зияткерлік ойындар лигасы;
- Корпоративтік волонтерлер мектебі іске асырылуда;
- Компанияның youtube-арнасында «Галс-тукOFF» жобасы іске қосылды.

«ҚТЖ 100 жас тұлғасы» жас мамандарды дамыту бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты – Компанияның нақты жас қызметкерлерінің мысалында әдептілік, меритократия, кәсібилік және белсенді адалдық идеяларын ілгерілету.

2023 жыл ішінде ҚТЖ 100 жас тұлғасы пулы тұлғалық-іскерлік құзыреттілікті дамытуға бағытталған модульдік оқытудан өтті. Бұдан басқа, қатысушылар арасында ESG, атап айтқанда: экология және әлеуметтік жауапкершілік мәселелері тақырыбында челленджер іске қосылды.



Есенғалиева Мәдина, 13 жаста

«Жас үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы

Конкурстың мақсаты – жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру және жас қызметкерлерді мотивациялау.

Конкурс екі кезеңді – өңірлік және республикалық деңгейлерді көздейді және теміржол саласының 5 жаппай жұмысшы кәсіптері арасында өткізіледі.

2023 жылы байқаудың өңірлік кезеңіне келесі 5 мамандық бойынша 300-ден астам адам қатысты:

- жол монтері;
- байланыс желісінің электромонтері;
- жолаушылар вагонының жолсерігі;
- тасымалдау құжаттарын өңдеу жөніндегі оператор;
- жүк пен багажды қабылдап-тапсырушы.

Өңірлік кезеңнің қорытындысы бойынша жыл сайын Астана қаласында өткізілетін республикалық кезеңге 52 қызметкер біліктілікке ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ұжымдық шартқа сәйкес материалдық көмек қарастырылған.

Корпоративтік волонтерлер мектебі

2023 жылы «Корпоративтік волонтерлер мектебі» жобасы іске қосылды, ол еліміздің түкпір-түкпірінен тұрақты негізде волонтерлік қызметпен айналысатын Компания қызметкерлерін жинады. Астана қаласында Волонтерлер форумы өткізілді, оған Компанияның 120 қызметкері қатысты. Форум шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік волонтері» конкурсы іске қосылды, онда конкурстық негізде «Үлкендерге қамқорлық», «Балаларға қамқорлық», «Табиғатқа қамқорлық», «Қоршаған ортаны және қоғамды дамыту», «Спорт және денсаулық» номинациялары бойынша сыйлықтар берілді.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 16 мемлекетті біріктіретін Халықаралық спортшы теміржолшылар одағының (USIC) мүшесі болып табылады.

2023 жылы Компанияда салауатты өмір салты мен дене шынықтыруды насихаттау мақсатында барлық өңірлер бойынша 318 спорттық іс-шара өткізіліп, 16,9 мыңнан астам адам қамтылды.

Бұдан басқа, 2,7 мың теміржолшы жергілікті атқарушы және бөгде ұйымдар ұйымдастырған 245 спорттық іс-шараға қатысты. Спорт секцияларында 22,4 мың қызметкер жұмыс істейді. Өндірістік гимнастикамен 14,8 мың қызметкер қамтылды.



№ 6 МАҚСАТ. ПОЕЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

Поездар қозғалысы қауіпсіздігін, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін сақтау Компанияның басты басымдығы болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясында көзделген стратегиялық бастама тасымалдау процесінің қауіпсіздігін басқаруды жақсартуға және нөлдік жарақаттану мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ

Компания бойынша қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін жоспарлауға, іске асыруға, мониторингтеуге және ұдайы жақсартуға қойылатын талаптарды айқындайтын қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы негізгі құжат – қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін басқару. Басшылық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, ISO 9001:2015 халықаралық стандартының және Компанияның қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес әзірленді.

Поездар қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы басым міндеттер:

- адамдардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету;
- жүктердің, жылжымалы құрамның, инфрақұрылым объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- қозғалыс қауіпсіздігінің белгіленген деңгейін қамтамасыз ету;
- көлік оқиғаларының салдарын азайту.

2023 жылы тасымалдау процесіне барлық қатысушылар магистральдық желідегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзуды 2022 жылмен салыстырғанда 22 жағдайға азайтты. Бұзушылықтардың жалпы саны – 730 жағдай (2022 жылы – 752 жағдай).


«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қозғалыс қауіпсіздігін бұзу саны 2022 жылғы деңгейге қарағанда 6%-ға төмендеп, 119 жағдайға (2022 жылы – 127 жағдай), немесе бұзушылықтардың жалпы санының 16%-на жол жіберілді.

ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН БҰЗУЫ, ЖАҒДАЙ



«Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі» көрсеткіші жыл сайын жақсарып келеді, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген көрсеткіштің нысаналы мәніне жетті.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШІ, ЖАҒДАЙ/МЛН ПОЕЗД-КМ



2023 жылы Компания поездар қозғалысы қауіпсіздігінің жай-күйін жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастырды, бұл қозғалыс қауіпсіздігі көрсеткіштерінің оң серпінін сақтауға мүмкіндік берді.

Мәселен, есепті жылы келесі бағыттар бойынша іс-шаралар іске асырылды:

- теміржол жолдарында адамдардың жарақат алу жағдайлары азайтылды;
- 194 мыңнан астам адамды қамти отырып, 6 мыңнан астам жиналыс өткізілді;
- әкімшілік айыппұл салумен 4 мыңға жуық рейд жүргізілді;
- БАҚ-та 573 сөз сөйлеу және жарияланымдар ұйымдастырылды;
- 5 мыңнан астам қызметкерді оқыту жүргізілді;
- үздік қызметкерлер марапаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды;
- 10 мыңнан астам бірлік жылжымалы құрам жөнделді және оларға техникалық қызмет көрсетілді;
- 557 км жолға күрделі жөндеу жүргізілді.

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде және оның еншілес ұйымдарында қозғалыс қауіпсіздігін, кадрлық персоналды басқару жүйесін жетілдіруге, инфрақұрылым құрылғылары мен жылжымалы құрамның сенімділігін арттыруға бағытталған жүйелі шаралар кешені іске асырылды.

Қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін дамыту, оның ішінде еңбек жағдайларын жақсарту, Компания қызметкерлерінің қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтардың алдын алу үшін мотивацияны дамыту, сондай-ақ персоналды дамыту және оқыту жөніндегі іс-шаралар іске асырылды.


Бұдан басқа, Жолдарды диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидасына²⁵ сәйкес поездар қозғалысы қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында теміржол жолдарын диагностикалау жүргізіледі.

Жол диагностикасы техникалық жай-күйді үздіксіз бақылауды және орындарды іздеуді және қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, тасымалдау процесінің белгіленген барысын бұзатын немесе шұғыл, сондай-ақ жоспарлы профилактикалық жұмыстарды талап ететін істен шығу (ақаулық) себептерін анықтауды қамтиды.

Жолға салынған рельстерді, дәнекерленген буындарды және бағыттамалық бұрмалардың металл бөліктерін бақылау кезеңділігі көрсетілген қағидаға сәйкес белгіленеді.

2023 жылы диагностикалық құралдармен 443 496 км жол зерттелді.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҮЛЕСТІК САНЫ, БАРЛЫҒЫ/МЛН ПОЕЗД-КМ²⁶



2023 жылдың қорытындысы бойынша Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол әкімшіліктерінің халықаралық қатынастардағы қауіпсіздік көрсеткіштерін салыстырмалы талдау Компанияның миллион поезд-км-ге

келетін қозғалыс қауіпсіздігін бұзу саны, Ресейден басқа, қарастырылып отырған теміржол әкімшіліктерінің көрсеткіштерінен төмен екенін көрсетті.

²⁵ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженерінің 2017 жылғы желтоқсандағы №1125 бұйрығымен бекітілген.

²⁶ Дереккөз: Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің Дирекциясы.



3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ



Нұсқаулық Компанияның корпоративтік веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған: [Денсаулық сақтауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйесі жөніндегі басшылық.](#)

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

GRI 3-3, 403-1, 403-8, 403-10

Компания қызметкерлері оның басты құндылығы болып табылады. Сондықтан қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету және олардың денсаулығын Компания қызметінде қорғау сөзсіз және ерекше маңызды міндеттер болып табылады.

Өндірістік қауіпсіздік процестерін басқару Денсаулық сақтауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйесі жөніндегі басшылыққа сәйкес²⁷ жүзеге асырылады. Басшылық ISO 45001:2018 және MEMCT 12.0.230 талаптарына сәйкес әзірленді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігі мен

еңбекті қорғауды басқаруды регламенттейтін негізгі құжат болып табылады.

Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі Компания қызметкерлерінің, мердігерлердің және Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметіне байланысты қауіптерге ұшырауы мүмкін басқа да мүдделі тараптардың еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Басшылық Компанияға және оның еншілес ұйымдарына қолданылады және барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ

Компания жыл сайын сыртқы аудиттен өтеді және өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін растайды.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қайта сертификаттау сыртқы аудитінен сәтті өтті. ISO 45001:2018 стандартының қағидаттарына сәйкестікті растау «TUV Thuringen Kazakhstan» ЖШС компаниясының халықаралық аудиторларынан алынған сертификат болып табылады.

ҚАУІПТЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ GRI 403-2

Қауіпті анықтау, тәуекелдерді бағалау және оқиғаларды тергеу өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды аспектілері болып табылады. Бұл тұрғыда Компания тәуекелдерді үнемі бағалайды және ықтимал қауіптерді анықтайды, аудиттер мен инспекциялар жүргізеді, апаттар мен инциденттер туындаған жағдайда іс-қимыл жоспарларын жасайды.

Оқиғаларды тергеу оқиғалардың негізгі себептерін анықтауда және болашақта олардың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Қауіптерді тиімді анықтау және тәуекелдерді бағалау үшін қызметкерлер үнемі оқудан өтіп, қауіпсіздік ережелері, жеке қорғағыш құралдарын қолдану және қауіпсіз жұмыс әдістері туралы ақпарат алады.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарында қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, оларды бағалау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару стандарты²⁸ қабылданды. Стандарттың мақсаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіптер мен экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, оларды бағалау, өндірістік қауіпсіздік са-

ласындағы тәуекелдерді басқару бойынша бірыңғай тәртіпті қамтамасыз ету.

2023 жылы тәуекелдерді бағалау және ықтимал қауіптерді анықтау шеңберінде жүйелік, өңірлік және желілік басқару бөлімшелерінің жұмыс топтары қауіптерді жоспарлы сәйкестендіру жүргізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын басқару деңгейінде жұмыс тобын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженері басқарды. Жұмыс тобының құрамына Компанияның орталық аппаратының өндірістік қауіпсіздік қызметтері мен желілік басқару деңгейі бөлімшелерінің қызметкерлері кірді.

Жазатайым оқиғаларға жол берілген бөлімшелер тәуекелдер мен ықтимал қауіптерге жоспардан тыс бағалау жүргізді.

Қауіптерді сәйкестендіру нәтижесінде Компания тізілімінде 470 елеулі тәуекел тіркелді. Оның ішінде өндірістік қауіпсіздік бойынша тәуекелдер картасының қызыл аймағындағы 6 тәуекел маңызды болып саналады, олардың ішінде локомотив пен жылжымалы құрамның соқтығысуы, жол-көлік оқиғалары, жұмысшы-

лардың құлауы және электр тогының соғуы, тиеу-түсіру жұмыстары, жұмысшылардың биіктіктен құлауы.

Осы тәуекелдерді азайту үшін Компанияда алдын алу шараларын қамтитын іс-шаралар жоспарлары қабылданды және іске асырылуда. Осылайша, Қордың өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары әртүрлі бағыттардағы 38 міндетті қамтиды: адамдар, жабдықтар, төтенше жағдайлардың алдын алу. Сондай-ақ проактивті іс-қимылдар шеңберінде 2022–2026 жылдарға арналған өліммен аяқталатын жазатайым оқиғаларының алдын алу жөніндегі жоспар әзірленіп, іске асырылды, онда жоспарланған 33 іс-шараның 25-і орындалды. Бұдан басқа, 2021–2025 жылдарға арналған жоспар шеңберінде электр тогымен жарақаттанудың алдын алу жөніндегі шаралар белсенді енгізілуде (21 іс-шара орындалды).

2023 жылы еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі 2024 жылға арналған кешенді іс-шараларды қалыптастыру кезінде тәуекелге бағдарланған тәсіл қолданылды, ол жол берілмейтін және елеулі тәуекелдерді жоюға/азайтуға бағытталған іс-шараларға басымдық беруді қамтыды.

Өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларын тергеу нәтижелері бойынша бірқатар іс-шаралар әзірленді, соның ішінде:

- қауіпсіздік мәдениетін жақсартуға бағытталған жүйелі іс-шараларды енгізу арқылы іс-шаралардың ұзақ мерзімді жоспарлары қайта қаралды және оларға өзекті сипат берілді. Осы жоспарларда белгіленген мақсаттар нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, сәйкес және уақытша болып табылады («SMART» қағидаты бойынша);
- қызметкерлерді оқытуға және олардың қауіпсіздік туралы хабардарлығын арттыруға арналған бейнероликтер жасалды;
- «Қауіпсіздік айлықтарын» қамтитын оқыту және ағарту іс-шаралары өткізілді, семинарлар мен озық тәжірибе мектептері ұйымдастырылды, балаларға, оқушылар мен студенттерге арналған «Ашық есік күндері» өткізілді;
- өндірістік қауіпсіздікке байланысты стандарттарды, нұсқаулықтар мен регламенттерді қоса алғанда, ІНҚ қайта қаралды;
- пайдалану кезінде техникалық жай-күйіне байланысты 2024–2027 жылдарға арналған ауыр және өліммен аяқталған апаттар мен жазатайым оқиғаларының туындау қаупі жоғары моральдық және физикалық тозған жабдықтарды, құрылыстарды техникалық қайта жарақтандыру жоспары әзірленді және бекітілді;
- 2 590 объектіде «LOCKOUT/TAGOUT» (LOTO) жабдығының қоректендіру көзін бұғаттау жүйесінің элементтері енгізілді;
- қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілері бойынша төрт VR-курс әзірленді, мысалы, өрт-техникалық минимум, жартылай вагонды түсіру, рельсті теңестіру, локомотивті қабылдау. VR-ұпайлар өңірлік оқу орталықтарына жіберілді және мамандарды даярлау мен

біліктілікті арттыру бойынша оқыту процесіне енгізілді.

Өндірістік жарақаттанудың алдын алуды күшейту, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жақсарту мақсатында Компанияда «Қауіпсіз жұмыс жаса – өмірді сақта» айлығы өткізілді. Адами фактор мен қызметкерлердің қауіпті әрекеттері жол берілген жазатайым оқиғалардың негізгі себептері болып табылады.

Айлық барысында Компаниялардың құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары тексеру кестелері мен іс-шараларды әзірлеп, бекітті.

Сонымен қатар Техникалық саясат департаменті мен Еңбек қауіпсіздігі және экология инспекциясының корпоративтік деңгейдегі қызметкерлері жазатайым оқиғалардың ең көп саны тіркелген өңірлерге баруды ұйымдастырды.

Қауіпсіздіктің мінез-құлық диалогын (ҚМД) жүргізу жұмыс орнында жарақат алу қаупінің алдын алу жөніндегі науқанның маңызды проактивті шарасы болып табылады, оның барысында қызметкерлер өндірістік процестерді орындау кезінде қауіпті жағдайлар мен қауіпті әрекеттерді анықтайды.

2023 жылы 118 583 ҚМД жүргізілді, нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктердің 98% жойылды, оның ішінде 1 672 рет жұмыс тоқтатылды, 70 987 қауіпті жағдай және 5 781 Near Miss жағдайы жойылды.

Айлықты өткізгеннен кейін 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №ЦЗ-1/6648 нұсқаулығына сәйкес барлық басшылар 2023 жылғы 25 қыркүйек пен 22 желтоқсан аралығындағы кезеңде технологиялық процестерді бұзатын қызметкерлердің қауіпті әрекеттерін анықтауға бағытталған ҚМД нормативін көтеруге міндетті болды.

Аталған кезеңде 85 285 ҚМД жүргізілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен үш есе көп (22 069), соның арқасында өлім-жітім саны өткен жылдың деңгейінен аспады.

Сондай-ақ Компания қызметкерлерді лауазымдық нұсқаулықтармен танысуды, нысаналы және жоспардан тыс нұсқамалар, техникалық сабақтар өткізуді, ақпараттық материалдарды («Найзағай», «Бюллетеньдер», постерлер) ӨҚБЖ «Қауіпсіздік минуты» модулінде орналастыруды, сондай-ақ ЭҚА және корпоративтік электрондық почта арқылы жіберуді қоса алғанда, әртүрлі құралдарды пайдалана отырып, қауіпті өндірістік факторлар мен жағдайлар туралы хабардар етуді жүзеге асырады.

27 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 24 қазандағы шешімімен (№ 02/29 хаттама) бекітілген.

28 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 614-ЦЗ шешімімен бекітілген.



VISION ZERO

Safety. Health. Wellbeing.

2019 жылғы қаңтарда «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Vision Zero» – «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасының қағидаттарын бөлісетін халықаралық Әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығына (MACO) қосылды.

Бұл тұжырымдаманың негізгі идеясы – өндірістегі жазатайым оқиғалар белгілі бір себептермен орын алады. Алдын алудың белсенді мәдениетін қалыптастырудың арқасында бұл себептерді жоюға болады, ал өндірістегі жазатайым оқиғалардың, жарақаттар мен кәсіптік аурулардың алдын алуға болады.

Енді смартфондағы ӨҚБЖ қосымшасы апаттардың барлық түрлеріне, соның ішінде жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаға теріс әсер ететін оқиғаларға, салдарсыз оқиғаларға (Near-Miss), сондай-ақ кәсіптік аурулар мен денсаулықтың нашарлауына жауап беруге мүмкіндік береді.

«Vision zero» халықаралық бағдарламасын – Нөлдік жарақаттануға қол жеткізу тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Е. Сауранбаев Компанияның әрбір қызметкеріне өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп төндіретін қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтату құқығын беретін жұмыстарды тоқтату құқығы міндеттемесіне қол қойды.

ЖҰМЫСТАРДЫ ТОҚТАТУ

2019 жылдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Қауіпсіздік мінез-құлық диалогын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, егер оларды жалғастыру өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін болса, әрбір қызметкерге қауіпті жұмыстардың орындалуын тоқтатуға болатын мүмкіндік енгізілді.

Ол үшін мобильді қосымша арқылы автоматтандырылған жүйеге тиісті оқиғаны енгізу қажет. Осыдан кейін басшылық оқиғаны қарап, анықталған кемшіліктерді жою және болашақта қайталанудың алдын алу бойынша шаралар қолданады.

Қауіпті жұмыстарды тоқтату құқығын пайдалану қызметкерлер үшін жағымсыз салдарға әкелмейтінін ескеру маңызды. Компания қызметкерлердің қауіпсіздігі басым орын алады деген қағиданы ұстанады. Осыған байланысты Компания өзінің және әріптестерінің қауіпсіздігіне қамқорлық жасайтын қызметкерлерді қолдайды және ынталандырады.

2023 жылы бұл мүмкіндікті 1 675 қызметкер пайдаланды (2022 жылы – 638 қызметкер).

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

2023 жылы Компания еңбек жағдайларын жақсарту, өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша жұмысты жалғастырды. 2 106 іс-шара жүзеге асырылды.

Еңбек жағдайларын жақсартуға және еңбекті қорғауға 7 854,6 млн теңге жұмсалды.

2023 ЖЫЛЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫН, МЛН ТЕҢГЕ

	2020	2021	2022	2023
Барлығы	4 158,2	4 417,4	4 685,2	7 854,6
Еңбекті қорғау	2 877,7	2 927,0	3 317,9	5 026,6
Өрт қауіпсіздігі	500,4	576,6	613,6	512
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	263,3	414,4	523,1	2 067,3
Оқыту	482,3	438,3	227,7	245,5
Басқасы	34,5	61,1	2,9	3,2

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша орта есеппен бір қызметкерге еңбек жағдайын жақсарту және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға 67,4 мың теңге (2022 жылы – 33,4 мың теңге) жұмсалды.

ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТЕР GRI 403-4

Компанияда еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын 222 кеңес жұмыс істейді. Кеңестер жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқаруға қатысуының бір түрі болып табылады. Олар технологиялық процестерді жетілдіру, техникалық жарақтандыру, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және жеке қорғану құралдарын уақтылы ұсыну жолымен еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауды ұдайы жақсартуға; персоналды қауіпсіздік және қорғау жөніндегі жұмысқа белсенді қатысуға тартуға; өндірістік жарақаттану жағдайларының санын азайтуға және өлім-жітімнің алдын алуға арналған.

2023 жылы өндірістік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңестердің қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен 950 отырысы өткізілді.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ GRI 403-9

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметкерлерін өндірістік жарақаттардан қорғауға және жарақаттанудың нөлдік деңгейіне жетуге ұмтылады.

2023 жылы 87 жағдай орын алды, оның ішінде есепке алынғаны – 25, есепке алынбағаны²⁹ – 62. Зардап шеккен қызметкерлер – 51 (оның ішінде есепке алынғаны – 34, есепке алынбағаны – 17): өліммен аяқталған 8 жағдай орын алды (есепке алынғаны – 6, есепке алынбағаны – 2), ауыр нәтижемен – 22 (есепке алынғаны – 17, есепке алынбағаны – 5), орташа және жеңіл дәрежемен – 21 (есепке алынғаны – 11, есепке алынбағаны – 10).

2023 жылы тіркелген еңбекке қабілеттілікті жоғалтумен болған оқиғалардың (есепке алынған жағдайлар) (LTIR³⁰) орташа жиілік коэффициенті 0,17-ге тең және 2022 жылғы деңгейден асып, нысанаға алынған мәндерді 0,02-ге арттырды. Материалдық шығын 555 140 мың теңге болды, бұл 2022 жылғы деңгейден жоғары (397 481 мың теңге).

2023 жылы жұмыс істелген сағаттардың жалпы саны 199 407 517 адам-сағат, TRIR³¹ – 0,04, FAR³² – 0,03, ал Near Miss³³ көрсеткіші 5,79 деңгейінде анықталған. Ауыр зардаптары бар

Қауіпті еңбек жағдайын анықтау үшін кеңестерге техникалық инспекторлар енгізілді. Компанияда еңбекті қорғау бойынша оқытылған техникалық инспекторлардың жалпы саны 1 300 адамды құрайды. Олардың міндеттеріне еңбек жағдайын тексеру, еңбек жағдайы мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ жекелеген өндірістік процестердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының жұмысын тоқтату және жабдықтар мен механизмдерді пайдалану кіреді.

Техникалық инспекторлар 2023 жылы 13 946 тексеру жүргізді, бұл ретте 20 533 бұзушылық анықталды.

өндірістік жарақаттар коэффициенті (өліммен аяқталғандарын қоспағанда қоспағанда) – 0,09.

Өндірістік жарақаттың негізгі түрлері:

- қозғалатын, ұшатын, айналатын заттар мен бөлшектердің әсері;
- зардап шегушінің құлауы;
- биіктіктен құлау;
- электр тогының соғуы;
- жол-көлік оқиғасы;
- заттардың, материалдардың, жердің опырылып құлауы, қопарылуы, құлауы және т.б.;
- кәсіби ауру және ұлану;
- теміржол көлігі оқиғасы (басып кету);
- оқиғалардың басқа түрлері.



29 Еңбек қызметіне байланысты есепке алынған және есепке алынбаған оқиғаларды бөлу еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды қызметтік және арнайы тергеп-тексеру актілері негізінде жүзеге асырылады.

30 Мөлшерлеме 1 000 000 өтелген сағат негізінде есептелді.

31 Оқиғалар жиілігі.

32 Өліммен аяқталған оқиғалар жиілігі.

33 Салдары жоқ оқиғалар жиілігі.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ЖЫНЫСЫ, ӨҢІРЛЕРІ, ЖАРАҚАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІНДЕ

Өңірлер	Жалпы саны (зардап шеккендер)	оның ішінде					
		Жынысы бойынша		Жасы бойынша			
		Әйелдер	Ерлер	35 жасқа дейін	36-45 жас	46-50 жас	51 жастан жоғары
БАРЛЫҒЫ (есепке алынғаны және есепке алынбағаны)	51	4	47	13	12	13	18
ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ: ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ УАҚЫТША ЖОҒАЛТУ							
Барлығы (есепке алынғаны)	11	1	10	2	2	2	5
Ақтөбе облысы	1	0	1	0	1	0	0
Атырау облысы	9	1	8	1	1	2	5
Шығыс Қазақстан облысы	1	0	1	1	0	0	0
Барлығы (есепке алынбағаны)	10	1	9	3	2	1	4
Ақмола облысы	3	0	3	2	1	0	0
Алматы облысы	1	0	1	1	0	0	0
Маңғыстау облысы	1	0	1	0	1	0	0
Абай облысы	1	0	1	0	0	0	1
Жамбыл облысы	2	0	2	0	0	1	1
Түркістан облысы	2	1	1	0	0	0	2
ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ: АУЫР							
Барлығы (есепке алынғаны)	17	2	15	3	3	3	8
Ақмола облысы	3	1	2	0	1	0	2
Ақтөбе облысы	2	0	2	1	0	0	1
Алматы облысы	1	0	1	0	0	1	0
Жамбыл облысы	1	0	1	0	0	1	0
Қарағанды облысы	4	0	4	0	2	1	1
Маңғыстау облысы	1	1	0	1	0	0	0
Павлодар облысы	3	0	3	1	0	0	2
Жетісу облысы	1	0	1	0	0	0	1
Атырау облысы	1	0	1	0	0	0	1
Барлығы (есепке алынбағаны)	5	0	5	2	1	1	1
Ақмола облысы	1	0	1	0	1	0	0
Ақтөбе облысы	2	0	2	0	0	1	1
Жамбыл облысы	1	0	1	1	0	0	0
Түркістан облысы	1	0	1	1	0	0	0
ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ: ӨЛІММЕН АЯҚТАЛҒАН							
Барлығы (есепке алынғаны)	6	0	6	3	1	1	1
Түркістан облысы	1	0	1	1	0	0	0
Ақмола облысы	1	0	1	0	0	1	0
Батыс Қазақстан облысы	1	0	1	1	0	0	0
Абай облысы	2	0	2	1	0	0	1
Қызылорда облысы	1	0	1	0	1	0	0
Барлығы (есепке алынбағаны)	2	0	2	0	2	0	0
Қостанай облысы	2	0	2	0	2	0	0

КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Біздің Компанияда 1 667 автомобиль пайдаланылады, олар қызметкерлерді өндірістік учаскелерге апару, сондай-ақ басшыларды тасымалдау үшін қолданылады.

2023 жылы ЖКО 6 жағдайы орын алды (өндіріске байланысты 3 жағдайды қоса алғанда), онда 11 қызметкер зардап шекті, оның ішінде 3 қызметкер қайтыс болды.

Авариялық жағдайлардың туындау қаупін азайту үшін біз жүргізушілерді қауіпсіз жүргізу

әдістеріне үйрету бойынша шаралар қолданамыз. Мәселен, 2022 жылы сертификатталған ұйымда «Defensive driving» бағдарламасына 54 автокөлік жүргізушісі оқытылды.

Сондай-ақ Қордың тапсырмасы бойынша жүргізілген жұмыс шеңберінде автомобильдерді GPS/Глонасс жүйелерімен жабдықтау бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл көлік құралдарының жылдамдық режимі мен орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша 80 өрт болды, 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда төмендеу 20% болды (2022 жылы – 100 өрт).

Өрттің себептері: өрт қауіпсіздігі нормаларын бұзу 62,5%; өрттің даладан өтуі 14%; қысқа тұйықталу 10%; техникалық ақау 5%; дала өрті 6%, жүкті тиеу және тасымалдау қағидаларын бұзу 2,5%.

23 жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа тиесілі Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің (бұдан әрі – МЕӨҚҚ) өрт сөндіру поездары мен машиналары елді мекендердегі, орман мен дала алқаптарындағы өрттерді сөндіру үшін аумақтық атқарушы органдар, сондай-ақ ТЖД бөлімшелеріне көмек көрсету үшін бөгде ұйымдар бекіткен күштер мен құралдарды тарту жоспарына сәйкес тартылды.

Өрттердің алдын алу мақсатында Компанияда:

- өрт-профилактикалық іс-шаралар (тәуелсіз ұйымдардың өрт-техникалық тексерулері, сараптамалары, стационарлық объектілердегі және жылжымалы теміржол құрамындағы өрттердің себептерін ескере отырып, түзету іс-шараларын әзірлеу, өрт қауіпсіздігі бойынша тоқсан сайынғы есептер, өртке қарсы тексерулердің ай сайынғы қорытындылары);
- өртке қарсы дайындық (өрт кезінде құлақтандыру және сөндіру бойынша іс-қимылдарды практикалық пысықтаумен өрт-техникалық минимум бойынша техникалық сабақтар, өртке қарсы нұсқамалар, бірлескен оқу-жаттығулар);
- өрт қауіпсіздігі және көлік саласындағы орталық және аумақтық уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен, шаруа қожалықтарымен және ұйымдармен өзара іс-қимыл (ведомствоаралық мемлекеттік комиссия (ВАМК) отырыстарына, дөңгелек үстелдерге, конференцияларға, қатысты ұйымдармен және мемлекеттік органдармен кеңестерге қатысу);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында өрт қауіпсіздігі нормаларының сақталуына МЕӨҚҚ ведомстволық бақылауы (өрт-техникалық

тексерулер – көктемгі комиссиялық тексерулер кезінде – егжей-тегжейлі, күзгі комиссиялық тексерулер кезінде – бақылаулық, өрттерден кейін жоспардан тыс тексерулер, ИИДМ, ТЖМ, прокуратура, КІД және басқа органдардың нұсқаулары бойынша мақсатты тексерулер);

- өрт қауіпсіздігін басқарудың барлық деңгейлерінде өрт қауіпсіздігінің жай-күйін қарау;
- ТЖМ, сараптамалық ұйымдарды тарта отырып, кеңестер өткізу;
- фермерлермен кеңестер өткізу, өрт қаупі бар кезеңнің алдында және кезінде өрттердің алдын алу үшін ауыл әкімдеріне жазбаша өтініштер жасау;
- теміржол бойындағы жолақта өрт тәуекелдерін азайту жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыру;
- темір жол бойындағы өрт қауіпті кезеңде бақылау үшін жылжымалы бекеттерді ұйымдастыру;
- локомотив бригадасының темір жол маңындағы орман, дала өрттерінің фактілері туралы уақтылы хабарлауын ұйымдастыру;
- ТЖД-мен өзара іс-қимыл жасау, өңірлердегі өрт ошақтарын ғарыштан мониторингтеу;
- бұзушылықтарды талдау және ескерту негізінде өрт қаупі бар объектілерді анықтау жүргізіледі.

Сондай-ақ 2023 жылы:

- Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары құрылымдарының өрттің алдын алу бойынша 130 оқу-жаттығуы;
- Мемлекеттік өртке қарсы қызметтерді тарта отырып, ТЖД бөлімшелерімен бірлесіп өрттің алдын алу бойынша 266 оқу-жаттығу;
- аварияларды жою жоспары бойынша 286 оқу дабылы;
- аварияларды жою жоспары бойынша 87 апатқа қарсы жаттығу жүргізілді.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

2023 жылы өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу үшін келесі шаралар қолданылды:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 2 014 стенд сатып алынды;
- жабдыққа орналастыру үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 1740 ескерту белгісі сатып алынды;
- жолаушылар вагондарының жолсеріктері үшін 108 қол сигнал шамы сатып алынды;

- жолаушылар вагондарының жолсеріктері үшін 1193 қауіпсіздік белдігі сатып алынды;
- қауіпті әрекеттер немесе жағдайлар туралы 118 мыңнан астам сигналды Компания қызметкерлері ӨҚБЖ-ға енгізді;
- өндірістік персоналдың 321 қызметкері ықтимал қауіпті жағдайлардың алдын алғаны үшін ақшалай сыйлықпен марапатталды.

МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУ

GRI 403-7

Компания тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде жеткізушілерге қажетті іс-шараларды орындауға және Қазақстан Республикасының қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және экология жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін сақтауға талаптар қояды.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды орындауы кезінде қауіпсіздікті басқару» корпоративтік стандарты қабылданды, оған заңнамалық және Компанияның жергілікті актілерін сақтау бойынша міндеттемелер, мердігерлер персоналымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бағыттама беру кеңестері мен кіріспе нұсқамалар өткізу, сондай-ақ олардың сақталуына мониторинг жүргізу кіреді.

2023 жылы мердігерлік ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестігін тексеру үшін 2 176 аудит жүргізілді, нәтижесінде 709 сәйкессіздік анықталып, сәтті жойылды.

Бұдан басқа, 2023 жылы негізгі мердігерлер мен жеткізушілер арасында олардың ESG қағидаттарына сәйкестігі туралы сауалнама жүргізілді. Сауалнамалар 43 негізгі жеткізушілер мен мердігерлерге жіберілді. Сауалнама келесі мәселелерді қамтыды: еңбекті қорғау және санитарлық-тұрмыстық жағдайлар, еңбекақы мен сыйақы, еңбекті ұйымдастыру және жұмыс күні режимі, жеңілдіктер және әлеуметтік пакет, ішкі коммуникациялар және мінез-құлық этикасы, сондай-ақ кемсітушілікке жол бермеуге қатысты мәселелер.

Сауалнама нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқан барлық 9 резидент ESG қағидаттарына сәйкес келеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ GRI 403-5

Жұмыс орнындағы жазатайым оқиғалар санын азайтуға бағытталған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару жүйесіндегі негізгі алдын алу шараларының бірі мамандарды, қызметкерлер мен басшыларды Еңбек кодексінің, уәкілетті органдардың және «Самұрық-

Қазына» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ жергілікті актілердің талаптарына сәйкес қауіпсіздік қағидаларына оқыту болып табылады.

2023 ЖЫЛЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ОҚЫТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ

Оқу тақырыптары	Оқытылған қызметкерлер саны
ҚР заңнамасының талаптары шеңберінде	24 467
еңбекті қорғау бойынша	2 587
өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша	11 353
өнеркәсіп қауіпсіздігі (40 сағ)	959
өнеркәсіп қауіпсіздігі (10 сағ)	7351
өрт қауіпсіздігі бойынша	1071
электр қауіпсіздігі бойынша	854
экология	292
ҚР заңнама талаптарынан тыс	42 889
Қауіпсіз еңбек мәдениеті	20747
«Биіктікте жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік негіздері» курсы	1019
«Машиналармен және жабдықпен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік негіздері» курсы	776
«Энергия көздерін оқшаулау» курсы	1300
«Жұмыс орындарындағы қауіптер мен тәуекелдерді басқару» курсы	3700
«Электр қауіпсіздігі негіздері» курсы;	1300
«Тұйықталған жерде жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік негіздері» курсы	755
«Отпен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік негіздері» курсы	1487
«Жер жұмыстарын жүргізген кездегі қауіпсіздік негіздері» курсы	3424
«Қол қауіпсіздігі» курсы	985
«Жұмыс орнындағы гигиена мен өндірістік санитария негіздері» курсы	3700
«Алғашқы медициналық көмек. Дефибрилляторды пайдалану» курсы	3700
«Оқиғаларды зерттеу» курсы	3700
«Кеңсе қызметкерлері мен қызмет көрсететін ұйымдар үшін жарақат алудың алдын алу» курсы	85
Nebosh (халықаралық сертификат)	25
IOSH Managing Safely (Жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыру халықаралық сертификаты)	105
Қауіпсіз жүргізу	54
Барлығы	67 356



ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ФОРУМ

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та «Тәртіп. Қорғану. Қауіпсіздік» ұранымен Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі V форум өтті. Іс-шара маңызды оқиға және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ірі сараптамалық алаң болды.

Форумда қауіпсіздік мәселелері және жарақаттанушылықты азайту шаралары талқыланды. Спикерлер жаңа технологияларды енгізу тәжірибесімен және еңбек қауіпсіздігі саласындағы үздік тәжірибелерімен бөлісті.

Форум жұмысына «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Алек-

сандр Ширхубер, Австрия федералдық темір жолдарының өкілі Эдит Шиндлбахер, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен еншілес ұйымдарының, жол және магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары, HSE саласындағы халықаралық сарапшылар қатысты.

Форумда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ерекше еңбек сіңірген қызметкерлер атап өтілді.

Бұдан басқа, форум аясында жұмыс орнындағы қауіпсіздік саласында заманауи жеке қорғағыш құралдарының, медициналық аппаратұраның, VR-технологиялардың және цифрлық шешімдердің көрмесі ұйымдастырылды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ОЛИМПИАДА

2023 жылы Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі бойынша олимпиада өтті, оның басты міндеті өңірлік және желілік деңгейдегі қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру болып табылады.

Біріншілік үшін күресте олимпиадаға қатысушылар үш кезеңнен өтті. Олардың әрқайсысы барысында мамандар еңбек қауіпсіздігі және

еңбекті қорғау саласындағы ең өзекті мәселелер бойынша білімін көрсетті.

Олимпиадаға барлығы 13 қызметкер қатысты. Озық қызметкерлер жүлделі орындармен және жеке номинациялармен марапатталды.

Еңбекті қорғау олимпиадасы жетекші кәсіби байқау және шеберлікті арттыруға арналған ең жақсы платформалардың бірі болып қала береді.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ

Компанияда ішкі бақылауды, қауіпсіздік бойынша мінез-құлық диалогтарын, оқиғаларды, төтенше жағдайларды басқаруды, найзағайлар мен бюллетеньдерді, қоршаған ортаны қорғауды, еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттауды, сауалнамалар мен қауіпсіздік минуттарын қоса алғанда, бірнеше модульдерді біріктіретін «Өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген

жүйесі» (ӨҚБЖ) автоматтандырылған жүйесі табысты жұмыс істейді.

100 мыңнан астам қызметкер ӨҚБЖ пайдаланушылары болып табылады. Мобильді қосымша арқылы әрбір қызметкер өз қауіпсіздігіне немесе әріптестерінің қауіпсіздігіне ықтимал қауіп төндіретін болса, қауіпті жұмыстарды тоқтату мүмкіндігіне ие.



Алатаева Амира, 7 жаста

МОБИЛЬДІК ПЛАТФОРМА ЦИФРМЕН

190 270
БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ
(ҚМД+ІБ)

182 109
БҰЗУШЫЛЫҚ ЖОЙЫЛДЫ
(ҚМД+ІБ)

118 485
ҚАУІПСІЗДІК ДИАЛОГЫ
ЖҮРГІЗІЛДІ

71 785
ИНСПЕКЦИЯ ЖҮРГІЗІЛДІ
(ЧЕК-ПАРАҚ)

96
НАЙЗАҒАЙ МЕН БЮЛЛЕТЕНЬ
ШЫҒАРЫЛДЫ

61 650
ДӘРІС (САҒАТ) ӨТКІЗІЛДІ

100 243
ПАЙДАЛАНУШЫ (АДАМ)
ТІРКЕЛДІ
ТІРКЕЛГЕНДЕР ҮЛЕСІ (%)

86
«ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК
ДЕҢГЕЙІ» ҚШК
LTIR-0.12 (ШЕГІ 0.17)

21
ҚБ ЖӘНЕ ЕҰ ӨҚБЖ
ПЕРИМЕТРІНЕ ЕНГІЗІЛДІ

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ЖҰМЫС ОРНЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ GRI 403-8

2023		
Барлық қызметкерлер үшін	Жалпы саны	
	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны	100 243 ³⁴
	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің пайызы	86%
	Ішкі аудиттен өткен жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны	1 052 ³⁵
	Ішкі аудиттен өткен жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің пайызы	1%
	Сыртқы аудиттен өткен немесе сыртқы тарап сертификаттаған жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны	1 972
	Сыртқы аудиттен өткен немесе сыртқы тарап сертификаттаған жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің пайызы	2%

34 Жұмыскерлердің саны ӨҚБЖ жүйесіндегі деректерге сәйкес көрсетілген.

35 Жұмыскерлердің саны ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001 стандарттары бойынша қайта сертификаттау аудитінің есебіне сәйкес көрсетілген.

Жалдамалы емес, бірақ жұмысы және /немесе жұмыс орны Компаниямен бақыланатын барлық қызметкерлер үшін	Жалпы саны	612
	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны	0
	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің пайызы	0%
	Ішкі аудиттен өткен жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны	0
	Ішкі аудиттен өткен жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің пайызы	0%
	Сыртқы аудиттен өткен немесе сыртқы тарап сертификаттаған жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны	0
	Сыртқы аудиттен өткен немесе сыртқы тараппен сертифицикатталған жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлердің пайызы	0%

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Алдағы жылға арналған жоспар негізінен жұмыстың үлгілік бағыттарын қамтиды, бірақ ерекше назар аударуды қажет ететін жеке аспектілер бар. Атап айтқанда, Компанияның денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы (ДСЖЕК) ме-неджмент жүйесін жетілдіру жөніндегі орта мерзімді жол картасын әзірлеу көзделген. Жол картасы HSE саласындағы орта мерзімді болашақтағы стратегиялық міндеттерді айқын-дайтын негізгі құжат болады. Ол жоспарлауды жүйелеу, жаңа шешімдерді іске асыру және қолданылатын шаралардың нәтижелілігін арттыру мақсатында құрылымдық бөлімшелер

мен еншілес ұйымдардың жұмысына басшылық жасау үшін пайдаланылатын болады.

Бұдан басқа, өндірістік персоналдың еңбек тәртібін және технологиялық тәртіпті сақтауы арқылы өндірістік міндеттерді тиімді және қауіпсіз орындауды қамтамасыз етуде басқару жүйесінің негізгі элементі ретінде өндірістегі сержанттық құрамның 3 200-ден астам қызметкерін қоса алғанда, кіші және орта бұын басшыларына қойылатын талаптарды арттыруға бағытталған шараларды әзірлеуге бастамашылық жасау жоспарлануда.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ


GRI 403-3, 403-10

Теміржол қызметі өндірістік жарақат алудың жоғары тәуекелімен, поездар қозғалысы қауіпсіздігімен, сондай-ақ қызметкерлерде со-зылмалы аурулардың ықтимал дамуымен бай-ланысты. Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік са-ясатының маңызды аспектісі болып табылады, өйткені қызметкерлердің физикалық және пси-хологиялық денсаулығына тікелей әсер етеді.

2023 жылы өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша Компанияда 24 430 жұмыс орны белгіленді, онда зиянды, ауыр және шиеленісті еңбек жағдайында 50 605 адам жұмыс істейді

Негізгі зиянды факторларға шуыл, шиеленісті және ауыр физикалық еңбек, діріл, электромаг-ниттік сәулелену және т.б. жатады.

ЗИЯНДЫ ЖАҒДАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ФАКТОРЛАР БӨЛІНІСІНДЕ, %



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРАП ТЕКСЕРУ

Қызметкерлердің денсаулық жағдайын ди-намикалық бақылау және оларды сауықтыру бойынша одан әрі тиімді шаралар қолдану мақсатында жұмыс берушіге еңбек жағдайы зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті ауыр жұмыстарда істейтін қызметкерлердің декреттелген контингентін міндетті медици-налық қарап-тексерулер мен куәландырулар жүргізу жөніндегі міндет заңнамалық түрде бекітілген. Сапалы және уақтылы жүргізілген медициналық тексеру кәсіптік және созылмалы аурулардың дамуын болдырмауға, сондай-ақ жұмыс орнында, оның ішінде өліммен аяқта-латын қызметкер денсаулығының кенеттен на-шарлау қаупін болдырмауға мүмкіндік береді.

Компания қызметкерлері үшін олардың жұмысқа жарамдылығын анықтау және ден-саулыққа ықтимал қауіптерін анықтау үшін физикалық тексеру жүргізіледі.

Ауысым алдындағы/рейс алдындағы меди-циналық тексерулер өткір және созылмалы аурулардың, денсаулықтың функционалдық бұзылыстарының шиеленісуін ерте анықтау және профилактикалық іс-шараларды жүргізу мақсатында жүргізіледі.

2023 жылы тасымалдаумен байланысты негізгі теміржол кәсіпорындарында («ҚТЖ-Жүк та-сымалы» ЖШС, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы, «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС және т. б.) 54 552 мін-детті мерзімді медициналық тексеру немесе жоспарланған тексерулердің жалпы санының

90%-ы өткізілді. Жоспардың орындалмауы қызметкерлердің 3,8%-ы жұмыстан шығып кетуіне, 1,9%-ы еңбек демалысында болуына, 1,2%-ы уақытша еңбекке жарамсыздығына бай-ланысты жұмыс орнында болмауына, 3,1%-ы өзге себептерге байланысты.

Анықталған созылмалы ауруларға байланысты міндетті мерзімді медициналық тексерулердің қорытындысы бойынша тексерілген қызмет-керлердің 4,4%-ына диспансерлік есепке тұру, 1,3%-ына санаторлық- курорттық емделу, 3,1%-ына амбулаториялық емделу, 0,3%-ына стационарлық емделу және тексерілу ұсы-нылды.

Мерзімді медициналық тексерулер кезінде 323 түрлі ауру анықталды. Олардың ішінде жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары, ең алдымен артериялық гипертония барлық анықталған жағдайлардың 60%-ы болды. Тыныс алу органдарының аурулары (ЖРВИ) таралуы бойынша екінші орында, анықталған аурулардың жалпы санының 10%-ы болды.

Тексеру нәтижелері бойынша қызметкерлердің 0,5%-ы жұмыстан шеттетілді. Жұмыстан шет-тетудің негізгі себебі жүрек-қан тамырлары аурулары болды, бұл 197 жағдайды, немесе 60%-ды құрады.



АУРУЛАР ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСТАН ШЕТТЕТУ, %

Аурулар	%
Жүрек-тамыр жүйесі	61
ЖРВИ (катаралды құбылыстар, жоғарғы температура)	10
Көз аурулары	4,7
Басқа аурулар	24,3

ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ КҮРТ НАШАРЛАУЫ GRI 403-6

Жұмыс орнындағы қызметкер денсаулығының кенеттен нашарлауы жалпы аурудың әсерінен туындаған өндірістік жарақаттанудың есепке алынбайтын жағдайы болып табылады.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 47 қызметкері денсаулығының кенеттен нашарлауынан (ДКН) зардап шекті (2022 жылы – 27 қызметкер). Оның 19-ы өліммен аяқталды (2022 жылы-12 жағдай).

Өлімге әкелетін жағдайлардың себебі жүрек-қан тамырлары жүйесінің асқынуы: миокард инфарктісі болды.

үй-жайларға және локомотив бригадаларының демалыс үйлеріне жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ жылыну пункттері мен демалуға арналған модульдік ғимараттар орнатылды. Автокөлік, жиһаз және тұрмыстық техника жеткізілді.

Сондай-ақ есепті жылы ӨҚБЖ «Қауіпсіздік минуттары» мобильді қосымшасында ай сайын жүрек-қан тамырлары ауруларының, инфекциялық аурулардың, жарақаттардың және т.б. алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді. Өзекті жұқпалы аурулар (ӨИИ, тұмау, қызылша) бойынша роликтер әзірленді.


Еңбек жағдайын жақсарту және қызметкерлердің денсаулығы үшін тәуекелдерді азайту бойынша қолданылған шаралар

Қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту мақсатында есепті жылы ғимараттарға,

Еңбекке жарамсыздық парақтары

2023 жылы 36 мыңнан астам қызметкер 1 991,9 млн теңгеге ерікті медициналық сақтандыруды алды.

2021 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АУЫРУЫ БОЙЫНША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ КҮНДЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, КҮНДЕР



Ауру бойынша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны 2022 жылғы 943 547 күнге қарсы 1 277 560 күнді құрады, қызметкерлердің еңбекке жарамсыздығына себеп болған негізгі

аурулар өткір респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және пневмония, сүйек-бұлшықет жүйесі аурулары болды.

Денсаулық жағдайы туралы қызметкерлер арасындағы сауалнама

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері арасында «Стресс. Персоналдың психикалық денсаулығы» анонимді сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама міндеттері денсаулықтың психикалық жай-күйін және стресске төзімділікті бағалау және алынған сауалнама нәтижелері негізінде қызметкерлерді психикалық сауықтыру шараларын әзірлеу болды.

Сауалнамаға 18 мыңнан астам қызметкер қатысты.

Жұмыстағы стрестің алдын алу және психикалық денсаулықты жақсарту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің жұмыстағы стрестің алдын алу және психикалық денсаулығын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспар «Health and safety» деректерін талдау арқылы стресті бағалау жөніндегі іс-шараларды, қызметкерлер сауалнамаларының көмегімен мониторингті жүзеге асыруды қамтиды, сондай-ақ қызметкерлерге арналған стресс бойынша тренингтер және басқа да шаралар өткізу көзделген.



Төлемесов Арыстан, 8 жаста

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

04

Корпоративтік басқару жүйесі	146
Жалғыз акционер	149
Директорлар кеңесі	149
Басқарма	162
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	171
Ішкі аудит қызметі	182
Корпоративтік омбудсмен	185
Мүдделер қақтығысын басқару	186



Махамбет Ілияс, 8 жаста

«ҚТЖ» ҰК» тиімділігі Компанияның тұрақтылығы мен табысты дамуына тікелей әсер ететінін біле отырып, корпоративтік басқару мәселелеріне ерекше назар аударады. Акционерлер, басшылық пен қызметкерлер арасындағы өзара іс-қимыл қолайлы және айқын корпоративтік мәдениетті құруға бағытталған стратегияның негізгі элементі ретінде қарастырылады.

Компания өз қызметінде айқындылық, жауапкершілік және әділеттілік қағидаттарының

сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Бұдан басқа, басқарудың озық тәжірибелерін енгізу қызметке байланысты тәуекелдерді азайтуға көмектеседі және ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Жалпы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін корпоративтік басқару - тұрақты өсуге ғана емес, сонымен қатар инвесторлар, серіктестер және басқа да мүдделі тараптар тарапынан сенімді нығайтуға ықпал ететін стратегиялық құрамдас бөлік.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі Компания қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін процестер жиынтығын білдіреді.

Корпоративтік басқару қағидаттары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқару органдарының құзыреттері нақты бөлінген және Компания Жарғысында бекітілген.



Елубай Жасұлан, 12 жаста

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-9

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқарудың екі деңгейлі жүйесі басқарудың екі негізгі деңгейін: Директорлар кеңесін және атқарушы орган – Басқарманы қамтитын құрылым болып табылады.





Кодекс Компанияның корпоративтік веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналасқан: [«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі](#)

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі³⁶ Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Кодекс Қазақстанда және әлемде қабылданған корпоративтік басқару тәжірибелерін ескереді, Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді.

Кодексстің мақсаты корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқару айқындылығын қамтамасыз ету және тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейілділігін растау болып табылады. Кодекс Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді. Директорлар кеңесі Кодекс ережелерінің Компанияда енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады.

2023 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер енгізілді, өзгерістермен, басқалардың арасында, «Корпоративтік басқару қағидаттары» 1-бөлімін және тұрақты даму тараулары алып тасталған, директорлар кеңестерінің тиімділігі жөніндегі жекелеген ережелері, Обмүдсмен ұғымы мен құзыреттерінің, ішкі аудит жүйесінің, атқарушы орган қызметінің, тәуекелдер мен бақылауды басқару жүйесінің анықтамалары қайта қаралған, Комплаенс қызметі бөлігіндегі ережелермен толықтырылған және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізілген.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес Корпоративтік хатшы жыл сайын Компанияның «Comply or explain» («Сақта немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, оның қағидаттары мен ережелерін сақтауы тұрғысынан кодексті талдайды.

Кодекс ережелерінің орындалуын бақылау «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне жүктеледі.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2023 жылғы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің³⁷ қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп Кодекс ережелерінің 89,4%-ы сақталатынын, 5%-ы ішінара сақталатынын және 5,6%-ы Компанияға қолдануға келмейтінін көрсетеді.

2024 жылы Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

2023 жылы Компания корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді жалғастырды, осылайша, корпоративтік басқару жүйесінің сыртқы саяси диагностикасының қорытындылары бойынша алынған ұсынымдарды ескере отырып, 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та 2022–2023 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспар³⁸ әзірленіп, бекітілді, ол бойынша жұмыс 2023 жылы жалғасты.

- Есепті жылы жоспарды іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар орындалды:
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың түзетілген 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді;
 - Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін ескере отырып, Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты бекітілді;
 - 2022 жылғы қорытынды бойынша Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді;
 - климаттық/экологиялық тәуекелдерді (ESG тәуекелдері) қамтитын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер тізілімі бекітілді;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма мүшелерінің сабақтастығы жоспары бекітілді;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2023–2028 жылдарға арналған Кадрлық саясаты бекітілді;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясаты бекітілді.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының іске асырылуын бақылауды «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

2024 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарланып отыр.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) жоғары басқару органы – Жалғыз акционер болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ акцияларының 100%-ы Жалғыз акционер – Қорға тиесілі болғандықтан, заңнамада және Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша барлық шешімдерді Жалғыз акционер жеке қабылдайды.

Жалғыз акционер басқаруды «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңда-

рында және Компания Жарғысында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Жалғыз акционердің өкілеттігіне Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесінің мүшелерін және Басқарма Төрағасын сайлау, жылдық қаржылық есептілікті бекіту және т.б. кіреді.

2023 жылы Жалғыз акционер «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі құрамының мәселелерін қарады, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекітті.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компания Жарғысында айқындалған тәртіппен қабылданады. Директорлар кеңесі Компанияның қауіпсіз, табысты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ ұзақ мерзімді акционерлік құнды құруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесі Компания қызметінің басым бағыттарын айқындайтын Даму стратегиясын бекітеді, қызметтің перспективалық жоспарлары мен негізгі бағдарламаларын бекітеді, тәуекелдерді басқару

жүйесін ұйымдастырудың жалпы қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компания Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарын негізге ала отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарларына және отырыстарды өткізу графигіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-10, 2-11

Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Корпоративтік басқару кодексінде және Компания Жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесі құрамында ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін тұлғалық сипаттамалары, жасы және гендерлік құрамы бойынша жеткілікті әралуандықты қамтамасыз ету ұсынылады.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Компанияның мүддесі үшін және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігін сақтау маңызды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін жеке негізде әрбір үміткердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Жалғыз акционер сайлайды.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Компанияның Басқарма Төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Компанияның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген, бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің (акционер өкілдерінің, тәуелсіз директорлардың, атқарушы орган басшысының) ұйым мүддесі үшін және акционерге әділ көзқарасты ескере отырып шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін үйлесімін білдіреді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына үш тәуелсіз директорды қосқанда сегіз директор кіреді. Жалғыз акционердің өкілі Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады. Директорлар кеңесінің мүшелерінде

36 Жалғыз акционердің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген.

37 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (№4 хаттама) бекітілген.

38 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 наурыздағы шешімімен (№3 хаттама) бекітілген.

Компанияның акциялары/үлестес компаниялардың жарғылық капиталына қатысу үлестері болмайды, сондай-ақ Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің жарғылық капиталындағы акциялары/қатысу үлестері болмайды.

2023 жылы Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту үшін Компанияның Директорлар кеңесінің сабақтастығы жоспарын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізді, оның шеңберінде Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамын жаңарту, оның ішінде гендерлік әралуандықты қамтамасыз ету жөніндегі міндет шешілуде. Жұмыс қорытындылары 2024 жылы Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын болады (Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауында сипатталған нормаларға сәйкес).

Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға дайындалуға жеткілікті уақыт бөледі. Директорлар кеңесі мүшесінің бір мезгілде төрт заңды тұлғадан артық Директорлар кеңесі мүшесі лауазымында болуына жол берілмейді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы және оның рөлі

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесін жалпы басқаруға жауапты, Директорлар кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционер және Басқарма арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына бейімделген, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде жауап бере алатын кәсіпқойлардың бірыңғай командасын құруға ұмтылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы рөлін орындау үшін кәсіби біліктілігі мен тәжірибесінен басқа, көшбасшылық, ынталандыру, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіну, жанжалды жағдайларды шешу дағдылары сияқты арнайы дағдыларға ие болады.

Тәуелсіз директорлар және олардың рөлі

Компания Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Ди-

ректорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 30%-ына дейін құрайды.

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Жалғыз акционер мен Компания тәуелсіз директорлар лауазымына конкурстық негізде үміткерлерді іздеу және іріктеу рәсімін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің, Компания Жарғысының және Жалғыз акционердің жергілікті актілерінің талаптарын басшылыққа алады.

Тәуелсіз директорлар Дж.(Й.) Маккей, У.Вокерка және А.Ширхубер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкес келеді. Осылайша, аталған тәуелсіз директорлар қабылдаған шешімдерге айтарлықтай әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ешқандай қатынастар немесе жағдайлар жоқ.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері

Директорлар кеңесінің мүшелері негізгі шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті құзыреттерге ие, соның ішінде теміржол, қаржы, инвестициялар, тәуекел менеджменті, корпоративтік басқару, персоналды басқару, тұрақты даму, трансформация және цифрландыру саласындағы маңызды жұмыс тәжірибесі мен білімге ие.

Директорлар кеңесінің құрамы әр түрлі дағдылардың, тәжірибелер мен білімдердің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді, бұл оған қызмет нәтижелерін және қаржылық жағдайды жақсартуға бағытталған объективті және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту және дамыту

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері біліктілікті арттыру мақсатында жыл сайын оқытудан өтеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру қажеттілігі өзін-өзі бағалау нәтижелері негізінде айқындалады. Сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту жоспары корпоративтік басқару диагностикасының қорытындылары бойынша алынған ұсынымдар негізінде қалыптастырылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті 2019 жылғы 8 маусымда (№8 хаттама) бекіткен Директорлар кеңесі мүшелерінің негізгі құзыреттерінің матрицасына сәйкес өзін-өзі бағалау нәтижелері негізінде 2022 жылы өткізілген Директорлар кеңесі мүшелерін оқытудың 2022–2023 жылдарға арналған жоспары³⁹ бекітілді.

Жоспарға сәйкес 2023 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері келесі тақырыптар бойынша онлайн оқытудан өтті: климаттық тәуекелдерді басқару, көміртегі шығарындыларын трансшекаралық реттеу және ESG саласындағы басқа да маңызды аспектілерді қарастырған ESG мәселелерін корпоративтік басқару; теміржол логистикасы және жеткізілім тізбегін басқару, сондай-ақ кәсіпорын ауқымындағы тәуекелдерді бағалау, капиталдың заңсыз ағындарына уақтылы назар аудару және қаржылық қылмыстар бойынша ICA клиенттердің тәуекелдерін басқарудағы тәсілдер.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

GRI 2-18

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесін, комитеттерді және Директорлар кеңесінің мүшелерін бағалау жыл сайын және тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қызметін жақсарту үшін бағыттарды анықтауға және шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалауы шеңберінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша төмендегі іс-шаралар өткізілді, олардың нәтижелерін Директорлар кеңесі қарады және олар тиісті есепте көрсетілді:

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

GRI 2-9




- Директорлар кеңесі қызметінің 13 негізгі құрамдас бөлігін қамтитын Директорлар кеңесі мүшелерінің сауалнамасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та қолданылатын корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды талдау;
- 2022 жылғы қорытынды бойынша Директорлар кеңесінің қызметін статистикалық талдау;
- Директорлар кеңесі Төрағасының және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет Төрағасының Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен сұхбаты;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің өзара бағалауы.

Өткізілген өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауы туралы есеп (бұдан әрі – Есеп) қалыптастырылды. Есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№4 хаттама) бекітілді. Есепте Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметін жақсартуға және «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған пікірлері мен ұсыныстары көрсетілген. Қызметті өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023–2024 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілді.

2023 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарының директорлар кеңестерінің қызметін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

2023 жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау туралы есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 25 сәуіріндегі шешімімен (№4 хаттама) бекітілген.


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ӘРАЛУАНДЫҒЫ, %



39 Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен (№12 хаттама) бекітілген.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАСЫ, %



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҒЫ, %



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

2023 жылғы 26 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Н.З. Аханзариповтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып А.А. Ширхубер сайланды;

2023 жылғы 19 маусымнан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Н.Т. Байдәулетовтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қ.Қ. Ирубаев сайланды;

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРТА ЖАСЫ

47 ЖАС

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ, %



2023 жылғы 24 тамыздан бастап Н.Н. Нұрбаеваның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

2023 жылғы 31 тамыздан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі болып жалғыз акционердің мүдделерінің өкілі ретінде А.Қ. Рысқұлов сайланды;

2023 жылғы 7 қыркүйектен бастап Ю.И. Лавриненконың Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің Төрағасы ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, А.К. Рысқұлов Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

2023 жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда болды: GRI 2-9

ТАӘ	Сайланған күні	Өкілеттік мерзімі
Тәуелсіз директорлар		
Дж.(Й.)МакКей	07.10.2021	3 жыл
У.Вокурка	07.10.2021	3 жыл
А.Ширхубер	24.04.2023	Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін
Жалғыз акционер мүддесінің өкілдері		
А.Қ.Рысқұлов	31.08.2023	Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін
Қ.Қ.Ирубаев	19.06.2023	Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін
Е.Қ.Бердіғұлов	18.02.2022	Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін
Ғ.Қ.Ауғанов	18.02.2022	Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін
Басқарма Төрағасы		
Н.Е.Сауранбаев	07.10.2021	3 жыл

Тәуелсіз директорлар өкілеттіктерінің орташа мерзімі (Дж.(Й.)МакКей, У.Вокурка, А.Ширхубер) 1,8 жылды құрайды.

Тәуелсіз директорлар және Жалғыз акционер мүддесінің өкілдері өкілеттігінің орташа мерзімі – 1,4 жыл.

Директорлар кеңесі өкілеттігі аяқталатын күні – 2024 жылғы 7 қазан.



АЙДАР ҚАЙРАТҰЛЫ РЫСҚҰЛОВ

Директорлар кеңесінің Төрағасы, Жалғыз акционер мүддесінің өкілі

Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бері кіреді

Туған жылы: 1981

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Қаржы және кредит» мамандығы.
- Назарбаев университеті, «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» (Executive MBA), DUKE University-мен бірлескен бағдарлама.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары банк саласында түрлі лауазымдарды атқарды, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ инвестициялық жобалар департаменті директорының орынбасары, «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржы активтерін басқару жөніндегі директоры болды, түрлі ұйымдардың Директорлар кеңестерінің құрамына қатысу бойынша үлкен тәжірибесі бар.
- 2019 жыл мен 2023 жыл аралығында – «Самұрық-Энерго» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.
- 2023 жылдың тамыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



НҰРЛАН ЕРМЕКУЛЫ САУРАНБАЕВ

**Директорлар кеңесінің мүшесі
Басқарма төрағасы**

Директорлар кеңесінің құрамына
2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1967

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, мамандығы «Экономика».

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары «Қазақстан темір жолы» РМК-да, «ҚазМұнайГаз» МК» АҚ-та басшылық лауазымдарда, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі Ұйымдастыру комитетінің басшысы қызметтерін атқарды.
- 2017 жыл мен 2018 жыл аралығында – Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімі.
- 2019 жыл мен 2021 жыл аралығында – ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің меңгерушісі.
- 2021 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ҚУАТ ҚАЙЫРГЕЛДІҰЛЫ ИРУБАЕВ

**Директорлар кеңесінің мүшесі
Жалғыз акционер мүддесінің өкілі**

Директорлар кеңесінің құрамына
2023 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1979

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы, мамандығы: «Механика. Қолданбалы математика».
- Назарбаев университетінің Жоғары бизнес мектебі, «Іскерлік әкімшілендіру (басқарушы кадрлар үшін)» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде, «БРК-Лизинг» АҚ-та, «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-та әртүрлі лауазымдарды атқарды, қызметінің негізгі саласы түрлі салалардағы тәуекелдерді басқару болды.
- 2006 жыл мен 2008 жыл аралығында — «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ тәуекелдерді басқару бөлімінің басшысы.
- 2008 жыл мен 2015 жыл аралығында — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер комитетінің мүшесі.
- 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Marsh» компаниясының Астана қаласындағы өкілі.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ БЕРДІҚҰЛОВ

**Директорлар кеңесінің мүшесі
Жалғыз акционер мүддесінің өкілі**

Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1987

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- University of Toronto, Канада, мамандығы «Мемлекеттік саясат және халықаралық қатынастар»
- «Операциялар тиімділігін басқару және бизнес тиімділігін басқару» (СИМА) дипломы
- University of Warwick, Ұлыбритания, бизнес-әкімшілендіру магистрі, MBA

Еңбек қызметі:

- 2010 жыл мен 2018 жыл аралығында «Семізбай-У» ЖШС бизнес әкімшілендіру бөлімінің бас маманы, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушылық есептілік жүйесін енгізу бойынша жобалық офис жобасының менеджері, Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша), «Самұрық-Энерго» АҚ Талдамалық қолдау, Стратегиялық даму, Жобаларды басқару департаменттерінің директоры қызметтерін атқарды.
- 2018 жыл мен 2019 жыл аралығында – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының талдаушысы.
- 2019 жыл мен 2021 жыл аралығында – «Whiteshield Partners» халықаралық консалтингтік компаниясының жобалар жетекшісі.
- 2021 жыл мен 2022 жылғы ақпан аралығында – «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, тұрақты даму және цифрлық трансформация жөніндегі басқарушы директоры.
- 2022 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ҒИБРАТ ҚАЙРАТҰЛЫ АУҒАНОВ

**Директорлар кеңесінің мүшесі
Жалғыз акционер мүддесінің өкілі**

Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1988

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- «АРНА» Көкшетау экономикалық колледжі, «Қаржы» мамандығы.
- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Қаржы» мамандығы.
- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, «Мұнай-газ ісі» мамандығы.
- Гуманитарлық-техникалық академия, «Экономика және бизнес магистрі» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының «Инженерлік орталық» филиалының еңбекті жоспарлау және нормалау бөлімінің инженері, «ҚазМұнайГаз» МК» АҚ Еңбекке ақы төлеу және еңбекті нормалау департаментінің жетекші маманы, «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» ЖМ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС адами ресурстарды басқару департаментінің еңбекті нормалау жөніндегі жетекші инженері лауазымдарын атқарды.
- 2017 жыл мен 2020 жыл аралығында – «Ембімұнайгаз» АҚ Персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары.
- 2020 жыл мен 2021 жыл аралығында – «Қаражанбасмұнай» АҚ персоналмен жұмыс департаментінің директоры.
- 2021 жыл мен 2022 жыл аралығында – «Самұрық-Қазына» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры.
- 2022 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



УЛЬФ ВОКУРКА

Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына
2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1962

Азаматтығы: Германия Федеративті Респуб-
ликасы

Білімі:

- Мартин Лютер атындағы университет (Германия);
- KCPRO CIM Мәскеу Мемлекеттік халық -
ралық қатынастар институты (ММХҚИ),
«Халықаралық қатынастар» факультеті.

Еңбек қызметі:

- «Deutsche Bank AG», «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ, «Metzler Asset Management GmbH» компанияларында жұмыс істеді.
- Әр жылдары «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы қызметін атқарды; ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі қауымдастығының төрағасы және Басқарма мүшесі; «Қазкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі, «Цеснабанк» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «АХҚО Әкімшілігі» АҚ және «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



АЛЕКСАНДЕР АНДРЕАС ШИРХУБЕР

Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына
2023 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1988

Азаматтығы: Австрия Республикасы

Білімі:

- Лаудер Вена бизнес мектебі, Австрия Республикасы, Халықаралық менеджмент және басқару магистрі.
- Лондон экономика және саясаттану мектебі, Англия, жаһандық менеджмент бойынша ғылым магистрі.
- Вена экономика және іскерлік әкімшілендіру университетінде, Көлік және логистика институтында инфрақұрылым мен логистиканы дамыту саласындағы ғылыми жобалар.

Еңбек қызметі:

- 2017 жыл мен 2018 жыл аралығында – «Группа ГАЗ» компаниясының Батыс Африкадағы сату жөніндегі менеджері (Нижний Новгород, Ресей).
- 2018 жыл мен 2022 жыл аралығында – «ÖBB Infrastruktur AG» (Австрия) «Breitspur Planungsgesellschaft mbH (BPG)» Басқарушы директоры.
- 2022 жылғы ақпан мен желтоқсан аралығында – «Rail Cargo Logistics» (Ресей) Басқарушы директоры; «ÖBB Rail Cargo Austria» Еуразия – аға сарапшысы.
- 2023 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін – «Superfund Asset Management Company GmbH» компаниясының Бизнесті дамыту – жаһандық нарықтар жөніндегі директоры, сондай-ақ «Superfund Japan Co., Ltd» компаниясының Басқарма мүшесі.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ДЖОН (ЙАН) МАККЕЙ

Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1955

Азаматтығы: Ұлыбритания

Білімі:

- Стирлинг университеті, білім беру және ағылшын тілін зерттеу.
- Мердігерлік және қақтығыстарды басқару жөніндегі сертификат, Core Solutions, Эдинбург.
- Стирлинг университеті Менеджмент мектебінің құрметті профессоры.

Еңбек қызметі:

- «Lothian Buses Ltd.», «Critiqom Ltd.» компанияларының директорлар кеңестерінде (2006 жылдан бері), NHS UK – жалақыны тексеру органында, Шотландия колледждерінде, Эдинбург колледжінде, Шотландия бойынша консультативтік комитетте, Security Industry Authority және т.б. айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар.
- 2012 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін – «Otherhand Ltd» компаниясының құрылтайшысы – директоры.
- 2015 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін – Стирлинг университеті Менеджмент мектебінің халықаралық кеңесі Директорлар кеңесінің мүшесі; «Police Negotiating Board & SPCF» Тәуелсіз төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2023 жылы Директорлар кеңесі жоспар бойынша 7 отырыс болғанда 17 отырыс, оның ішінде қатысатын нысанда 16 отырыс, сырттай дауыс беру нысанында 1 отырыс өткізді.

Директорлар кеңесінің 2023 жылы өткізілген отырыстарында стратегиялық мәселелер, есептілік, корпоративтік басқару, мәмілелер жасасу мәселелері, ішкі құжаттарды бекіту,

кадр мәселелері, Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметі мәселелері және Компания қызметінің өзге де мәселелері бойынша 180 мәселе қаралды.

2023 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына орташа қатысу 88,5% болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесі жанынан төрт комитет құрылған:

- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегия және қаржы жөніндегі комитет;
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет;
- Аудит жөніндегі комитет.

Комитеттердің негізгі міндеті олардың құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу, сондай-ақ негізделген және салмақты шешімдер қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Комитеттер Комитет жұмысына ойдағыдай қатысу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен құралған.

Комитеттердің қызметі тиісті ережелермен қатаң реттеледі. Комитеттер туралы ережелерге сәйкес тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып табылады.

2023 жылы корпоративтік шешімдер қабылдау процестерін дебюрократизациялау және Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ комитеттері туралы барлық ережелерге өзекті сипат беру бойынша жұмыс жүргізілді.

Комитеттердің отырыстарына шақыру бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерінің тұрақты қатысуы комитеттер жұмысының тиімділігін арттыра түсуге ықпал етті, бұл Компанияның барлық мүдделі тараптарының мүдделерін тереңірек түсінуді қамтамасыз етті және саналы әрі теңгерімді шешімдер қабылдауға ықпал етті.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Комитет	Міндеттері
Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет	Кадрлық саясат, тағайындаулар, қызметті бағалау, сыйақылар және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мәселелерді қарау
Стратегия және қаржы жөніндегі комитет	Стратегиялық даму мәселелерін, қаржылық тұрақтылыққа байланысты мәселелерді және инвестициялық стратегия мен активтерді басқару саласындағы мәселелерді қарау
Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік жөніндегі комитет	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мәселелерді, Компанияның пайдалану және операциялық қызметіне, қоршаған ортаны қорғауға, қозғалыс қауіпсіздігіне, тұрақты дамуға байланысты мәселелерді қарау
Аудит жөніндегі комитет	Қаржылық есептілік, сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, корпоративтік басқару, ішкі аудит және комплаенс саласындағы мәселелерді қарау

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОМИТЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУЫ

ТАӘ	Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегия және қаржы жөніндегі комитет	Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік жөніндегі комитет	Аудит жөніндегі комитет
Рысқұлов Айдар Қайратұлы		+		
Сауранбаев Нұрлан Ермекұлы				
Бердіқұлов Ернат Құдайбергенұлы		+		
Ерубаев Қуат Қайыргелдіұлы		+	+	
Ауғанов Ғибрат Қайратұлы	+		+	
Ширхубер Александер Андреас		+	+	+
Вокурка Ульф	+	+		+
Маккей Джон (Йан)	+	+		+


ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің құзыреттері мен өкілеттіктері Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережеде келтірілген.

Комитеттің 2023 жылдағы қызметі

2023 жылы Комитеттің 12 отырысы өткізілді (жоспар – 7 отырыс), онда 102 мәселе қаралды.

ЕСЕПТІК ЖЫЛДА КОМИТЕТ ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР, %



СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің құзыреттері мен өкілеттіктері Стратегия мен қаржы жөніндегі комитет туралы ережеде келтірілген.

Комитеттің 2023 жылдағы қызметі

2023 жылы Комитеттің 17 отырысы өткізілді (жоспар – 7 отырыс), онда 107 мәселе қаралды.

ЕСЕПТІК ЖЫЛДА КОМИТЕТ ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР, %



Ереже Компанияның корпоративтік веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған: [«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереже](#)



Ереже Компанияның корпоративтік веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған: [«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және қаржы жөніндегі комитеті туралы ереже](#)



Ереже Компанияның корпоративтік веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған: [«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік жөніндегі комитеті туралы ереже](#)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің құзыреттері мен өкілеттіктері Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік жөніндегі комитет туралы ережеде келтірілген.

Комитеттің 2023 жылдағы қызметі

2023 жылы Комитеттің 6 отырысы өткізілді (жоспар – 5 отырыс), онда 48 мәселе қаралды.

ЕСЕПТІК ЖЫЛДА КОМИТЕТ ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР, %



АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



Ереже Компанияның корпоративтік веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған: [«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже](#)

Комитеттің құзыреттері мен өкілеттіктері Аудит жөніндегі комитет туралы ережеде келтірілген.

Комитеттің 2023 жылғы қызметі

2023 жылы Комитеттің 9 отырысы өткізілді (жоспар – 8 отырыс), онда 86 мәселе қаралды.

ЕСЕПТІК ЖЫЛДА КОМИТЕТ ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР, %



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУІ

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты Компанияның корпоративтік сайтында және басқа ресурстарда уақтылы және сенімді түрде ашады. Компанияның Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің отырыстары шеңберінде мәселелерді талқылауға қатысатын Жалғыз акционердің мүдделерін білдіретін бірқатар директорлар кіреді.

2023 жыл ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің бастамасы бойынша тұрақты негізде, оның ішінде еншілес ұйымдардың басшыларымен кездесулер мен кеңестер өткізілді.

2023 жылғы 29 және 30 сәуір аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Ю.И. Лавриненко, Н.З. Аханзарипов, Дж. (Й.) МакКей, У. Вокурка өндірістік объектілердің қызметімен танысу мақсатында Алтынкөл және Достық станцияларына барды.

2023 жылғы 8 және 9 қыркүйек аралығында Компанияда және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-та қауіпсіздік мәселелеріне жетекшілік ететін бас инженерлермен бірлесіп, Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшелері А.А. Ширхубер мен Қ.Қ. Ирубаев желілік кәсіпорындардағы еңбекті қорғау жағдайымен

танысу мақсатында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Қарағанды бөлімшесіне барды.

2023 жылғы 10 қарашада Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің мүшелері Ғ.Қ. Ауғанов, Қ.Қ. Ирубаев және А.А. Ширхубер Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі V Халықаралық форумға қатысты. Форум аясында бизнес-серіктестер мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ желілік және өңірлік деңгейдегі бөлімшелерінің жауапты басшыларының қатысуымен өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша тақырыптық диалог өткізілді. Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы А.А. Ширхубердің шақыруымен Форум аясында Австрия федералды темір жолдарының өкілі «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық» тақырыбында тренинг өткізді.

2023 жылғы 15 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Samruk Business Academy» ЖМ бастамасымен оқыту мен дамытудағы трендтерді талқылауға, онлайн және офлайн форматтарда тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін адами ресурстарды басқару саласындағы HR директорлар мен сарапшыларды біріктіретін «HR connect» қоғамдастығы құрылды. Қоғамдастықтың бастапқы кездесуіне Директорлар кеңесінің мүшелері Ғ.Қ. Ауғанов және Дж. (Й.) МакКей қатысты.

2023 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯЛАР

2023 жылғы 16 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та жыл сайынғы стратегиялық сессия өтті, оған Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері қатысты.

Сессия барысында логистика мен транзиттік тасымалдарды дамыту саласындағы ағымдағы ахуалмен және жоспарлармен, халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасының теміржол саласы моделін өзгерту нұсқаларын талқылаумен, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық қызметінің нысанаға

алынған схемасын талқылаумен байланысты мәселелер қаралды.

Стратегиялық сессияның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері бірқатар өзекті сұрақтарды қойып, логистика мен транзиттік тасымалдарды дамыту процесін одан әрі іске асыру, сондай-ақ «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ті одан әрі дамыту үшін тапсырмалар берді.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІК КЕЛЕШЕК БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР:

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізуі;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа Сабақтастық жоспарын қалыптастыру;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жаңа Корпоративтік басқару кодексін енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2024 жылға арналған жаңа жоспар әзірлеу;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ірі еншілес ұйымдарының директорлар кеңестері мен байқау кеңе-

- стерінің құрамдарын олардың өкілеттілік мерзімдеріне және «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес өзге де тапсырмаларға сәйкес жаңарту;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарында корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізу;
- корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та қолдану тәжірибесіне сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі құжаттарына өзекті сипат беру.

БАСҚАРМА GRI 202-2

Басқарма алқалы атқарушы орган ретінде ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және Компания қызметінің белгіленген стратегиялық мақсаттарына, Даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Басқарманың негізгі міндеттеріне Компа- нияның Стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, қаржы-шаруашылық саясатты іске

асыру, ағымдағы шаруашылық қызметпен байланысты маңызды мәселелер бойынша шешімдер әзірлеу және бөлімшелердің жұмысын үйлестіру, бақылау жүйесі мен тәуе- келдерді мониторингтеу жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету кіреді.

Басқарма Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ұмтылады.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ Дирек-

торлар кеңесінің құзыретіне жатады. Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттік- терін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акцио- нердің құзыретіне кіреді.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2023 жылы Басқарма құрамында өзгерістер болмады.

2023 жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы келесі құрамда болды:

ТАӘ	Лауазымы
Н.Е. Сауранбаев	Басқарма Төрағасы
Қ.Е. Әлмағамбетов	Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары
Ә.М. Ахметжанов	Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары
С.Ж. Кеулімжаев	Басқарма мүшесі, Аппарат басшысы
Д.Ә. Көшеров	Басқарма мүшесі, Қаржы жөніндегі басқарушы директор
Б.П. Орынбасаров	Басқарма мүшесі, Өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директор
Е.Х. Қойшыбаев	Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары
Е.Қ. Нағаспаев	Басқарма мүшесі, Жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директор



НҰРЛАН ЕРМЕКҰЛЫ САУРАНБАЕВ

Директорлар кеңесінің мүшесі
Басқарма Төрағасы

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1967

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, «Экономика» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары «Қазақстан темір жолы» РМҚ-да, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшы лауазымдарды, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі Ұйымдастыру комитетінің басшысы лауазымдарын атқарды.
- 2017 жыл мен 2018 жыл аралығында – Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімі.
- 2019 жыл мен 2021 жыл аралығында – ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің меңгерушісі.
- 2021 жылғы сәуірден бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы



ҚАНАТ ЕСМҰХАНҰЛЫ ӘЛМАҒАМБЕТОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1962

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- Алматы теміржол көлігі инженерлері институты, «Темір жолдарды пайдалану» мамандығы.
- М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, «Теміржол көлігіндегі экономика және менеджмент» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Кәсіби жолын поездар құрастырушысынан бастап «Қазақстан темір жолы» РМҚ басшылық лауазымдарына дейін өсті.
- Әр жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақмола тасымалдау бөлімшесі» филиалының директоры, «Қазтеміртранс» АҚ Вице-президенті, Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тасымалдау процесі жөніндегі басқарушы директоры, Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің кеңесшісі қызметтерін атқарды.
- 2015 жыл мен 2018 жыл аралығында – «KAZLOGISTICS» көлік және логистикалық ұйымдар мен ассоциациялар одағы» ЗТБ Бас директоры.
- 2018 жылғы желтоқсаннан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.



АНУАР МҰРАТҰЛЫ АХМЕТЖАНОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1975

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы.
- Джонс Хопкинс университеті, «Халықаралық қаржы» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары «ҚазМұнайТеңіз» ХМК» АҚ-та, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та, «Самұрық-Қазына» холдингі АҚ-та, «ҚазГерМұнай» БК ЖШС-те басшылық қызметтерді атқарды. Қарағанды облысы әкімінің өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, индустрияландыру және инвестициялар мәселелері жөніндегі орынбасары; ҚР Президенті Әкімшілігінің инспекторы; ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жауапты хатшысы лауазымдарын атқарды.
- 2020 жыл мен 2021 жыл аралығында – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібінің бірінші вице-министрі.
- 2021 жылғы шілде мен 2022 жылғы ақпан аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Трансформация және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары.
- 2022 жылғы ақпан мен 2023 жылғы қараша аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Стратегия жөніндегі орынбасары.
- 2023 жылғы қарашадан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



СЕРІК ЖЕТКЕРГЕНҰЛЫ КЕУЛІМЖАЕВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1966

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- Халықтар Достығы орденді Ростов медицина институты, «Медицина-профилактикалық іс», «Медициналық қызметті жалпы ұйымдастыру» мамандықтары.
- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Мұнай, газ және көмір химиялық технологиясы» мамандығы.
- Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, Корпоративтік басқарудың жоғары мектебі (DBA).

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары «PricewaterhouseCoopers» консалтингтік компаниясының бас менеджері лауазымында жұмыс істеді, жекеменшік компанияларда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшылық лауазымдарды атқарды.
- 2021 жылғы сәуір мен 2022 жылғы ақпан аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы ақпаннан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы.



ДАЙЫР ӘДІЛБЕКҰЛЫ КӨШЕРОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1977

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- Индиана университеті, қаржы бакалавры.
- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Халықаралық экономика» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары «Интергаз Орталық Азия» АҚ директорының орынбасары, корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, «ҚазТрансОйл» АҚ Қаржы директоры, корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.
- 2018 жылғы желтоқсан мен 2022 жылғы ақпан аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Қаржы жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы ақпаннан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қаржы жөніндегі басқарушы директоры.



БАУЫРЖАН ПАЗЫЛБЕКҰЛЫ ОРЫНБАСАРОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1970

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- Алматы теміржол көлігі инженерлері институты, «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Еңбек жолын Батыс Қазақстан темір жолы Қызылорда теміржол станциясының жолдар бойынша кезекшісі қызметінен бастады. Әр жылдары теміржол саласында әртүрлі лауазымдарды атқарды: «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Бас инженері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры; «Қазтеміртранс» АҚ Президентінің міндетін атқарушы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті, Бас инженері.
- 2017 жыл мен 2018 жыл аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылымдық жобалар жөніндегі вице-президенті.
- 2018 жыл мен 2020 жыл аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі басқарушы директоры – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.
- 2020 жыл мен 2021 жыл аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Инфрақұрылым жөніндегі орынбасары – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.
- 2022 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры.



ЕРЛАН ХАМАРДИНҰЛЫ ҚОЙШЫБАЕВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1985

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- American University in Dubai, бакалавриат, «Қаржы және банк ісі» мамандығы.
- Қазақ көлік және коммуникация академиясы, магистратура, «Логистика» мамандығы.
- Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, MBA.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары ҚР Қаржы министрінің көмекшісі, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС инвестициялық жобалар департаментінің директоры, «Көлік логистикасын дамытудың ұлттық орталығы» АҚ Вице-президенті, «Көлік қызметтері орталығы» АҚ Президенті қызметтерін атқарды.
- 2015 жыл мен 2018 жыл аралығында – «KTZ Express» АҚ Логистика жөніндегі вице-президенті.
- 2018 жыл мен 2019 жыл аралығында – «Индустрияны дамытудың қазақстандық институты» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2019 жыл мен 2021 жыл аралығында – Қостанай облысы әкімінің орынбасары.
- 2021 жыл мен 2022 жылғы ақпан аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары.
- 2022 жылғы ақпан мен 2022 жылғы мамыр аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі басқарушы директоры.
- 2023 жылғы мамырдан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Логистика жөніндегі орынбасары.



ЕРСАЙЫН ҚАЙЫРҒАЗЫҰЛЫ НАҒАСПАЕВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1980

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы


Білімі:

- Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- Әр жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитеті өңірлік халықаралық жобалар бөлімінің атташесі, ҚР РФ-дағы елшілігінің атташесі (Мәскеу қаласы); ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік саясаты және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары; «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» РМК Аппарат басшысы, ҚР Премьер-Министрі Орынбасарының кеңесшісі, Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан әкімінің орынбасары; Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімі; Астана қаласы әкімінің экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.
- 2015 жылы – «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2016 жыл мен 2020 жыл аралығында – «Новострой Астана» ЖШС директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары.
- 2021 жылғы сәуір мен 2022 жылғы ақпан аралығында – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.
- 2022 жылғы ақпаннан бері қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директоры.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАСЫ, %



- 30-40 жас – 1
- 41-50 жас – 3
- 51 жастан үлкен – 4



БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРТАША ЖАСЫ

50 ЖАС

2023 ЖЫЛДАҒЫ БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 36 отырысы өткізілді, онда 267 мәселе қаралды.

Есепті кезеңде Компания Басқармасы операциялық қызмет бойынша, Даму стратегиясын, Жалғыз акционердің және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру туралы мәселелерді қарады.

2023 жыл ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы келесі құжаттарды бекітті:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясаты;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекел тәбетін, тәуекелге төзімділігін, негізгі тәуекел көрсеткіштерін айқындау қағидасы;
- ESG рейтингін жақсарту жөніндегі 2023–2024 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ жол картасы;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы экологиялық менеджмент жүйесі жөніндегі басшылық;
- Еншілес ұйымдарға қатысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ Дивиденд саясаты;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының кадрлық резервін қалыптастыру және дамыту қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық қызметінің нысанаға алынған схемасы және «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық қызметінің нысанаға алынған схемасын іске асыру жөніндегі жол картасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жоспар;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында денсаулық сақтауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйесі жөніндегі басшылық;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қағидасы және т.б.

КОМПАНИЯНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНА СЫЯҚЫ БЕРУ

GRI 2-19, 2-20

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма мүшелеріне бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төлеу «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 шілдедегі шешімімен (№5 хаттама) бекітілген Басшы қызметкерлерге, Корпоративтік омбудсмен аппараты қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшы аппараты, Ішкі аудит қызметі және Комплаенс қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған қағида мынадай қағидаттарға:

- сыйақының «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сай келетін міндеттерді орындаумен өзара байланысына;

- сыйақы мөлшерінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігіне негізделеді.

Компания қызметкерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін Директорлар кеңесі Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің/Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша лауазымдық жалақылар ауқымы шеңберінде белгілейді. Қызметкердің біліктілік талаптары асып кеткен жағдайда жалақы ең төменгі мөлшерден жоғары белгіленуі мүмкін. Еңбек шартында еңбекақы төлеудің ерекше шарттары ретінде ресімделетін лауазымдық жалақы схемасынан жеке ауытқулар болуы мүмкін.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде қызметкерге екі лауазымдық жалақы мөлшерінде үстемеақы төленеді. Толық емес жұмыс уақыты бар қызметкерлер үшін үстемеақы пропорционалды түрде төленеді. Басшы қызметкерлерге Ұлттық мереке – Тәуелсіздік күніне және кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күніне белгіленген мөлшерде, 10 ЕТЕМ-нен аспайтын біржолғы сыйлықақылар төленуі мүмкін.

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар қол жеткізілген табыстары үшін материалдық көтермелеу және қызметтің негізгі көрсеткіштері негізінде жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді және корпоративтік және функци-

оналдық қызметтің шешуші көрсеткіштерін (ҚШК) орындаудың қорытынды нәтижелілігінің нақты көрсеткіштері негізінде есептеледі.

Іс жүзіндегі мәндері бар қызметтің шешуші көрсеткіштерінің карталарын және сыйақы мөлшерін есептеуді жауапты бөлімше белгіленген тәртіппен Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің және Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің корпоративтік ҚШК-сі ESG-көрсеткіштерін: тасымалдау қауіпсіздігін, өндірістік қауіпсіздік деңгейін, әлеуметтік тұрақтылық рейтингін, ESG бағасын және көміртегі ізін қамтыды.

2023 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК ҚШК ОРЫНДАЛУЫ

ҚШК атауы	Өлшем бірлігі	2023		ҚШК орындалуы
		Жоспар	Факт	
EBITDA margin	%	25,2	25,5	Жоспардан асу
Тасымалдар қауіпсіздігі	оқиға/млн поезд-км	1,04	0,62	Жоспардан асу
Өндірістік қауіпсіздік деңгейі	коэффициент/%	A1=0,17 A2=0,08 A3=26 A4=91	A1=0,17 A2=0,10 A3=37,3 A4=97	Ішінара орындау
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	65	66	Жоспардан асу
ESG бағасы	балл	>30	54	Жоспардан асу
Қаржылық сауықтыру	коэффициент	K1=4,9 K2=3,15 K3=1,44	K1=4,52 K2=2,37 K3=1,27	Ішінара орындау
Көміртегі ізі	%	-2,5	-5,1	Жоспардан асу
Инвестициялық жобалардың, соның ішінде артықшылығы барын іске асыру	%	80	80	Жоспарды орындау

2024 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК ҚШК

ҚШК атауы	Өлшем бірлігі	Жоспар
Өндірістік қауіпсіздік деңгейі	Коэффициент	A1=0,13 A2=0,07
Инфрақұрылымдық инвестициялық жобаларды іске асыру	%	80
Жүк қозғалысындағы орташа үчаскелік жылдамдық	км/сағ	38,5
Уақытша қалдырылған поездар	Тәулікте орташа алғандағы поезд	130
EBITDA margin	%	27,5

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар тұрақты сипатта болмайды және орташа еңбекақыны есептеу кезінде ескерілмейді.

Басшы қызметкерлерге сыйақы төлеу туралы шешімді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі қабылдайды.

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері Жалғыз

акционердің ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне тек белгіленген сыйақы төленеді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны үшін қосымша сыйақы көзделмеген.

2023 жылы Басқарма мен Директорлар кеңесі мүшелеріне, еңбекақыны қоса алғанда, төленген сыйақының жалпы сомасы 790 млн теңге болды.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Кез келген орналастыруда аналық компанияның қатысуы туралы ақпарат

2023 жылғы 27 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2023 жылғы 27 сәуірдегі №4 хаттама) сәйкес Жалғыз акционердің акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру жолымен бір жай акция үшін орналастыру бағасы 24 309 508 (жиырма төрт миллион үш жүз тоғыз мың бес жүз сегіз)

теңге бағасымен жарияланған акциялар саны шегінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ 1 000 (бір мың) жай акция орналастырылды;

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

- жарияланған жай акциялар саны – 502 040 458;
- орналастырылған жай акциялар саны – 496 693 666;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы 1 110 633 867 541 теңгені құрайды.

ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтік саясаттың мақсаты Қор мен Компания мүдделерінің тепе-теңдігін, дивидендтердің мөлшерін анықтаудағы тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары:

- Қордың акциялар пакетіне дивидендтердің Қорға кепілді төленуін қамтамасыз ету;
- Қордың және Қор тобы компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Қор қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қор қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- компаниялардың дамуға арналған шығыстарын, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі.

2023 жылы Қор Басқармасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа қатысты Акционерге 2022 жылға дивидендтер төлеу туралы шешім (2023 жылғы 25 мамырдағы №25/23 хаттама) қабылдады.

Бір акцияға шаққандағы пайда бір акцияға шаққандағы базалық пайданы есептеуде бір жыл ішінде шығарылған қарапайым акциялардың орташа өлшенген саны негізінде есептеледі. Компанияда молайту әсері бар құралдардың болмауына байланысты жай акциялар мен молайту әсері бар жай акциялар бойынша сомалар тең. 2022–2023 жылдар аралығында да Компанияда молайтуға қарсы әсері бар құралдар болмады.

Көрсеткіштер	2021	2022	2023
Жай акцияға (залал)/пайда (теңге)	240	70	269
Бір акцияның теңгерімдік құны (теңге) ⁴⁰	2 470	2 853	3 447

40. Акциялардың теңгерімдік құны KASE талаптарына сәйкес есептеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – компаниялар тобы) қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – ХҚЕС) талаптарына, оның ішінде 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес келеді.

Компания тұрақты негізде ХҚЕС өзгерістерге олардың компаниялар тобының қаржылық есептілігіне әсері тұрғысынан шолу, талдау және сәйкестендіру жүргізеді.

Кезеңді жабу процесінің, бухгалтерлік кітаптардың уақтылы болуын қамтамасыз ету және компаниялар тобының есептілігін дайындау үшін: Кезеңді жабу регламенті, Жедел қаржылық және басқарушылық есептілікті дайындау және қалыптастыру регламенті, Компаниялар тобының қаржылық есептілігін шоғырландыру және шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау регламенті бекітіліп, сақталады.

Компания ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте ашылатын ақпараттың бақылаулық тізбесін әзірледі. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде компаниялар тобы қаржылық есептілікте ашылатын ақпаратты тексеру және тиісті құрылымдық бөлімшелермен және еншілес ұйымдармен келісу процесін енгізді. Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететін оқиғалар мен рутиналық емес операцияларға талдау жүргізіледі.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының қаржылық есептілікті дайындау және сыртқы аудитті жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсыну бойынша тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті шеңберінде жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және сыртқы аудиторлармен өзара әрекеттесу регламенті бекітілді.

Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару үшін оны басшылық бекітеді, Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдайды және ол кейіннен Директорлар кеңесі мен Акционердің бекітуіне жатады.

2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін «Делойт» ЖШС жүргізді.

Жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті сыртқы аудитордың объективтілігі мен тәуелсіздігі, сондай-ақ сыртқы аудиторға төленуге тиісті сыйақы туралы мәселені қарайды. «Делойт» ЖШС бухгалтерлер үшін халықаралық Этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексін және компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес компаниялар тобына қатысты тәуелсіздіктің сақталуы туралы Аудит жөніндегі комитетті хабардар етті.



Гросс Валерия, 8 жаста

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару процесінің, сондай-ақ оның қаржылық тұрақтылығын сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі Компанияның негізгі құжаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты⁴¹.

Компанияда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) енгізу COSO үлгісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Компанияда тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары:

- | | | |
|--|---|--------------------------|
| • басшылықтың ұстануы және ынталандыру | • жүйелілік, құрылымдылық және уақтылық | • шешім қабылдау бөлігі |
| • мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік туғызу | • жетілдіру және дамыту | • айқындылық және қатысу |
| • барлық ұйымдастырушылық процестердің құрамдас бөлігі | | |

ТБКЖ Компания құнының өсуі, оның табыстылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге бағытталған. ТБКЖ барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

жоғары деңгейіне, тәуекел/тәуекел факторлары иелерінің жауапкершілігіне, уақтылы есептілік тәуекелдерін белсенді басқаруға негізделген тәуекел мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

ТБКЖ-ға қатысушылардың функциялары мен жауапкершілігі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласындағы мынадай функцияларды орындау арқылы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етеді:

- Компанияның мақсаттарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) анықтайды;
- ТБКЖ ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін, ішкі бақылауды ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптарды, Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ТБКЖ-ға қатысушылардың рөлдерін бөлуді бекітеді;
- Тәуекел тәбетін, Толеранттылықты, Шешуші тәуекел көрсеткіштерін, Тәуекелдер тізілімін, Тәуекелдер картасын, Тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Компанияның тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерін бекітеді;
- Компанияның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымды бекітеді;
- шешімдер қабылдау кезінде ілеспе тәуекелдерді ескере отырып, Компанияның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін



Саясат келесі сілтеме бойынша Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналасқан: [«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаты](#)

⁴¹ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№14 хаттама) бекітілген.

мәселелердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді;

- тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесі Компанияның Директорлар кеңесі айқындаған оны ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды, оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) ішкі аудит қызметінің ТБКЖ және ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау туралы есептерін қарайды, сыртқы аудиторлардың ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару жөніндегі қорытындыларын талдайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Компанияның Директорлар кеңесіне Компанияның жергілікті актілерінде белгіленген функцияларды орындау арқылы ТБКЖ мен ІБ сенімділігі мен тиімділігін бақылау мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді.

Компания Басқармасы келесі функцияларды орындайды:

- Тәуекелдерді басқару саясатын іске асыруды, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеу мен енгізуді, бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, оларға өзекті сипат беруді қамтамасыз етеді;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті әртүрлі деңгейдегі басшылар мен бизнес-процестердің иелері арасында бөледі;
- тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың Компанияның барлық бизнес-процестеріне кіріктірілуін қамтамасыз етеді;
- Тәуекел тәбетін, Толеранттылықты, Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасын, ШТК, Тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, Директорлар кеңесінің қарауы үшін Компанияның тәуекелдер жөніндегі шоғырландырылған есептерін мақұлдайды;
- Компанияның тәуекел тәбетін басқарудың барлық деңгейлерінде үздіксіз қадағалайды, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізеді және тәуекел тәбетінің маңыздылығын көрсететін мәдениетті қалыптастырады.

Компанияның Ішкі аудит қызметі ТБКЖ мен ІБ тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесін қолданыстағы кемшіліктер туралы хабардар етеді және орындалатын аудиторлық тапсырмалар шеңберінде Компанияның ТБКЖ мен ІБ-сін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Негізгі тәуекел офицері (CRO) келесі функцияларды орындау арқылы Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырады және үйлестіреді:

- Тәуекелдерді басқару саясатын іске асыруды, ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді, бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, оларға өзекті сипат беруді қамтамасыз етеді;

- бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, Компанияның тәуекел үйлестірушілерін ақпараттандыру және оқыту, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері үшін сабақтар/семинарлар ұйымдастырады, сондай-ақ оқытудың тиімділігін және тәуекел үйлестірушілерінің білімін растауды бағалайды;
- Компанияның барлық бизнес-процестеріне тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың кіріктірілуін қамтамасыз етеді;
- тәуекел тәбетін, толеранттылықты, тәуекелдер тізілімі мен картасын, шешуші тәуекел көрсеткіштерін қалыптастыруды және бекітуді ұйымдастырады, сондай-ақ тәуекелдерге ден қою және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді және кейіннен Компанияның Директорлар кеңесінің бекітуімен пен Басқарма мен Аудит жөніндегі комитеттің қарауы үшін іс-шараларды іске асыру туралы есептерді әзірлейді;
- Компанияның блок-схемаларын, тәуекел мен бақылау матрицаларын әзірлеу шеңберінде анықталған елеулі кемшіліктерді жою жөніндегі шаралардың іске асырылуын мониторингтейді;
- Компания қызметінің үздіксіздігі жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- тәуекелдердің ағымдағы жай-күйі, бақылау ортасындағы өзгерістер және тәуекелдерді басқаруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы хабардар етеді.

CRO функциялары Компанияның қазіргі Басқарма мүшелерінің біріне жүктеледі.

Тәуекелдерді басқару департаменті тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыратын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жергілікті нормативтік актілерді әзірлеуді және оларға өзекті сипат беруді қамтамасыз ететін, тәуекелдерді анықтау және бағалау бөлігінде басқа құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсететін және ұсынымдар беретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үшін жауапты негізгі құрылымдық бөлімше болып табылады.

Тәуекелдерді басқару департаменті тікелей CRO-ға есеп береді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі **«Үш қорғаныс желісі»** моделіне негізделген.

Бірінші қорғаныс желісі (бизнес функциялары) өз құзыреті шегінде құрылымдық бөлімшелер атынан әрбір қызметкерден тұрады. Компания қызметкерлері (тәуекел иелері) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәуекелдерді тікелей басқарады және өз құзыреті шегінде бақылау рәсімдерін орындайды.


Екінші қорғаныс желісі – Компанияның жергілікті актілерінде белгіленген функцияларды орындау арқылы қорғаудың бірінші желісі қызметін және негізгі тәуекелдерді мониторингтеу,

шолу, бағалау, сараптау функцияларын жүзеге асыратын, тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың, қызмет үздіксіздігінің, заңнаманы, әкімшілік қағидаларды/ішкі регламенттерді сақтаудың тиімді тәжірибесін енгізуді және орындау арқылы алаяқтық фактілерін тергеуді қамтамасыз ететін және қадағалайтын Компанияның құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде тәуекел бөлімшесі.

Үшінші қорғаныс желісі (тәуелсіз кепілдік) Компанияның Ішкі аудит қызметінен тұратын, тиімділікке тәуелсіз бағалау жүргізеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге жәрдемдеседі, Аудит жөніндегі комитетке және Компанияның Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, оларға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз баға береді.

2022 жылы «Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің диагностикасы» тақырыбында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген аудиторлық тексеру нәтижесінде Компанияның тәуекел мәдениетін бағалауды қоса алғанда, «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» компоненті бойынша Компанияға «ВВ» рейтингі берілді.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі ТБКЖ тиімділігіне бағалау жүргізбеді, алайда бұл рәсім 2024 жылға жоспарланған.



Тәуекел тәбеті

Компанияның тәуекел тәбеті Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізе алатын тәуекелді ұстап қалудың өзіндік деңгейін сипаттайды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын сыни тәуекелдер/тәуекел факторлары деңгейінің жоғарғы шегін анықтайды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және тәуекелдерді іске асырудан болатын салдарларды азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру есебінен жүзеге асырылады. Ескерту іс-шараларының орындалуы бойынша есептер тұрақты негізде қалыптастырылады. Компанияның жоғары басшылығы тәуекелдерді басқаруға тұрақты және тікелей қатысады.

Компанияның тәуекелдерге ұшырауын мерзімдік тексеру тоқсан сайын жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы шоғырландырылған есептер қалыптастырылады. Есептерде негізгі тәуекелдер, іске асырылған тәуекелдер, тәуекелдерді азайту бойынша қабылданған алдын алу және реактивті шаралар, сондай-ақ болжамды тәуекелдер туралы ақпарат ұсынылады.

Компаниядағы тәуекелдерге ұшырауды бақылаудың ең жоғары деңгейін Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

2023 жылы тәуекелдерді басқару жөніндегі есептер 2023 жылғы 1, 2, 3-тоқсанның қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды (2023 жылғы 27 сәуірдегі №4, 2023 жылғы 9 қыркүйектегі №11, 2023 жылғы 7 желтоқсандағы №16 хаттамалар).

Аталған есептер шиеленісті тәуекелдер туралы егжей-тегжейлі талдауды қамтиды. Мұндай тәуекелдер саны әр есепте 13-ке дейін жетуі мүмкін.

ТБКЖ ДАМУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

Компания ТБКЖ үнемі жетілдіріп отырады және тәуекелдерді басқару бойынша нормативтік-әдістемелік базаны ұдайы жақсартып отырады.

2023 жылы Компания:

- Компанияның тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қағидасы жаңа редакцияда бекітілді;

- Директорлар кеңесі тәуекелдер бойынша есептерді қарады және бекітті (тоқсан сайынғы негізде);
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментінің қызметкерлері еншілес ұйымдардың тәуекел менеджерлерімен және филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің тәуекел үйлестірушілерімен оқыту семинарларын өткізді.

ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекелдерді анықтау Компанияның шығындарын оңтайландыру әдісі ретінде маңызды, өйткені тәуекелдерді алдын-ала анықтау, оларды азайту және жою бойынша тиісті шараларды анықтау, сайып келгенде, Компанияның тиімділігіне әсер ететін осындай іс-шараларды қаржыландыру көздері мен көлемін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдер тізілімін қалыптастыру кезінде жыл сайын мерзімдік түгендеу кезінде де, тәуекелдер туралы есептерді дайындау кезінде тоқсан сайын Компанияның ағымдағы операциялық қызметі барысында да белсенді түрде анықталады.

Бұрын тізілімге енгізілмеген елеулі тәуекел анықталған кезде тәуекел иесі бұл туралы тәуекел бөлімшесіне хабарлауға тиіс. Тәуекел бөлімшесі алынған ақпаратты талдайды және қажет болған жағдайда Тәуекелдер тізіліміне жаңа тәуекелді қосады. Сондай-ақ түгендеу

барысында тәуекел иелері тәуекелдің ықтимал жағдайларын, тәуекелдің жоғарылауын көрсететін нақты немесе ықтимал, теріс тенденцияларды анықтайды, тәуекелді тудырған факторларға талдау жасайды және болжамды залалдың ауқымын бағалайды.

Жыл сайынғы негізде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер тізілімі мен картасы әзірленіп, бекітіледі. Тәуекелдер картасы әсер ету және ықтималдық аймақтарына бөлінеді. Бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер тізіліміне сәйкес 2023 жылға 58 тәуекел сәйкестендірілді және бағаланды:

қызыл аймақта – 16 тәуекел;

қызғылт аймақта – 23 тәуекел;


сары аймақта – 15 тәуекел;

жасыл аймақта – 3 тәуекел.

Тәуекелдерді бағалау Тәуекелдер картасындағы әр тәуекел позициясына сәйкес орындалады:

	Іске асырудан болатын ықтимал залал 75-100% және 3 млрд теңгеден жоғары болатын неғұрлым жоғары басымдыққа ие тәуекелдер;
	Іске асырудан келтірілген залал 50-75% және 1-3 млрд теңге шегінде қалатын басымдық бойынша екінші тәуекелдер;
	Іске асырудан келтірілген залал 25-50% және 0,5-1 млрд теңге шегінде қалатын басымдық бойынша үшінші тәуекелдер;
	0-25% және 0,2-0,5 млрд теңге шегіндегі тәуекелдер.

2023 ЖЫЛҒЫ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» АҚ-ҚА ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ



- АЗҒАНТАЙ ТӘУЕКЕЛ
- ОРТАША ТӘУЕКЕЛ
- ЕЛЕУЛІ ТӘУЕКЕЛ
- ШИЕЛЕНІСТІ ТӘУЕКЕЛ

СЫНИ ТӘУЕКЕЛДЕР

КОДЫ	ТӘУЕКЕЛ САНАТЫНЫҢ СИПАТТАЛУЫ
ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
CTR-1	Республика ішіндегі жүк айналымының көлемі
CTR-5	МАТП жүк түсіру қызметімен байланысты тәуекелдер
CTR-7	Жүк вагондарымен операциялар жүргізумен байланысты тәуекелдер
ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
FX-1	Ұлттық валютаның құнсыздану тәуекелі
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
OR-3	Жүк қозғалысындағы локомотив паркі тапшылығы
OR-10	Тасталған поездардың арту тәуекелі
OR-11	Поезд тартымына арналған дизель отынының тапшылығы
МАКРО ТӘУЕКЕЛ (SUPER RISK)	
MR-1	Инфляцияның өсуі
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
IR-1	Жолдың үстіңгі қабатының тозуы
КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
CCR-1	Келісім-шарттарды мәжбүрлі орындау тәуекелі
ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТӘУЕКЕЛІ	
HTR-3	Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп
HR ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
HR-3	Қызметкерлер тарапынан әлеуметтік разылықтың болмауы
СУБСИДИЯЛАРДЫ БӨЛМЕУ ТӘУЕКЕЛІ	
SBR-1	ҚТЖ % мөлшерлемесі бойынша субсидиялар
SBR-2	ПЛ % мөлшерлемесі бойынша субсидиялар
SBR-3	Жолаушылар тасымалдарына РБ және ЖАО субсидиялары
САНКЦИЯЛАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР ТӘУЕКЕЛІ (SUPER RISK)	
SR-1	Жүк айналымына әсері (транзит)

ШИЕЛЕНІСТІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ

Тәуе-кел	Тәуекелдің атауы	Шаралар
CTR	ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУ ТӘУЕ-КЕЛДЕРІ	- Жүктерді контейнерлендіру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру - Балама маршруттарды (ТХКМ) дамыту - Жүк жөнелтушілер үшін қолайлы тарифтік шарттарды ұсыну - Жүк поездарының учаскелік жылдамдығын арттыру - Тиеу шептерінен/шептеріне вагондарды алу/беру уақытын азайту - Вагон паркін тиімді пайдалану үшін жүктерді тасымалдаудың маусым-дылығын жоспарлау - Жүктерді контейнерлендіру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру
FX	ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	Қатты валютадағы борыш үлесін азайту, кредиттік портфельді қайта құрылымдау
OR	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	- Инвестициялық жобаларды орындамау тәуекелін төмендету жөніндегі іс-шараларды орындау - Ұсынылатын қызметтердің тарифтерін ағымдағы шығындарды және күрделі салымдардың қажетті көлемін жабуды қамтамасыз ететін деңгейге дейін уақтылы көтеру - Күрделі қаржы салымдары жоспарына сәйкес локомотив паркін күрделі жөндеу - Вагон паркін тиімді пайдалану
MR	МАКРОТӘУЕКЕЛ ИНФЛЯЦИЯ ТӘУЕ-КЕЛДЕРІ	- Мемлекеттік субсидияларды талап етілетін көлемде бөлу - Локомотив тартымының реттелетін тарифін көтеру туралы өтінішті уақтылы беру
IR	ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТӘУЕКЕЛ	- Күрделі жөндеу жоспарына сәйкес жолға күрделі жөндеу жүргізу - Жолды ағымдық күтіп-ұстау
CCR-1	КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҚ ТӘУЕКЕЛ	- Кредиттік шарт бойынша қарызға қызмет көрсету үшін кіріс алу үшін көлем тарту - Рефконтейнерлерді жүктеу үшін клиенттерді үнемі іздеу шаралары
HTR	ҚОЗҒАЛЫС ҚА-УІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТӘУЕКЕЛІ	- Қауіпсіздікті бақылау - Қауіпсіздік мінез-құлқы диалогын үйрету - Қауіпсіз жұмыс әдістерін үйрету - Ақаулы машиналар мен механизмдерді пайдалануға тыйым салу - Машиналар мен механизмдерді уақтылы жөндеу, қызмет көрсету, тексеру
HR	HR ТӘУЕКЕЛДЕРІ	- Негізгі өндірістік персоналды ынталандырудың корпоративтік жүйесін енгізу «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалының базасында Еңбек ресурстарын қайта құрылымдау орталығын құру - Ерте зейнетке шығу бағдарламасын іске асыру - Табиғи кему және сырттан жалдауды азайту (сырттан жалдауға мора-торий) арқылы босатылатын рекрутингті және жұмысқа орналастыру жұмыстарын орталықтандыру
SBR	СУБСИДИЯЛАРДЫҢ БӨЛІНБЕЙ ҚАЛУ ТӘУ-ЕКЕЛІ	Шарттардың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұлдарды азайтуды қамтамасыз ететін субсидиялау шарт-тарына қосымша келісімдер жасасу жөніндегі жұмыстарды жүргізу
SR	САНКЦИЯЛАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР ТӘУЕ-КЕЛДЕРІ	- Шарт жасасу кезінде санкциялық ескертпені қолдану - Шарт жасасу кезінде резидент емес контрагенттердің санкциялық тізім-дерде бар-жоғын тексеру

ТУЫНДАЙТЫН ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания өз қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларға талдау жасайды және оларда ықтимал тәуекелдердің бар-жоғын бағалайды.

Сондай-ақ Компания қызметіне ұзақ мерзімді елеулі әсер етеді деп бағаланатын, туын-дайтын екі маңызды ұзақ мерзімді (3-5 жыл+) тәуекелдерді бөліп көрсетеді.

Тәуекелдің атауы	Каспий теңізі деңгейінің төмендеу тәуекелі (таяздану тәуекелі).	Мемлекеттік субсидияларды алмау/толық алмау тәуекелдері.
Компания қызметінің мән-мәтініндегі тәуекелдің сипатталуы	Теңіз деңгейі төмендеуінің негізгі себебі – Орталық Азия өңіріндегі климаттың жылынуы, сондай-ақ Каспийдің негізгі қоректену көзі – Еділ өзені бассейніндегі деңгейдің төмендеуі. Теңіз деңгейінің төмендеуі порт айлақтарының, кеме қатынасы жолдарының, порт акваторияла-рының, гидротехникалық құрылы-стардың және теңізде жүзу қауіпсізді-гінің пайдалану мүмкіндіктерінің төмендеуіне әкеледі.	Облысаралық жолаушылар тасымалы мен инвестициялық жобалардың әлеуметтік маңызығына байланысты қаржыландырудың негізгі көзі республикалық бюджет қаражаты болып табылады.
Туындайтын тәу-екелдің Компания бизнесіне ықтимал әсері	Ақтау портында кемелердің қауіпсіз кіруін/шығуын қамтамасыз етпеу (кеменің қайраңдап қалу қаупі). Теңізде жүзу қауіпсіздігіне қатер төндіруіне байланысты жобада бел-гіленген порт акваториясы тереңді-гінің пайдалану сипаттамаларының сәйкес келмеуі негізінде уәкілетті ор-гандардың порт жұмысын тоқтатуы. Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі нәтижесінде Ақтау портында өтпелі жауын-шашынның төмендеуі нәти-жесінде ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуі және соның салдарынан табыстың жоғалуы.	«Жолаушылар тасымалы» АҚ клиенттеріне қызмет көрсету сапасының төмендеуі, клиент-тердің автокөлікке кетіп қалуы, инвестициялық жобалардың уақтылы іске асырылмауы, шығыстардың өсуі және жоба-ларды өз қаражаты есебінен іске асыру кезінде Компания өтімділігінің үзілуі
Тәуекелді төмендету бойынша әрекет-тердің сипатталуы	«Құрық портының акваториясындағы тереңдету жұмыстары» жобасын іске асыру.	Тапсырыс беруші – ҚР ИИ-ДМ-мен коммуникацияны ұйымдастыру. Маршруттардың жаңа желісін әзірлеу және енгізу.

ТӘУЕКЕЛ МӘДЕНИЕТІ

Тәуекелдерді басқару мәдениеті (тәуекел мәдениеті) тәуекелдерді тиімді басқарудың негізі болып табылады. Ол барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өз міндеттерін орындау кезінде бөлісетін және қолданатын тәуекелдерді басқару саласындағы сенімдерді, түсініктерді және білімді қамтиды.

Тәуекел мәдениеті Компанияның корпора-тивтік мәдениетінің бөлігі болып табылады және стратегияны әзірлеуден бері оны іске асыруға және тиімділікті бақылауға дейінгі тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестерінде шешуші рөл атқарады.

Компанияның тәуекел мәдениеті төрт қағи-датқа негізделген.

Жоғары деңгейдегі ықпал. Директорлар кеңесі, Басқарма мен Компания басшылығы

жоғарыдан ықпал етіп, шешім қабылдау кезінде ұзақ мерзімді шығындар, кірістілік және шешім қабылдаумен де, қабылдамаумен де байланысты тәуекелдер арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті негізге алады, басшылық қол астындағыларды тәуекелге бағытталған мі-нез-құлыққа шақырады. Компания органдары отырыстарының күн тәртібіндегі әрбір мәселе тәуекелдерді талдаумен және белгіленген тәуекел тәбетіне сәйкестігімен сүйемелденуі тиіс.

Мәселен, шешім қабылдау кезінде тәуе-келдерді бағалау Басқарма мен Директорлар кеңесінің қарауы үшін мәселелерді ұсыну процесіндегі маңызды кезең болып табылады. Ұсынылған әрбір мәселеде материалдарда (түсіндірме жазбаларда) мәселелердің баста-машылары ұсынылған шешімдер қабылданған жағдайда да, оларды қабылдамаған жағдайда

да байланысты тәуекелдерді егжей-тегжейлі баяндайды.

Компания маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру алдында тәуекелдерді мұқият талдайды, ықпал ету әсерін және ықтимал сал-дарларын бағалайды. Тәуекелдер анықталған жағдайда сақтық қағидатын сақтай отырып, жобадан бас тарту туралы шешім қабыл-данғанға дейін оларды азайту бойынша тиісті іс-шаралар әзірленеді.

Корпоративтік басқару. Компанияның қы-зметі қызметкерлердің Тәуекелдерді басқару саясаты мен барлық ішкі құжаттар орындау үшін міндетті болып табылатындығын түсінуді қамтамасыз ететін осындай бақылау ортасын құруға бағытталған. Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің жауапкершілік аймағын және тәуе-келдерді басқару және ішкі бақылау өкілеттік-терін нақты біледі. Тәуекел иелері өз құзыреті шегінде тәуекелдерді түсінеді, басқарады және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдер туралы тиісті түрде хабар-лайды.

Шешім қабылдау. Ішкі орта коммуникация-лардың ашықтығымен және тәуекелдер туралы ақпараттың айқындылығымен сипатталады, бұл Компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы ілеспе тәуекелдер мен ықтимал мүмкіндіктерді ашық және сындарлы талқылауға жағдай жасайды және сыртқы сын-қатерлерге жауап ретінде бірлесіп тиімді шешімдер қолдануға мүмкіндік береді.

Барлық деңгейлерде қолданылатын сыйақы жүйесі басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде тәуекелдерге дұрыс көзқарасты ынталандыру арқылы басшылық пен қызмет-керлер үшін қаржылық және қаржылық емес ынталандыруды пайдаланады. Мотивациялық жүйе елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге және оларды тиімді басқаруға, тәуекелдерді

басқаруда жаңа технологиялар мен тиімді шешімдерді енгізуге негізделген.

Құзырет. Тәуекел бөлімшесі, оның ішінде тестілеу және кері байланыс беру арқылы жаңа қызметкерлер үшін бейімделу курсы тетік-терін пайдалана отырып, тәуекел мәдениетін тұрақты дамытуға ұмтылысты қолдайды. Сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі, Басқармасы мүшелерін лауазымға енгізу шеңберінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі құжаттар ұсынылады.

Тәуекел бөлімшесі ұдайы сауалнамалар жүргізеді және мәдениеттің Компания проце-стеріне әсерін бағалай отырып, нәтижелерді талдайды. Қажет болған жағдайда қызмет-керлер арасында тәуекел мәдениеті бойынша анонимді сауалнамалар жүргізіледі, ал нәти-желері тиісті шаралар қабылдау үшін Дирек-торлар кеңесі мен Басқармаға ұсынылады.

2023 жылы Компанияда тәуекел мәдениетінің деңгейін бағалау мақсатында қызметкерлер мен басшылық арасында сауалнама жүргізілді. Тәуекел мәдениетінің деңгейін талдау және бағалау нәтижелері Директорлар кеңесіне ұсынылды. Сауалнама тәуекелдерді басқа-рудағы проблемалық тұстарды анықтауға және Компания басшылары мен қызметкерлерін оқыту шеңберінде тәуекелдерді бірлесіп сәй-кестендіру және әдіснамаға өзекті сипат беру сияқты тәуекел мәдениетін жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту жөніндегі 2024 жылға арналған жоспарлар:

- тәуекел мәдениетін одан әрі дамыту;
- тәуекелдерді басқару бойынша ІНҚ-ға өзекті сипат беру;
- тәуекелдерді басқарудың автоматтанды-рылған жүйесін әзірлеу;
- тәуекел үйлестірушілерін оқыту.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына ESG тәуекелдері бөлігінде толықтырулар енгізілді.

Саясатқа сәйкес Саясатты іске асырудың барлық кезеңдерінде тұрақты даму шең-берінде Компания экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық тәуекелдерге (бұдан әрі – ESG тәуекелдері) ерекше назар аударады.

Компанияның ESG тәуекелдерін басқаруы келесі элементтерден тұрады:

- 1) тиімді КТБЖ және ІБ үшін қажетті корпора-тивтік басқаруды қабылдау;
- 2) Компанияның бизнес мән-мәтіні мен страте-гиясын түсінуді;
- 3) ESG тәуекелдерін сәйкестендіру;
- 4) ESG тәуекелдерін бағалау және саралау;
- 5) ESG тәуекелдеріне жауап беру;
- 6) ESG тәуекелдерін шолу және қайта қарау;
- 7) ESG тәуекелдері туралы коммуникация және есеп беру.



ESG ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

Тәуекелдің атауы	Іс-шаралар
HR ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
ҚР Еңбек кодексін бұзу	HR қызметтерінің қызметкерлеріне арналған оқыту бағдарламаларын іске асыру. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көп функционалды қызмет көрсету орталығы» (МФЦО) филиалы базасында кадрлық іс жүргізуді орталықтандыру.
Жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық	МФЦО филиалы базасында іздеу және іріктеу процесін толық орталықтандыру. Бірінші басшылардың қарамағындағылар жасаған сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жауапкершілігін белгілеу. Қызметкерлерді бос лауазымдарға жалдау кезіндегі рәсімдерді БАҚ пен әлеуметтік желілерде жариялау бойынша белсенді ақпараттық жұмыс. Конкурстық рәсімдерді өткізудің айқындылығына, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігінің болуына назар аудара отырып, бос лауазымдарға орналасуға үміткерлер арасында сауалнама жүргізу. Компанияның жаңадан жұмысқа алынған қызметкерлері бойынша тоқсан сайынғы негізде білім туралы ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растау үшін білім беру мекемелеріне сауал хаттар жіберу. Кадрларды іріктеу және жалдау процесіне тартылатын жауапты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша семинарлар мен өзге де іс-шараларды тұрақты негізде өткізу.
Қызметкерлер тарапынан әлеуметтік ырзашылықтың болмауы	Қызметкерлер тарапынан әлеуметтік ырзашылықтың болмауы – орын алуының жоғарғы ықтималдығы: - еңбекақының төмен болуынан. Қолданылатын шаралар: 2021–2025 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша еңбекақыны көтеру шарттары мен мөлшерлері бойынша шешімдер әзірлеу жөніндегі комиссия шеңберінде жұмыс істеу. Жол монтерлері мен бригадирлерін, жолсеріктерді ЕҚК бойынша сыйлықақы беру, сондай-ақ салалық жарыстардың қорытындылары бойынша сыйлықақы беру. Еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған негізгі өндірістік персоналды ынталандырудың корпоративтік жүйесін енгізу. Қызметкерлерге ауыспалы сыйақы төлеу үшін еңбекақы қорының резервтерін қалыптастыру; - қызметкерлер саны оңтайландырылғандықтан. Қолданылатын шаралар: Зейнетке ерте шығу бағдарламасын іске асыру. Рекрутингті және табиғи кему және сырттан жалдауды азайту (сырттан жалдауға мораторий) арқылы жұмыстан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі жұмыстарды орталықтандыру. Персоналдың көшіп-қонуы үшін (ротациялау, басқа өңірлерге ауыстыру кезінде) қосымша әлеуметтік шараларды енгізу. Жұмыспен қамту орталығының ұсынысы бойынша оның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ шегінен тыс жерлерде талап етілетін кәсіптерге персоналды қайта даярлау және біліктілігін ауыстыру бағдарламасы. Зейнетке ерте шыға алатын жасқа дейін босатылған қызметкерлерге арналған өтемақы құралдары. Жалпы қызмет көрсету орталығының қызмет көрсету аймақтарын кеңейту. «ҚТЖ» ҰК» АҚ периметрінде аутстаффингті іске қосу. Еңбек жағдайынан және жергілікті жерлерде басшылардың қызметтік жағдайын асыра пайдалануынан жұмыстан босатылған қызметкерлерді барынша жұмысқа орналастыру. Қолданылатын шаралар: «Қолайлы еңбек жағдайы» бағдарламасын іске асыру, атап айтқанда: - желідегі санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту және желіні тұрмыстық техникамен жарақтандыру, бірінші кезекте ашық ауада жұмыс істейтін қызметкерлер үшін; - желіні кеңсе керек-жарақтарымен уақтылы қамтамасыз ету жөніндегі мәселені шешу; - санаторлық-курорттық сауықтыру тиімділігін арттыру; - жазатайым оқиғалар болғанда қосымша төлемдер енгізу. Кейіннен ротациялай отырып, желілік басшыларды аттестаттауды жүргізу. Қызметкерлерден алым алуды жою бойынша коммуникациялық науқандар өткізу.

Тәуекелдің атауы	Іс-шаралар
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	
Каспий теңізі деңгейінің төмендеу тәуекелі	Теңіз түбін тереңдету шараларын жүргізу. Тереңдікті өлшеу (батиметрия).
Климаттың физикалық параметрлерінің өзгеруіне байланысты тәуекелдер	Қоршаған ортаға эмиссияларды: - атмосфералық ауаны қорғауға, су және жер ресурстарын қорғауға бағытталған жыл сайынғы іс-шараларды іске асыру; - табиғатты қорғау қызметін басқару жүйесінің болуы; - қоршаған ортаға әсер ету мониторингін қамтамасыз ету есебінен азайту.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) ТКБЖ ажырамас бөлігі болып табылады. ІБЖ COSO моделін қолданады және келесі бес өзара байланысты компоненттерді қамтиды:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді бағалау;
- бақылау рәсімдері;
- ақпарат және коммуникациялар;
- мониторинг.

ІБЖ Компанияның үш негізгі бағыттағы мақсаттарына қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- толық және сенімді қаржылық есептілікті дайындау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

ІБЖ бизнес-процестерді талдауға, Компания қызметіне тән процестік деңгейдегі тәуекелдерді уақтылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін анықтауға және талдауға бағытталған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қаржы жөніндегі басқарушы директорының 2023 жылғы 9 қарашадағы №845 бұйрығымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесі жөніндегі басшылық жаңа редакцияда бекітілді.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі жөніндегі көрсетілген басшылыққа сәйкес 2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының «Қазынашылық», «Сатып алу» процестері бойынша тәуекелдер мен бақылаулардың матрицалары мен блок-схемалары әзірленіп, бекітілді.

Сондай-ақ 2023 жылы Бизнес-процестерді саралау матрицасы және «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты мен филиалдарының блок-схемалары мен тәуекелдер мен бақылау матрицаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік жоспар-кестесі бекітілді.

Осы жұмыс шеңберінде бизнес-процестердің иелеріне ішкі бақылау жүйесін енгізу негіздері бойынша оқыту жүргізілді.

Сонымен бірге «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары: «АТСП» ҰК» АҚ, «Кедентранс-сервис» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Құрық порты» ЖШС, «KTZ Express» АҚ, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС «Табыс», «Сатып алу», «Бухгалтерлік есеп», «Өндіріс», «Инвестициялар», «Ақпараттық технологиялар» процестері бойынша ұқсас құжаттарды әзірледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесіне қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары, құрылымдық бөлімшелері және еншілес ұйымдары жүзеге асыратын басқарудың барлық деңгейлерін, ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тартылуын және тұрақты өзара әрекеттесуін талап етеді.

Компанияның жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін қалыптастыруға қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі бірыңғай негізгі сипаттамаларға ие:

- кешенділік: тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйесі Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қалыптастыру кезінде жұмыс істейді және бақылау рәсімдері қаржылық есептілікті қалыптастыру процестерінің барлық деңгейлерінде орындалады;
- жұмыс істеудің үздіксіздігі: объективтіліктен кез келген ауытқуларды уақтылы болдырмауға және анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты қалыптастыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің тұрақты және тиісті жұмыс істеуі;
- жауапкершілік: ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық

субъектілері Компанияның ішкі және ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген өз өкілеттіктері шеңберінде бақылау рәсімдерінің тиісінше орындалуына жауапты болады;

- ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есептілігі – ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне тартылған әрбір адамның міндеттері мен міндеттерін орындау сапасы мен уақтылығын жоғары тұрған қатысушы бақылайды;
- әдіснамалық базаның бірлігі – барлық құрылымдық бөлімшелер, еншілес және тәуелді ұйымдар үшін стандарттарды қолданудың бірыңғай тәсілі;
- өзін-өзі бақылау/алдын-ала ескерту: ішкі бақылау жүйелері өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруы тиіс. Кейбір жүйелер өзін-өзі бақылауды автоматты түрде жүзеге асырады, ал басқалары мерзімді тексеруді қажет етеді. Бақылау жүйелері тексеруге немесе аудитке тәуелді емес, автоматты ескертуді қамтамасыз ету үшін орнатылуы тиіс;

- үздіксіз даму және жетілдіру – ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдері кемшіліктер мен жақсартуды талап ететін салаларды үнемі анықтауға, сондай-ақ тиісті түзету шараларын қолдануға бағытталуы тиіс.

Қаржылық есептілікті және шоғырландырылған қаржылық есептілікті қарау кезіндегі ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

Қаржылық есептіліктің дұрыс еместігі мен уақтылы қалыптаспауы тәуекелдерінің іске асырылуын болдырмау мақсатында биз-нес-процестерді бақылау рәсімдері әзірленеді.

Бақылау рәсімдері құжатталады және тәуекелдердің барабар жабылуын қамтамасыз етеді. Бизнес-процестің елеулі тәуекелдері және бақылау рәсімдері тәуекелдер мен бақылаулар матрицасына енгізіледі.

2024 жылға арналған жоспарлар

Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары⁴² аудиттің 29 объектісін қамтитын 18 аудиторлық тапсырмадан тұрады.

- 2024 жылғы ішкі аудиттің басым бағыттары:
- көрсетілетін қызметтердің кірістері мен құнын қалыптастыру;
- инвестициялық қызмет;
- вагон паркін басқару тиімділігі;
- АТ жобаларын іске асыру;
- сатып алу қызметі.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметін жетілдіру бойынша консультациялар беруді жүзеге асыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшесі.

Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары 24 аудит объектісін қамтитын 15 аудиторлық тапсырманы орындауды қамтыды, олар толық көлемде орындалды.

Орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша 2023 жылы 348 ұсыным берілді, оның ішінде аудит объектілері 178-ін немесе 51%-ын орындады, 63 ұсыным (18%) орындалу сатысында, 107 ұсыным бойынша орындалу мерзімі (31%) басталған жоқ.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қорғаудың екінші желісі шеңберінде Компанияның басқару жүйесінің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 сияқты менеджмент жүйелері бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігіне ішкі аудиті жүргізіледі.

ШАҒЫМДАР БЕРУ ТЕТІКТЕРІ

GRI 2-25, 2-26

Біз өз қызметкерлеріміз бен басқа мүдделі тараптар арасындағы ашықтық пен тікелей байланысты бағалаймыз. Біздің мүдделі тараптарды басқару рәсіміміздің маңызды элементі – диалог алаңдары мен шағым беру арналарын құру.


Компания жағымсыз әсерлерді жоюда ынтымақтасу үшін шағымдар мен өтініштерді қарау тетіктерін әзірледі. Олар соның ішінде адам құқықтары мен жауапты іскерлік мінез-құлықты қоса алғанда, Компанияның оларға ықтимал және нақты теріс әсеріне, алаңдаушылық білдіруге мүмкіндік береді.

Осы тетіктер шеңберінде қызметкерлер және басқа да адамдар корпоративтік этика бойынша кеңес алуға және/немесе корпоративтік этиканың, адам құқықтарының, жалдау және еңбек жағдайларының тең еместігі, Компания қызметкерлері немесе лауазымды адамдары жасаған ұрлық, сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары, денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп-қатерлер туралы нақты және болжамды бұзушылықтары туралы хабарлауға өтініш бере алады.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨТІНІШТЕРІ МЕН ШАҒЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ:



БАСҚА МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ МЕН ШАҒЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ:



42 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы шешімімен (№16 хаттама) бекітілген.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Компанияда этикалық стандарттар мен нормаларды қалыптастыру және қолдау мақсатында Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Этика және мінез-құлық кодексі (2019 жылғы 20 қыркүйектегі №14 хаттама) бекітті.

Этика және мінез-құлық кодексі корпоративтік мәдениетті жетілдіруге бағытталған және бизнесті ашық әрі адал жүргізу қағидаттарын, жарияланған құндылықтарға негізделген этика мен мінез-құлық стандарттары мен нормаларын, сондай-ақ Компанияның миссиясы мен стратегиясын қарастырады.

Кодекс келесі мәселелерді қамтиды:

- этикалық мінез-құлық, өйткені бедел Компанияның негізгі активі болып табылады және этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттары барлық қызметкерлердің адалдық, адал ниет, бейтараптық, әріптестермен, клиенттермен және іскери серіктестермен, сондай-ақ басқа да үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста құрмет қағидаттарын ұстануын, сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділікке ұмтылуды білдіреді;
- кемсітушілік пен қысымға тыйым салу, өйткені Компания барлық қызметкерлер бір-біріне деген өзара құрметпен қарым-қатынас орнататын, өзін дұрыс және кәсіби ұстайтын ұжымда осындай жағдай мен климат құруға тырысады. Сондықтан Компания кемсітушіліктің

ешбір түріне, соның ішінде діні, нәсілі, этносы, жынысы, жасы және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Компания қорлайтын, агрессивті немесе дұшпандық мінез-құлықтың кез келген түріне тыйым салады;

- тұрақты даму, өйткені Компания тұрақты дамуды стратегиялық міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Біз қаржылық жағдайды нығайтуға бағытталғанбыз. Бұл ретте Компанияда қабылданатын өндірістік, инвестициялық және басқа қаржылық шешімдердің критерийлері тек экономикалық емес, сонымен қатар олар әлеуметтік, экологиялық көрсеткіштер мен тұрақты даму қағидаттарын ескереді;
- мүдделер қақтығысы, өйткені мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Компания мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді жүзеге асырудың алдын алуға және оларды шешуге үлкен көңіл бөледі;
- Кодекстің сақталуы. Әрбір қызметкер немесе лауазымды тұлға Компанияда жарияланған құндылықтарды құрметтеуі, сондай-ақ өзінің мінез-құлық стандарттарын сақтауы және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тағы құпия ақпараттандыру саясатында көзделген ақпараттандырудың кез келген тәсілімен белгілі болатын бұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігі болуы маңызды.

Кодекстің ережелері лауазымына қарамастан «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылады.

Іскери серіктестер, клиенттер, жеткізушілер және Компаниямен өзара әрекеттесетін немесе Компания атынан өкілдік ететін басқа үшінші тұлғалар Кодекстің ережелерін сақтауы керек.

Комплаенс қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің Кодексті сақтау тәжірибесі туралы ақпаратты тоқсан сайын ұсынады.



Алтыбаева Жанар, 13 жаста

КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН

Компанияның омбудсменін Директорлар кеңесі тағайындайды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсмені туралы ережеге сәйкес оның негізгі функциялары:

- қызметкерлер, қызметкерлер тобы, жеткізушілер, Компания мен оның еншілес ұйымдарының клиенттері арасындағы жанжалдардың алдын алуға және шешуге жәрдемдесу;
- Компанияда және оның еншілес ұйымдарында Іскерлік этика кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау;
- әлеуметтік-еңбек мәселелерін реттейтін Компанияның және оның еншілес ұйымдарының жергілікті актілерін талдау, оларды әзірлеуге және қайта қарауға қатысу;
- еңбек немесе әлеуметтік жанжалдарға қатысушыларға жанжалды жағдайларға байланысты мәселелер бойынша кеңес беру;
- Директорлар кеңесіне және оның комитеттеріне қызметтің нәтижелері, жүйелі және ұйымдастырушылық сипаттағы және тиісті шешімдер қабылдауды талап ететін анықталған проблемалық мәселелер туралы есеп беру;
- еңбек және әлеуметтік жанжалдардың алдын алу мақсатында қызметкерлердің, қызметкерлер тобының, жеткізушілердің, Компания мен оның еншілес ұйымдары клиенттерінің өтініштерін талдау;
- тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету және оларды реттеу үшін еңбек дауы, жанжал тараптары арасындағы делдалдық;
- жүйелі және ұйымдастырылған проблемаларды шешу, Компанияда және оның еншілес ұйымдарында әлеуметтік тұрақтылықты арттыру бойынша ұсынымдар, іс-шаралар қалыптастыру;
- корпоративтік омбудсмендер институтының үздік әлемдік тәжірибелерін зерделеу және енгізу және басқалар.

Есепті кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсменінің кеңсесіне 326 адамнан ауызша және жазбаша өтініштер келіп түсті, оның ішінде 279 өтініш жедел желі арқылы және 47 өтініш Омбудсмен кеңсесіне келіп түсті.

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕННІҢ КЕҢСЕСІНЕ ТҮСКЕН МӘСЕЛЕЛЕР, %



Келіп түскен 326 өтініштің 297-сі қаралды, 8-і қаралуда және 21-і өтініш берушілер тарапынан кері қайтарып алынды.

Қаралған 297 өтініштің нәтижелілігі 93,39% болды. 79 өтініш қанағаттандырылды, 151 өтініш бойынша түсініктемелер берілді, 55 өтінішті қараудан бас тартылды.

Жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында еңбек ұжымдарымен кездесулер, қызметкер – Компания, клиент – Компания тұрғысында қарама-қайшылықтарды тудыратын факторларды зерттеу және анықтау, кеңес беру және қолданыстағы заңнаманы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2023 жылы бұл жұмыс тәртіптік практика, қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен қамтамасыз ету, қызметтік міндеттерін орындау кезінде денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлерге зиянды өтеу төлемдерінің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз ету бойынша істердің жағдайын бақылау, еңбек, әлеуметтік заңнама және өзге де заңнама мәселелері бойынша, оның ішінде қызметкерлердің өтініштері бойынша және еңбек ұжымдарымен кездесу бойынша, Компанияның медиаторлар пулының қатысуымен әлеуметтік және еңбек проблемаларын шешу, сондай-ақ жергілікті актілерге өзекті сипат беру бойынша ұсыныстар енгізу бойынша ұсыным хаттар жіберу жолымен жүргізілді.



МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ GRI 2-15

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та «ҚТЖ» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделері қақтығысын алдын алу және реттеу саясаты бекітілген, ол келесіні:

- этика және сәйкестік мәселелері бойынша заң және Компанияның ішкі құжаттары талаптарын;
- мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттарын;
- мүдделер қақтығысын уақтылы және толық анықтау тетіктерін;
- мүдделер қақтығысын реттеу тәртібі және мүмкін болатын шараларды;
- мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жауапкершілігін қарастырады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та және оның еншілес ұйымдарында жұмысқа қабылдау және кейбір лауазымдарға ауыстыру қағидасына сәйкес ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты бос лауазымдарға үміткерлер міндетті түрде үлестестігі мен мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы үшін тексеруден өтеді.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында басшы қызметкерлер лауазымына 552 үміткерге қатысты мүдделер қақтығысы тұрғысында тексеру жүргізілді.

Комплаенс қызметі 436 үміткерге қатысты мүдделер қақтығысын анықтады. 14 үміткерге қатысты теріс ақпараттық фон анықталды, 3 кандидат қойылған біліктілік талаптарына сәйкес келмеді.

ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ лоббистік практикасының айқындығы мен адалдығын қамтамасыз ету жөніндегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ саясаты бекітілді. Саясат шешімдер қабылдауға әсер етумен байланысты сыбайлас жемқорлықты, мүдделер қақтығысын және жосықсыз практикаларды болдырмауға, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделерін ілгерілету процесінде ашықтық пен әдептілікті қамтамасыз ету қағидаттарын енгізуге бағытталған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қағидаттары – заңдылық, адал ниет, әдептілік, ашықтық, адалдық, айқындық.

Лоббистік практиканың ашықтығы мен адалдығы туралы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру мақсатында екі онлайн инфосессия өткізілді.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ақпараттық қауіпсіздікті (АҚ), ақпараттық жүйелердің, өндірістік процестердің жұмыс істеуінің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі ISO 27001:2013 стандарты бойынша сертификатталған.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) жетілдірудің үздіксіз процесі жүзеге асырылады, АҚ қауіптерінен қорғаудың жаңа құралдары мен әдістері қолданылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін тұрақты оқыту теміржол саласының мәдениетіне киберқауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған.

2023 жылы Компанияның кибер қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар өткізілді:

- «TUV Rheinland Group» халықаралық концернінің аудиторлары өткізген ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO 27001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне кезекті инспекциялық аудит сәтті өтті;
- кибержаттығулар нәтижесі бойынша Компанияда «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-пен бірлесіп ақпараттық қауіпсіздік мәселелері туралы хабардар болуды арттыру бойынша техникалық сабақтар өткізілді;
- ақпараттық қауіпсіздікті қорғаудың жаңа құралдарын қолдану, сондай-ақ киберқауіпсіздік саласындағы үздік тәжірибелер енгізілді;
- 2023–2026 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру бойынша бекітілген жол картасы шеңберінде бірінші кезектегі іс-шаралар өткізілді;
- Компаниядағы АҚ бойынша бірқатар нормативтік регламенттеуші құжаттарға өзекті сипат берілді;

- аккредитацияланған компания шешуші ақпараттық жүйелерді ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне, яғни осал жерлерінің болуына сынақ жүргізді;
- АҚБЖ шеңберінде сырттан сарапшыларды тарта отырып, Компанияның ақпараттық жүйелеріне ену бойынша тестілеу жүргізілді (penetration testing);
- 2022 жылғы 12 желтоқсандағы №988-ЦЗ бұйрығымен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қағидасы шеңберінде екі рет (шілде, желтоқсан айларында) «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтер жұмысының үздіксіздігіне және олардың жұмыс қабілетінің қалпына келтірілуіне тестілеу жүргізілді;
- IT-сервистердің жұмысындағы іркілістерге және киберқауіпсіздікке байланысты инциденттерге жедел ден қою ұйымдастырылды.

2023 жылғы есепті кезеңде Компания клиенттерден, сыртқы тараптардан немесе реттеуші органдардан клиенттер деректерінің құпиялылығын бұзуға қатысты расталған шағымдарды анықтаған жоқ және алған жоқ.

GRI 418-1

Сондай-ақ есепті кезеңде ақпараттың жылыстауымен байланысты инциденттер тіркелген жоқ.

Ақпараттық қауіпсіздікті дамыту жөніндегі 2024 жылға арналған жоспарлар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық қолданыстағы және дамып келе жатқан IT-жүйелерде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ кибер қауіпсіздік деңгейін арттыру, АҚ мәселелерінен хабардар болу және құпия ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді жалғастырады.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару процестерін үздіксіз жақсарту мақсатында Компанияның назары мыналарға:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2023–2026 жылдарға арналған Ақпараттық қауіпсіздік стратегиясына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесінің процестерін жетілдіру мен тираждауға;
- технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесін қорғау бойынша автоматтандырылған құралдарды енгізу бойынша пилоттар өткізуге;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтардан өтуіне;
- ақпараттық қауіпсіздіктің өз жедел орталығын құруға;
- АҚ-тан хабардар ету бойынша Компания қызметкерлерінің білімін оқыту мен тестілеуге;
- оның ішінде фишингтік таратулар жүргізу арқылы кибер жаттығулар өткізуге;
- «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитетімен АҚ мәселелерінде ынтымақтастықты жалғастыруға бағытталатын болады.



Елубай Қарақат, 12 жаста

43 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 мамырдағы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген.

44 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 13 шілдедегі шешімімен (№02/26 хаттама, №1 сұрақ) бекітілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

04

Шоғырландырылған қаржылық есептілік	190
Есеп туралы	282
Тәуелсіз аудитордың есебі.....	292
GRI стандарттарын ашу көрсеткіші.....	297
Глоссарий	306

Тлеуленова Ұлпан, 14 жаста



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ
БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компанияның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» деп аталады) 2023 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның аталған күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен капиталдағы шоғырландырылған өзгерістерін шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес жариялаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті жергілікті заңнамаға және ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қабылдауға; және
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2024 ж. 13 наурызда бекітті, Компанияның Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдады және оны кейіннен Директорлар Кеңесі мен Акционер бекітуі тиіс.

Топ басшылығы атынан:



Д.Ә. Көшерова
Қаржы жөніндегі басқарушы
директор

2024 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова

Бас бухгалтер

2024 ж. 13 наурыз

Deloitte

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы, 36-үй
Алматы, 050059
Қазақстан Республикасы

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
deloitte.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне және Акционеріне

Пікір

Біз 2023 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, 2023 ж. іші шоғырландырылған пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы, шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы және шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерінен, сонымен қатар шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясаты туралы елеулі ақпараттан тұратын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржы жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен шоғырландырылған ақшалай қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, ағымдағы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілігіне біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі – «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы» деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі «деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты сайттан білуге болады www.deloitte.com/about.

© 2024 ТОО «Делойт». Барлық құқықтар қорғалған.

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?
Негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуын бағалау	
Топ әрбір есепті күнге активтердің құнсыздану индикаторлардың бар-жоғын бағалайды. Егер мұндай индикаторлар бар болса, Топ активтердің өтелетін құнын бағалайды. Көбінесе инфрақұрылым объектілері мен жылжымалы құрамнан тұратын Топтың негізгі құралдары Топтың жиынтық активтерінің 77% құрайды. Басшылық бүкіл Топ ақша ағындарын өндіретін бір бірлік болып табылатынын анықтады, бұл басшылықтан маңызды пайымдауларды қолдануды талап етті. Топ басшылығы 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы және ішкі ақпарат көздерін пайдалана отырып, құнсыздану индикаторларының бар-жоғын бағалады, бұл басшылықтан елеулі пайымдаулар қолдануды талап етті. Талдау нәтижесінде Топ басшылығы 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ақша ағындарын өндіретін бір бірліктің құнсыздану индикаторлары ретінде қарала алатын 2023 ж. болған қандай да бір оқиғаларды немесе мән-жайларды анықтаған жоқ. Негізгі құралдардың жалпы сомасының маңыздылығына және жоғарыда сипатталған кәсіби пайымдардың мәніне және олардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әлеуетті әсеріне байланысты негізгі құралдардың құнсыздануы аудиттің негізгі мәселесі болып табылады деп айқындадық. 4 және 6-ескертулерді қараңыз.	Біз келесі рәсімдерді жүргіздік: - басшылықтың ақша ағындарын өндіретін бір бірлікті анықтауының негізділігін бағаладық; - негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының бар-жоғына Топтың талдауын мұқияттылығы мен толықтығына, сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкестігін тексердік; - басшылық ұсынған талдаумен ақпараттың бірізділігін бағалау үшін, сондай-ақ құнсыздану индикаторларының болуын бағалауға әлеуетті әсер етуі мүмкін ақпаратты сәйкестендіру үшін Топ басшылығымен талқылаулар өткіздік, басшылықтың ішкі коммуникациясымен және Директорлар кеңесі шешімдерінің хаттамаларымен таныстық; - жүк айналымының өсуіне қатысты басшылықтың пайымдауларының орындылығын бағаладық; - қажет болған жағдайда бағалау бойынша мамандарымызды қатыстырып, көрсеткіштердің қолжетімділігін бағалау кезінде басшылық пайдаланатын факторлардың орындылығы мен толықтығын бағаладық; және - шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексердік.
Өтімділік және қызмет үздіксіздігі қағидаты	
2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері ағымдағы активтерінен 382,665 млн теңгеге асып кетті. Ағымдағы міндеттемелерге есепті күннен кейін 12 ай ішінде өтелуі тиіс 354,115 млн теңге сомасындағы қарыздар кіреді.	Біздің қызмет үздіксіздігі қағидатын қолдануға қатысты аудиторлық рәсімдеріміз көбінесе басшылықтың қолданған жорамалдары мен жасаған тұжырымдарын сыни бағалауға бағытталды және төмендегілерді қамтыды:

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?
15-ескертуде көрсетілгендей, кейбір ұзақ мерзімді несиелердің талаптарында белгілі бір ковенанттар қарастырылған, олардың сақталмауы кредиторларға борышты мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын береді. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты, Топтың өтімді активтерінің жеткіліктілігін бағалауға және оның ағымдағы міндеттемелерін уақытылы өтеу қабілетіне қатысты басшылықтың сыни пайымдаулары қажет. Басшылықтың осы мәселеге қатысты жоспарлары 2 және 31-ескертулерде ашып көрсетілген. Қызмет үздіксіздігі туралы жорамалдың жарамдылығы туралы тұжырым шоғырландырылған қаржылық есептілікке тұтастай әсер етуін ескере отырып, осы мәселе біздің аудит үшін негізгі деп айқындалды.	- активтер мен міндеттемелердің ағымдағы және ұзақ мерзімді ретінде жіктелу дұрыстылығын тексердік; - Топтың қабылданған міндеттемелері мен қолжетімді қаржыландыруын бағалап, басшылық жоспарлары ағымдағы және күтілетін экономикалық ортаны тиісті түрде көрсететініне көз жеткізе отырып, басшылық дайындаған қызмет үздіксіздігі қағидатының, сондай-ақ ағымдағы міндеттемелерді өтеу жоспарларының қолданылуын бағалауға талдау жүргіздік; - қажет болған шамада Топтың өтімділігін және қызмет үздіксіздігі бойынша позицияны жақсарту үшін басшылыққа қолжетімді жеңілдету шараларын бағалады, оның ішінде мұндай әрекеттердің басшылықтың ықпал ету саласында болуын қарастырды; - Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне күмән тудыруы мүмкін қаржылық және операциялық индикаторларды қоса алғанда, ағымдағы және күтілетін оқиғалар мен шарттарға талдау жүргіздік; - Топтың өтімділігіне және міндеттемелерді өтеу қабілетіне, оның ішінде қарыздарға қызмет көрсету және оларды уақтылы өтеу үшін операциялық қызметтен ақша ағындарының жеткілікті деңгейін өндіру қабілетіне, сондай-ақ шетел валюталарының бағамдары өзгерістерінің міндеттемелер мен түсім сомаларына әсеріне ықпал ететін ақша қаражатының қозғалысының ең соңғы болжамына және басшылықтың теріс болжамды сценарийлеріне талдау жүргіздік; - қаржыландырудың қолжетімділігін растайтын құжаттарды, оның ішінде кредиттік келісімдерді, қаржы институттарымен хат алмасуды, Директорлар кеңесі шешімдерінің хаттамаларын және Акционердің қолдау хатын тексердік; - кредиттік шарттардың және тиісті қаржылық және қаржылық емес ковенанттардың талаптарын талдадық; - есепті күнгі жағдай бойынша қаржылық ковенанттарды математикалық дәлдігіне қайта есептедік; - Топтың қызметіне әсер етуі мүмкін жағымсыз жағдайлар мен оқиғаларды көрсететін сыртқы факторларды бағаладық; және

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?
	шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашып көрсетілген ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексердік.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжалды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз – бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративті басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуіміз тиіс.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін, Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе олардың қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – қауіптерді жою үшін қабылданған іс-әрекеттер немесе қолданылған сақтық шаралары жайлы туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді есебімізде сипаттаймыз.



Ольга Белоногова
Жоба бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының
білікті аудитормы
2019 ж. 13 тамыздағы
№МФ – 0000865
біліктілік куәлігі



Жангир Жилысбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№0000015 мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ – 2, Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
2006 ж. 13 қыркүйекте берген

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
2024 ж. 13 наурыз

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(млн теңгеде)

	Ескерту- лер	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Непзгі құралдар	6	3,794,479	3,241,505
Гүдвилл		15,520	15,520
Материалдық емес активтер		13,824	14,416
Бірлескен нәтижесіндегі инвестициялар	7	1,579	165
Құрылымдастырылған нәтижесіндегі инвестициялар	7	38,989	28,634
Кейінгі қалдырылған салық активтері	38	60	63
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8	650,038	200,967
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		4,514,489	3,501,270
Ағымдағы активтер			
Ақша қаражаты мен ағымдағы бағалмалары	9	204,614	266,956
Тауар-материалдық қорлар	10	64,362	45,029
Өтелетін ҚҚС		49,618	37,809
Сауда дебиторлық берешен	11	16,326	14,773
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		3,535	2,139
Салып алушылармен жасалған шарттар бойынша актив		1,153	3,065
Басқа да ағымдағы активтер	12	86,109	79,056
		425,117	448,827
Салып алушылар активтері	13	-	45,825
Ағымдағы активтер жиыны		425,117	494,652
Активтер жиыны		4,940,206	3,995,922
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	1,110,634	1,086,324
Шетел валютасын қайта есептеу резерві		7,220	12,136
Бөлінбеген пайда		623,698	348,377
		1,741,552	1,446,839
Акционер капиталы		1,741,552	1,446,839
Бақыламайтын үлестер		17,504	15,853
Капитал жиыны		1,759,056	1,462,692



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(млн теңгеде)

	Ескерту- лер	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	15	1,763,432	1,430,825
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	18	411,888	357,491
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	54,555	38,861
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	37,396	37,406
Туынды қаржы құралдары	31	35,719	564
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	69,778	55,000
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		2,372,768	1,920,147
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	15	354,115	256,506
Сауда кредиторлық берешек	19	200,969	117,207
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	20	115,868	119,393
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	16,951	14,221
Төленетін басқа да салықтар		13,961	22,540
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	7,608	6,213
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	98,910	76,972
		808,382	613,052
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелер	13	-	31
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		808,382	613,083
Міндеттемелер жиыны		3,181,150	2,533,230
Капитал мен міндеттемелер жиыны		4,940,206	3,995,922

Топ басшылығы атынан:



Д.А. Көшерев
Қаржы жөніндегі
басқарушы директор
2024 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2024 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЙНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

	Ескерту- лер	2023 ж.	2022 ж.
Түсім және басқа да кірістер			
Жүк тасымалынан түсім	22	1,682,550	1,283,513
Жолаушылар тасымалынан түсім	22	101,682	88,421
Мемлекеттік субсидиялар	5	38,912	38,205
Басқа да кірістер	23	110,951	71,326
Түсім және басқа да кірістер жиыны		1,934,095	1,481,465
Өткізудің өзіндік құны	24	(1,498,583)	(1,204,233)
Жалпы пайда			277,232
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	(106,494)	(93,063)
Қаржылық кіріс	26	32,221	61,099
Қаржылық шығындар	26	(208,365)	(144,860)
Бағам айырмасынан шығын	31	(14,124)	(34,143)
Тоқтатылған қызмет құрауышы болып табылмайтын еншілес ұйымдарды сатудан пайла	7, 13	6,283	-
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	7	8,144	8,547
Қаржылық активтердің және клиенттермен жасалған шарттар бойынша активтердің құнсыздануының қалпына келуі/(құнсыздануы)		2,662	(5,702)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануының қалпына келуі/(құнсыздануы)		1,149	(617)
Басқа да пайда мен шығындар		4,395	(69)
Салық салуға дейінгі пайда		161,383	68,424
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	18	(24,599)	(31,541)
Жыл іші пайда		136,784	36,883
Табыс салығы шегерілгеннен кейінгі өзге жиынтық (шығын)/кіріс:			
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктеуге жатпайтын баптар:			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	17	(540)	4,214
Келесі кезектерде кейіннен пайда немесе шығындар құрамына қайта жіктеуге жатпайтын баптар:			
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша таза шығын		-	(2,445)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды жыл ішіндегі пайда құрамына қайта жіктеу	14, 22	-	54,442
Шетелдік бөлімшені есептілік валютасына қайта есептеуден бағам айырмалары		(4,918)	2,213
Жыл іші өзге жиынтық (шығын)/кіріс		(5,458)	58,424
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны		131,326	95,307
Келесілерге тиесілі жыл іші пайда:			
Акционерге		133,508	34,887
Бақыламайтын үлестерге		3,276	1,996
		136,784	36,883
Келесілерге тиесілі жиынтық кіріс:			
Акционерге		128,058	93,309
Бақыламайтын үлестерге		3,268	1,998
		131,326	95,307
Акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	27	269	70

Топ басшылығы атынан:



Д.А. Көшерев
Қаржы жөніндегі басқарушы
директор
2024 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2024 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(млн теңгеде)

	Ескерту- лер	2023 ж.	2022 ж.
Операциялық қызмет:			
Жыл іші пайда		136,784	36,883
Келесілерге түзету:			
Пайда мен шығындарда көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	18	24,599	31,541
Толу және амортизация		156,441	145,946
Қаржылық шығындар	26	208,365	144,860
Қаржылық кіріс	26	(32,221)	(61,099)
Бағам айырмасынан шығын	31	14,124	34,143
Тоқтатылған қызмет құраушы болып табылмайтын еншілес ұйымдардың сатудан пайда	7, 13	(6,283)	-
Қаржылық активтердің және клиенттермен жасалған шарттар бойынша активтің (құнсыздануының қалпына келуі)/құнсыздануы қаржылық емес активтердің (құнсыздануының қалпына келуі)/құнсыздануы		(2,662)	5,702
		(1,149)	617
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы және қызметкерлерге төленетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша шығыстар	24, 25	6,939	9,143
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	7	(8,144)	(8,547)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды жылы ішіндегі пайда құрамына қайта жіктеу	14, 22	-	54,442
Басқасы		10,223	13,351
Айырым капиталындағы және баланстың басқа да баптарындағы өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс		507,016	406,982
Сауда дебиторлық берешенің өзгеруі		(12,823)	(5,032)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі		(16,618)	379
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі (оның ішінде өтелетін ұзақ мерзімді КҚС)		(99,338)	(76,159)
Сауда кредиторлық берешенің өзгеруі		73,511	20,219
Төлесуі тиіс басқа да салықтардың өзгеруі		17,500	3,706
Басқа да міндеттемелердің және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердің өзгеруі		4,296	32,929
Қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(6,094)	(7,493)
Пайыздарға және корпоративтік табыс салығын төлеуге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		442,450	375,531
Төленген пайыздар		(150,226)	(118,930)
Алынған пайыздар		20,968	8,631
Төленген корпоративтік табыс салығы		(6,874)	(2,889)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		306,318	262,343
Инвестициялық қызмет:			
Негізгі құралдар үшін төленген аванстарды қоса алғанда негізгі құралдарды сатып алу		(811,830)	(340,353)
Басқа ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсім		1,354	1,932
Еншілес ұйымдардың шығынынан ақша ағындарының таза түсімі		11,948	-
Қауымдастырылған кәсіпорындардан алынған дивидендтер		2,719	7,675
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу		(5,201)	(70)
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына салымдар	7	(1,111)	(58)
Басқасы		(581)	(1,426)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(802,702)	(332,300)

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(млн теңгеде)

	Ескерту- лер	2023 ж.	2022 ж.
Қаржылық қызмет:			
Жарғылық капиталға салым	14	24,310	-
Қарыздар алу	15	808,731	1,137,878
Қарыздарды өтеу	15	(367,320)	(956,465)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	15	(21,690)	(17,334)
Еншілес кәсіпорындардағы бақыламайтын үлестерге төленген дивидендтер		(1,294)	-
Басқасы		(8,466)	(2,397)
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		434,271	161,682
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаяуы)/ұлғаюы		(62,113)	91,725
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	267,032	178,000
Шетел валютасында деноминацияланған ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстарына валюта бағамдары өзгерісінің әсері		(322)	(2,691)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің өзгеруінің әсері	17		(2)
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	204,614	267,032
Ақшалай емес операциялар:			
Банк жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражаты есебінен негізгі құралдарды сатып алу	15	114,106	5,706
Негізгі құралдар үшін төленген аванстар және еншілес кәсіпорының шығыуы нәтижесінде сатып алушылармен шарт бойынша міндеттемелер	13	40,000	-

Топ басшылығы атынан:

Д.Б. Кешіров
Қаржы жөніндегі
басқарушы директор

2024 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2024 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(млн теңгеде)

	Жарғылық капитал	Хеджирлеу резерві	Шетел валюталарын қайта есептеуден резерв	Бөлінбеген пайда	Акциянердің капиталы	Бақыламайтын үлестер	Капитал жиыны
2022 ж. 1 қаңтарына	1,086,085	(51,997)	9,925	214,574	1,258,587	13,855	1,272,442
Жыл іші пайда	-	-	-	34,887	34,887	1,996	36,883
Жыл іші өзге жиынтық кіріс	-	51,997	2,213	4,212	58,422	2	58,424
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны	-	51,997	2,213	39,099	93,309	1,998	95,307
Акциялар шығару	239	-	-	-	239	-	239
Басқа да салымдар (14-ескерту)	-	-	-	94,704	94,704	-	94,704
2022 ж. 31 желтоқсанына	1,086,324	-	12,138	348,377	1,446,839	15,853	1,462,692
2023 ж. 1 қаңтарына	1,086,324	-	12,138	348,377	1,446,839	15,853	1,462,692
Жыл іші пайда	-	-	-	133,508	133,508	3,276	136,784
Жыл іші өзге жиынтық шығын	-	-	(4,918)	(532)	(5,450)	(8)	(5,458)
Жыл іші жиынтық (шығын)/кіріс жиыны	-	-	(4,918)	132,976	128,058	3,268	131,326
Акциялар шығару (14-ескерту)	24,310	-	-	-	24,310	-	24,310
Басқа да салымдар (14-ескерту)	-	-	-	142,345	142,345	-	142,345
Дивидендтер	-	-	-	-	-	(1,617)	(1,617)
2023 ж. 31 желтоқсанына	1,110,634	-	7,220	623,698	1,741,552	17,504	1,759,056

Топ басшылығы атынан:



Д.Ө. Көшеров
Қаржы жөніндегі басқарушы
директор



Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2024 ж. 13 наурыз 2024 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «соңғы Акционер») қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында (бұдан әрі – «ҚР») теміржол саласындағы мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингтік компанияны ұйымдастыру мақсатында құрылған. Компания 2002 ж. 15 мамырда тіркелген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») қызмет нәтижесін көрсетеді. Компанияның тіркелген офисінің мекенжайы: 010000, ҚР, Астана қ-сы, Д. Қонаев көшесі, 6.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Акционер») Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

Топ ҚР-да мемлекеттік теміржол жүйесін пайдалануды жүк және жолаушылар тасымалы қызметін көрсету арқылы, магистральдық теміржол желісі қызметін көрсету арқылы және теміржол инфрақұрылымын жөндеу мен ұстау, модернизациялау арқылы жүзеге асырады. ҚР-сының теміржол саласын реттеу шеңберінде мемлекет магистральдық теміржол желісі қызметіне, сондай-ақ теміржол көлігімен жүк тасымалы қызметіне және әлеуметтік-маңызды бағдарлар бойынша жолаушылар тасымалына тарифтерді белгілейді (ҚР Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес), жолаушылар тасымалын жүзеге асырудағы шығыстардың бөлігін мемлекет субсидиялайды. Жүк тасымалындағы реттелетін тарифтердің деңгейі тасымалданатын жүктің түріне қарай ерекшеленеді. Халықаралық транзиттік қатынаста жүктерді тасымалдау тарифі, сондай-ақ жүктерді контейнерлерде тасымалдауды мемлекет реттемейді.

ҚР Ұлттық экономика министрілігінің табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – «ТМРК») 2021-2025 жж. арналған магистральдық теміржол желілерінің қызметтеріне тарифтерді бекітті (32-ескерту). Жүктерді тасымалдау қызметтеріне магистральдық теміржол желісінің қызметтері үшін: жолдың электрлендірілмеген учаскелерінде тепловоздар үшін; жолдың электрлендірілген учаскелерінде электровоздар үшін тарифтерді саралау; сондай-ақ локомотивтік тарту қызметтері үшін: тепловоздық тарту және электровоздық тартуға ажырату енгізілді. ТМРК қызметтерге тарифтерді көтеруге келісті: жүктерді темір жол көлігімен тасымалдауға арналған магистральдық теміржол желісі орташа 2023 ж. 27 сәуірден 28.4%-ға; 2023 ж. 6 қарашадан локомотив тарту 11.4%-ға. Нәтижесінде аяқталған жылдағы жүктерді тасымалдауға тарифтер деңгейінің орташа жылдық өсуі 2023 ж. 31 желтоқсанда 23.7% құрады (2022 ж.: 6.2%).

2023 ж. 1 қаңтарынан бастап ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігі тұлғасындағы уәкілетті орган облысаралық бағыттарда жүретін әлеуметтік маңызды бағдарларда жолаушылар тасымалы бойынша тарифтердің 7% артуын келісті (2022 ж.: 7%).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Операциялық орта

Дамушы елдердің нарықтары, соның ішінде ҚР нарығы, дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырайды. ҚР-да бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеріп, еркін талқылануы мүмкін. ҚР келешек даму бағыты едәуір дәрежеде мемлекеттің салықтық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты.

ҚР мұнай мен газды үлкен көлемде өндіріп, экспортқа шығаратынына байланысты, ҚР экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал. Экономиканың жағдайына сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған әртүрлі бағдарламаларына мемлекеттік шығыстар да елеулі әсер етеді.

2022 ж. басында Ресей Федерациясы (бұдан әрі – «Ресей») мен Украина арасындағы әскери-саяси шиеленіс ұшыға түсті. Нәтижесінде бірқатар елдер Ресей мен Беларуське қарсы экономикалық санкциялар енгізді, соның ішінде жаңа инвестицияларға тыйым салу, ірі қаржы институттары мен бірқатар мемлекеттік кәсіпорындармен өзара әрекеттесуді оқшаулау шаралары қабылданды.

2023 ж. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы баррель үшін 83 АҚШ долларын құрады (2022 ж.: баррель үшін 101 АҚШ доллары). 2023 ж. қорытындысы бойынша алдын ала бағалауға сәйкес, ҚР-ның жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») өсімі жылдық мәнде 4.9% құрады (2022 ж.: 3.2%). 2023 ж. желтоқсанда елдегі инфляция төмендеп, жылдық есептеуде 9.8% құрады (2022 ж. желтоқсанда инфляция жылдық есептеуде 20.3% құраған).

2023 ж. ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») базалық мөлшерлемені +/- 1.0 т.т. дәлізбен жылдық 16.75%-дан 15.75%-ға дейін төмендетті. 2024 ж. ақпанда базалық мөлшерлеме +/- 1.0 т.т. дәлізбен жылдық 14.75%-ға дейін төмендеді. Алайда геосаяси тәуекелдердің болашақта өзгеруіне және олардың ҚР-ның экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік бар.

Топ басшылығы ҚР-дағы және әлемдегі экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді қадағалап, жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажетті деп есептейтін шараларды қабылдайды. Топтың валютада көрсетілген міндеттемелері бар, тиісінше, айырбас бағамының өсуі кезінде бағам айырмашылығынан шығын артады. Жалпы алғанда, Топ оның бизнесі мен операцияларына ағымдағы өзгерістерден елеулі теріс әсер күтпейді, себебі халықаралық (транзиттік) қатынастарды қоса алғандағы жүк теміржол қозғалысы ҚР да, бірқатар басқа елдерде де тоқтатылған жоқ. 2023 ж. ішінде транзиттік және экспорттық бағыттағы жүк айналымының көлемі өткен жылмен салыстырғанда ұлғайды.

Алайда болған оқиғалардың салдары және олармен байланысты болашақ өзгерістер Топтың қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Мемлекет Топтың құрылымына бақылау жүргізе отырып, ҚР-сындағы теміржол қызметінің ұзақ мерзімді саясатын айқындайды. ҚР-сының теміржол саласы 1997 ж. бастап қайта құрылымдау барысында. Ол жүк тасымалы және инфрақұрылымды бөлу, реттеушілік ортаны өзгерту және салаға инвестицияларды тарту үшін жағдай жасауға бағытталған.

ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес, 2022 ж. соңында ҚР көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 ж. дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – «Тұжырымдама») әзірленіп, ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді, ол Топты ұлттық көлік-логистикалық компанияға айналдыруды, логистикалық құзыреттерді арттыруды, инфрақұрылымды дамытуды және шетелдегі коммерциялық қызметті күшейтуді, теміржол қызметі нарығын әрі қарай ырықтандыру есебімен тарифтік саясатты өзгертуді, цифрландыруды енгізуді және салаға жеке инвестицияларды тартуды көздейді.

Топтың 2032 ж. дейінгі даму стратегиясын іске асыру Тұжырымдаманы ескере отырып жалғастырылатын болады. Бұл ретте Топ қызметтің тиімділігін арттыру, баламалы маршруттарды қоса алғанда, транзиттік тасымалдарды дамыту, жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес корпоративтік портфель құрылымын оңтайландыру, Топтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне кепілдік беру, Топтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ESG принциптерін іске асыру туралы жөніндегі жұмысты жалғастырады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕСК») жариялаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қызмет үздіксіздігі қағидаты

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі жорамалы негізінде дайындалған. Қызметтің үздіксіздігі Топ жақын болашақта өзінің активтерін сату мен міндеттемелерін өтеуді өзінің негізгі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруын шамалайды. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 382,665 млн теңгеге асып түсті (2022 ж. 31 желтоқсан: 118,431 млн теңге). 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы міндеттемелер 354,115 млн теңге сомасындағы қарыздарды қамтиды, олар есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтелуі тиіс. Бұл ретте 2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші пайда 136,784 млн теңгені құрады (2022 ж.: 36,883 млн теңге), ал операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі 306,318 млн теңгені құрады (2022 ж.: 262,343 млн теңге).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Топ басшылығы ақша қаражатына деген қажеттілігін, соның ішінде алынған несиелерді өтеу міндеттемелерін және даму жоспарын бағалады. Топ ірі инвестициялық жобаларды операциялық қызметтен түскен ақша қаражатынан басқа ҚР Үкіметінен алынған капитал есебінен және сыртқы несиелер есебінен тарихи қаржыландырды. ҚР-сының транзиттік әлеуетін іске асыру мақсатында Топ транзиттік жүктердің қосымша көлемдерін тарту және мультимодальдық тасымалдар нарығына ықпал ету саласын кеңейту жөнінде шаралар қабылдауды жалғастыруда. Топ басшылығы есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтеуге жататын несиелерді қайта қаржыландыру мақсатында инвесторлармен келіссөздер жүргізуде, олардың оң шешімі жоғары ықтимал деп бағаланады.

Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды бағалау кезінде басшылық сондай-ақ Топтың қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерді және қызметтен түсетін ақша ағындарын, несиелерді, қолжетімді кредиттік қаражатты және өзінің инвестициялық сипаттағы міндеттемелерін, тарифтердің күтілетін ұлғаюын, валюта бағамдарын, сондай-ақ Топ тап болатын басқа да тәуекелдерді назарға алды. Бұдан басқа, Топ Акционерден Топқа жақын болашақта ұзақ мерзімді қаржылық және операциялық қолдау көрсету ниеті мен қабілетіне қатысты қолдау хатын алды. Топтың өтімділігін жақсарту үшін басшылыққа қолжетімді жеңілдету шараларын ескере отырып, тиісті талдау жүргізгеннен кейін басшылық Топтың операциялық қызметті жалғастыру және өз міндеттемелерін өтеу үшін жеткілікті ресурстары бар деген (31-ескертуді) және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын қолдану орынды деген қорытындыға келді.

Құнды анықтау негізі

Есепті күнге бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн қағидаты негізінде дайындалған.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігін және Компания мен 29-ескертуде тізімі көрсетілген оның еншілес ұйымдары бақылайтын кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтиды. Елеулі ықпалы бар Топ инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Топтың компаниялары арасындағы барлық операциялар, сальдо және өткізілмеген пайда мен шығындар шоғырландыру кезінде алынып тасталаынады.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») берілген. Топтың функционалдық валютасы теңге болып табылмайтын шетел кәсіпорындарының активтері мен міндеттемелері есептік күнге бағам бойынша аударылады, егер айырбастау бағамдары жыл ішінде айтарлықтай өзгермеген болса, пайда немесе шығындар жыл іші орташа бағам бойынша аударылады, әйтпеген жағдайда мәмілелер жасалған күнгі айырбас бағамдары қолданылады. Қайта есептеу бойынша туындайтын бағам айырмалары өзге жиынтық кірісте есепке алынады. Шетелдік ұйымдар есептен шығарылған кезде аталған шетелдік ұйымдарға тиесілі барлық жинақталған бағам айырмалары пайда мен шығындарда танылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Теңге ҚР-сынан тыс жерде толық айырбасталатын валюта болып табылмайды. Топтың функционалды валютасынан басқа валютадағы (шетелдік валютадағы) операциялар Қазақстандық қор биржасы (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күніне нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық өткізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталардың айырбастау бағамын ҚР-сының Ұлттық Банкі Reuters ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамды қолданып есептейді.

Шетелдік валюталарда берілген ақша активтері мен міндеттемелер есептік күндегі бағам бойынша ұйымның функционалды валютасына қайта есептеледі. Операция жасалған күннен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар пайда мен шығындарда көрсетіледі, өзге жиынтық кірісте есепке алынатын бағамдық айырмашылықтарды және осы активтің өзіндік құнына қосылатын талаптарға сай келетін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей байланысты қарыздар бойынша бағамдық айырмашылықтарды қоспағанда. Әділ құны бойынша шетелдік валюталарда берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын белгілеу күніндегі қолданыстағы бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді. Пайда мен шығындарға тиесілі бағам айырмашылығынан шығын/кіріс пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жеке көрсетілген.

Келесі кестеде шетел валютасының теңгеге айырбастау бағамдары көрсетілген:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. іші орташа бағам	2022 ж. іші орташа бағам
АҚШ доллары	454.56	462.65	456.31	460.48
Еуро	502.24	492.86	493.33	484.22
Швейцария франкі	541.08	501.19	508.16	482.60
Ресей рублі	5.06	6.43	5.40	6.96
БАӘ дирхамы	123.78	125.99	124.25	125.38

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Ағымдағы жылы Топ 2023 ж. 1 қаңтарынан басталатын және одан кейінгі жылдық кезеңдерге қатысты әрекет ететін ХҚЕСК шығарған төменде көрсетілген ХҚЕС стандарттарына және түсініктемелерге түзетулерді қолданды. Оларды қолдану осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген ашып көрсетулерге немесе сомаларға елеулі әсер еткен жоқ.

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (түзетулерді қоса алғанда);
- ХҚЕС (IAS) 1 бойынша және ХҚЕС (IFRS) «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» бойынша №2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер;
- ХҚЕС (IAS) 8 «Бухгалтерлік бағалауларды анықтау» бойынша түзетулер;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» бойынша түзетулер;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Халықаралық салық реформасы – Pillar Two үлгілік қағидалары» бойынша түзетулер.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күні Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбады:

Стандарттың атауы және түсіндірмес	Төмендегілерден кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қолданылады
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 (түзетулер) – «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе енгізу»	Күнін ХҚЕСК белгілейді
ХҚЕС (IFRS) 16 «Кері жалдаумен сату операциясы шеңберінде жалдау бойынша міндеттеме» түзетулері	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер «Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер»	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 «Ковенттары бар ұзақ мерзімді міндеттемелер» түзетулері	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 21 «Айырбастау мүмкіндігінің болмауы» түзетулері	2025 ж. 1 қаңтар

Көрсетілген стандарттар мен түзетулер күшіне енгеннен кейін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейтіні күтілуде.

Есеп саясатының елеулі қағидалары

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсызданудан болған шығындарды шегергеннен кейінгі нақты шығындар бойынша есепке алу моделі бойынша көрсетіледі. Тозуды есептеу актив пайдалану үшін қолжетімді болған сәттен басталады.

Кейінгі шығыстар

Активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде шығындалатын негізгі құралдарға күнделікті техникалық қызмет көрсету шығыстары (активті жақсы қалпында ұстау үшін жүргізілетін техникалық қызмет көрсету бойынша тұрақты жұмыстар), сондай-ақ жөндеуге шығыстар (техникалық тексеру, техникалық қызмет көрсетуге келісімшарттар және т.б.) олардың пайда болуына қарай пайда немесе шығын құрамында танылады.

Активті ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» сәйкес тану үшін қажетті сипаттамаларды қанағаттандыратын шығындар ғана капиталдандырылады.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс негізгі құралдарды сатып алуға және құрылыс кезінде келтірілген тікелей қатысты ауыспалы үстеме шығыстарды тиісті бөлуді қоса алғанда, салуға тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Аяқталмаған құрылыстың ағымдағы құны құнсызданудан болған шығындарды тану қажеттілігі тұрғысынан тұрақты түрде қайта қаралып отырады.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Жалдау шарттары

Топ жалға алушы ретінде

Белгілі бір кезең ішінде өтеу орнына Топқа сәйкестендірілген активтің (оны ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» анықтайтындай) пайдаланылуын бақылау құқығы берілетін шарттарға (немесе шарттардың жекелеген компоненттеріне) қатысты Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті және тиісті міндеттемені жалдауды бастау күніне таниды. Шарттардың жалданбайтын компоненттері өзге орынды стандарттарға сәйкес есепке алынады.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» сәйкес Топ жалдауды танудан босатуды жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын жалдау шарттарына, индекске немесе мөлшерлемеге байланысты емес ауыспалы жалдау мөлшерлемесімен жалдау шарттарына, сондай-ақ құны төмен (2 млн теңгеден кем) активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды Топ жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

Жалдау басталған күні Топ осы күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген (ағымдағы) құны бойынша жалдау бойынша міндеттемені бағалайды. Дисконттау, егер оларды оңай анықтауға болатын болса, жалдау шарттарында салынған мөлшерлемелерді қоспағанда, Топтың қосымша қарыз қаражатын тартудың пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Топ жалдау бойынша міндеттемені төмендегі жағдайларды әр кез қайта бағалайды (және пайдалану құқығы нысанында тиісті активті тиісті түзетулер енгізеді):

- жалдау мерзімі өзгерсе немесе елеулі оқиға, не өзгеріс сатып алу опционын орындалуын бағалауда өзгертуге әкеп соққан жағдайларда өзгеріс болса және бұндай жағдайда жалдау бойынша міндеттеме қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады;
- жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе кепілдік берілген тарату құны бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгерсе және осы жағдайларда жалдау бойынша міндеттеме өзгермеген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады (егер жалдау төлемдерінің өзгеруі құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру салдары болып табылмаса, бұл жағдайда қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылады);
- жалға алу шарты модификацияланса және жалдау шартын өзгерту жеке жалдау шарты ретінде ескерілмесе және бұл жағдайда жалдау бойынша міндеттеме модификацияланған жалдау шартын жалдау мерзімі негізінде қайта қарастырылған қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Жалдау басталған күнге Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасын, жалдау басталған күнгі немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып, осындай күнге дейінгі жалдау төлемдерін, жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығындарды қамтитын бастапқы құн бойынша бағалайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерді кейіннен есепке алуға қатысты меншігінде тұрған активтерге қатысты қолданылатын есеп саясаты қолданылады, оның ішінде тозуды және амортизацияны есептеуге, сондай-ақ құнсыздану мәніне тексеруге қатысты.

Пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Егер жалдау шарты базалық активке меншік құқығын берсе немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны Топтың сатып алу жөніндегі ниетін көрсетсе, пайдалану құқығы нысанындағы тиісті актив базалық активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады.

Топ жалдау бойынша міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы жеке есепте жеке бапта ұсынады (16-ескерту), ал пайдалану құқығы нысанындағы активтер, егер олар меншігінде болса, яғни негізгі құралдар (6-ескерту) және материалдық емес активтер құрамында болғандағы сияқты, тиісті базалық активтер ұсынылатын баптарда ұсынылады.

Топ жалға беруші ретінде

Топ негізгі құралдардың кейбір объектілеріне қатысты жалға беруші ретінде жалдау шарттарын жасайды (6 және 23-ескертулер).

Топ жалға беруші болып табылатын жалдау қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау шарттарына сәйкес жалға алушыға меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде өткен жағдайларда жалдау шарты қаржылық жалдау шарты ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдаудан түскен кіріс жалдау мерзімі ішінде желілік негізде танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн немесе өткізудің таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құнға қорларды жеткізуге және болжамды пайдалану үшін қажетті жағдайға келтіруге байланысты жұмсалған шығындарды қамтиды. Өткізудің таза құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалатын бағалау шығындарын шегергенде кәдімгі қызмет барысында қорларды өткізу құнын бағалауды білдіреді. Қорларды өндіріске босату кезінде, өткізу және өзге де есептен шығару кезінде оларды бағалау орташа өлшемді құны бойынша жүргізіледі.

Қаржы құралдары

Қаржы активтері мен міндеттемелері Топ тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарап болған кезде Топтың қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Барлық танылған қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құны немесе қаржы активтерін басқару жөніндегі Топтың бизнес-моделі және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамалары негізінде әділ құны бойынша бағаланады.

Бұл ретте:

- мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар және мұндай ақша ағындары негізгі соманы және ол бойынша пайыздарды төлеуді ғана қамтиды, әдетте, кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- мақсаттары шартта көзделген ақша ағындарын алу және қарыз құралын сату болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын үлестік құралдар және мұндай ақша ағындары негізгі сома мен ол бойынша пайыздарды төлеуді ғана қамтиды, кейіннен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады (ӨЖКАӘҚБ); және
- барлық басқа борыштық инвестициялар мен үлестік инвестициялар кейіннен пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады (ПШАӘҚБ).

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші Топ ӨЖКАӘҚБ және амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес келетін борыштық құралдарға инвестицияларды ПШАӘҚБ бойынша жіктеген жоқ.

Кейіннен амортизацияланған құны бойынша немесе ӨЖКАӘҚБ бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздану мәніне бағаланады.

Бастапқы танудан кейін барлық қаржы міндеттемелері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе ПШАӘҚБ бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы міндеттемесінің елеусіз модификациясынан туындайтын кіріс немесе шығыс пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі. Кіріс немесе шығыс модификациялау күніне баланстық құны мен қаржы құралының бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданып дисконттай отырып, шартта көзделген жаңа талаптарға сәйкес болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Елеулі модификация есепке алуда бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде көрсетілуі тиіс.

Туынды қаржы құралдары

Топ валюталық тәуекелді басқару үшін туынды қаржы құрал – валюталық свопты қолданады. Бұл туынды қаржы құралдары белгіленген хеджирлеу қатынасының бөлігін құрамайды.

Туынды қаржы құралдар бастапқыда шарт жасалған күнгі әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен әрбір есепті күнгі әділ құны бойынша қайта бағаланып отырады. Нәтижесінде алынған пайда немесе шығындар тікелей пайда мен шығындар құрамында танылады. Таза пайда мен шығын туынды қаржы құралдары бойынша алынған және қаржы кірісіне қосылған пайыздық кірісті қамтиды. Туынды қаржы құралдарының әділ құнындағы өзгерістер қаржылық кіріс немесе қаржылық шығындар ретінде танылады (26-ескерту).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Әділ құны оң туынды қаржы құралдары қаржы активі ретінде танылады, ал әділ құны теріс туынды қаржы құралдары қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Туынды қаржы құралдары, егер құралдың қалған қолданылу мерзімі 12 айдан асса және оны сату немесе өтеу алдағы 12 ай ішінде күтілмеген жағдайда ұзақ мерзімді активтерде немесе ұзақ мерзімді міндеттемелерде көрсетіледі. Басқа туынды қаржы құралдары қысқа мерзімді активтерге немесе қысқа мерзімді міндеттемелерге енгізіледі.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты шығындар ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа капитал түсімінің сомасынан шегеру ретінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшалай емес салымдарды тәуелсіз бағалаушы беру күніндегі жағдай бойынша әділ құны бойынша бағалайды.

Топ орналастыруды заңды тіркеуді жүзеге асырмаған орналастырылатын жай акциялар үшін алынған қаражат мұндай түсімдер жарғылық капиталға көшірілетін тіркеу сәтіне дейін қосымша төленген жарғылық капитал ретінде танылады.

Басқа да салымдар

Топ Акционермен активтерді алу, нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша әділ құнға дейін түзету сияқты операцияларды және Топтың жарғылық капиталында қосымша үлес алуға әкелмейтін өзге операцияларды жүргізеді. Топ бұндай операцияларды капитал арқылы бөлінбеген пайда құрамында көрсетеді.

Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар субсидияны алу үшін қажетті барлық шарттар орындалатынына және субсидия алынатынына жеткілікті сенім пайда болған кезде танылады.

Мемлекеттік субсидиялар субсидиялармен өтелетін шығындарды пайдада және шығында танумен бір мезгілде жүйелі негізде пайда мен шығындарда танылады. Атап айтқанда, Үкімет Топтың ҚР-сындағы әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдау шығыстарын ішінара жабу үшін мемлекеттік гранттар түрінде субсидиялар алуға құқығы бар деп қаулы етті. Мемлекеттік субсидиялар осы субсидиялар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдаушылардың шығыстарын жабуға жатқызылатындай кезеңдер ішінде тұрақты негізде танылады.

Келтірілген шығындарды, шығыстарды өтейтін немесе болашақ шығындарға байланысты емес қаржылық көмек түрінде берілген мемлекеттік субсидиялар оларды алу құқығы туындайтын кезеңнің кірістеріне жатады.

Түсім

Түсім сатып алушыларға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беруді Топ оның күтулері бойынша көрсетілген тауарларға немесе қызметтердің орнына алуға құқығы бар өтеу мөлшерінде көрсету деп танылады. Түсім қосылған құн салығын (бұдан әрі – «ҚҚС») және жеңілдіктерді шегеріп көрсетіледі.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсетуден түскен түсімді есепке алу

Жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсетуден түсім уақыт ішінде танылады. Есепті күнге қызметтердің орындалу дәрежесін бағалау әдісі ретінде есепті күнге көрсетілген қызметтер көлемінің тасымалдау бойынша қызметтердің жалпы көлеміне пайыздық арақатынасы пайдаланылады.

Қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарда келісілген айлық көлемнің 100% алдын ала төлем шартымен ұсынылады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары қысқа мерзімді болып табылады және ақша қаражаты түскен күні алынған аванстар ретінде сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

Республикаішілік, халықаралық экспорттық және транзиттік қатынастарда жүк тасымалдау қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған аванстар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер құрамында тасымалдау басталған кездегі болашақ кезеңдердің кірістері ретінде көрсетіледі. Қызмет көрсету шамасына қарай болашақ кезеңдердің кірістері есепті кезеңнің кірістері ретінде танылады.

Топтың сатып алушыларымен жасалған шарттарында сатып алушыға уәде етілген қызметтерді беру мен сатып алушының осы қызметтерді төлеу сәті арасындағы уақыт аралығы қысқа болғандықтан қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ.

Жүктерді тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифіне уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы ТМРК бұйрық қолданылатын шарттарда тұтынылған қызметтің көлеміне байланысты жеңілдіктер көзделген. Бұл қызметтерден түскен түсім жеңілдіктердің бағалау мөлшерін шегергенде, келісімшартта көрсетілген баға негізінде танылады. Жеңілдіктер сомасын бағалау үшін Топ күтілетін құн әдісін пайдаланады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанға жеңілдік беру бойынша контрагенттерге міндеттеме сомасы жоқ.

Топ жүк тасымалдарынан түскен түсім құрамында операция жасау қызметтерінен түскен түсімді көрсетеді және есепті күнге қызмет көрсету процесінің аяқталуына қарай операция жасау қызметтерінен түскен түсімді таниды, себебі қызмет көрсету жөніндегі міндеттеме уақыт ішінде орындалады, ал сатып алушы бір мезгілде Топтың көрсетілген міндеттерді орындауына байланысты пайданы оның орындалуына қарай алады және тұтынады. Сатып алушыға қызметтің орындалу дәрежесін бағалау әдісі ретінде Топ есепті күнге көрсетілген қызметтер көлемінің тасымалдау жөніндегі қызметтердің жалпы көлеміне пайыздық арақатынасын пайдаланады.

Жылжымалы құраммен операция жасау қызметтері, әдетте, сатып алушылармен шарт бойынша міндеттемелер құрамында алынған аванстар ретінде көрсетілетін алдын ала төлем шарттарында ұсынылады.

Топ тасымалдау процесіне байланысты қосымша алымдар мен жүк тасымалынан түскен басқа да кірістер уақыт ішінде танылады деген тұжырым жасады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Жолаушылар тасымалынан түскен түсімді есепке алу

Жолаушылар тасымалынан түскен түсім сатып алушының есепті күнге сапарының аяқталу дәрежесі бойынша уақыт ішінде танылады. Билеттерді сатудан түскен сомалар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер ретінде ескерілетін болашақ кезеңдер кірістерінің құрамында көрсетіледі, олар жолаушы жөнелтілген кезден бастап кірістерге жатады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтіндегі аванстар құрамында көрсетіледі. Жолаушыларды тасымалдауға және билеттерді жазып беруге арналған өтінімдерді алу шамасына қарай күтілетін есептік кіріске шамамен тең аванс сомалары болашақ кезеңдердің кірістеріне көшіріледі. Болашақ кезеңдердің кірістері жолаушы жөнелтілген сәттен бастап кірістерге ұқсас жатқызылады.

Жолаушылар тасымалы қызметтері әдетте бірнеше сағат/күн ішінде аяқталады. Осының алдындағы тәжірибені талдау есепті күнгі ауыспалы түсім елеулі емес екенін көрсетті.

Өзге де кірістер

Өзге кірістерге алынған айыппұлдар, тауарларды, материалдар мен металл сынықтарын сатудан, сондай-ақ жүктерді ауыстырып тиеу және кемелерге қызмет көрсету бойынша өзге де қызметтерді ұсыну кіреді.

Қызмет көрсетуден түскен өзге де кірістер қызмет көрсету шамасына қарай уақыт ішінде танылады. Егер Топ кезең ішінде орындау міндетін орындамаса, демек, орындау міндеті белгілі бір уақыт кезеңінде орындалады (тауарларды, материалдарды және металл сынықтарын және басқалар сатудан түскен кірістер).

Клиентке уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен клиенттің төлеуі арасындағы кезең бір жылдан асатын елеулі келісімшарттарды есепке алу кезінде Топ мәміленің бағасын ақшаның уақытша құнына түзетеді.

Кері жалдаумен сату операциялары

Топ кері жалдаумен сату операцияларында активті беруді, егер беру ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» талаптарына сай келсе ғана сату ретінде ескереді.

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес, егер жалға алушы-сатушы сатуды мойындайтын болса, жалға алынатын активті пайдалану құқығы жалға алушы-сатушы сақтайтын пайдалану құқығымен байланысты активтің алдыңғы баланстық құнының бөлігі ретінде бағаланады. Сатушы-жалға алушы сатып алушы-жалға берушіге берілген құқықтарға жататын пайданың немесе шығынның сомасын ғана таниды.

Егер жалға алушы-сатушының активті табыстауы активті сату ретінде есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 талаптарын қанағаттандырмаса, жалға алушы-сатушы табысталған активті тануды жалғастырады және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолданып, өткізуден түскен түсімдер мөлшеріндегі қаржылық міндеттемені мойындайды.

Салыстырмалы деректер

Қажет болған жағдайда салыстырмалы көрсеткіштер ағымдағы жылдың ұсынуымен сәйкес болу үшін түзетілді.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

4. ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

Топтың 3-ескертуде сипатталған есеп саясатын қолдану кезінде басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған сомаларға елеулі әсер ететін пайымдаулар (бағалаулармен байланысты пайымдауларға қоса) жасайды және активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты басқа көздерден анық емес бағалаулар мен жорамалдар жасайды. Бағалаулар мен олардың негізіндегі жорамалдар тәжірибеге және берілген жағдайларда орынды деп саналатын басқа факторларға негізделген. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар мен байланысты жорамалдар жүйелі түрде қаралады. Бағалаудағы өзгерістер, егер қайта қарау тек осы кезеңге әсер ететін болса, бағалау қайта қаралған кезеңде немесе қайта қарау ағымдағы және болашақ кезеңдерге әсер ететін болса, болашақ кезеңдерде танылады.

Есеп саясатын қолданған кезде пайдаланылған елеулі пайымдаулар

Топтың есеп саясатын қолданған кездегі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер еткен елеулі пайымдаулардан басқа (төменде бөлек көрсетілген), бағалауда белгісіздік орын алған елеулі пайымдаулар төменде көрсетілген.

Бақылауды анықтау

Топ бақылайтын ұйымдар еншілес ұйымдар болып табылады. Топ еншілес ұйымды инвестиция нысанына қатысуынан өзгермелі кіріске байланысты шығынға ұшырағанда немесе ондай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар нысанына қатынасты ықпал өзінің билігін жүзеге асырумен кіріске иелік ету мүмкіндігі болса ғана бақылайды. Еншілес ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамына Топ еншілес ұйымға бақылау алған күннен бастап, бақылау тоқтаған күнге дейін енгізіледі. Еншілес ұйымдардың есеп саясаты олардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру керек болған жағдайда өзгертілетін. Еншілес ұйымдардағы бақыланбайтын үлеске тиесілі шығындар толық көлемде бақыланбайтын үлестер шотына дебеттік сальдоның («дефицит») пайда болуына әкеліп соқтырса да жатқызылады (29-ескерту).

Акционермен сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Акционер Компанияға өз меншігіндегі «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ акцияларының 100%-ын басқаруға берді, компанияға қызметті басқару және осы акциялар пакетіне билік ету бойынша кең өкілеттіктер берді. Компания «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны еншілес ұйым ретінде таныды, өйткені шарт оған осы кәсіпорынның маңызды қызметін жеке дара басқаруға және дивидендтер алуға практикалық мүмкіндік береді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Пайыздық мөлшерлемесі нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен қарыздар

Топ ұқсас қарыздар үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен Акционерден/соңғы Акционерден қарыздар алады. Бұл қарыздар бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығыстар есебімен алынған ақша қаражатының әділ құны болып табылатын құн бойынша есепке алынады. Топ осы қарыздардың әділ құнын (амортизацияланған құнын) ҚР теміржол саласындағы монополист ретіндегі Топтың мәртебесін және 100%-дық мемлекеттік меншікті ескере отырып, мерзімдері ұқсас ұзақ мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мөлшерлемелерді пайдалана отырып есептейді және капитал құрамындағы қарыздың әділ құнына дейін (тиісті кейінге қалдырылған салықты шегергенде) түзетуді таниды. Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған қарыз мерзіміне экстраполяциялайды. Бастапқы танудан кейін қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Топ қарыздарды алу кезінде нарыққа барлық қатысушылар үшін мемлекет белгілеген белгілі бір өлшемдерге сәйкес келетін пайыздық мөлшерлемесі нарықтықтан төмен мемлекеттік қарыздардан пайданы Топ мемлекеттік субсидия ретінде есепке алады. Өзге жағдайларда Топ осы қарыздарды соңғы Акционермен операциялар ретінде қарайды және нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша әділ құнға дейінгі түзетулерді капитал құрамында есепке алады.

Ақша қаражатын өндіретін бірлікті анықтау

Топ барлық сегменттерді ақшы қаражатын өндіретін біртұтас бірлік (бұдан әрі – «АҚӨБ») деп қарастырады, себебі ағымдағы Топтың операциялық моделінде әр сегменттің ақша ағындары жеткілікті дәрежеде тәуелсіз болып табылмайды. Теміржол инфрақұрылымы біртұтас болып табылады және жүк және жолаушылар көлігі қызметіне бөлінбейді, сондықтан да жүк және жолаушылар бағыты бойынша алынған ақша ағындарының инфрақұрылымын жүк және жолаушылар бағытына объективті түрде бөлуге болмайды. Жүктерді тасымалдау тарифтерінің реттеу ерекшеліктерін, сондай-ақ жолаушылар тасымалын кросс-субсидиялау қажеттілігін ескере отырып, теміржол инфрақұрылымы тәуелсіз ақша ағындарын өндіре алмайды, тиісінше Топ бір АҚӨБ ретінде қарастырылады.

ҚР Үкіметі Компанияның соңғы Акционері ретінде Топтың белгілі бір кәсіпорындарын жекешелендіру жоспарын бекітті, оны іске асыру нәтижесінде Топтың бизнес-бірліктері арасында өзара әрекеттесудің жаңа схемалары әзірленеді. Топтың қайта құрылу үдерісінің аяқталмағанына байланысты бұл ықтимал оқиғалар ағымдағы жылы АҚӨБ анықтаған кезде назарға алынған жоқ. АҚӨБ анықтаудағы кейінгі өзгерістер Топ активтерінің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін.

Негізгі құралдардың құнсыздануының индикаторларын талдау

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын бағалау кезінде Топ сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарастырады. Топ басшылығы қандай да бір оқиғалар немесе мән-жайлардағы өзгерістер активтердің баланстық құны өтелмеуі мүмкін екенін көрсететінін анықтау үшін сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарады.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Активтердің құнсыздану индикаторларының болуын айқындау: теміржол индустриясының күтілетін өсіндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, болашақта қаржыландыру қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтер көрсетуді тоқтату, орын ауыстыруға арналған ағымдағы шығындар және шарттардың басқа да өзгерістері сияқты факторлардың көп санына негізделеді.

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ негізгі құралдардың құнсыздануының жоғарыда көрсетілген сыртқы және ішкі индикаторларының болуын бағалады, атап айтқанда пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі, жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда нақты көрсеткіштердің орындалуын талдау, сондай-ақ транзиттік бағыттағы жүк айналымы бойынша көлемдерді және транзиттік бағыттағы тариф Швейцария франкімен белгіленгендіктен, теңгенің Швейцария франкіне бағамының өзгеруіне талдау жүргізді.

Сыртқы және ішкі факторлардың әрқайсысы құнсызданудың индикаторы болып табылуын не табылмауын бағалау басшылықтың елеулі пайымдауын талап етеді. Басшылықтың негізгі пайымдауы геосаяси жағдай және дәстүрлі көлік-логистикалық тізбектер үзілген жағдайда елдің транзиттік әлеуетін дамыту трансконтиненталдық сауданы жандандырудың негізгі факторы болып табылатындығына негізделеді. 2022 ж. желтоқсанда ҚР-да теміржол саласын одан әрі дамытуды көздейтін Тұжырымдама бекітілді. 2023 ж. ішінде транзиттік қатынастағы жүк тасымалының іс жүзіндегі көлемі мен түсім жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті.

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы 2023 ж. болған, біртұтас АҚӨБ құнсыздану индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін қандай да бір оқиғаларды анықтаған жоқ.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық келісімдер шарттарын есепке алу

«Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС еншілес ұйымдары тұлғасындағы Топ жолаушылар вагондары паркін жаңарту үшін соңғы Акционердің жалпы бақылауындағы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен сатып алу-сату және қаржылық лизинг туралы бірқатар үш жақты шарттарын жасасты. Осы шарттарға сәйкес, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ 100% алдын ала төлем негізінде оларды меншікке сатып алу және кейіннен «Жолаушылар тасымалы» АҚ қаржылық жалға беру үшін «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС жолаушылар вагондарын шығаруды қаржыландырады.

Топ басшылығы «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасындағы өзара қарым-қатынас бөлігінде транзакция Топтың деңгейінде активті сату ретінде есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» талаптарына жауап бермейді, себебі вагондарды бақылау «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ға ауыспайды, Топта қалады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ вагондар өндірісін қаржыландырады, бірақ кейіннен пайдалану тәсілін анықтау және активтен қалған барлық пайданы алу қабілетіне шектеу қойылған. Тиісінше, Топ «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС-нен бөлінген «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС бақылауынан айырылғанға дейін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ алдында туындаған міндеттемені (13-ескерту) ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» сәйкес қаржылық міндеттеме (қарыз) ретінде, ал жолаушылар вагондары мен аяқталмаған өндірісті ХҚЕС (IFRS) 16.103 «Жалдау» сәйкес меншік құқығындағы негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс объектілері ретінде (3-ескерту) таниды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде есепті кезеңнің соңына болашаққа қатысты негізгі пайымдау және бағалаудағы белгісіздіктің басқа негізгі көздері көрсетілген. Бұлардың келесі есепті жылы актив мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі әсер етуінің ықтималдылығы жоғары.

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар болуына тексеру жүргізеді.

Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Активтердің баланстық құны өтелетін құнынан артық болған жағдайда құнсыздану танылады. Өтелетін құн екі мәннің: өткізу шығынын шегергендегі активтердің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде ақша қаражатының есептік келешек ағындары, Топ басшылығының пікірінше, ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін капиталдың орташа өлшенген құны негізінде есептелген салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін (WACC мөлшерлемесі) қолданып олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

ҚҚС өтеу

Әрбір есепті күндегі жағдай бойынша Топ халықаралық тасымалдар бойынша қызметтер көрсетуден туындаған ҚҚС өтелмейтін сомасына қатысты резервті бағалайды. Топ сатып алушыларға ҚҚС қоя алмайды және сәйкесінше бұл соманы салық органдарынан алғаннан кейін ғана іске асыра алады.

ҚР Салық заңнамасына сәйкес есептелген ҚҚС-тың 70%-ға дейінгі бөлігі салық декларациясын тапсырғаннан кейін тоқсан сайын бюджеттен қайтарылуға жатады. Есептелген ҚҚС-тың қалған бөлігі салықтық тексеру нәтижелері бойынша 5 жыл ішінде қайтарылуға жатады. 2023 ж. ішінде ҚҚС бойынша салықтық тексерулер тиісінше жүргізілмеген, салықтық тексеру нәтижелері бойынша қайтаруға жататын ҚҚС сомасы қайтарылған жоқ.

Топ өзінің салық департаментінен алынған ҚҚС бойынша күтілетін қайтару туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС өтеудің нақты сомасы Топтың бағалау сомасынан өзгешеленуі мүмкін, бұл болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелетін ҚҚС-тың жалпы баланстық құны 204,656 млн теңгені құрады (2022 ж. 31 желтоқсан: 107,869 млн теңге), оның ішінде 49,618 млн теңге ағымдағы активтерге жатқызылды (2022 ж. 31 желтоқсан: 37,809 млн теңге). Топ өтелетін ҚҚС ағымдағы бөлігі 2024 ж. ішінде салық органдарымен қайтарылады немесе ҚҚС бойынша болашақ міндеттеме сомасына қарсы есепке алынады деп күтеді және қайтарылатын жалпы ҚҚС сомасы толығымен өтеледі деп санайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы

Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тура сызықтық әдіс негізінде есептеледі. Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдеріне, тарату құнына байланысты бағалар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есепті күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде перспективалы түрде ескеріледі. Пайдалы қызмет мерзімдеріне және активтердің тарату құнына қатысты бағалар күтіліп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де жағдайларына байланысты болады. Осы бағалардың өзгеруі нәтижесінде тозу сомасы өткен жылдары көрсетілген сомалардан айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін.

Топ қолданатын пайдалы қызметтің бағалау мерзімдері төменде берілген (жылдарда):

Ғимараттар мен құрылыстар	10-140
Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	5-100
Машиналар мен жабдықтар	3-35
Көлік құралдары	4-40
Басқасы	2-50
Материалдық емес активтер	1-10

Салық салу

Әр түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазылмайды. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтық жағдайлары болуы мүмкін. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықтарды қосымша есептеген жағдайда, айыппұл мен өсімпұлдың қолда бар мөлшері елеулі мөлшерде белгіленген; айыппұл мөлшері қосымша есептелген салық сомасының 80% - ын құрайды және өсімпұл мөлшері қосымша есептелген немесе төленбеген салық сомасының жылдық 19.69% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салық сомасынан асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер ондайлар қосымша есептелген болса, 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалау мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылықтар, егер мұндайлар туындайтын болса, келешектегі кезеңдерде операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Туынды қаржы құралдарының әділ құны

2022 ж. Top Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) АҚШ долларында қарыз алудың валюталық тәуекелін басқару үшін кросс-валюталық своп мәмілелерін жасасты. Top АҚШ долларының белгіленген сомасына айырбас ретінде белгіленген швейцариялық франк сомасын төлейді. Туынды қаржы құралдарының әділ құны Топтың және оның контрагенттерінің несиелік тәуекелдерін көрсететін мөлшерлемелер бойынша дисконтталған форвардтық айырбас бағамдары (есепті күнгі бақыланатын) және келісілген форвардтық мөлшерлемелерді пайдалана отырып бағаланатын күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептеледі.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Туынды қаржы құралдарының әділ құнын бағалау кезінде Top қолжетімді шамада бақыланатын нарықтық деректерді пайдаланады. Бағалау есептік кезеңнің соңында байқалған форвардтық айырбас бағамдарының өзгерістеріне әсіресе сезімтал. Форвардтық айырбас бағамдары бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көзі болып табылады, өйткені пайдаланылған жорамалдардағы салыстырмалы түрде шағын өзгерістер келесі қаржы жылындағы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша туынды қаржы құралдарының әділ құны ретінде көрсетілген міндеттеме басшылық ең қолайлы деп есептейтін нарықтық бақыланатын форвардтық айырбас бағамдары арқылы 35,719 млн теңге көлемінде бағаланды.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Top басшылығы ең қолайлы форвардтық айырбас бағамдарын талдап, қолданды, дегенмен геосаяси және нарықтық тәуекелдермен (валюталық тәуекелді қоса алғанда) және олардың жаһандық және ішкі экономикаға әсерімен байланысты белгісіздіктер бар, бұл туынды қаржы құралдарының келесі кезеңдердегі әділ құны бағамдарға елеулі түзетулер енгізуі мүмкін (31-ескерту).

5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың операциялық сегменттері көрсетілетін қызметтер негізінде анықталады. Top екі есепті сегментті бөліп көрсетеді: жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер. Барлық өзге сегменттер, соның ішінде негізінен коммуналдық қызметтер, жүктерді тиеу мен босату және кемелерге қызмет көрсету қызметтерінен тұратын, бірлесіп сандық шектерден аспайтын сегменттер жеке ашып көрсетілмейді және «Басқаларға» біріктірілген.

Top басшылығы Топтың операциялық сегменттерінің келесідей көптеген пайда көрсеткіштерін бақылайды: салық салуға дейінгі пайда, жалғасатын қызметтен жыл іші пайда және жалпы пайда. Бұл ретте жалғасатын қызметтен жыл іші пайда ресурстарды бөлу және сегменттер қызметін бағалау үшін басшылық пайдаланатын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Топта сегментішілік сатулар бойынша белгіленген баға қалыптастыру саясаты жоқ.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

	2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	Жүк тасымалы	Жолаушы-лар тасымалы	Есептік сегменттер	Басқалары	Шоғырлан-дыру	Жиыны
Негізгі операциялық көрсеткіштер						
Түсім және өзге кірістер						
Сыртқы сатып алушылардан тасымалдаудан түсетін түсім	1,682,550	101,682	1,784,232	-	-	1,784,232
Сегменттер арасындағы операциялардан тасымалдаудан түскен түсім	1,443	67,151	68,594	-	(68,594)	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	38,912	38,912	-	-	38,912
Сыртқы сатып алушылардан өзге кірістер	86,988	5,353	92,341	18,610	-	110,951
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша өзге кірістер	35,982	798	36,780	9,679	(46,459)	-
Түсім және өзге кірістер жиыны	1,806,963	213,896	2,020,859	28,289	(115,053)	1,934,095
Өткізудің өзіндік құны	(1,389,101)	(201,563)	(1,590,664)	(21,441)	113,522	(1,498,583)
Жалпы пайда	417,862	12,333	430,195	6,848	(1,531)	435,512
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(94,722)	(9,592)	(104,314)	(3,585)	1,405	(106,494)
Қаржылық кіріс	36,847	1,440	38,287	1,122	(7,188)	32,221
Қаржылық шығындар	(188,846)	(22,382)	(211,228)	(396)	3,259	(208,365)
Бағам айырмасынан шығын	(12,324)	(1,732)	(14,056)	(69)	1	(14,124)
Тоқтатылған қызметтің құраушы болып табылмайтын еншілес кәсіпорындарды сатудан түскен пайда	6,283	-	6,283	-	-	6,283
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	8,144	-	8,144	-	-	8,144
Қаржылық активтердің және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	2,487	11	2,498	28	136	2,662
Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы)	1,734	(373)	1,361	(212)	-	1,149
Басқа пайда мен шығындар	3,930	1,078	5,008	17	(630)	4,395
Салық салынғанға дейінгі пайда/(шығын)	181,395	(19,217)	162,178	3,753	(4,548)	161,383
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу	(34,229)	5,362	(28,867)	(509)	4,777	(24,599)
Жыл іші пайда/(шығын)	147,166	(13,855)	133,311	3,244	229	136,784
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат						
Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар	628,238	76,151	704,389	540	-	704,929
Негізгі құралдардың тозуы (6 ескерту)	139,365	16,172	155,537	1,647	(6)	157,178

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	Жүк тасымалы	Жолаушы-лар тасымалы	Есептік сегменттер	Басқалары	Шоғырлан-дыру	Жиыны
Негізгі операциялық көрсеткіштер						
Түсім және басқа кірістер						
Сыртқы сатып алушылардан тасымалдаудан түсетін түсім	1,283,513	88,421	1,371,934	-	-	1,371,934
Сегменттер арасындағы операциялардан тасымалдаудан түскен түсім	1,756	60,263	62,019	-	(62,019)	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	38,205	38,205	-	-	38,205
Сыртқы сатып алушылардан өзге кірістер	50,792	4,519	55,311	16,015	-	71,326
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша өзге кірістер	28,160	3,218	31,378	7,638	(39,016)	-
Түсім және өзге кірістер жиыны	1,364,221	194,626	1,558,847	23,653	(101,035)	1,481,465
Өткізудің өзіндік құны	(1,119,582)	(167,634)	(1,287,216)	(16,729)	99,712	(1,204,233)
Жалпы пайда	244,639	26,992	271,631	6,924	(1,323)	277,232
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(80,619)	(7,808)	(88,427)	(5,654)	1,018	(93,063)
Қаржылық кіріс	61,339	4,173	65,512	1,166	(5,579)	61,099
Қаржылық шығындар	(140,242)	(10,871)	(151,113)	(478)	6,731	(144,860)
Бағам айырмасынан (шығын)/пайда	(33,934)	(565)	(34,499)	113	243	(34,143)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	8,547	-	8,547	-	-	8,547
Қаржылық активтердің және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтердің құнсыздануы	(5,511)	(32)	(5,543)	(153)	(6)	(5,702)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы)	824	(1,405)	(581)	(36)	-	(617)
Басқа да пайда мен шығындар	228	75	303	(342)	(30)	(69)
Салық салынғанға дейінгі пайда	55,271	10,559	65,830	1,540	1,054	68,424
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(29,195)	(2,020)	(31,215)	(400)	74	(31,541)
Жыл іші пайда	26,076	8,539	34,615	1,140	1,128	36,883
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат						
Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар	333,076	28,612	361,688	508	1,889	364,085
Негізгі құралдардың тозуы (6 ескерту)	130,408	14,657	145,065	1,614	(117)	146,562

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Топтың географиялық ақпараты

Топ әр түрлі географиялық өңірлерде сатып алушылардан кірістер алады. Төмендегі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатып алушылардың орналасқан жеріне негізделген кірістер туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алушылардың орналасқан жері	2023 ж.	2022 ж.
Қазақстан	1,875,851	1,440,584
Ресей	28,412	23,595
Германия	16,708	3,478
Қытай	9,329	4,974
Басқасы	3,795	8,834
	1,934,095	1,481,465

Негізінен Топтың барлық ұзақ мерзімді активтері ҚР-сында орналасқан.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Жер	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2022 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	1,205,831	305,435	266,902	1,071,704	3,960	12,437	172,020	3,038,289
Сатып алулар	324	663	5,922	1,241	7	1,370	339,433	348,880
Жалдау бойынша түсімдер	-	363	-	13,910	-	686	-	14,959
Жалдау шарттарының өзгеруі	-	80	-	-	-	1,162	-	1,242
Есептен шығару	(178)	(629)	(2,661)	(4,550)	(10)	(536)	(2,883)	(11,447)
Тозу бойынша шығыстар (5 ескерту)	(39,410)	(7,455)	(35,434)	(61,173)	-	(3,090)	-	(146,562)
Есептен шығару бойынша тозу	166	408	2,525	4,265	-	527	-	7,891
Құнсыздану	(92)	(40)	(112)	(269)	-	(840)	(73)	(1,426)
Сатуға арналған деп жіктелген активтер құрамына аудару	-	(4,347)	(791)	(3)	-	(556)	(3)	(5,700)
Басқа да қозғалыстар, аударулар ¹	124,838	944	9,269	242,726	2	(223)	(382,177)	(4,621)
2022 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	1,291,479	295,342	245,620	1,267,851	3,959	10,937	126,317	3,241,505
Бастапқы құны	1,628,325	364,564	535,430	1,868,356	3,959	30,943	138,141	4,569,718
Жинақталған тозу мен ұнсыздану	(336,846)	(69,222)	(289,810)	(600,505)	-	(20,006)	(11,824)	(1,328,213)
2022 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	1,291,479	295,342	245,620	1,267,851	3,959	10,937	126,317	3,241,505
Соның ішінде:								
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:								
Бастапқы құны	-	2,115	37,728	73,901	-	9,219	-	122,963
Жинақталған тозу мен құнсыздану	-	(598)	(28,762)	(11,836)	-	(4,536)	-	(45,732)
Баланстық құны	-	1,517	8,966	62,065	-	4,683	-	77,231
Операциялық жалдау мәні болып табылатын негізгі құралдар (Топ жалға беруші ретінде) ²	-	234	3	90,395	-	-	-	90,632

¹ Басқа да қозғалыстар, аударулар сондай-ақ тауар-материалдық қорларға немесе одан аударуларды қамтиды.
² Салыстырмалы көрсеткіштер ағымдағы жылмен сәйкес болу үшін қайта қаралды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Жер	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2023 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	1,291,479	295,342	245,620	1,267,851	3,959	10,937	126,317	3,241,505
Сатып алу	591	653	11,408	39,776	2	1,399	603,471	657,300
Жалдау бойынша түсімдер	-	48	1,073	45,237	-	1	-	46,359
Жалдау шарттарының өзгеруі	-	(76)	5,251	8,092	-	-	-	13,267
Есептен шығару	(73)	(1,019)	(2,975)	(10,582)	(59)	(1,091)	(1,467)	(17,266)
Тозу бойынша шығыстар								
(5 ескерту)	(41,980)	(7,701)	(35,032)	(70,565)	-	(1,900)	-	(157,178)
Есептен шығару бойынша тозу	57	492	2,742	10,528	-	1,089	-	14,908
Құнсыздануды қалпына келтіру/ (құнсыздану)	29	(23)	(80)	254	-	(108)	(1,062)	(990)
Басқа да қозғалыстар, аударулар ³	165,641	25,749	19,967	316,959	(31)	173	(531,884)	(3,426)
2023 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	1,415,744	313,465	247,974	1,607,550	3,871	10,500	195,375	3,794,479
Бастапқы құны	1,779,867	389,889	575,524	2,254,692	3,871	31,315	207,150	5,242,308
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(364,123)	(76,424)	(327,550)	(647,142)	-	(20,815)	(11,775)	(1,447,829)
2023 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	1,415,744	313,465	247,974	1,607,550	3,871	10,500	195,375	3,794,479
Соның ішінде:								
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:								
Бастапқы құны	-	1,843	42,735	111,578	-	7,320	-	163,476
Жинақталған тозу мен құнсыздану	-	(845)	(36,823)	(6,803)	-	(3,900)	-	(48,371)
Баланстық құны	-	998	5,912	104,775	-	3,420	-	115,105
Операциялық жалдау мәні болып табылатын негізгі құралдар (Топ жалға беруші ретінде)	-	239	-	88,774	-	-	-	89,013

³ Басқа да қозғалыстар, аударулар сондай-ақ тауар-материалдық қорларға немесе одан аударуларды қамтиды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс, негізінен, «Достық-Мойынты» теміржол көлігі дәліздерін жақсарту жобаларына байланысты шығындардан, Жезқазған-Бейнеу теміржол желісінің құрылысы, Құрық портындағы паром кешені және басқа да инфрақұрылымдық қайта құру жобаларынан тұрады.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны 10,881 млн теңге және 11,172 млн теңге болатын негізгі құралдары тиісінше белгілі бір қарыздар бойынша кепілдік қамтамасыз ету ретінде әрекет етті.

2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Топ 14,181 млн теңге сомасына жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу шығыстарын есептеді (2022 ж.: 16,811 млн теңге).

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде алынған несиелер бойынша капиталдандырылған шығыстардың сомасы тиісінше 26,521 млн теңгені және 5,673 млн теңгені құрады. Топ бойынша капиталдандырудың орташа мөлшерлемесі 3.25%-дан 19.35% дейін (2022 ж.: 3.88%-ден 8.82%-ге дейін) өзгереді.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың пайдалануындағы толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны тиісінше 372,174 млн теңгені және 359,365 млн теңгені құрайды.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

7. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдастырылған кәсіпорынның атауы	Негізгі қызметі	Негізгі қызмет жүзеге асырылатын ел/ тіркелген елі	2023 ж. 31 желтоқсан		2022 ж. 31 желтоқсан	
			Баланстық құны	Иелену үлесі	Баланстық құны	Иелену үлесі
«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ («ЕТБ БТЛК» АҚ) «Транстелеком» АҚ Халықаралық Қытай-қазақстандық логистикалық компаниясы, Ляньюнган қ. «Қытай-Қазақстан сауда-логистикалық компаниясы» ЖШС (Сиань қ.) Басқалары Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар жиыны Бірлескен кәсіпорындар	Ішкі және халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау бойынша көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	РФ	15,890	33.33%	16,959	33.33%
	Телекоммуникациялық қызметтер	ҚР	10,768	25%	8,502	25%
	Халықаралық мультимодальды тасымалдаулар	ҚХР	7,195	49%	3,173	49%
	Халықаралық мультимодальды тасымалдау, терминалдық қызметтер және т.б.	ҚХР	5,136	49%	-	-
			-	40-47%	-	40-47%
			38,989		28,634	
«KPMC Ltd.» жеке компаниясы «KIF Warehouses (КИФ Везрхаусис)» ЖШС «Middle Corridor Multimodal Ltd.» жеке компаниясы Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар жиыны	Контейнерлік блок пойыздарын ұйымдастыру және құрлық-теңіз жүк бағыттары бойынша жүк тасымалдау қызметін ұйымдастыру	ҚХР / ҚР	1,078	49%	-	-
	Қойма операциялары және қосалқы көлік операциялары	ҚР	497	50%	165	50%
	Ішкі және халықаралық тасымалдарда жүк тасымалдауды ұйымдастыру, Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша мультимодальды және көліктік-логистикалық қызметтерді көрсету	ҚР	4	33.33%	-	-
			1,579		165	

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардағы қозғалыстар төмендегідей берілген:

	2023 ж.	2022 ж.
Қауымдастырылған ұйымдар		
1 қаңтарға	28,634	26,793
Сатып алу	5,196	-
Шетел валюталарын қайта есептеу	(4,588)	2,058
Пайдадағы үлес	8,190	8,509
Құнсыздануды қалпына келтіру	4,697	-
Алынатын дивидендтер	(3,140)	(8,726)
31 желтоқсанға	38,989	28,634
Бірлескен ұйымдар		
1 қаңтарға	165	895
Сатып алу	5	-
KPMC Ltd. еншілес компаниясына бақылауды жоғалту нәтижесінде қалған үлестің әділ құны	1	-
(Шығындағы)/пайдадағы үлес	(46)	38
Жарғылық капиталға салымдар	1,111	58
Құнсыздануды қалпына келтіру/(құнсыздану)	343	(826)
31 желтоқсанға	1,579	165

2023 ж. ішінде Топ, «Кедентранссервис» АҚ еншілес ұйымы арқылы, «Қытай-Қазақстан сауда-логистикалық компаниясы» ЖШС (Сиань) жарғылық капиталына 80,740,632 юань (5,196 млн теңге) көлемінде ақшалай жарна салды, бұл қауымдастырылған кәсіпорындағы Топтың меншік үлесі 49%-ды құрады.

2023 ж. қазан айында Топ, «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы арқылы, үшінші тарапқа өзінің еншілес ұйымы KPMC Ltd. жеке компаниясындағы 51% қатысу үлесін 1,000 АҚШ долларына (0.5 миллион теңге) сатты. Еншілес кәсіпорынды сатудан түскен пайда 1 млн теңгені құрады. Сату нәтижесінде Топ еншілес ұйымға бақылауды жоғалтты және әділ құн бойынша қалған 49% үлесті бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде таныды. 2023 ж. желтоқсан айында Топ осы кәсіпорынның жарғылық капиталына қаражатты иелену үлесін өзгертпестен 1,111 млн теңге көлемінде жарна салды.

2023 ж. желтоқсан айында Топ, Компания арқылы, «Middle Corridor Multimodal Ltd.» жеке компаниясының жарғылық капиталына 5 млн теңге көлемінде ақшалай жарна салды, ол Компания, «Әзірбайжан темір жолдары» ЖАҚ және «Грузия темір жолы» АҚ арасында тең бөлінген. Топтың бірлескен кәсіпорындағы үлесі 33.33% құрады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталатын жылдар іші елеулі қауымдастырылған кәсіпорындарға қатысты жалпы қаржылық жиынтық ақпарат:

	2023 ж.				
	«Қытай-Қазақстан сауда-логистикалық компаниясы» ЖШС (Сиань)	Халықаралық Қытай-қазақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Транстеле-ком» АҚ	«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ
Қысқа мерзімді активтер	11,635	6,975	734	43,441	51,595
Ұзақ мерзімді активтер	-	21,998	35,215	146,464	54,398
Активтер жиыны	11,635	28,973	35,949	189,905	105,993
Қысқа мерзімді міндеттемелер	34	1,447	5,347	114,014	20,564
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	1,119	248	32,102	41,713	37,758
Міндеттемелер жиыны	1,153	1,695	37,449	155,727	58,322
Таза активтер/(міндеттемелер) жиыны	10,482	27,278	(1,500)	34,178	47,671
Иелену үлесі	49%	49%	40%	25%	33.33%
Топқа тиесілі таза активтер/(міндеттемелер)	5,136	13,367	(600)	8,545	15,890
Жинақталған құнсыздану	-	(6,172)	-	-	-
Құнсыздану есебімен Топқа тиесілі таза активтер/(міндеттемелер)	5,136	7,195	(600)	8,545	15,890
Жинақталған танылмаған шығын	-	-	(600)	-	-
Инвестициялардың баланстық құнын кәсіпорынның таза активтерінің өзгеруіне түзету (басқа акционерден жеңілдікпен алынған қарызды әділ құнына дейін түзету)	-	-	-	2,223	-
Инвестицияның баланстық құны	5,136	7,195	-	10,768	15,890
Кірістер (Шығын) /пайда және жыл іші жиынтық (шығын)/кіріс жиыны	153	10,588	3,912	84,186	298,970
Пайдадағы/(шығындағы) Топтың танылған үлесі	(54)	334	6,887	9,063	17,362
	(26)	163	-	2,266	5,787

	2022 ж.			
	Халықаралық Қытай-қазақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Транстеле-ком» АҚ	«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ
	6,176	1,084	61,012	56,344
	23,946	36,896	162,120	66,242
	30,122	37,980	223,132	122,586
	1,170	11,046	114,510	30,930
	295	35,321	83,508	40,778
	1,465	46,367	198,018	71,708
	28,657	(8,387)	25,114	50,878
	49%	40%	25%	33.33%
	14,042	(3,355)	6,279	16,959
	(10,869)	-	-	-
	3,173	(3,355)	6,279	16,959
	-	(3,355)	-	-
	-	-	2,223	-
	3,173	-	8,502	16,959
	5,545	4,298	83,904	385,409
	407	11,034	(10,950)	33,140
	200	-	(2,737)	11,046

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

8. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Негізгі құралдар үшін төленген аванстар	463,044	101,631
Өтелетін ҚҚС	167,275	81,883
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	8,379	8,496
Басқалары	4,290	907
Шегеру: өтелмейтін ҚҚС бойынша резерв	(12,237)	(11,823)
Шегеру: негізгі құралдар үшін жеткізушілерге аванстар бойынша резерв	(1,616)	(1,056)
Басқа да қаржылық емес активтер жиыны	629,135	180,038
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	14,175	14,010
Берілген қарыздар	3,938	6,865
Қызметкерлерге несиелер	3,819	1,623
Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің және өзге де кредиттік институттардың облигациялары және өзге де борыштық бағалы қағаздар	1,432	1,399
Ұзақ мерзімді сауда дебиторлық берешек (11-ескерту)	26	39
Басқалары	1,144	598
Шегеру: берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(3,092)	(3,113)
Шегеру: басқа да ұзақ мерзімді қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв	(539)	(492)
Басқа да қаржылық активтер жиыны	20,903	20,929
	650,038	200,967

Қолданылуы шектелген ақша қаражаты, негізінен, HSBC Continental Europe-таң алынған қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған еуродағы сомаларды білдіреді. Ақша қаражатын пайдалануға қойылған шектеу осы қарыздарды өтегеннен кейін алынады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар үшін төленген аванстар мыналарды қамтыды:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Жүк вагондарын жеткізу	163,034	-
Темір жолдардың құрылысы	133,923	-
Электровоздарды жеткізу	90,447	72,753
Тепловоздарды жеткізу	61,262	9,075
Жолға бұру тетігі өнімдерін жеткізу	9,981	5,240
Рельстерді сатып алу	-	9,959
Басқалары	4,397	4,604
	463,044	101,631

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

9. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банктік салымдар, теңгеде	60,761	68,187
Қысқа мерзімді банктік салымдар, АҚШ долларында	6,365	-
Қысқа мерзімді банктік салымдар, басқа валюталарда	165	-
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, теңгеде	120,497	186,774
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, АҚШ долларында	13,075	7,642
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, Ресей рублінде	1,245	3,309
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, еуроде	782	474
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, басқа валюталарда	1,731	599
Кассадағы қолма-қол ақша	9	4
Шегеру: ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв	(16)	(33)
	204,614	266,956
Сату үшін деп жіктелген активтерге енгізілген ақша қаражаты	-	76
	204,614	267,032

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлеме теңгемен 0.68% және басқа валюталарда 1.5% құрады (2022 ж. 31 желтоқсан: теңгемен 0.22% және басқа валюталарда 1.64%).

Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Топтың ақша қаражатына қажеттілігіне байланысты үш айға және одан аз мерзімге әртүрлі мерзімге орналастырылады. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді банктік салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме теңгеде 15.26%, АҚШ долларында 3% және басқа валюталарда 12% құрады (2022 ж. 31 желтоқсан: теңгеде 16.18%).

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ оның байланысты тарабы болып табылатын «Қазпошта» АҚ ағымдағы шоттарында орналастырған ақша қаражаты 112,141 млн теңгені құрады (2022 ж. 31 желтоқсан: 162,854 млн теңге) (31-ескерту). Топ ақша қаражаты мен оның баламаларының көп бөлігін банктерде және «А+»-дан «В-»-ға дейінгі рейтингісі бар басқа да қаржы институттарында орналастырады. Осының негізінде Топ 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларының кредиттік тәуекелі төмен деп санайды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар негізінде есептелген, бұл олардың өтеу мерзіміне сәйкес келеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

10. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Отын және жанар-жағармай материалдары	20,028	6,034
Жолдың үстіңгі құрылысы материалдары	18,786	14,647
Шикізат пен материалдар	13,452	12,481
Қосалқы бөлшектер	8,421	8,311
Құрылыс материалдары	1,559	1,478
Басқалары	4,135	3,562
	66,381	46,513
Шегеру: тауар-материалдық қорлар бойынша резерв	(2,019)	(1,484)
	64,362	45,029

11. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	20,316	22,405
Шегеру: күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(3,964)	(7,593)
	<u>16,352</u>	<u>14,812</u>
Сауда дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі	16,326	14,773
Сауда дебиторлық берешектің ұзақ мерзімді бөлігі (8-ескерту)	26	39
	16,352	14,812

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылармен жасалған шарттар салдарынан туындаған сауда дебиторлық берешек 19,369 млн теңгені (2022 ж. 31 желтоқсан: 21,149 млн теңге) құрады, осындай сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар 3,574 млн теңгені (2022 ж. 31 желтоқсан: 6,873 млн теңге) құрады.

12. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	44,328	43,120
Берілген аванстар	25,736	24,821
Болашақ кезеңдер шығыстары	2,448	1,795
Басқалары	5,494	5,451
Шегеру: берілген аванстардың және басқа да ағымдағы қаржылық емес активтердің құнсыздануына резерв	(6,396)	(5,938)
Басқа да қаржылық емес активтер жиыны	71,610	69,249
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	6,789	6,096
Талап-тілектер, өсімпұлдар және айыппұлдар	3,974	4,136
Қызметкерлердің берешегі	1,665	1,751
Басқалары	5,191	2,024
Шегеру: басқа да ағымдағы қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(3,120)	(4,200)
Басқа да қаржылық активтер жиыны	14,499	9,807
	86,109	79,056

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

13. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛАТЫН ТОПТЫҢ САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

«Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС

2022 ж. 13 желтоқсанда Топ, еншілес ұйымы «Қазтеміртранс» АҚ тұлғасында үшінші тараппен «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС жарғылық капиталының 100% қатысу үлесін сату-сатып алу шартын жасасты. Топ 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС активтері мен міндеттемелерін сатуға арналған есептен шығатын топ құрамында, сатуға шығыстарды шегергендегі баланстық және әділ құндардың неғұрлым азы бойынша жіктеді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер топ ішіндегі жоюды ескере отырып, тиісінше 45,825 млн теңге және 31 млн теңгені құрады. Бұл еншілес ұйым Топ қызметінің маңызды бағытын білдірмейтіндіктен, Топ еншілес ұйым қызметінің қаржылық нәтижесін тоқтатылған қызмет құрамында жіктеген жоқ. 2023 ж. 27 қаңтарда Топ өз үлесін сатуды аяқтады және нәтижесінде осы еншілес ұйымға бақылауды жоғалтты.

«Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС активтері мен міндеттемелері төмендегідей ұсынылған:

	2023 ж.
	27 қаңтар
Активтер	
Негізгі құралдар	5,666
Ақша қаражаты мен оның баламалары	52
Басқа да ағымдағы активтер	40,049
Активтер жиыны	45,767
Міндеттемелер	
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер ⁴	40,000
Сауда кредиторлық берешек	20
Басқа да салықтар	3
Басқа да міндеттемелер	26
Міндеттемелер жиыны	40,049
Есептен шығарылған таза активтер	5,718

Еншілес ұйымды есептен шығару нәтижесі келесідей көрсетіледі:

	2023 ж.
Еншілес ұйымды есептен шығарудан сыйақы сомасы	12,000
Есептен шығарылған таза активтер	(5,718)
«Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС есептен шығару нәтижесі	6,282

«Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС есептен шығару нәтижесі

⁴ Есептен шығаруға дейін олар «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес кәсіпорнымен жолаушылар вагондарын жеткізу бойынша келісім бойынша топ ішілік міндеттемелер болды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

14. КАПИТАЛ

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал келесі түрде көрсетілген:

	Шығаруға рұқсат етілген шығарылған акциялардың саны	Шығарылған және төленген акциялардың саны	Жарғылық капитал, млн теңге
2022 ж. 1 қаңтарға	502,040,458	496,692,665	1,086,085
Орналастырылған акциялар	-	1	239
2022 ж. 31 желтоқсанға	502,040,458	496,692,666	1,086,324
Орналастырылған акциялар	-	1,000	24,310
2023 ж. 31 желтоқсанға	502,040,458	496,693,666	1,110,634

Компанияның жарғылық капиталы ақша қаражатына, негізгі құралдар нысандарына немесе акциялар үлесіне айырбастап, акциялар шығарылымдарының сериялары арқылы қалыптастырылған. Акционер дивидендтер алуға құқылы, Компанияны таратқан жағдайда Компания мүлігінің бөлігіне құқылы және Компанияның акцияларына айырбасталған Компанияның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алу артықшылығына құқылы.

Салымдар

Акцияларды шығару

2023 ж. ішінде Топ 1,000 акция шығарды, оның төлеміне Акционерден 24,310 млн теңге көлеміндегі ақша қаражаты алынды.

Басқа да салымдар

2023 ж. ішінде Топ нарықтық мөлшерлемеден төмен алынған қарыздар бойынша 35,587 млн теңге сомасындағы (2022 ж.: 23,676 млн теңге) кейінге қалдырылған салықтың әсерін шегергендегі 177,932 млн теңге (2022: 118,380 млн теңге) сомаға әділ құнына дейін түзетуді таныды (15 және 18-ескертүлер).

Хеджирлеу резерві

2015 ж. 7 тамызда Топ Швейцария франкінде көрсетілген қызметтер көрсетуден түскен түсімнің теңгемен баламасының өзгеру тәуекелін азайту үшін ақша ағындарын хеджирлеуді жүзеге асырды. Швейцария қор биржасында 2014 ж. 20 маусымда шығарылған және 20 маусымда 2022 ж. өтеуге жататын негізгі борыш мөлшеріндегі еурооблигациялар жеке сәйкестендірілетін және сенімді бағаланатын хеджирлеу құралы болып табылған. Осы хеджирлеуге қатысты хеджирлеу объектісі швейцариялық франкпен транзиттік тасымалдардан түсетін ықтималдығы жоғары түсім, атап айтқанда 2022 ж. 1 қаңтардан бастап 20 маусымға дейінгі кезеңде алынған алғашқы сату болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша ағындарын хеджирлеу объектісі болып табылатын халықаралық (транзиттік) қатынаста жүк тасымалынан түсім алуға байланысты хеджирлеу есебі тоқтатылды, тиісінше осы хеджирлеу құралына жататын 54,442 млн теңге мөлшеріндегі жиынтық кейінге қалдырылған шығын өзге жиынтық шығыннан жүк тасымалынан түскен түсімге қайта жіктелді (22-ескертү).

15. ҚАРЫЗДАР

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын есептелген пайыздарды қоса алғанда, қарыздар:

	2023 ж. 31 желтоқсан		2022 ж. 31 желтоқсан	
	Сомасы	Орташа өлшемді тиімді пайыз мөлшерлемесі (%)	Сомасы	Орташа өлшемді тиімді пайыз мөлшерлемесі (%)
Пайыздық мөлшерлемесі тұрақты қарыздар				
Алынған қарыздар	333,852		300,748	
- теңгеде	223,035	8.69	231,551	11.34
- еуроде	59,611	5.31	69,197	6.57
- Ресей рублінде	51,206	5.94	-	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,079,764		1,052,191	
- теңгеде	707,590	11.41	563,621	10.20
- АҚШ долларында	372,174	6.43	363,221	6.30
- Швейцария франкінде	-	-	125,349	3.25
Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қарыздар				
Алынған қарыздар	518,138		152,426	
- теңгеде	122,925	18.83	152,426	15.01
- еуроде	139,143	5.32	-	-
- Швейцария франкінде	256,070	3.55	-	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	185,793		181,966	
- теңгеде	185,793	19.02	181,966	16.64
	2,117,547		1,687,331	
Қарыздардың ағымдағы бөлігі	354,115		256,506	
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	1,763,432		1,430,825	
	2,117,547		1,687,331	

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, дисконтты негізде берілген келесі қарыздардың өтелу мерзімі төмендегідей:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
1 жыл ішінде	122,037	103,431
1 жылдан 2 жылға дейін	78,270	64,263
2 жылдан 3 жылға дейін	79,637	35,363
3 жылдан 4 жылға дейін	75,027	34,863
4 жылдан 5 жылға дейін	73,445	28,920
5 жылдан астам	423,574	186,334
	851,990	453,174

Алынған қарыздар

Акционер

2023 ж. мамыр айында Топ, Компания арқылы, жолаушылар вагондарын сатып алуды қаржыландыру үшін Акционермен 2023 ж. 19 мамырда жасалған қарыз шарты бойынша жалпы сомасы 162,600 млн теңге қарыз қаражатын игерді. Несие бойынша сыйақы 0.05% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі қарыз 2053 ж. толық өтелгенге дейін жыл сайынғы бөліп төлеуге жатады. Несие нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен берілген және алынған несиенің әділ құны 11.59% нарықтық мөлшерлеме негізінде есептелген. Топ бөлінбеген пайдадағы меншікті капитал арқылы кейінге қалдырылған салықтың 27,900 млн теңге сомасындағы әсерін шегергендегі 139,498 млн теңге сомасындағы несиені әділ құнға түзетуді басқа жарналар ретінде мойындады (14-ескерту).

«Қазақстан Ситибанк» АҚ

2023 ж. маусымда Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Ситибанк» АҚ-мен 2009 ж. 30 қарашада жасалған Қысқа мерзімді кредиттер туралы бас келісім шеңберінде 17.7% пайыздық мөлшерлеменен 13,000 млн теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Негізгі борыш 2024 ж. маусымда біржолғы төлеммен өтелуге жатады.

«Forte Bank» АҚ

2023 ж. ішінде Компания тұлғасындағы Топ «Forte Bank» АҚ-мен 2022 ж. 13 маусымда жасалған кредиттік желіні ұсыну туралы келісім шеңберінде 17.5% - дан 18% - ға дейін сыйақы мөлшерлемесімен және алты ай аралығындағы өтеу мерзімімен 36,100 млн теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Топ алынған қарыздарды мерзімінен бұрын өтеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

«HSBC Continental Europe»

2023 ж. ішінде еншілес ұйым «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС тұлғасында Топ «COFACE» экспорттық-кредиттік агенттік кепілдігімен «HSBC Bank Plc» және «HSBC Қазақстан» ЕБ» АҚ бірлесіп HSBC Continental Europe» банкімен 2012 ж. 31 мамырда жасалған, 880,877,000 еуро жалпы сомаға жүк және жолаушылар электровоздарын сатып алуды қаржыландыру туралы Бас негіздемелік келісім және оған қосымша келісімдер шеңберінде 4,350,789 еуро (2,137 млн теңге) (COFACE сыйлықақысын қоса алғанда) жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар әрбір траншты игеру күніне белгіленетін EUR CIRR + маржа 0.4% пайыздық мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2031 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс.

Societe Generale және Natixis

2023 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымдары «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС арқылы, BPIfrance экспорттық несие агенттігінің кепілдігімен Societe Generale және Natixis компанияларымен жүк және жолаушылар локомотивтерін сатып алуды қаржыландыру үшін 2023 ж. 23 ақпанда 627,110,893 еуро жалпы сомасына жасалған несиелік келісім бойынша 329,415,953 еуро (162,473 млн теңге) (BPIfrance премиясын қосқанда) жалпы сомаға қарыз қаражатын алды. Несие бойынша пайыздар Euribor 6m + 1.15% пайыздық мөлшерлеменен жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі қарыз 2034 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеледі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2023 ж. ішінде Топ, Компания мен еншілес ұйым «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2015 ж. 26 ақпанда жасалған кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 18.5%-дан 18.75%-ға дейін сыйақы мөлшерлемесімен және бір жылға дейін өтеу мерзімімен 89,000 млн теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Топ алынған қарыздарды 70,000 млн теңге жалпы сомаға толық/жартылай мерзімінен бұрын өтеу жүргізді.

2023 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2022 ж. 22 қазанда жасалған кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 3,156 млн теңге жалпы сомаға жүк тепловоздары мен электровоздарын сатып алуды қаржыландыру үшін қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар «ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» пайыздық мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2032 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеуге жатады.

2023 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2022 ж. 20 қазанда жасалған кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 10,034 млн теңге жалпы сомаға Жолаушылар тепловоздары мен электровоздарын сатып алуды қаржыландыру үшін қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар «ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» пайыздық мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2029 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеуге жатады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Еуразиялық даму банкі («ЕАДБ»)

2023 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ– «Жүк тасымалы» ЖШС арқылы ЕАДБ-мен 2023 ж. 11 мамырда жасалған несиелік келісім бойынша 17,685,350,000 ресей рублі жалпы сомасына жүк тепловоздарын сатып алуды қаржыландыруға 10,045,278,800 ресей рублі (50,345 млн теңге) жалпы сомасына қарыз қаражатын игерді. Несие бойынша сыйақы жарты жылдық төлемдермен 7.8% пайыздық мөлшерлемен өтеледі. Негізгі қарыз 2034 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеледі.

Citibank және Santander

2023 ж. қараша айында Топ, Компания арқылы, электровоздарды, жолаушылар вагондарын сатып алуды, темір жолды күрделі және ағымдағы жөндеуді қаржыландыру үшін 2023 ж. 19 қыркүйегінде MIGA агенттігінің кепілдігімен Citibank және Santander-пен жасалған несиелік келісім бойынша 513,491,580 швейцариялық франк (264,633 млн теңге) (MIGA сыйақысын қоса алғанда) жалпы сомасына қарыз қаражатын игерді. Несие бойынша пайыздар SARON 6m + 0.95% пайыздық мөлшерлемен жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2033 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдік кезеңі 1 жыл.

Ұзақ мерзімді қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу

2023 ж. ішінде Топ, «KTZ Express» АҚ және «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС еншілес ұйымдары арқылы Еуразиялық қайта құру және даму банкімен 2014 ж. 18 қыркүйегінде жасалған несиелік келісім аясында 8,095 млн теңге сомасында алынған несиені мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.

2023 ж. ішінде Топ «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС еншілес ұйымы арқылы 2022 ж. 22 қазанда жасалған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен несие желісін ұсыну туралы шарт аясында алынған несиелерді 18,262 млн теңге сомасында мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырды.

2023 ж. ішінде Топ өзінің еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС арқылы 2022 ж. 20 қазанда жасалған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен несие желісін ұсыну туралы шарт аясында 6,483 млн теңге сомасында алынған несиелерді мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар мынаны қамтыды:

	Өтеу күні	Биржалар	2023 ж.	2022 ж.
Бағасы бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздар⁵				
АҚШ долларындағы 2%-дық еурооблигациялар (100%)	2025 ж. 28 қазан	KASE	372,174	363,221
Теңгедегі 11.5%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 3 қазан	KASE	308,433	308,433
Теңгедегі 8.74%-дық облигациялар (100%)	2043 ж. 12 маусым	KASE	136,146	-
TONIA Compounded 6M + 3% маржа (19.96%) Облигациялар (100%)	2024 ж. 22 шілде	KASE	129,491	128,216
Теңгедегі 7.37%-дық облигациялар (100%)	2042 ж. 30 желтоқсан	KASE	100,855	94,097
Теңгедегі 9.25%-дық облигациялар (100%)	2024 ж. 15 қараша	KASE	76,831	76,831
Теңгедегі инфляция мөлшерлемесі +2.52% (18.52%) облигациялар (100%)	2026 ж. 25 сәуір	KASE	56,302	53,750
Теңгедегі 11.5%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 12 қыркүйек	KASE	41,380	41,380
Теңгедегі 11%-дық облигациялар (100%)	2027 ж. 23 шілде	KASE	26,184	26,184
Теңгедегі 2%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 20 тамыз	KASE	17,761	16,696
Швейцария франкіндегі 3.25%-дық еурооблигациялар (100%)	2023 ж. 5 желтоқсан	SIX Swiss Exchange	-	84,925
Швейцария франкіндегі 3.25%-дық еурооблигациялар (104.238%)	2023 ж. 5 желтоқсан	SIX Swiss Exchange	-	40,424
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар жиыны			1,265,557	1,234,157
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі			232,078	153,075
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді бөлігі			1,033,479	1,081,082
			1,265,557	1,234,157

2023 ж. маусымда және желтоқсанда Топ, Компания тұлғасында, «Достық-Ақтоғай-Мойынты-Жарық-Жезқазған-Сексеуіл-Қандыағаш-Ақтөбе-Илецк» теміржол көлік дәлізін жаңғырту (Достық-Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолдарын салу)» жобасын іске асыру мақсатында жылдық 8.74% купондық мөлшерлемен және 2043 ж. өтеу күнімен Қазақстан қор биржасында Акционер пайдасына тиісінше 73,709 млн теңге және 100,000 млн теңге көлемінде облигациялар шығарды. Купонды төлеу – жылына екі рет. Облигациялар нарықтық мөлшерлемеден төмен купондық мөлшерлемен шығарылды және әділ құны тиісінше 11.59% және 12.25% нарықтық мөлшерлеме негізінде есептелді. Топ 7,687 млн теңге сомаға кейінге қалдырылған салық әсерін шегергенде 38,434 млн теңге сомасындағы әділ құнына дейін облигациялардың түзетуін басқа салымдар ретінде бөлінбеген пайда құрамында капитал арқылы таныды (14-ескерту).

⁵ Жақша ішіндегі пайыз номиналдан облигацияларды/еурооблигацияларды орналастыру құнын білдіреді (сыйақымен / дисконтпен немесе номиналы бойынша)

**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ****2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ****ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)****(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)**

Несиелер мен борыштық бағалы қағаздардың әділ құны 31-ескертуде көрсетілген.

Кредиттік келісімдер және оларды бұзу

HSBC Continental Europe-пен қаржылық және қаржылық емес жағдайларға қатысты келісімдердің бөлігі ретінде Топ мынадай шартты орындауы керек: Компанияның үш корпоративтік рейтингінің кез келген екеуі (S&P, Fitch, Moody's) BB-ден төмен емес деңгейде. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл шарт орындалды.

Societe Generale және Natixis-тен алынған несиелер талаптары Топтың жылдық шоғырландырылған деректері негізінде есептелген «Таза қарыздың капиталға қатынасы» (акционердің жеңілдетілген несиелері жалпы қарыздың 50%-дан аспайтын) қаржылық коэффициентінің (ковенанты) сақталуын көздейді. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл шарт орындалды.

ЕАДБ-дан алынған несие шарттары белгілі бір қаржылық коэффициенттердің (ковенанттар) сақталуын көздейді, мысалы, «EBITDA-ға қарыздың қатынасы» және Топтың жартыжылдық шоғырландырылған деректері негізінде есептелген «пайызды өтеу коэффициенті», сондай-ақ Компанияның үш корпоративтік рейтингінің кез келген екеуінің (S&P, Fitch, Moody's) BB-ден төмен емес деңгейде болуы шартының сақталуы. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл шарттар орындалды.

Citibank және Santander MIGA кепілдігімен несие шарттары Топтың жылдық шоғырландырылған деректері негізінде есептелетін «EBITDA пайыздық шығындарға қатынасы» және «жалпы қарыздың EBITDA қатынасы» (еншілес ұйымдардың үшінші тұлғалар алдындағы қарызының жалпы сомасының 35%-дан аспайтын үлесі) сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттердің (ковенанттар) сақталуын талап етеді. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл шарттар орындалды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары мен міндеттемелерінің өзгеруін салыстыру

	2023 ж.		
	Қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Жалдау бойынша міндеттемелер (16-ескерту)	Жиыны
1 қаңтарға	1,687,331	53,082	1,740,413
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	(367,320)	-	(367,320)
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	808,731	-	808,731
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	-	(21,690)	(21,690)
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	441,411	(21,690)	419,721
Басқа да өзгерістер			
Шетел валютасы айырбас бағамдары өзгеруінің әсері	13,862	43	13,905
Ақша ағындарын хеджирлеу	-	-	-
Банк жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражат есебінен негізгі құралдарды сатып алу	114,106	-	114,106
Жаңа жалдау шарттары	-	24,334	24,334
Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша Акционерден алынған қарыздардың әділ құнына дейін түзету (14-ескерту)	(177,932)	-	(177,932)
Капиталдандырылатындарды қоса алғанда, пайыздар бойынша шығындар және дисконт амортизациясы	188,583	8,995	197,578
Төленген пайыздар	(144,301)	(6,252)	(150,553)
Басқа да өзгерістер	(5,513)	12,994	7,481
Міндеттемелерге байланысты басқа да өзгерістер жиыны	(11,195)	40,114	28,919
31 желтоқсанға	2,117,547	71,506	2,189,053

	2022 ж.		
	Қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Жалдау бойынша міндеттемелер (16-ескерту)	Жиыны
1 қаңтарға	1,577,212	59,798	1,637,010
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	(956,465)	-	(956,465)
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	1,137,878	-	1,137,878
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	-	(17,334)	(17,334)
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	181,413	(17,334)	164,079
Басқа да өзгерістер			
Шетел валютасы айырбас бағамдары өзгеруінің әсері	30,789	383	31,172
Ақша ағындарын хеджирлеу	2,445	-	2,445
Банк жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражат есебінен негізгі құралдарды сатып алу	5,706	-	5,706
Жаңа жалдау шарттары	-	7,301	7,301
Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша Акционерден алынған қарыздардың әділ құнына дейін түзету (14-ескерту)	(118,380)	-	(118,380)
Капиталдандырылатындарды қоса алғанда, пайыздар бойынша шығындар және дисконт амортизациясы	139,366	8,321	147,687
Төленген пайыздар	(113,137)	(6,438)	(119,575)
Басқа да өзгерістер	(18,083)	1,051	(17,032)
Міндеттемелерге байланысты басқа да өзгерістер жиыны	(71,294)	10,618	(60,676)
31 желтоқсанға	1,687,331	53,082	1,740,413



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

16. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жалдау бойынша міндеттемелері келесідей:

	2023 ж.		2022 ж.	
	Жалдау төлемдері	Жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	Жалдау төлемдері	Жалдау төлемдерінің ағымдағы құны
Бір жыл ішінде	18,461	16,951	14,966	14,221
Екі жылдан бес жылды қоса алғанға дейін	47,066	26,930	39,458	23,717
Бес жылдан астам	100,304	27,625	62,242	15,144
Жиыны	165,831	71,506	116,666	53,082
Болашақ қаржылық шығындарды шегергенде	(94,325)	-	(63,584)	-
Жалдау міндеттемелерінің ағымдағы құны	71,506	71,506	53,082	53,082
12 ай ішінде өтелуі тиіс міндеттемелер сомасын шегергенде		(16,951)		(14,221)
12 айдан кейін төленуге тиісті сома		54,555		38,861

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздарды есептеу 2.5%-дан 21.69%-ға дейінгі тиімді сыйақы мөлшерлемелеріне негізделеді (2022 ж. 31 желтоқсан: 1.69%-дан 21.69%-ға дейін).

Жабдықты жалдау бойынша АҚШ долларында көрсетілген басқа міндеттемелерді қоспағанда, барлық жалдау міндеттемелері негізінен теңгеде көрсетілген.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық лизинг шарттары (бұдан әрі – «жалдау шарттары»)

Платформа вагондар

2020 ж. қарашада Топ «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 47,391 млн теңге (2023 ж. 29 қыркүйектегі қосымша келісімді ескергенде) және пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның ішінде жылдық 10% мемлекет субсидиялайтын, 2,000 бірлік мөлшерінде платформа вагондарды жалдау шартын жасасты. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылдық құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2023 ж. ішінде осы шарт аясында Топ 393 бірлік мөлшерінде платформа вагондарды алды және 32 жыл мерзімге 9,683 млн теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімге 4,759 млн теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені таныды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Жолаушылар вагондары

2022 ж. желтоқсанда Топ, еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ тұлғасында, «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде жалпы құны 7,427 млн теңге және жылдық 1.5% пайыздық мөлшерlemeмен 11 бірлік мөлшерінде жолаушылар вагондарын жалдауға шарт жасасты. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2023 ж. ішінде осы шартқа сәйкес Топ 6 жолаушы вагонын алды және 28 жыл мерзімге 4,043 млн теңге сомасына пайдалану құқығы активтерін және 20 жыл мерзімге 2,581 млн теңге сомасындағы жалдау міндеттемесін таныды.

2023 ж. қыркүйегінде Топ өзінің еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ атынан жалпы құны 65,796 млн теңге және жылдық 13.15% пайыздық мөлшерlemeмен 100 бірлік көлемінде жолаушылар вагондарын жалға беру шартын жасады, оны жылына 10% мемлекет субсидиялайды. Негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдік кезеңі 5 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2023 ж. ішінде осы шартқа сәйкес Топ 38 жолаушы вагонын алды және 40 жыл мерзімге 24,402 млн теңге сомасына пайдалану құқығы активтерін және 15 жыл мерзімге 10,832 млн теңге сомасындағы жалдау міндеттемесін таныды.

Жүк жартылай вагондары

2023 ж. шілдесінде Топ өзінің еншілес ұйымы «Қазтеміртранс» АҚ атынан жалпы құны 88,125 млн теңгені құрайтын және жылдық сыйақы мөлшерлемесі 13.15% болатын 3,000 дана көлеміндегі жартылай вагондарды жалға беру шартын жасады, оның ішінде жылына 6% мемлекет субсидиялайды. Негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдік кезеңі 2 жыл. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2023 ж. ішінде осы шартқа сәйкес Топ 242 жартылай вагонды алды және 22 жыл мерзімге 7,109 млн теңге сомасына пайдалану құқығы активтерін және 14 жыл мерзімге 5,040 млн теңге сомасындағы жалдау міндеттемесін таныды.

Жалдау шарттары және олардың бұзылуы

«KTZ Express» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары тұлғасындағы Топтың «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарына байланысты талаптар ерікті түрде таратуды жүзеге асыру жолымен құқықтық мәртебесін өзгерту; сомасы активтердің баланстық құнының 10-25%-ынан асатын мәмілені немесе бірнеше мәмілені жасасу; лизинг нысаналарын немесе олардың бір бөлігін қосалқы лизингке беру бойынша шектеулерге байланысты талаптарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жалдау шарттарының талаптарында айқындалған дефолт оқиғалары басталған жағдайда лизинг беруші лизинг нысаналарын даусыз сұратуды талап етуге құқылы.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Еңбек қызметі аяқталуына байланысты төленетін сыйақылар жоспары мен қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар

ҚР заңнамасына сәйкес зейнетақылық аударымдар қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады және Топтың көзделген міндеттемелерден басқа, қызметкерлердің алдында олар зейнеткерлікке шыққаннан кейін төлемдер бойынша не ағымдағы, не болашақ міндеттемелері жоқ.

2019 ж. ішінде Топ келесі 5 жыл ішінде қызметкерлер санын қысқарту жөніндегі жоспарларды орындау мақсатында зейнеткерлікке ерте шығу жөніндегі ережені (бұдан әрі – 1-ереже) бекітті. 1-ереже заңдарда белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін кемінде 5 жыл қалған қызметкерлерге қолданылады.

2021 ж. ішінде Топ қызметкерлер санын қысқарту жөніндегі жоспарларды орындау мақсатында Компанияның және оның еншілес ұйымдарының босатылатын қызметкерлеріне өтемақы төлеу Ережелерін (бұдан әрі – «2-ереже») бекітті. 2-ереже лауазымдары оңтайландырудың әсеріне ұшырайтын және тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттары бұзылған қызметкерлерге өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

Қызметкерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар және өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар 1-ережеге, 2-ережеге және Компания мен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 2021-2023 жж. арналған Ұжымдық шартқа сәйкес төленеді.

Осы құжаттарға сәйкес Топ келесідей негізгі төлемдер мен жеңілдіктерді қорға айналдырылмаған жоспар шегінде жүзеге асырады:

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар:

- зейнетке шығу кезіндегі бір жолғы жәрдем;
- 1-ережеге сәйкес саладағы жұмыс өтіліне байланысты еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзу кезіндегі біржолғы төлем;
- қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін кемінде 70 мың теңге және айына 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде біржолғы тәртіппен қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейінгі барлық кезеңде немесе 1-ережеге сәйкес ай сайынғы негізде төленетін жәрдемақы;
- 2-ережеге сәйкес еңбек шарты бұзылған күннен бастап алты – жиырма төрт ай ішінде айына кемінде 70 мың теңге және 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жәрдемақы;
- зейнеткерлерге мереке күндері материалдық көмек;
- зейнеткерлерге санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар ұсыну;
- зейнеткерлердің салттық қызметтеріне ақы төлеуге материалдық көмек;
- зейнеткерлерге мерейтойлық күндерге бір жолғы материалдық көмек;
- зейнеткерлерге тіс протездеу үшін шығыстарды өтеу;
- зейнеткерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысын төлеуге шығындарды өтеу.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер:

- қызметкерлерге санаторлық-курорттық емделуге материалдық көмек;
- қызметкерлерге тіс протездеу ақысының шығыстарын өтеу;
- мерейтойлық күндерге қызметкерлерді бір жолғы көтермелеу;
- қызметкерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысының шығындарын өтеу.

Бұл бағдарламалар қаржыландырылмайды. Топтың осы бағдарламаларға қатысты саясаты міндеттемелерді жабу үшін активтерді жинақтауды көздемейді, бағдарлама қызметкерлер тарапынан қосымша жарналарды талап етпейді.

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Қызметкерлерге сыйақылар жөніндегі міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	37,396	37,406
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	7,608	6,213
Жыл соңына міндеттемелердің жалпы сомасы	45,004	43,619

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші міндеттемелердің келтірілген құнының қозғалысы келесі түрде көрсетілген:

	2023 ж.	2022 ж.
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	43,619	46,183
Есепті кезең қызметтерінің құны	1,888	1,347
Өткен жылдар қызметтерінің құны	-	218
Пайыздық шығыстар	4,624	4,804
Қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық шығын	427	2,774
Пайда мен шығындарда танылған шығыстардың жиыны	6,939	9,143
Өзге жиынтық кірісте танылған актуарлық қайта бағалау:	540	(4,214)
- қаржылық жорамалдардың өзгеруі	(330)	(25)
- тәжірибеге негізделген түзетулер	(922)	(4,219)
- демографиялық жорамалдардың өзгеруі	1,792	30
Жыл ішінде жасалған төлемдер	(6,094)	(7,493)
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	45,004	43,619

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде пайда мен шығындарда танылған, еңбек қызметін аяқтау және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар жөніндегі міндеттемелер сомаларының жиыны былайша берілген:

	2023 ж.	2022 ж.
Өткізудің өзіндік құны (24-ескерту)	6,611	8,745
Жалпы және әкімшілік шығыстар (25-ескерту)	328	398
Жыл іші пайда мен шығындарда танылған жиыны	6,939	9,143

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Топ міндеттемелерін есептеу Топтың қызметкерлерінің және зейнеткерлерінің саны, жасы, жынысы мен өтіл жылдары мен қызметкерлер санының өзгеруі бойынша нақты деректер, сонымен бірге өлім деңгейі бойынша жарияланып отыратын статистика деректерінің негізінде дайындалған, 1-ережені пайдалану мүмкіндігі берілетін барлық қызметкерлер оларды ең төменгі қажетті жасқа жеткен кезде, яғни заңнамамен белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін кемінде 5 жыл бұрын пайдаланады деп күтілуде. Зейнетке шыққаннан кейін жұмыс істейтін және зейнеткерлікке шыққан бұрынғы қызметкерлер үшін орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін 14.6 жасты және әйелдер үшін 18.7 жасты құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасау күніндегі өзге негізгі жорамалдар төменде келтірілген:

	2023 ж.	2022 ж.
Дисконт мөлшерлемесі	11.9%	10.6%
	5.2%	4.1%
Болашақта материалдық көмектің күтілетін жылдық өсуі	(орташа)	(орташа)
	6.6%	4.9%
Болашақта ең төмен еңбекақының күтілетін жылдық өсуі	(орташа)	(орташа)
	5.9%	5.5%
Болашақта теміржол билеттері құнының күтілетін жылдық өсуі	(орташа)	(орташа)

Актуарийдің сезімталдық талдауы көрсеткендей, егер инфляция деңгейі 1%-ға өссе, қызметкерлерге сыйақы төлеу жауапкершілігінің максималды өсуі 8.9%-ды, ал дисконттау мөлшерлемесі 1%-ға төмендесе, 8.3%-ды құрайды.

Жоғарыда келтірілген сезімталдықты талдау еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелердің нақты өзгерістерін көрсетпеуі мүмкін, себебі жорамалдардың бір-бірінен бөлек өзгеруі екіталай (кейбір жорамалдар өзара байланысты).

Сонымен қатар, сезімталдықты талдау кезінде еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелердің келтірілген құны есепті күнге болжанатын шартты бірлік әдісі бойынша есептелді. Дәл осындай әдіс қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде қолданылды.

Сезімталдықты талдау кезінде пайдаланылған әдістер мен жорамалдар алдыңғы жылдары пайдаланылғаннан ерекшеленбейді.

18. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды

	2023 ж.	2022 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	6,013	4,249
Өткен жылдардың табыс салығын түзету	(227)	1,224
Төлем көзінен төленген табыс салығы	-	471
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар	17,450	13,105
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі, оның ішінде ауыстырылған салық шығындары бойынша	1,363	12,492
	24,599	31,541

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығыстармен ресми белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру көрсетілген:

	2023 ж.	2022 ж.
Салық салуға дейінгі пайда	161,383	68,424
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыс	32,277	13,685
Салық салу мақсаты үшін шегеруге жатпайтын шығыстардың/(салық салынбайтын кірістердің) салықтық әсері және басқа да әсерлер:		
Өткен жылдардағы табыс салығын түзету	(227)	1,224
(Салық салынбайтын кірістер)/шегерілмейтін шығыстар	(8,814)	4,
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі, оның ішінде көшірілген салық шығындары бойынша	1,363	12,492
Пайда мен шығындарда көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар	24,599	31,541

Активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар арасындағы ұақытша айырмаларға шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы тиісті есептердің күніне қолданылатын ресми белгіленген салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сомалары мыналарды қамтыды:

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан.
Кейінге қалдырылған салық активтері:		
Көшірілген салық шығындары	125,893	111,009
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	7,135	5,712
Туынды қаржы құралдары	7,036	-
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттеме	5,707	5,999
Дебиторлық берешектегі айырма	3,959	5,999
Несие бойынша дебиторлық берешек бойынша дисконт	580	1,449
Басқалары	4,694	5,865
	155,004	136,033
Шегеру: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерімен есепке жатқызылған кейінге қалдырылған салық активтері	(154,944)	(135,970)
Кейінге қалдырылған салық активтері	60	63
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері:		
Негізгі құралдар және басқа да ұзақ мерзімді активтер	(457,336)	(414,171)
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша Акционерден алынған қарыздарды әділ құнға дейін түзету	(109,488)	(79,277)
Басқалар	(8)	(13)
	(566,832)	(493,461)
Шегерулер: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерімен есепке жатқызылған кейінге қалдырылған салық активтері	154,944	135,970
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(411,888)	(357,491)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерінің жиыны	(411,828)	(357,428)

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

	2023 ж.	2022 ж.
Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(357,428)	(308,155)
Пайда және шығында көрсетілген	(18,813)	(25,597)
Капиталда көрсетілген (14 Ескерту)	(35,587)	(23,676)
Жыл соңындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(411,828)	(357,428)

Топ ауыстырылған салық шығындарына жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активтерін таныған жоқ. Басшылықтың пікірінше, болашақта осы кейінге қалдырылған салық активтеріне қарсы есепке алынатын салық салынатын пайданың жеткілікті болуы екіталай. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша танылмаған ауыстырылған салық шығындарының жалпы салық әсері 420 млн теңгені құрады (2022 ж. 31 желтоқсан: 20,743 млн теңге). Осы ауыстырылған салық шығындары салық салу мақсаттары үшін олар туындаған күннен бастап 10 жыл ішінде аяқталады.

19. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Көрсетілген қызметтер үшін кредиторлық берешек	92,628	65,252
Алынған тауар-материалдық қорлар үшін кредиторлық берешек	56,961	27,108
Негізгі құралдарды жеткізгені үшін кредиторлық берешек	46,789	21,100
Басқа да кредиторлық берешек	4,591	3,747
	200,969	117,207

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда берілген:

	2023 ж.	2022 ж.
Теңге	174,516	99,615
АҚШ доллары	10,018	11,494
Еуро	9,542	4,463
БАӘ дирхамы	5,899	-
Басқа валюталарда	994	1,635
	200,969	117,207

Кредиторлық берешек бойынша айналымның орташа мерзімі 38 күнді құрайды (2022 ж.: 35 күн).

20. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша алынған аванстар	105,103	102,035
Болашақ кезеңдердің кірістері	10,765	17,358
	115,868	119,393

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Есептік кезеңде танылған және жыл басына алынған аванстар мен болашақ кезеңдер кірістерінің құрамына қосылған түсім 100,494 млн теңгені құрады (2022 ж.: 90,290 млн теңге).

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер есепті күннен кейінгі келесі 12 ай ішінде түсім ретінде танылатын болады.

21. БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
Болашақ кезеңдердің кірістері (мемлекеттік субсидиялар)	44,804	27,803
Міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік сақтандыруға аударымдар және міндетті медициналық сақтандыру бойынша аударымдар	12,530	11,325
Алынған аванстар	10,015	12,738
Бағалау міндеттемелері	2,611	2,460
Басқалары	3,397	2,077
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер жиыны	73,357	56,403
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	28,536	29,997
Еңбекақы бойынша берешек	15,511	10,006
Басқалары	15,059	6,854
Басқа да қаржылық міндеттемелер жиыны	95,331	75,569
	168,688	131,972
Басқа да міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	98,910	76,972
Басқа да міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	69,778	55,000
	168,688	131,972

28-ескертуде көрсетілгендей, Топ «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ мен «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС ұйымдары және «Транстелеком» АҚ қауымдастырылған кәсіпорны алған несиелер бойынша банктерге қаржылық кепілдік ұсынған және қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерді таныды. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ бойынша 15,315 млн теңге, «Ақтөбе рельс-Арқалық зауыты» ЖШС бойынша 13,202 млн теңге және «Транстелеком» АҚ бойынша 19 млн теңгені құрады (2022 ж. 31 желтоқсан: «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ бойынша 15,549 млн теңге, «Ақтөбе рельс-Арқалық зауыты» ЖШС бойынша 14,067 млн теңге және «Транстелеком» АҚ бойынша 381 млн теңге).

Бағалау міндеттемелері 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оларды реттеу үшін экономикалық пайдаларды қамтитын ресурстардың есептен шығарылуы талап етілетін жоғары ықтималдығы бар келісімдер бойынша резервтерді қамтиды. Бағалау міндеттемелері бойынша шығыстар басқа да пайда мен шығындарда көрсетілген.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланылмаған демалыстар мен қызметкерлердің басқа да сыйақылары бойынша резервтер келісім-шарттарды орындаудан туындайтын міндеттемелерді білдіретіндіктен қаржылық міндеттемелер ретінде қайта жіктеледі.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қаржылық міндеттемелер негізінен теңгемен көрсетілген.

22. ТҮСІМ

2023 және 2022 жж. аралығында жүк тасымалынан түсім келесілерден тұрады:

	2023 ж.	2022 ж.
Сатып алушыларымен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Халықаралық (транзиттік) қатынаста	655,888	447,507
Республикаішілік бағыттар бойынша	439,857	361,723
Халықаралық (экспорттық) қатынаста	274,069	220,322
Халықаралық (импорттық) қатынаста	185,758	149,848
Тасымалдау процесімен байланысты қосымша алымдар	60,675	54,684
Жүк тасымалынан басқа да түсім	66,303	49,429
	1,682,550	1,283,513

2023 ж. ішінде ақша ағындарын хеджирлеу объектісі болып табылатын халықаралық (транзиттік) қатынастағы жүк тасымалынан түсім алынды, тиісінше, хеджирлеу құралына келетін 54,442 млн теңге мөлшеріндегі жинақталған шығын өзге жиынтық шығыннан жүк тасымалдарынан түсімге қайта жіктелді (14-ескерту).

Жүк тасымалдарынан түскен түсім уақыт ішінде танылды.

2023 және 2022 жж. ішінде жолаушылар тасымалынан түсім келесілерден тұрды:

	2023 ж.	2022 ж.
Сатып алушыларымен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Жолаушылар тасымалы бойынша	89,866	78,732
Жолаушылар тасымалынан басқа да түсім	11,816	9,689
	101,682	88,421

Жолаушылар тасымалынан түскен басқа да түсімнің бөлігіне қатысты 1,449 млн теңге мөлшеріндегі жолаушылар тасымалынан түскен түсім белгілі бір уақыт кезеңінде (2022 ж.: 1,229 млн теңге), 100,233 млн теңге мөлшерінде – уақыт ішінде (2022 ж.: 87,192 млн теңге) танылды.

23. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

	2023 ж.	2022 ж.
Тауарларды сатудан және басқа да қызметтер көрсетуден түскен кірістер	49,615	40,527
Вагондарды жалға беруден түскен кіріс	45,953	17,492
Айыппұлдардан кіріс	10,475	8,656
Басқа да негізгі құралдарды жалға беруден түскен кірістер	4,908	4,651
	110,951	71,326

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Тауарларды сатудан және басқа да қызметтерді ұсынудан түскен кірістер, негізінен, жүктерді ауыстырып тиеу, кемелерге қызмет көрсету, материалдар мен металл сынықтарын сатудан түскен кірістер болып табылады.

Топ операциялық жалдау шарттары бойынша вагондар мен өзге де негізгі құралдарды жалға береді. Операциялық жалдау шарттары бойынша дебиторлық берешек бір жыл ішінде төленуі тиіс. Операциялық жалдау шарттарында ұзарту немесе мерзімінен бұрын тоқтату опциясы қарастыралмаған. Топ операциялық жалдау шарттарының нәтижесінде валюталық тәуекелге ұшырамайды, өйткені барлық жалдау шарттары теңгемен көрсетілген. Жалға алушының жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін вагондар мен өзге де негізгі құралдарды сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Айыппұлдардан түскен кірістер, негізінен, тағайындалған станциялардан жүктерді уақтылы әкетпеуге байланысты және шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін өсімпұлдан түскен кірістер болып табылады.

21,479 млн теңге мөлшеріндегі түсім белгілі бір уақыт сәтінде (2022 ж.: 17,391 млн теңге), 38,611 млн теңге мөлшерінде – кезең ішінде (2022 ж.: 31,792 млн теңге) танылды.

24. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

	2023 ж.	2022 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	616,248	466,220
Жөндеу және қызмет көрсету	230,486	189,532
Отын және жанар-жағармай материалдары	219,739	162,723
Тозу және амортизация	151,593	141,425
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	76,025	70,134
Электр энергиясы	64,980	52,397
Материалдар мен қорлар	58,190	49,292
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, мүлік салығы және өзге де салықтар	27,655	26,200
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығыстары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (17-ескерту)	6,611	8,745
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды ұстау	5,891	3,998
Байланыс қызметтері	2,631	3,244
Басқа да шығыстар	38,534	30,323
	1,498,583	1,204,233

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

25. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2023 ж.	2022 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	67,433	57,033
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, мүлік салығы және өзге де салықтар	7,853	9,583
Тозу және амортизация	4,698	4,376
Бөгде ұйымдардың басқа да қызметтері	4,299	3,843
Мерекелік және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған шығыстар	2,717	2,352
Іссапар шығыстары	1,945	1,607
Консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері	1,561	310
Жөндеу және қызмет көрсету	1,310	365
Жалдау шығыстары	936	1,222
Мүшелік жарналары	855	839
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды ұстау	752	1,012
Байланыс қызметтері	659	610
Сақтандыру	583	570
Банк қызметтері	431	439
Әлеуметтік сала объектілерін ұстау шығыстары	405	492
Материалдар	329	313
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығыстары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (17-ескерту)	328	398
Басқа да шығыстар	9,400	7,699
	106,494	93,063

26. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР

Қаржылық кірістер	2023 ж.	2022 ж.
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша пайыздар түріндегі кіріс	12,209	10,059
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі (31-ескерту)	10,491	-
Қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялаудан түскен кірістер	2,220	31,398
Берілген кепілдіктер бойынша кірістер	1,427	647
Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу сыйлықақысының жете амортизацияланбаған бөлігін есептен шығарудан түсетін кіріс	-	16,890
Басқа қаржылық кірістер	5,874	2,105
	32,221	61,099
Қаржылық шығындар	2023 ж.	2022 ж.
Пайыздар бойынша шығындар және қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	161,945	133,660
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі (31-ескерту)	35,182	564
Жалдау бойынша пайыздық шығыстар	8,995	8,321
Басқа да қаржылық шығындар	2,243	2,315
	208,365	144,860

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

27. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық пайда ретінде акцияға шаққандағы пайда жыл ішіндегі шығарылған жай акциялардың орташа өлшемді саны негізінде саналады. Жай акциялар бойынша сома мен көбейту әсеріндегі жай акциялардың сомасы тең, өйткені Компанияның көбейту әсерін жасаушы құралдары жоқ. 2023 және 2022 жж. ішінде Компанияда көбейтуге қарсы әсері бар құралдар болған жоқ.

	2023 ж.	2022 ж.
Жай акциялардың орташа өлшемді саны	496,692,677	496,692,666
Акционерге жататын жыл іші пайда (млн теңге)	133,508	34,887
Жай акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	269	70
Материалдық емес активтерді, гудвил және бақыламайтын үлестерді қоспағандағы таза активтер	1,712,208	1,416,903
Айналымдағы жай акциялардың саны (тіркелген)	496,693,666	496,692,666
Бір акцияның баланстық құны, теңгеде⁶	3,447	2,853

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың міндеттемелері, оның ішінде «Достық-Мойынты» теміржол көлік дәлізін жаңғырту бойынша, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары бойынша, теміржол жолдарын және вагондарды күрделі жөндеу бойынша, жүк және жолаушылар электровоздарын, жүк және жолаушылар тепловоздарын және жолаушылар вагондарын сатып алу бойынша 1,867,649 млн теңге (2022 ж. 31 желтоқсан: 1,881,358 млн теңге) жалпы сомаға міндеттемелері болды.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары бойынша міндеттемелер

2017 ж. тамызда Топ еншілес ұйымы «KTZ Express» АҚ тұлғасында жалпы құны 29,700 млн теңге 1,995 вагон-платформаларды жалдау туралы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарын жасасты. Жалға алу мерзімі-15 жыл, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 5 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 ж. 31 желтоқсанға жалпы құны 23,984 млн теңге мөлшеріндегі вагон-платформалар жеткізілген жоқ. Топ жеткізілім көлемін 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5,716 млн теңге мөлшерінде іс жүзінде жеткізілгенге дейін төмендету бөлігінде жалдау шартына қосымша келісімге қол қою бойынша жұмыс жүргізуде.

6 Акциялардың баланстық құны KASE талаптарына сәйкес есептеледі

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2020 ж. қарашада Топ «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 47,391 млн теңге (2023 ж. 29 қыркүйектегі қосымша келісімді ескергенде) 2,000 вагон-платформаларды жалдау шартын жасасты. Жалдау мерзімі – 15 жыл, пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізілмеген вагон-платформалар бойынша шартты міндеттеменің сомасы 5,077 млн теңгені құрады.

2023 ж. қыркүйекте Топ, еншілес ұйым «Жолаушылар тасымалы» АҚ тұлғасында, жалпы құны 65,796 млн теңге 100 жолаушылар вагонын жалдауға шарт жасасты. Жалдау мерзімі – 15 жыл, пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 13.15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 5 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізілмеген жолаушылар вагондары бойынша шартты міндеттеме сомасы 40,947 млн теңгені құрады.

2023 ж. тамызда Топ, еншілес ұйым «Қазтеміртранс» АҚ тұлғасында, жалпы құны 88,125 млн теңге 3,000 жартылай вагонын жалдауға шарт жасасты. Жалдау мерзімі – 14 жыл, пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 13.15%, оның жылдық 6%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізілмеген жартылай вагондары бойынша шартты міндеттеме сомасы 81,016 млн теңгені құрады.

Басқа да шарттық міндеттемелер

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта еншілес ұйым «KTZ Express» АҚ тұлғасында жүк тиеу-түсіру қызметтерін және жүктерді болашақта сақтау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы келісім бар. Келісімнің талаптарында Топтың 10 жылға арналған қызметтердің ең төменгі көлемдерін сатып алу және осындай көлемдер үшін елеулі төлемдер төлеу жөніндегі міндеттемесі көзделген.

Топ басшылығы «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС-мен Келісім бойынша қызмет көрсету кезеңінің басталу күні басталмаған, өйткені Топ объектіні коммерциялық пайдаланудың басталу күні және қызмет көрсету кезеңінің басталу күні туралы хабарлама алмаған және тараптар Келісім бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты өзара іс-қимылды ұйымдастырмаған. Топ басшылығы 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың есептен шығып кету ықтималдығы жоғары емес деп есептейді.

Шартты міндеттемелер

Сот талаптары

Топ мүліктік залалды қайтару бойынша талаптар сияқты өзінің шаруашылық қызметіне қатысты түрлі сот қарауларына қатысады. Топ осыған ұқсас, қарастыру кезеңіндегі немесе әлеуетті талап арыздар жекеше немесе жиынтығында оның шоғырландырылған қаржылық жағдайына, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне немесе ақша қаражатының қозғалысына елеулі теріс әсер етпейді деп есептейді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Қазақстандық салық жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы 2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Кез келген мәлімделмеген талаптың сомасын немесе қолайсыз нәтиженің ықтималдылық дәрежесін анықтау іс жүзінде мүмкін емес.

Топ басшылығы ҚР тиісті заңнамасын Топтың түсіндіруі дұрыс және салық позициясы расталады деп санайды. Алайда, салық органдары ҚР қолданыстағы салық заңнамасы бойынша басқа позицияны ұстануы, бұл Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Сақтандыру

ҚР-да сақтандыру саласы дамудың бастапқы сатысында, сондықтан басқа да мемлекеттік кәсіпорындар сияқты, жолаушыларды дене жарақатынан, жолаушылардың өлімі мен мүлкіне шығын немесе залалды міндетті сақтандырудан басқа, Топтың өзінің меншігіне, активтер мен жабдығына (инфрақұрылымды, жылжымалы құрам мен станцияларды қоса алғанда) зиян келтіру тәуекелін, және қаржы-шаруашылық қызметінің тоқтау тәуекелі мен Топ объектілеріндегі авариялардың нәтижесінде немесе оның қызметіне байланысты үшінші тараптардың мүлкіне немесе қоршаған ортаға шығын келтіргені үшін жауапкершіліктің сақтандыру өтелімі жоқ. Топтың ҚР-ның коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алған сақтандыру полистеріне сәйкес міндетті сақтандыру өтелімі бар.

Қоршаған ортаны қорғау

ҚР-да қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму процесінде, сондықтан тұрақты өзгерістерге ұшырайды. 2021 ж. 1 шілдеден бастап ҚР Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – «Кодекс») түзетулер заңды күшіне енді. Бұл Кодексте кәсіпорындар қызметінен келтірілген экологиялық зиян салдарын барынша азайтуға және/немесе қоршаған ортаны бастапқы қалпына дейін келтіруге бағытталған бірқатар қағидаттар бар. Қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейі мен тәуекеліне байланысты объектілер төрт санатқа жіктеледі, мұнда қоршаған ортаға елеулі теріс әсер ететін объектілер бірінші санатқа жатады. Кодекске сәйкес, Топ басшылығы талдау жүргізіп, негізінен теміржол инфрақұрылымы объектілері болып табылатын Топ объектілерін екінші санатқа жіктеді. Екінші санатқа Ақтау қ-ғы теңіз портының объектілері де жатқызылды. Топтың қалған нысандары үшінші және төртінші санаттарға жіктелді. Топ басшылығы ҚР тиісті заңнамасын түсіндірілуі дұрыс деп есептейді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті резервтер көрсетілмеген, себебі Топ басшылығы Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне немесе ақша қаражатының қозғалысына елеулі әсер етуі мүмкін активтердің шығуына және жерді қалпына келтіруге байланысты әлеуетті міндеттемелер жоқ деп бағалайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Кепілдіктер

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдіктер келесі түрде көрсетілген:

Кредитор	Кепілдік мақсаты	Кепілдіктің берілген күні	Кепілдік мерзімі	Кепілдік сомасы
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-нің Ақтөбе қ-ғы рельс-арқалық зауытының құрылысын қаржыландыру бойынша міндеттемелерін орындау	2013 ж. 4 шілде	2033 ж. дейін	17,125
	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Нұр-Сұлтан қ-ғы халықаралық әуежайды жаңартуды қаржыландыруға міндеттемелерін орындау	2018 ж. 28 наурыз	2033 ж. дейін	22,408
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Транстелеком» АҚ қауымдастырылған кәсіпорынның «Энергодиспетчерлік тартым АБЖ» жобасын іске асыруға міндеттемелерін орындау	2014 ж. 30 маусым	2024 ж. дейін	1,497

21-ескертуде осы кепілдіктердің баланстық құны көрсетілген.

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен қаржылық кепілдік шарттарында Компанияның EBITDA борышы және жылдық негізде пайыздарды жабу коэффициенті сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттерді (ковенанттарды) сақтауын көзделген. 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалған.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

29. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Топ құрамы туралы ақпарат төменде көрсетілген:

Еншілес ұйым ⁷	Қызмет сипаты	Орналасқан елі	Қатысу үлесі, %	
			2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
1. «Қазтеміртранс» АҚ	Жүк вагондарын пайдалану	ҚР	100	100
2. «Жолаушылар тасымалы» АҚ	Жолаушыларды тасымалдау	ҚР	100	100
3. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	Жүк тасымалдау және локомотив тартымы қызметтерін көрсету	ҚР	100	100
4. «КТЗ Express» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызметтер, мультимодалды тасымалдау	ҚР	100	100
5. «Кедентранссервис» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызметтер, жылжымалы құраммен операция жасау, терминалдық қызмет көрсету	ҚР	100	100
6. «Теміржолсу» АҚ	Коммуналдық қызметтер	ҚР	100	100
7. «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС	Күзет қызметтері	ҚР	100	100
8. «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ ⁸	Жүк тиеу-түсіру жұмыстары, кемелерге қызмет көрсету	ҚР	100	100
9. «Құрық-Порты» ЖШС	Жүктерді ауыстырып тиеу және кемелерге қызмет көрсету	ҚР	100	100
10. «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС	Тартқыш жылжымалы құрам қызметін ұсыну	ҚР	100	100
	Топ қатысушыларының қызметі мен жобаларын қаржыландыру мақсатында			
11. «КТЖ Финанс» ЖШҚ	облигациялардың эмиссиясын жүзеге асыру	Ресей	-	100

2023 ж. қаңтарында Топ өзінің еншілес ұйымы «ҚТЖ Финанс» ЖШҚ тарату рәсімін аяқтады.

⁷ Бірінші деңгейдегі еншілес ұйымдар, олардың кейбіреулері бақыламайтын қатысу үлестері бар еншілес ұйымдарды қамтиды.
⁸ 2013 ж. қарашасында Акционер «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100% акциясын Топтың сенімді басқаруына берді. «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ Топтың еншілес ұйымы болып табылады, бірақ заңды түрде акцияларын иеленбейді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Тараптар, егер бір Тарап екінші Тарапты бақылауға немесе ол қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдаған кезде екінші Тарапқа елеулі ықпал етуді жүзеге асыру мүмкіндігі болса, байланысты ретінде қаралады. Топпен жалпы бақылаудағы тараптар да байланысты деп есептеледі. Байланысты тараптардың ықтимал қатынастарын қарау кезінде әрбір жағдайда құқықтық нысанға ғана емес, қатынастардың мәніне назар аударылады.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар жасаса алмайтын мәмілелер жасай алады, және байланысты тараптардың арасындағы мәмілелер байланысты емес тараптардың мәмілесі сияқты талаптар, ережелер мен сома негізінде жүзеге аспауы мүмкін.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байланысты тараптарымен елеулі мәмілелер жүргізген немесе төленбеген сальдосы болған байланысты тараптармен қарым-қатынастар сипаты төменде көрсетілген .

		Акциянер	Қауымдасты- рылған компаниялар	Акциянер тобына кіретін компаниялар	Басқа да байланысты тараптар ⁹
Байланысты тараптардың тауарлар, қызмет және ұзақ мерзімді активтер үшін берешегі, соның ішінде берілген аванстар	2023 ж.	-	3,374	146	3,214
	2022 ж.	-	2,178	1,192	31
соның ішінде күтілетін кредиттік шығындарға және берілген аванстардың құнсыздануына резерв	2023 ж.	-	(425)	(100)	(60)
	2022 ж.	-	(1,657)	(95)	(1)
Байланысты тараптарға тауарлар, қызмет және ұзақ мерзімді активтер үшін берешек, соның ішінде алынған аванстар	2023 ж.	-	14,217	38,903	13,399
	2022 ж.	-	21,927	4,845	14,437
Ағымдағы шоттар	2023 ж.	-	-	112,141	-
	2022 ж.	-	-	162,854	-
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	2023 ж.	-	-	-	202
	2022 ж.	-	-	-	208
Алынған қарыздар	2023 ж.	768,615	-	-	125,449
	2022 ж.	588,984	-	-	74,949
Жалдау бойынша міндеттемелер	2023 ж.	-	9,831	-	58,445
	2022 ж.	-	13,865	-	32,677
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	2023 ж.	-	19	-	15,315
	2022 ж.	-	381	-	15,549

⁹ Басқа да байланысты тараптар соңғы Акционердің жалпы бақылауындағы басқа да коммерциялық кәсіпорындарды қамтиды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші байланысты тараптармен мәмілелер төмендегідей ұсынылған:

		Акциянер	Қауымдасты- рылған компаниялар	Бірлескен кәсіпорындар	Акциянер тобына кіретін компаниялар	Басқа да байланысты тараптар ⁹
Тауарларды, қызметтерді және ұзақ мерзімді активтерді сату	2023 ж.	-	72,316	-	22,635	83,862
	2022 ж.	-	118,984	-	12,795	58,680
Күтілетін кредиттік шығындарға және берілген аванстардың қалпына келтірілген құнсыздануына/ (есептелген) резервтер	2023 ж.	-	1,233	-	(4)	(12)
	2022 ж.	-	(1,623)	-	(82)	-
Тауар, қызмет және ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	2023 ж.	-	33,215	-	124,842	33,999
	2022 ж.	-	26,978	-	50,571	9,842
Қарыздар алу	2023 ж.	336,309	-	-	-	-
	2022 ж.	603,762	-	-	-	-
Алынған қарыздарды өтеу	2023 ж.	1,175	-	-	-	4,629
	2022 ж.	31,175	-	-	-	1,077
Жаңа жалдау шарттары (Топ жалдаушы ретінде)	2023 ж.	-	1,121	-	-	23,213
	2022 ж.	-	95	-	-	6,928
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	2023 ж.	-	20,944	-	-	3,675
	2022 ж.	49	15,827	-	-	6,926
Қаржылық кірістер	2023 ж.	-	362	-	-	234
	2022 ж.	-	143	-	-	59
Қаржылық шығыстар	2023 ж.	34,564	2,523	-	-	14,482
	2022 ж.	14,561	2,632	-	-	11,387
Алынатын дивидендтер	2023 ж.	-	2,891	-	-	-
	2022 ж.	-	8,726	-	-	-
Жарғылық капиталға салым	2023 ж.	24,310	5,196	1,116	-	-
	2022 ж.	239	-	58	-	-

2023 ж. Топ Акционерден 162,600 млн теңге мөлшерінде қарыз алды (15-ескерту) (2022 ж.: 30,000 млн теңге).

2023 ж. Топ Акционер пайдасына көлемі 173,709 млн теңге облигацияларды шығарды (15-ескерту) (2022 ж.: 882,978,000 АҚШ доллары (410,903 млн теңге) және 162,859 млн теңге).

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан және ЕАДБ-ден жалпы сомасы 125,449 млн теңгеге алынған қарыздар бар (2022 ж. 31 желтоқсанда: 74,949 млн теңге).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдастырылған ұйымның, өзге де байланысты және үшінші тараптардың кейбір несиелері бойынша Топ банктер алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік беру мақсатында кепілдіктер берді (21 және 28-ескертүлер).

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Акционерден алған қарыздары негізінен өтеу мерзімі 13 жылдан 50 жылға дейінгі нарықтық мөлшерлемелерден 0.075%-дан 8.74%-ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша алынды және бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша 5.4% - дан 13.99%-ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша көрсетілді.

Акционер тобына кіретін компаниялармен, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындармен және басқа да байланысты тараптармен операциялар, негізінен, Топтың «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (дизель отыны және бензин), «Транстелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазақтелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (электр қуаты), «КЕГОК» АҚ (электр қуаты), «Қазпошта» АҚ (почта қызметтері, ақшаны орналастыру қызметтері), «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ (машина жасау өнімі) және «Самұрық-Энерго» АҚ (электр қуаты) операцияларымен ұсынылған. Сондай-ақ, Топ Акционердің тобына кіретін компанияларға, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға теміржол тасымалы және жылжымалы мүлікті жалға беру қызметтерін ұсынады.

Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне сыйақы

Негізгі басқарушы персонал 2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 16 адамнан тұратын Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелерін қамтиды (2022 ж. 31 желтоқсанда: 16 адам). Қоса берілген пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақы бойынша шығыстарға енгізілген негізгі басқарушы персоналға сыйақылардың жалпы сомасы 2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші 790 млн теңгені құрады (2022 ж.: 577 млн теңге). Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшартта белгіленген жалақы, әлеуметтік салық, пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв және операциялық нәтижелерге жетуге негізделген сыйлықақылар бойынша шығыстардан тұрады.

31. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына несиелер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар (облигациялар), жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, сонымен қатар сауда дебиторлық, сауда кредиторлық берешектер және басқа қаржы активтері мен міндеттемелері жатады. Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелдер, шетелдік валюта бағамының өзгеруі мен кредиттік тәуекелдер Топтың қаржы құралдары бойынша негізгі тәуекелдері болып табылады. Топ барлық қаржы құралдары бойынша пайда болатын өтімділік пен нарық тәуекелдерін бақылап отырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқару

Топ капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқарып отырады, себебі Топ Акционер үшін пайданы барынша арттырғанда кәсіпорын үздіксіз қызметін капитал мен қарыз балансын оңтайлау арқылы жалғастыра алатынына сенімді болуы керек. Топтың жалпы стратегиясы 2022 ж. салыстырғанда өзгерген жоқ.

Топта капиталдың минималды көлеміне қатысты талаптары жоқ.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз қаражатынан (ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергеннен кейінгі несиелер, борыштық бағалы қағаздар мен жалдау бойынша міндеттемелер) және Топ капиталынан (ол жарғылық капитал, шетелдік валютаны қайта есептеуден резерв, бөлінбеген пайда мен бақыламайтын үлесті қамтиды) тұрады.

Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары

Тәуекелді басқару – Топ қызметінің маңызды элементі. Компания Топтың операцияларына қатысты қаржы тәуекелдерін бақылау мен басқаруды тәуекелдер бойынша ішкі есептер арқылы жүзеге асырады. Бұл есептерде тәуекелге ұшырағыштық тәуекелдің дәрежесі мен мөлшері арқылы талданады. Бұл тәуекелдер нарық тәуекелін (валюта тәуекелін, баға тәуекелін және әділ құнға қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі), өтімділік тәуекелін және ақша ағындарына қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін қамтиды. Төменде Топтың тәуекелді басқару саясатына сипаттама беріледі.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарық бағаларының өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ықтимал ауытқуынан тұрады. Топ нарықтық конъюнктураның теріс өзгерістерінен туындауы мүмкін ықтимал шығындарды мерзімді бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Пайыздық мөлшерлемеге байланысты тәуекел

Топ үшін пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі тәуекелін білдіреді. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі Топтың инвестицияларынан жалпы пайдасының азаюына және/немесе Топтың несиелері мен борыштық бағалы қағаздары бойынша ақша ағынының ұлғаюына әкелуі мүмкін. Топ пайыздық мөлшерлемеге байланысты тәуекелді валюталардағы қаржылық құралдардың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін бақылау арқылы және тұрақты және құбылмалы пайыздық мөлшерлемедегі қарыздар арасындағы қолайлы қатынасты қолдау арқылы шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге шалдыққыштығы негізінен Топтың пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарына байланысты.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Келесі кесте Топтың салық салуға дейінгі пайдасы мен капиталының кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің болуы мүмкін орынды өзгерістеріне (пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы кредиттер бойынша пайыздарға әсері арқылы) сезімталдығын басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетеді.

	2023 ж. 31 желтоқсан		2022 ж. 31 желтоқсан	
	Базистік пункттердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы/(азаюы) ¹⁰	Салық салынғанға дейінгі пайдаға/ капиталға әсері	Базистік пункттердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы/(азаюы) ¹⁰	Салық салынғанға дейінгі пайдаға/ капиталға әсері
Теңгедегі қарыздар	397/(397)	(11,483)/11,483	245/(245)	(7,786)/7,786
Еуродағы қарыздар	397/(397)	(5,461)/5,461	-	-
Швейцария франкіндегі қарыздар	397/(397)	(10,124)/10,124	-	-

Валюталық тәуекел

Топ шетелдік валютада мәмілелерді жүзеге асырады, демек валюталық бағам ауытқуларына ұшырау тәуекелі пайда болады .

Топтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді берешегінің елеулі бөлігі АҚШ долларында, Швейцария франкінде және еурода көрсетілген. Берешек көрсетілген АҚШ долларына және басқа шетелдік валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруінің нәтижесінде айырбас бағамынан кіріс немесе шығын туындайды. 2023 ж. ішінде Топтың бағам айырмасынан 14,124 млн теңге мөлшерінде шығынға ұшырады, оның айтарлықтай бөлігі 15-ескертуде көрсетілгендей, қарыздарға қатысты (2022 ж.: 34,143 млн теңге).

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі, Швейцария франкі және басқа да валюталардың болуы мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетілген.

	2023 ж. 31 желтоқсан		2022 ж. 31 желтоқсан	
	Айырбас бағамындағы ұлғаюы/(азаюы)	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Айырбас бағамындағы ұлғаюы/(азаюы)	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері
АҚШ доллары	14%/(14%)	(50,417)/50,417	21%/(21%)	(76,838)/76,838
Еуро	13%/(13%)	(25,100)/25,100	18%/(18%)	(10,616)/10,616
Ресей рублі	29%/(29%)	(14,311)/14,311	22%/(22%)	624/(624)
Швейцария франкі	17%/(17%)	(43,048)/43,048	25%/(25%)	(31,511)/31,511
Басқа валютада	17%/(17%)	(569)/569	25%/(25%)	207/(207)

¹⁰1 базистік пункт – 0.01%

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2022 ж. қазан-қараша айларында Топ АҚШ долларында деноминацияланған қарыздардың валюталық тәуекелге ұшырауын ішінара хеджирлеу мақсатында Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) кросс-валюталық своп мәмілелерін жасасты. Хеджирленген қарыздар АҚШ долларында деноминацияланған, 882,978,000 АҚШ доллары сомасына, жылдық пайызбен 2% мөлшерлемен және 2025 ж. қазанда өтеу мерзімімен еурооблигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борыш төлемдерін білдіреді.

Топ АҚШ долларының белгіленген сомасына айырбастау үшін Швейцария франкінің белгіленген сомасын төлейді. Швейцария франктеріндегі осы тіркелген сомаларды төлеу қарыз алудың валюталық тәуекелін заттай хеджирлеу болып табылады, себебі Топтың Швейцария франктерінде деноминацияланған түсім үлесі бар. Бұл туынды қаржы құралдары белгілі бір хеджирлеу қатынастарының бөлігі болып табылмайды.

2023 ж. кросс-валюталық своп операцияларының бөлігі ретінде Топ J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания), Societe Generale SA (Франция) және Citibank London банктерінен 17,478,556 АҚШ доллары (8,146 млн теңге) және 4,485,525 швейцариялық франк (2,345 млн теңге) сомасында ақша қаражатын алды (26-ескертү).

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) банктерімен келісім-шарттары бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдарының 78,578,766 АҚШ доллары (35,719 млн теңге) сомасындағы әділ құны ұзақ мерзімді міндеттемелердің бөлігі ретінде танылды (2022 ж. 31 желтоқсан: 58,693 АҚШ доллары (27 млн теңге) сомасында басқа ұзақ мерзімді активтерде және 1,220,034 АҚШ доллары (564 млн теңге) ұзақ мерзімді міндеттемелер бөлігі ретінде). 2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі 35,182 млн теңге сомасында қаржы шығындарының бөлігі ретінде танылды.

Кредиттік тәуекел

Топтың қаржы құралдарымен контрагенттердің шарттар талаптарын орындамау нәтижесінде пайда болатын кредиттік тәуекел әдетте осы контрагенттердің алдында контрагент міндеттемелерінің шамасы Топтың міндеттемелерінен асып түсетін сомалармен (мұндайлар болған кезде) шектеледі. Топтың саясаты бірқатар кредитке қабілетті контрагенттермен қаржы құралдарымен операциялар жасауды қарастырады. Кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың максималды шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең.

Кредиттік тәуекел концентрациясы экономикалық жағдайлары немесе басқа да оқиғалары олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етуі мүмкін деген болжамға қатысты қызмет сипаттары ұқсас қарыз алушы топтары немесе бір қарыз алушыдан бірнеше берешек сомасы болғанда туындауы мүмкін.

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ақша қаражатын Топтың байланысты тарабы болып табылатын «Қазпошта» АҚ-дағы ағымдағы шоттарда орналастырды (ақша қаражаты мен оның баламаларының 54.8%). Сонымен қатар, Топ негізінен ақша қаражаты мен оның баламаларын кредиттік рейтингі BB+ «тұрақты» «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ға орналастырады (ақша қаражаты мен оның баламаларының 26.2%).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Топта берілген кредит лимиттерінен асып кетпейтін, және барабар кредит тарихы бар тапсырыс берушілермен мәмілелер жасалатындай үнемді бақылауды қарастырып отыратын саясат әрекет етеді. Топ өз клиенттерінің көпшілігімен алдын ала төлем негізінде жұмыс істейтіндігінің арқасында кредиттік тәуекел төмендейді.

Сонымен қатар, Топ банктерге берілген қаржылық кепілдіктер бойынша кредиттік тәуекелге ұшырайды. Осыған байланысты Топтың ең жоғары тәуекелі 28-ескертуде көрсетілген кепілдіктер бойынша талаптар қойылған жағдайда Топ төлеуге міндетті болатын ең жоғары сомаға тең.

Өтімділік тәуекелі

Топ Акционердің талаптарына сай қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және орта мерзімді қаржыландырудың өтімділік тәуекелін бақылап отырады. Топ барабар резервтерді, банктік несиелерді және қолжетімді кредит желілерін қолдау, қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру мен ақша қаражатының болжанған және нақты қозғалысын үнемі мониторинг жасау арқылы өтімділік тәуекелін басқарады.

2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың келесі кредиттік мекемелерде: «Қазақстан Халық банкі» АҚ және «Forte Bank» АҚ, игерілмеген қалдық 131,000 млн теңге жалпы сомаға қолжетімді кредиттік желілері бар (2022 ж. 31 желтоқсан: «Қазақстан Халық банкі» АҚ және «Forte Bank» АҚ 95,500 млн теңге жалпы сомаға).

Топ тұрақты негізде Акционер белгілеген және кредиттік келісімдерде/кепілдік шарттарында көзделген қаржылық коэффициенттердің шекті мәндерінің орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Келесі кестелерде Топтың қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарттық мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтан төлем талап етуі мүмкін ең бастапқы мерзім негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағынының дисконтты емес қозғалысы негізінде құрылған. Кесте пайыздар бойынша да, сондай-ақ борыштың негізгі сомасы бойынша да ақша ағындарын қамтиды.

	1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
2023 ж.						
Пайызсыз:						
Кредиторлық берешек	190,389	195	10,385	-	-	200,969
Басқа да міндеттемелер	15,511	36,225	15,059	-	-	66,795
Пайыздық:						
Қарыздар	44,504	14,034	412,197	1,258,817	2,257,050	3,986,602
Жалдау	3,250	1,310	13,901	47,066	100,304	165,831
Туынды қаржы құралы	-	-	(10,364)	49,442	-	39,078
Қаржылық кепілдіктер	-	3,064	3,783	35,314	36,728	78,889
	253,654	54,828	444,961	1,390,639	2,394,082	4,538,164
2022 ж.						
Пайызсыз:						
Кредиторлық берешек	106,170	745	10,292	-	-	117,207
Басқа да міндеттемелер	10,006	28,712	6,854	-	-	45,572
Пайыздық:						
Қарыздар	28,341	14,723	319,327	1,241,732	1,512,975	3,117,098
Жалдау	3,556	4,523	6,887	39,458	62,242	116,666
Туынды қаржы құралы	-	-	(6,626)	8,280	-	1,654
Қаржылық кепілдіктер	-	2,088	3,839	33,353	45,938	85,218
	148,073	50,791	340,573	1,322,823	1,621,155	3,483,415

Қаржылық кепілдік шарттары бойынша кестеде келтірілген сомалар контрагент кепілдік шарты бойынша талаптарды ұсынған кезде Топ өтеуге тиіс болатын ең жоғары сомаларды көрсетеді. Есепті күнге Топ 50%-дан астам ықтималдықпен осы шарттар бойынша ешқандай төлемдер талап етілмейді деп есептейді. Сонымен бірге, бұл бағалау контрагенттің кепілдік талаптарын ұсыну ықтималдығы өзгерген кезде өзгеруі мүмкін. Бұл ықтималдық контрагенттің кепілдендірілген дебиторлық берешегі бойынша дефолт ықтималдығына байланысты.



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Келесі кестеде Топтың қаржы активтері бойынша күтілетін өтеу мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтың ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын пайыздарды қосқанда, қаржы активтері бойынша дисконтталмаған келісімшарттық ақша ағындарының негізінде құрылған.

	1 айға дейін	1 - 3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жылдан астам	Өтеу мерзімі белгісіз ¹¹	Жиыны
2023 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	67,233	-	-	-	7	67,240
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	106	-	-	-	-	106
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1,110	-	-	-	9	1,119
Берілген қарыздар	777	-	3,615	1,191	3,092	8,675
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	136,220	-	-	-	-	136,220
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	6,788	14,175	1	20,964
Сауда дебиторлық берешек	15,107	1,184	35	26	3,964	20,316
	220,553	1,184	10,438	15,392	7,073	254,640
2022 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	68,123	-	-	-	24	68,147
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	330	-	-	-	-	330
Ақша қаражаты мен оның баламалары	6,327	-	-	-	10	6,337
Берілген қарыздар	-	-	-	5,562	3,113	8,675
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	192,466	-	-	-	-	192,466
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	6,096	14,010	-	20,106
Сауда дебиторлық берешек	14,212	509	52	39	7,593	22,405
	281,458	509	6,148	19,611	10,740	318,466

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн тарату кезінде сату немесе еріксіз сату жағдайларын есепке алмағанда коммерциялық шарттармен хабардар болған тараптардың арасында құрал ауыстырылуы мүмкін сома ретінде анықталады. Топтың қаржы құралдарының көбісі үшін әділ құнын анықтауға арналған нарық механизмдері жоқ болғандықтан, әділ құнын бағалау кезінде құралға қатысты нақты тәуекелдер мен ағымдағы экономикалық жағдайлардың негізіндегі жорамалдарды қолдану керек.

¹¹ Өтеу мерзімі белгісіз сомалар күтілетін кредиттік шығындар есептелген сомаларды білдіреді

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Топ қаржы құралдарының әділ құнын есептеу үшін келесі әдістер мен жорамалдарды қолданылады:

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстық құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімді өтелу сипатына байланысты олардың әділ құнына шамамен тең келеді.

Қаржы активтері мен міндеттемелері

Өтеу мерзімі он екі айдан кем активтер мен міндеттемелердің баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең, себебі осы қаржы құралдар қысқа мерзімде өтеледі.

Өтеу мерзімі он екі айдан астам активтер мен міндеттемелер үшін есепті жылдың соңына бар нарық мөлшерлемесін қолданып дисконтталған ақша қаражатының есепті болашақ қозғалысының келтірілген құнын білдіреді.

Туынды қаржы құралы

Туынды қаржы құралының әділ құнын есептеу форвардтық айырбас бағамдары (есепті күні байқалатын) және Топтың, сондай-ақ оның контрагенттерінің кредиттік тәуекелдерін көрсететін мөлшерлемелер бойынша дисконтталған шарттық форвардтық бағамдар негізінде бағаланатын күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау әдісімен жүргізілді.

Қарыздар

Банктік қарыздардың әділ құнын есептеу осындай өтеу мерзімдері мен кредиттік рейтинг параметрлері бар қарыздар бойынша тиісті жылдың соңында басым болатын нарықтық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, өтеудің есепті кезеңі ішінде жекелеген қарыздар бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарын дисконттау арқылы жасалды. Банктік қарыздардың көп бөлігін Топқа халықаралық қаржы институттары мен шетелдік банктер берген. Нәтижесінде осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер ҚР жеке коммерциялық кредиттік ұйымдарының пайыздық мөлшерлемесінен төмен болса да, кредиторлардың осы санаты үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемелер ретінде қарастырылады. Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың (облигациялардың) әділ құны есептік күнгі нарықтық баға негізінде анықталған.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Тұрақты түрде әділ құны бойынша бағаланбайтын (бірақ әділ құны міндетті түрде көрсетілетін) Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны

2023 және 2022 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарды есепке алмағанда, қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны олардың баланстық құнынан айтарлықтай айырмашылығы болған жоқ.
31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздардың (облигациялардың) баланстық және әділ құны төмендегідей түрде көрсетілген:

	2023 ж.		2022 ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Берілген қарыздар	4,577	4,257	3,752	2,895
Басқа да қаржы активтері	22,037	20,320	21,202	21,250
Қарыздар	851,990	821,326	453,174	411,124
Борыштық бағалы қағаздар	1,265,557	1,182,596	1,234,157	1,214,807

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ әділ құнды бағалауды төменде көрсетілген әділ құнды бағалау иерархиясын қолдану арқылы бағалайды. Ол аталған бағалауды қалыптастыруда қолданылатын деректердің маңыздылығын есепке алады:

- 1-ші деңгей: ұқсас қаржылық құралдарға қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген);
- 2-ші деңгей: тікелей қолжетімді (баға белгілеулер) немесе тікелей емес қолжетімді (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) 1-ші деңгейге жататын баға белгілеуден өзгеше деректер. Бұл санат құрамына келесілерді қолданып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулер, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтарда ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулер немесе жорамалдардың пайдалану талап етілетін ұқсас құжаттар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдардан тұрады;
- 3-ші деңгей: қолжетімді болып табылмайтын деректер. Бұл санат байқалатын бастапқы деректерге негізделмейтін ақпаратты қолданып бағаланатын құралдардан тұрады. Алайда бұндай бақыланбайтын деректер құралдың бағалануына елеулі ықпал етеді. Бұл санат оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін маңызды бақыланбайтын түзетулерді немесе жорамалдарды пайдалану талап етілетін ұқсас құжаттар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдардан тұрады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

Төмендегі кестеде 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнының иерархиясы негізіндегі қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиыны
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- берілген қарыздар	-	4,257	-	4,257
- басқа да қаржы активтері	-	20,247	-	20,247
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- басқа да қаржы активтері	-	-	73	73
Жиыны	-	24,504	73	24,577
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- борыштық бағалы қағаздар	-	564,075	-	564,075
- Акционерден борыштық бағалы қағаздар	-	618,521	-	618,521
- банктік кредиттер	-	752,077	-	752,077
- Акционерден қарыздар	-	69,249	-	69,249
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- туынды қаржы құралдары	-	35,719	-	35,719
Жиыны	-	2,039,641	-	2,039,641

Төмендегі кестеде 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнының иерархиясы негізіндегі қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиыны
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- берілген қарыздар	-	2,895	-	2,895
- басқа да қаржы активтері	-	21,177	-	21,177
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- басқа да қаржы активтері	-	27	73	100
Жиыны	-	24,099	73	24,172
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- борыштық бағалы қағаздар	-	695,718	-	695,718
- Акционерден борыштық бағалы қағаздар	-	519,089	-	519,089
- банктік кредиттер	-	349,888	-	349,888
- Акционерден қарыздар	-	61,236	-	61,236
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- туынды қаржы құралдары	-	564	-	564
Жиыны	-	1,626,495	-	1,626,495

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2 және 3-ші деңгейлі қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны, көпшілік мойындаған бағалау модельдері бойынша ақша қаражатының дисконтталған ағымын талдау негізінде есептелген. Бұл ретте контрагенттердің кредиттік тәуекелдерін көрсететін дисконттау мөлшерлемесі елеулі бастапқы дерек болып табылды.

2023 ж. ішінде Топ шығарылған борыштық бағалы қағаздардың әділ құны бойынша бақыланатын нарықтық деректерді қайта қарады және борыштық бағалы қағаздардың 2-деңгейге жатқызылуы тиіс екенін анықтады, өйткені осы қаржы құралдары айналатын нарықтағы бақыланатын операциялар болмағандықтан, әділ құн бойынша салыстырмалы ақпарат және иерархия деңгейі қайта қаралды.

Әділ құнға және иерархиялық деңгейлерге түзетулер Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебіне, пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебіне, ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебіне және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепке ешқандай өзгерістер әкелмеді.

32. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІН БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

Магистральдық теміржол желісі қызметтерінің тарифтері

2024 ж. ақпанда ҚР Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2024-2025 жж. тарифтің шекті деңгейі ҚР станцияларынан барлық экспорттық бағыттар бойынша жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ ҚР байланыстырушы станциялары арқылы өтетін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы бағыттар бойынша жүктерді тасымалдауға 3.0 мөлшерінде магистральдық теміржол желісі қызметтеріне тарифтерге индекс түрінде бекітілді.

Алынған несиелер

2024 ж. қаңтарда Топ, Компания арқылы, Акционермен 2010 ж. 21 қазанда жасалған несиелік келісім бойынша темір жол құрылысын қаржыландыруға «Қорғас-Жетіген» және «Өзен – Түркіменстан шекарасы» жалпы сомасы 30,000 млн теңгеге қайтару мерзімін 2044 жылға дейін ұзарту және пайыздық мөлшерлемені 2%-дан 9.25%-ға өзгерту туралы қосымша келісімге қол қойды. Несие бойынша пайыздар жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Несие шарттарындағы елеулі өзгерістерге байланысты Топ операцияны бастапқы қаржылық міндеттемені тануды тоқтату және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде тіркеді.

2024 ж. ақпан-наурыз айларында Топ өзінің еншілес кәсіпорны «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС арқылы ЕАДБ-мен 2023 ж. 11 мамырда жүк тепловоздарын сатып алуды қаржыландыруға 17,685,350,000 ресей рублі жалпы сомасына жасалған несиелік келісім бойынша 2,334,466,200 ресей рублі (11,547 млн теңге) жалпы сомасына қарыз қаражатын игерді. Несие бойынша сыйақы жарты жылдық төлемдермен 7.8% пайыздық мөлшерлемені өтеледі. Негізгі қарыз 2034 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеледі.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2023 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн теңгеде)

2024 ж. ақпан айында Топ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС еншілес ұйымдары арқылы BPIfrance экспорттық несие агенттігінің кепілдігімен Societe Generale және Natixis-пен несиелік келісім бойынша 2023 ж. 23 ақпанда жалпы сомасы 627,110,893 еуроға жүк және жолаушылар локомотивтерін сатып алуды қаржыландыру үшін 35,650,241 еуро (17,386 млн теңге) (BPIfrance сыйақысын қосқанда) жалпы сомасына қарыз қаражатын алды. Несие бойынша пайыздар Euribor 6m + 1.15% пайыздық мөлшерлемені жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі қарыз 2034 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеледі.



ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 2-3

Осы Біріктірілген жылдық есеп тұрақты даму саласындағы есепті қамтиды және Компанияның қаржылық және операциялық нәтижелері, оның Даму стратегиясы, тәуекелдерді басқару жүйесі және корпоративтік басқару туралы ақпаратты қамтиды. Сондай-ақ Есеп әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікті, ресурстарды тиімді пайдалануды және басқа аспектілерді қоса алғанда, тұрақты даму бадамалары туралы толық ақпаратты қамтиды.

Біздің есептілік мыналарды:

- «Global Reporting Initiative» (GRI) Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі халықаралық стандартты;
- «Sustainability Accounting Standards Board» (SASB) Тұрақты даму есептілігі стандарттары кеңесінің стандарттарын;
- «The Task Force on Climate-related Financial Disclosures» (TCFD) Қаржылық тұрақтылық кеңесі жанындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстарын қолдана отырып, дайындалды.

Есеп 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығы кезеңіндегі деректерді, сондай-ақ біздің Компаниямыздың әртүрлі қызмет салаларындағы көрсеткіштердің өзгеру динамикасын көрсету үшін алдыңғы кезеңдер мен болжамды мәндерді қамтиды.

Алдыңғы 2022 жылғы есеппен салыстырғанда осы есепте жекелеген көрсеткіштерге қатысты өзгерістер болды, өзгерістердің егжей-тегжейлі түсіндірмелері есеп мәтінінде келтірілген.

GRI 2-4



Тұрақты даму туралы барлық есептер Компанияның веб-сайтында бар: <https://railways.kz/ru/ustojchivoe-razvitie/otchet-v-oblasti-ustojchivogo-razvitiya/>.



Осы Есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 29 мамыр 2024 жылғы шешімімен бекітілді.

АҚПАРАТ ПЕРИМЕТРІ

GRI 2-2

Есептің шегі Компания есептілігінің жылдық циклына сәйкес келеді. **«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың шоғырландырылған қаржылық есебіне енгізілген ұйымдар тізбесіне келесі ұйымдар:** «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ХОЛДИНГІ» ЖШС, «KTZ Express» АҚ, «KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС, «Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР), «KTZ Express Hong Kong» ЖШҚ (ҚХР), «KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ, «Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» жауапкершілігі шектеулі компаниясы (Нидерланд Корольдігі), «Жолаушы вагондарын жасау зауыты» ЖШС, «Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС, «Теміржолсу» АҚ, «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС, «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС, «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС, «Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС, «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС, «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС, «Теміржолсу-Алматы» ЖШС, «Теміржолсу-Арыс» ЖШС, «Теміржолсу-Қостанай» ЖШС, «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС, «Құрық порты» ЖШС, «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ енгізілген, сондай-ақ үлестік әдіспен ассоциацияланған және бірлескен кәсіпорындар: «Қытай-қазақстан (Сиань) сауда-логистикалық компаниясы» ЖШҚ, «Ляньюньган Қытай-Қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШҚ (ҚХР), «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС, «KIF Warehouses (КИФ Везрхаусис)» ЖШС, «КРМС Ltd жекеменшік компаниясы», «Dosjan temir joly» АҚ, «Біріктірілген көлік-логистикалық компания – Евразия теміржол альянсы» АҚ, «Middle Corridor multimodal Ltd» жекеменшік компаниясы, «Транстелеком» АҚ енгізілген.

Тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді ашу шеңберінде экологиялық және әлеуметтік аспектілерге айтарлықтай ықпал ететін, қатысу үлестері 51%-дан артық ұйымдар, олардың ішінде: «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ХОЛДИНГІ» ЖШС, «Қытай-Қазақстан (Сиань) сауда-логистикалық компаниясы» ЖШҚ, «KTZ Express» АҚ, «KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС, «Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР), «KTZ Express HongKong» ЖШҚ (ҚХР), «KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ, «Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС, «Теміржолсу» АҚ, «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС, «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС, «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС, «Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС, «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС, «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС, «Теміржолсу-Алматы» ЖШС, «Теміржолсу-Арыс» ЖШС, «Теміржолсу-Қостанай» ЖШС, «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС, «Құрық порты» ЖШС, «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ талданды.

Экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерге «Қытай-қазақстан (Сиань) сауда-логистикалық компаниясы» ЖШҚ, «Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР), «Ляньюньган қытай-қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШҚ (ҚХР), «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС, «KIF Warehouses (КИФ Везрхаусис)», «КРМС Ltd» жекеменшік компаниясы ЖШС, «Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» жауапкершілігі шектеулі компаниясы (Нидерланд Корольдігі), «Dosjan temir joly» АҚ, «Біріктірілген көлік-логистикалық компания – Евразия теміржол альянсы», «Middle Corridor multimodal Ltd» жеке компаниясы, «Транстелеком» АҚ кірмейді.

Ұйымдардың атауы	2-7	2-8	2-9	3-1	3-2	2-27	2-30	201-1	201-4	203-1	203-2	204-1	205-1	205-2	205-3	302-1	302-3	302-4	303-3	303-4	303-5	304-1	304-2	304-3	304-4	305-1	305-2	305-4	305-5	305-7	306-1	306-2	306-3	401-1	401-2	401-3	403-8	403-9	404-1	404-3	405-1	406-1	418-1					
«Жолаушылар тасымалы» АҚ	+	+				+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+			
«Вагонсервис» АҚ	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+			
«Кедентранссервис» АҚ	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«ТРАНСПОРТНЫЙ ХОЛДИНГ КАЗАХСТАНА» ЖШС	+											+																						+	+	+	+	+					+					
«KTZ Express» АҚ	+	+				+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС	+						+					+	+		+				+	+	+										+	+	+	+	+	+	+	+	+					+				
«Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР)	+						+						+		+																			+	+	+	+	+					+					
«KTZ Express Hong Kong» ЖШҚ (ҚХР)	+						+						+		+																			+	+	+	+	+					+					
«KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС	+						+			+		+	+		+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС													+		+																													+				
«KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)»													+		+																													+				
«Қазтеміртранс» АҚ	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+											+	+						+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» жауапкершілігі шектеулі компаниясы (Нидерланд Корольдігі)																																						+	+				+					
«Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС	+						+								+																				+	+	+	+	+					+				
«Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС	+						+					+		+																					+	+	+	+	+					+				
«Теміржолсу» АҚ	+	+				+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Қызыл-Орда» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Павлодар» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Алматы» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Арыс» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Қостанай» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Теміржолсу-Аягөз» ЖШС	+					+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«ҚТЖ-Жүк тасымалдары» ЖШС	+	+				+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
«ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері»	+	+				+	+			+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Әскери теміржол күзеті» ЖШС	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
«Құрық порты» ЖШС	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Dosjan temir joly» АҚ																																																
«Біріктірілген көлік-логистикалық компания – Евразия теміржол альянсы» АҚ											+																																					
«Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ	+	+				+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+					+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС													+		+																														+			

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

GRI 2-29

Мемлекетпен, бизнеспен және халықпен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін біздің Компания айқындық және ақпараттық ашықтық қағидаттарын ұстанады. Біз олардың қажеттіліктерін жақсы түсіну және олардың мүдделерін ескеру үшін барлық мүдделі тараптармен диалог орнатуға тырысамыз.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл біздің қызметіміздің ажырамас бөлігі болып табылады және біз қызметкерлермен, кәсіподақтармен, клиенттермен, жеткізушілермен, мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынасты сақтауға ерекше назар аударамыз.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен қалауларын құрметтеу және есепке алу;
- мүдделі тараптарды ұдайы және уақтылы хабардар ету;
- қабылданған міндеттемелерді жауапты орындау.

Компанияның мүдделі тараптарын анықтау мақсатында Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін немесе оған әсер етуі мүмкін адамдардың барлық топтары мен ұйымдар анықталады. Бұл процесс мүдделі тараптардың әрбір тобының Компания үшін әсер ету дәрежесін, мүдделерін және маңыздылығын бағалауды қамтиды.

Шешуші мүдделі тараптар:

- акционер;
- қызметкерлер
- кәсіптік одақтар;
- серіктестер;
- мемлекеттік органдар;
- жеткізушілер;
- халық;
- БАҚ;
- клиенттер;
- қаржы институттары.

Компанияның мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуінің мақсаты – сенім қатынастарын орнату, мүдделер мен үміттерді түсіну, қарым-қатынастың айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, беделді жақсарту және стейкхолдерлерді тиімді басқару арқылы нарықтағы позицияларды нығайту.

Біз мүдделі тараптармен диалогтың барлық қатысушылар үшін нәтижелі және пайдалы болуын қамтамасыз етуге тырысамыз.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы саясаты қабылданған, оның міндеттерінің бірі Компания мен оның еншілес ұйымдарының мүдделі тараптармен әрекеттесуін басқарудың тиімді жүйесін құру болып табылады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің негізгі әдістері, сондай-ақ Стейкхолдерлер картасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тұрақты даму саласындағы саясатында егжей-тегжейлі көрсетілген.

Компания мүдделі тараптармен келесі байланыс арналарын белгілейді: ресми сайт, баспасөз хабарламалары және БАҚ сауал хаттарына жауаптар, жеке және жалпы кездесулер, конференциялар мен салалық іс-шаралар, сұрақ-жауаптар мен сауалнамалар, Компанияның әлеуметтік желілері, жыл сайынғы корпоративтік есептілік, сондай-ақ кері байланыс арналары.

Шешуші мүдделі тараптарды анықтау үшін Компания мүдделі тараптардың үлестері мен олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметі барысында өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын адам топтары мен ұйымдарды анықтайды.



Айнагузова Айгерим, 7 жаста

№	Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптардың салымы	Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттері
1	Акционер	Ақшалай қаражатты бөлу, жарғылық капиталды толықтыру	Пайданың өсуі, дивидендтерді уақтылы төлеу, құнның өсуі
2	Мемлекеттік органдар	Мемлекеттік реттеу	Салықтық түсімдер, экономикалық өсу, әлеуметтік міндеттерді шешу, заңнамалық талаптарды сақтау
3	Ассоциациялар/Бірлестіктер	Келісімдерді/шарттарды/меморандумдарды орындау	Коммерциялық мүдделер
4	Кәсіптік одақтар	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу, еңбек қатынастарын реттеу	Қызметкерлердің құқықтарын сақтау және қорғау
5	Серіктестер	Жобаларды бірлесіп жүзеге асыру Технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансферті	Коммерциялық мүдделер
6	Жеткізушілер мен мердігерлер	Жеткізу желісінің және құнды құру тізбегінің тиімділігі Жұмыстар мен қызметтерді уақтылы және сапалы орындау	Коммерциялық мүдделер
7	Клиенттер	Компанияның адалдығы Тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы қаржылық ресурстар	Коммерциялық мүдделер, көлік-логистикалық қызметтерге деген қажеттіліктерді қанағаттандыру, жүктерді де, жолаушыларды да тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаға әсерді азайту
8	Инвесторлар мен кредит берушілер	Халықаралық гранттар Жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру Кредит желілері	Негізгі қарызды және сыйақыны уақтылы төлеу, салынған инвестициялардың рентабельділігі. Қолда бар қаражатты депозиттік шоттарға орналастыру, арнаулы шоттарға қызмет көрсету, Компанияның бағдарламаларын іске асыруға қатысу, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, Компанияның қаржылық және қаржылық емес есептілігіндегі айқындылық
9	Бәсекелестер	Болашақ даму мүмкіндіктері	Нарықтағы үлесті арттыру
10	БАҚ	Сындарлы ынтымақтастық Жақсы қоғамдық пікір	Жарияланымдар мен Компанияның қызметі туралы ақпараттандыру, коммерциялық мүдделер
11	Қоғамдық бірлестіктер	Қызметте жоғары стандарттардың қолданылуын ынталандыру Адалдық және ынтымақтастық	Қоғамдық бірлестіктердің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру
12	Халық	Жүзеге асыру орындарында қолдау көрсету	Жұмысқа орналасу мүмкіндігі, жұмыс орындарын құру және экономикалық дамуды қолдау, әлеуметтік мәселелерді шешу, қоршаған ортаға зиянды экологиялық әсерді азайту, Компания қызметінің ашықтығы, қайырымдылық және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау үшін Компания қабылдайтын әлеуметтік бағдарламалар мен бастамалар
13	Қызметкерлер	Адами ресурстар Адалдық	Әділ және бәсекеге қабілетті еңбекақы, жұмыс орнындағы лайықты және қауіпсіз еңбек жағдайы, кәсіби даму, мансаптық өсу, әлеуметтік кепілдіктер, тең мүмкіндіктер жасау және жынысына, жасына, нәсіліне, дініне және басқа да факторларға байланысты кемсітушілікке жол бермеу
14	Директорлар кеңесі	Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету	Іскерлік беделді арттыру

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

GRI 2-14, 3-1, 3-2

Жыл сайын есепті қалыптастыра отырып, Компания қызметтің экологиялық, экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік аспектілерін қамтиды. Маңызды тақырыптарды анықтау процесі тиісті мүдделі тараптардың қатысуымен әсерді үздіксіз анықтауға және бағалауға негізделген.

2023 жылғы есепте көрсетілетін маңызды тақырыптарды анықтау үшін Компания GRI 2021 стандарттарында ұсынылған барлық тақырыптарға талдау жүргізді, маңызды тақырыптарды анықтау үшін сауалнамаға қатысқан негізгі мүдделі тараптарды анықтады.

- Келесі мүдделі тараптардың:
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің;
 - «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің;
 - кәсіподақ өкілдерінің;
 - клиенттердің;
 - жеткізушілердің пікірі маңызды тақырыптарды анықтау барысында ескерілді.

GRI стандарттарында қарастырылған барлығы 30 тақырып, сондай-ақ Компания қызметінің ерекшелігіне сәйкес маңызды болып табылатын 8 қосымша тақырып ұсынылды:

- поездар қозғалысы қауіпсіздігі;
- клиенттердің қанағаттануын арттыру;

- ақпараттық қауіпсіздік;
- климатты басқару;
- адам құқықтары;
- қызметкерлердің әл-ауқаты тенденциясы;
- бәсекелестікке қарсы тәжірибеге қарсы іс-қимыл;
- мүдделерді қолдау.


Маңызды тақырыптарды анықтау үшін Компания әр тақырыптың мүдделі тараптар үшін маңыздылығын талдау үшін сауалнама әдісін қолданды.

Биылғы жылы онлайн сауалнама «Microsoft Forms» платформасы арқылы дайындалды. Орындалған процедуралардың нәтижелері бойынша ықтимал тақырыптар тізімінен маңыздылық матрицасы құрылды.

Әрбір тақырып экономикаға, қоршаған ортаға, қоғамға және адам құқықтарына теріс және оң әсер ету тұрғысынан Компанияның әсеріне талданды. Сауалнама қорытындысы бойынша 14 маңызды тақырып анықталды.

Маңызды тақырыптар тізбесі 2024 жылғы 10 сәуірдегі №279/ЦЗ бұйрығымен бекітілген.

ҚОСАРЛАНҒАН ЕЛЕУЛІЛІК МАТРИЦАСЫ



ТАҚЫРЫПТАР МАҢЫЗДЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

ТӨМЕНДЕ ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЛТІРІЛГЕН.

2022	2023
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР	
201 Экономикалық тиімділік	201 Экономикалық тиімділік
204 Сатып алу тәжірибесі	204 Сатып алу тәжірибесі
205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР	
302 Энергия	302 Энергия
305 Шығарындылар	305 Шығарындылар
306 Қалдықтар	306 Қалдықтар
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР	
401 Жұмыспен қамту	401 Жұмыспен қамту
402 Еңбек және еңбек қатынастары	402 Еңбек және еңбек қатынастары
403 Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық	403 Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық
404 Оқыту және білім беру	404 Оқыту және білім беру
406 Кемсітпеушілік	406 Кемсітпеушілік
«ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚОСЫМША ТАҚЫРЫПТАРЫ	
Поездар қозғалысы қауіпсіздігі	Поездар қозғалысы қауіпсіздігі
Клиенттердің қанағаттануын арттыру	Клиенттердің қанағаттануын арттыру
	Қызметкерлердің әл-ауқаты тенденциясы

МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУ

Компанияның табысты қызметі үшін маңызды негізгі мәселелерді анықтауды талдау бірнеше әдістерге сүйенеді. Біріншіден, қаржылық көрсеткіштерді, зиянды заттардың шығарындылары туралы деректерді және қызметкерлер мен клиенттердің қанағаттану деңгейі сияқты әлеуметтік көрсеткіштерді қоса алғанда, жұмыстың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне қатысты деректер мен көрсеткіштерге баға беріледі. Содан кейін бизнестің ұзақ мерзімді құндылығын қалыптастыруға әсерін бағалау, сондай-ақ сыртқы мүдделі тараптарға әсерін талдау жүргізіледі. Осыдан кейін корпоративтік тәуекелдерді талдау және ең маңызды әсерлерге басымдық беру жүзеге асырылады. Ақырында, іріктеу қаржылық нәтижелер мен бизнестің ұзақ мерзімді құндылығы, сондай-ақ мүдделі тараптардың мүдделері тұрғысынан маңыздылығын ескере отырып, «қос маңыздылық» негізінде жүзеге асырылады.

Елеулілікті талдау жыл сайын жүргізіледі.

Компания өз қызметі барысында әртүрлі тараптарға әсер етеді: жүктер мен жолаушы-

ларды тасымалдау экономикалық дамуға және сауданың дамуына ықпал етеді, ал теміржол құрылысы жұмыс орындарын ашады және экономиканың өсуіне ықпал етеді. Қоғамға жағымды әсер етуден басқа, ол зиянды заттардың төгілуі және шуыл сияқты қоршаған ортаға теріс әсер етеді.

Компания әртүрлі факторларды, соның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып, өз қызметінің әсерін талдайды. Бұл қоғам мен қоршаған ортаға жағымды және жағымсыз әсерлерді анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелерін Директорлар кеңесінің комитеті қарайды, содан кейін қызметтің тиімділігін арттыруға және бизнестің ұзақ мерзімді құндылығын арттыруға ықпал ететін көрсеткіштерді жақсарту бойынша шаралар қабылданады.

Кез келген басқа бизнес сияқты, теміржол компаниясы үшін ұзақ мерзімді перспективада оның бизнесінің тиімділігі мен тұрақтылығына айтарлықтай әсер ететін бірқатар негізгі көрсеткіштер бар. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясы Компанияның ұзақ мерзімді перспективаларын

айқындайды. Оның ұзақ мерзімді кірістілігімен тығыз байланысты дамудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету: қаржылық нәтижелердің тұрақтылығы, өтімді активтердің қолжетімділігі және тұрақты қаржылық көрсеткіштерді қолдау инвесторларды тартуда және кәсіпорынның ұзақ мерзімді табысына қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.
- Операциялық тиімділікті арттыру: Компанияның бәсекеге қабілеттілігі оның ұзақ мерзімді жағдайы мен құнына тікелей әсер ететін тартымды қызметтерді, тарифтерді және инновациялық шешімдерді ұсыну қабілетіне байланысты.
- Тұтынушылардың қанағаттану деңгейін жақсарту: тұтынушылардың қанағаттануы Компания үшін негізгі стратегиялық фактор болып табылады, өйткені бұл оның нарықтағы позициясын нығайтуға, тұтынушылардың адалдығын арттыруға және тұрақты өсуді қамтамасыз етуге ықпал етеді.
- Тасымалдау қауіпсіздігіне кепілдік беру: қауіпсіздіктің жоғары деңгейі және тәуе-

келдерді бақылаудың заманауи жүйелерін пайдалану апаттардың алдын алуға және жолаушылар мен жүк қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл Компанияның жағымды беделін сақтауға және оның ұзақ мерзімді құндылығын сақтап қалуға ықпал етеді.

- Тұрақты дамуға жәрдемдесу: әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту Компанияның табысты қызметі үшін маңызды аспектілер болып табылады, сондай-ақ экологиялық стандарттарды сақтау және Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын енгізу Компанияның ұзақ мерзімді беделі мен құнын сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар корпоративтік басқару Компанияның тұрақты дамуы мен табысты жұмыс істеуін қамтамасыз етуде, басқарудағы айқындылықты, жауапкершілікті және тиімділікті қамтамасыз етуде және оның құны мен барлық мүдделі тараптар үшін тартымдылығын арттыруға ықпал етуде басты рөл атқарады.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ДАМУ МЕН ШЫҒЫНДАРҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР:

Факторлар	Салдарлары	Іс-шаралар
ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ		
Тарифтік тәуекел	- түсімнің азаюы; - Компанияның қаржылық тұрақтылығының нашарлауы.	тарифтік саясатты жетілдіру.
Валюталық тәуекел	- бағамдық айырма бойынша залалдар бойынша шығыстардың өсуі; - Компанияның өтімділігін төмендеуі.	қатты валютадағы борыш үлесін азайтуды жалғастыру, кредиттік портфельді қайта құрылымдау.
КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ		
Жүк айналымының төмендеуі	- түсімнің азаюы; - Компанияның қаржылық тұрақтылығының нашарлауы.	- Жүктерді контейнерлендіру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; - альтернативті маршруттарды (ТКХМ) дамыту; - жүк жөнелтушілер үшін қолайлы тарифтік шарттарды ұсыну; - жүк поездарының учаскелік жылдамдығын арттыру; - тиеу шептеріне/ шептерінен вагондарды алу/ беру уақытын азайту; - вагон паркін тиімді пайдалану үшін жүктерді тасымалдаудың маусымдылығын жоспарлау.
Жолаушылар айналымының төмендеуі	- жолаушыларды тасымалдаудан түсетін түсімнің азаюы; - жоспарлы көрсеткіштердің орындалмауы.	- маршруттардың жаңа желісін әзірлеу және енгізу, оның ішінде тиімді маршруттарды ұйымдастыру; - поездардың кешігуін барынша азайту; - жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру.
КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН АРТТЫРУ		
Көрсетілетін қызметтердің сапасын төмендету	- теміржол тасымалынан түсетін түсімнің азаюы; - Компания беделінің нашарлауы.	- клиенттердің қанағаттану деңгейін бағалау; - клиенттердің қанағаттануын арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру.

Факторлар	Салдарлары	Іс-шаралар
ПОЕЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ		
Қозғалыс қауіпсіздігін бұзу	- Компания қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне қауіп төнуі; - төлемдермен байланысты материалдық залал; - Компания беделінің төмендеуі.	- қауіпсіздікті қамтамасыз етуді бақылау; - қауіпсіздік мінез-құлығы диалогын үйрету; - қауіпсіз жұмыс әдістерін үйрету; - ақаулы машиналар мен механизмдерді пайдалануға тыйым салу; - машиналар мен механизмдерді уақтылы жөндеу, қызмет көрсету және тексеру.
Адамдардың денсаулығына қауіп төндіру	- Компания қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне қауіп төнуі; - төлемдерге байланысты материалдық залал; - Компания беделінің нашарлауы.	- өндірістік қауіпсіздік процестерінің автоматтандырылған жүйесін енгізу (модульдер: «Оқыту», «ҚМД», «Қауіпсіздік минуты»). - қауіпсіздік мінез-құлығы диалогын, қауіпсіз жұмыс әдістерін үйрету.
ESG ҚАФИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ		
HR тәуекелдері (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін бұзу; жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық; қызметкерлер тарапынан әлеуметтік наразылық).	- қызметкерлердің шағымдары мен наразылықтары; - кадрлардың кетуі; - Компания беделінің нашарлауы.	- әлеуметтік тұрақтылықты арттыру; - негізгі өндірістік персоналды ынталандырудың корпоративтік жүйесін енгізу; - зейнетке ерте шығу бағдарламасын іске асыру; - рекрутингті және табиғи кему және сырттан жалдауды азайту (сырттан жалдауға мораторий) арқылы жұмыстан босатылатындарды жұмысқа орналастыру жұмыстарын орталықтандыру.
Экологиялық және климаттық тәуекелдер (Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, климаттың физикалық параметрлерінің өзгеруі).	- кірістің азаюы; - Компания беделінің нашарлауы.	- теңіз түбін тереңдету бойынша іс-шаралар өткізу. - тереңдікті өлшеу (батиметрия). - қоршаған ортаға эмиссиялардың төмендеуі; - көміртегі ізін азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

2023 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА ӘСЕР ЕТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қызмет түрі	Акционер	Клиенттер	Халық	Мемлекеттік органдар	Жеткізушілер мен мердігерлер
Жүк тасымалдау	Жалғыз акционерге қатысты таза пайда – 133,5 млрд теңге	Жүк айналымы – 262,4 млрд т-км Тасымалданған жүктер – 297,4 млн тонна Контейнерлердегі транзит – 1 282,3 мың ЖФБ		Сатып алу – 1 090 млн теңге	
Жолаушы тасымалдау		Жолаушылар айналымы – 11,8 млрд ж-км Жіберілген жолаушылар – 13 681 мың жолаушы		Салық аударымдары – 201 604,4 млн теңге	
		Клиенттердің қанағаттану деңгейі – 69%		Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі – 0,62 оқиға/млн поезд-км	
Теміржол жолдарын салу	Учаскелік жылдамдық-38,5 км/сағ		Жұмыс орындары («Достық – Мойынты учаскесінде екінші жол салу жобасы бойынша – 3 700»)	Елішілік құндылық үлесі: тауарларда-54%, жұмыстар мен қызметтерде – 93%.	
			CO ₂ -экв парниктік газдар шығарындыларының көлемі (1, 2-қамту) – 5 508 мың тонна		

■ оң әсер
■ теріс әсер



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

GRI 2-5



Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

«Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне:

Кіріспе

Біз «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») басшылығымен Компанияның 2023 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Біріктірілген Жылдық Есебіне (бұдан әрі – «Жылдық Есебі») енгізілген, сипатталған таңдаулы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау үшін тартылдық.

Рәсімдер әдісін және қолданылатын өлшем шарттарын сипаттау

2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша таңдалған ақпарат (бұдан әрі – «Таңдалған ақпарат») осы есептің 1-қосымшасында көрсетілген.

Таңдалған ақпарат Global Reporting Initiative (GRI) жариялаған GRI тұрақты даму туралы есеп беру стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары») сәйкес дайындалған.

Таңдалған ақпарат Жылдық Есептің GRI 2-2 «Ақпаратты ашу периметріне» сәйкес Компанияға және оның таңдалған еншілес ұйымдарына қатысты ақпаратты ашады.

Біздің рәсімдеріміздің көлемі тек 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпаратпен шектеледі. Біз алдыңғы кезеңдерге немесе Жылдық Есепке енгізілген кез-келген басқа компоненттерге қатысты қандай да бір рәсімдерді орындамадық, соған орай, оларға қатысты қандай да бір қорытынды жасамаймыз.

Біз Таңдалған ақпаратты GRI стандарттарында қамтылған ашу талаптарын, сондай-ақ Компания әзірлеген және Жылдық Есепте ашылған әдістеме мен нұсқаулықты (бұдан әрі – «Қолданылатын өлшемшарттар») пайдалана отырып бағаладық.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау мақсатында қолданылатын өлшем шарттарды қолдану орынды деп санаймыз.

Компания Басшылығының жауапкершілігі

Компания басшылығы:

- абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан Таңдалған ақпаратты дайындауда бұрмалаушылықтарды қамтымас үшін, ішкі бақылау жүйесінде әзірлендіруді, енгізуді және қолдауды қамтамасыз ету;
- қолданылатын өлшем шарттарға сәйкес Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу бойынша ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды әзірлеу;
- таңдалған ақпаратты Қолданылатын өлшем шарттарға сәйкес дайындау, есептеу және ашу;
- таңдалған ақпараттың дәлдігі, толықтығы және ұсынылуына жауапты.



Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз біз орындаған процедуралар мен алынған дәлелдер негізінде Таңдалған ақпарат туралы шектеулі сенімділікті туралы қорытындыны білдіру болып табылады.

Біз бұл шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы Халықаралық аудит стандарттары және ақпаратты растау комитетімен шығарылған сенімділікті қамтамасыз ететін «Аудиттен және өткен кезеңдердегі қаржылық ақпаратты тексеруден ерекшеленетін Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма» Халықаралық тапсырмалар 3000 (ШСҚЕТХТ) стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық. Бұл стандарт бізден этикалық талаптарды сақтауды және 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған Таңдалған ақпараттың барлық маңызды қатынастарында Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалғанына шектеулі кепілдік алу үшін рәсімдерді жоспарлауды және орындауды талап етеді.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемі ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау рәсімдеріне де, бағаланған тәуекелдерге жауап ретінде орындалатын рәсімдерге де қатысты ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемінен аз. Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылатын, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді, олардың көлемі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындағанға қарағанда аз болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейінен төмен.

Тәуелсіздік және сапаны бақылау

Біз есепшілерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің адалдық, объективтік, кәсіби құзыреттілік, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық принциптеріне негізделген (АҚҚ СМ кодексі) кәсіби есепшілердің этика кодексінің (Халықаралық Тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) тәуелсіздік туралы талаптарына және басқа да этикалық талаптарына сәйкес келеміз.

Біздің ұйым 1-ші Халықаралық сапаны бақылау стандартын қолданады және этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты құжатталған саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылаудың кешенді жүйесін қолдайды.

Атқарылған жұмыс туралы қысқаша шолу

Біз жоспарлаған және орындаған рәсімдер 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған Таңдалған ақпараттың барлық маңызды аспектілері бойынша Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалғанына шектеулі сенімділікті алуға арналған. Ол үшін біз орындаған рәсімдерге:

- тұрақты даму және есептілік мәселелерін басқаруға жауапты тұлғаларды қоса алғанда, Компания басшылығына сұрау салу;
- жылдық Есепті дайындауға және тиісті деректерді жинауға жауапты лауазымды тұлғаларға сауалнама жүргізу және тиесілі ақпаратты жинау;
- тиісті ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды талдау, Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу саласындағы негізгі жүйелер, процестер мен бақылау құралдары қалай



ұйымдастырылғандығы туралы түсінік алу;

- деректер тиісті түрде есептелгенін, есепке алынғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Таңдалған ақпаратқа қатысты мәні бойынша шектеулі тестілеуді өткізу кірді.

Біз алған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамсыз етеін тұжырымға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп есептейміз.

Ішкі шектеулер

GRI стандарттары тұрғысынан әртүрлі, бірақ рауалы есептеу және ақпаратты ашу әдістерінің ауқымы бар. Бұл әдістер қорытындыларда айтарлықтай айырмашылықтарға әкелуі мүмкін, бұл олардың басқа ұйымдардың деректерімен салыстырылуына әсер етуі мүмкін. Демек, Таңдалған ақпарат басшылық Жылдық Есепте сипатталғандай пайдаланған әдістемемен бірге қаралуы тиіс және ол үшін Компания жеке-дара жауапты болады.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды

Жүргізілген рәсімдер мен алынған дәлелдемелердің қорытындылары бойынша 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпарат Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес барлық елеулі қатынастарда дайындалған жоқ деп тұжырымдауға негіз болатын ешқандай деректер біздің назарымызды аударған жоқ.

Пайдалануға және таратуға шектеулер

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тұжырымды қамтитын осы есеп Компания басшылығына, Компанияның және оның тұрақты даму саласындағы таңдалған еншілес ұйымдарының қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ашуға жәрдем көрсету мақсатында арамыздағы келісімге сәйкес Компания Директорлар кеңесі үшін ғана дайындалды.

Біз осы есептің мазмұнын компанияның сайтында жарияланатын Жылдық Есептің құрамында ашуға келісім береміз, осылайша Компания басшылығы Корпоративтік басқару саласындағы өз міндеттерін толық атқару шеңберінде Таңдалған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алғанын растай алады.

Компания басшылығы Компанияның веб-сайтының қолдауына және тұтастығына жауап береді; біз жүргізетін жұмыс бұл мәселелерді қарастыруды қамтымайды және сәйкесінше, Компанияның веб-сайтында жарияланған Таңдалған ақпаратқа немесе Қолданылатын өлшемшарттарға қатысты болуы мүмкін кез-келген өзгерістерге жауапты емеспіз.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде біз Компанияның және Компанияның Директорлар кеңесінен басқа тұлғалардың алдында орындалған жұмыс және осы есеп үшін, бұған нақты келісілген жазбаша шарттар және біздің жазбаша келісіміміз болған жағдайларды қоспағанда жауапкершілікті қабылдамаймыз.

Prisewarehouse Coopers LLP

30 сәуір, 2024 жыл
Алматы, Қазақстан



2024 жылдың 30 сәуіріндегі шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есепке 1-ші қосымша

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған, Жылдық Есебінің 10-243 беттерінде ашылған және «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») әзірлеген GRI стандарттарына, әдістемелеріне және нұсқауларықтарына сәйкес дайындалған және шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдерінің нысанасы болып табылатын Таңдалған ақпарат көрсетілген:

GRI стандарты	Жарияларған орындалу (Таңдалған ақпарат)
2-7	Қызметкерлер
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы
2-30	Ұжымдық шарттар
201-1	Тікелей экономикалық құндылық, құрылған және бөлінген
201-4	Мемлекеттен алынған қаржылай көмек
203-1	Инфрақұрылымдық инвестициялардың дамуы мен әсері және көрсетілетін қызметтер
203-2	Маңызды жанама экономикалық әсерлер
204-1	Жергілікті жеткізушілердің сатып алу үлесі
205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер бойынша транзакцияларды бағалау
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер бойынша ақпараттандыру және оқыту
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну
302-3	Энергия қарқындылығы
302-4	Энергия тұтынуды қысқарту
303-3	Қабылданған су
303-4	Ағызылған су
303-5	Тұтынылған су
305-1	Тікелей парниктік газдар шығарындылары (1-аумақ)



305-2	Жанама парниктік газдар шығарындылары (2-аумақ)
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы
305-5	Парниктік газдардың шығарылуын қысқарту
305-7	NOx, SOx және басқа да маңызды ластаушы заттардың ауаға шығарындылары
306-1	Қалдықтардың пайда болуы және әсері
306-2	Қалдықпен байланысты елеулі әсерлерді басқару
306-3	Пайда болатын қалдықтар
401-1	Жалдамалы жұмысшылар мен қызметкерлердің айналымы
401-3	Балаға күтім жасауға берілетін демалыс
403-8	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқару жүйесімен қамтылған жұмысшылар
403-9	Жұмыс орнындағы жарақаттар
404-1	Бір қызметкерге жұмсалған оқу сағаттарының орташа жылдық саны
404-3	Тұрақты нәтижелер мен мансаптық өсу туралы шолуларды қамтитын қызметкерлердің пайызы
405-1	Корпоративтік басқару органдары мен қызметкерлердің алуан түрлілігі
406-1	Кемсітушілік оқиғалары және қабылданған түзету шаралары
418-1	Құпиялықты бұзу немесе деректердің жоғалуы туралы негізделген шағымдар
3-1	Маңызды тақырыптарды анықтау процесі
3-2	Маңызды тақырыптар тізімі

ЕСЕПТЕГІ GRI СТАНДАРТТАРЫН АШУ ИНДЕКСІ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

GRI Стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есеп бөлімдері	Ақпаратты ашпау себептері	Сыртқы растау
GRI 1: Негізі 2021					
GRI 2: Жалпы ашу элементтері 2021					
ҰЙЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕСЕПТІЛІК ТӘЖІРИБЕСІ					
2-1	Ұйым туралы мәліметтер	10, 309	Компания туралы, Байланыс ақпараты		
2-2	Ұйымның тұрақты даму сала-сындағы есептілігіне енгізілген субъектілер	283	Ақпарат пери-метрі		
2-3	Есеп беру кезеңі, жиілігі және байланысатын тұлға	282, 309	Есеп туралы, Бай-ланыс ақпараты		
2-4	Ақпаратты қайта қарау	282	Есеп туралы		
2-5	Сыртқы ұйым және оның есептілік тәжірибесі	1, 292	Есеп туралы, Тәу-елсіз аудитордың қорытындысы		
ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР					
2-6	Қызмет, құнды құру тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	12, 30, 31, 33, 38, 39, 68	Компания тарихы. Өндірістік нәти-желер, Транзиттік тасымалдар, Жолаушылар тасымалы, Актив-тердің құрылымы, Негізгі бизнес-бір-ліктер, Сатып алу тәжірибесі		
2-7	Қызметкерлер	104	Персонал құрылымы Түсініктеме: 2023 жылғы 31 желтоқсандағы персоналдың тізімдік саны.		V
2-8	Ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын қызметкерлер	104	Персоналдың құрылымы		
БАСҚАРУ					
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы	59, 146, 149	Тұрақты дамуды басқару құрылымы, Корпо-ративтік басқару жүйесі, Дирек-торлар кеңесінің құрамы		V
2-10	Жоғары басқару органына үміткерлерді ұсыну және іріктеу процесі	149	Директорлар кеңесінің құрамы		
2-11	Жоғары басқарушы органның төрағасы	149	Директорлар кеңесінің құрамы		
2-12	Әсерлерді басқаруды қадаға-лауды жүзеге асырудағы жоғары басқарушы органның рөлі	59	Тұрақты дамуды басқару құрылымы		

GRI Стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есеп бөлімдері	Ақпаратты ашпау себептері	Сыртқы растау
2-13	Әсерді басқару жауапкершілігін беру	59	Тұрақты дамуды басқару құрылымы		
2-14	Тұрақты даму саласындағы есептіліктегі жоғары басқарушы органның рөлі	288	Елеулі тақырыптар және оларды анықтау тәртібі		
2-15	Мүдделер қақтығысы	186	Мүдделер қақтығысын басқару		
2-16	Жоғары басшылықты маңызды мәселелер туралы хабардар ету	59	Тұрақты дамуды басқару құрылымы		
2-17	Жоғары басқарушы органның ұжымдық хабардарлығы	150	Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту және дамыту		
2-18	Жоғары басшы органның қызметін бағалау	151	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау		
2-19	Сыйақы саясаты	167	Компанияның лауазымды тұлғаларына сыйақы беру		
2-20	Сыйақы мөлшерін анықтау процесі	167	Компанияның лауазымды тұлғаларына сыйақы беру		
2-21	Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	–	–	Құпиялы ақпарат	
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	4, 6	Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, Басқарма Төрағасының үндеуі		
2-23	Саясаттарды ұстану	18	Халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану		
2-24	Өзіне алған міндеттемелерді орындау	18	Халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану		
2-25	Теріс әсерлерді жою процестері	183	Шағым беру тетіктері		
2-26	Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру тетіктері	183	Шағым беру механизмдері		
2-27	Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау	78	Заңдар мен қағидаларды сақтау		
2-28	Ассоциацияларға мүшелік	18	Халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану		

GRI Стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есеп бөлімдері	Ақпаратты ашпау себептері	Сыртқы растау
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРКЕТТЕСУ					
2-29	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	286	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу		
2-30	Ұжымдық шарттар	120	Ұжымдық шарт		V
GRI 3: ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР 2021					
3-1	Елеулі тақырыптарды анықтау процесі	288	Елеулі тақырыптар және оларды анықтау тәртібі		V
3-2	Елеулі тақырыптардың тізімі	288	Елеулі тақырыптар және оларды анықтау тәртібі		V

ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АШУ

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсетпеу себептері	SASB	Сыртқы растау
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР						
GRI 201 (2016): ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	64	Экономикалық әсер			
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	64	Экономикалық әсер			V
201-2	Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық салдарлар және басқа тәуекелдер мен мүмкіндіктер	83	Климаттың өзгеру тәуекелі			
201-4	Үкіметтен алынған қаржылық көмек	10, 65	Компания туралы, Мемлекеттен алынған қаржылық көмек			V
GRI 202 (2016): НАРЫҚТАРДА БОЛУ						
202-1	Әр түрлі жыныстағы қызметкерлердің бастапқы деңгейіндегі стандартты еңбекақысының қызметтің елеулі өңірлерінде белгіленген ең төменгі жалақыға қатынасы	119	Материалдық мотивация			
202-2	Жергілікті қоғамдастықтан жалданған жоғары басшылық үлесі	162	Басқарма			
GRI 203 (2016): ЖАНАМА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР						
203-1	Инфрақұрылымға және өтеусіз қызметтерге инвестициялардың дамуы мен әсері	50	Инвестициялық қызмет			V
203-2	Елеулі жанама экономикалық әсерлер	66	Жанама экономикалық әсерлер			V

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсетпеу себептері	SASB	Сыртқы растау
GRI 204 (2016): САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ						
3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	68	Сатып алу тәжірибесі			
204-1	Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстар үлесі	68	Сатып алу тәжірибесі			V
GRI 205 (2016): СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТӘЖІРИБЕ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	71	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланатын өндірістік бөлімшелер	71	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			V
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту	71	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			V
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қолданылған әрекеттер	71	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			V
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР						
GRI 302 (2016): ЭНЕРГИЯ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	90	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			
302-1	Ұйым ішінде энергияны тұтыну	90	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу	Компания энергияны үшінші тараптарға қайта сатпайды. Компания жаңартылатын көздерден алынатын отынды тұтынбайды. Компания салқындату энергиясы мен бұ энергиясын тұтынбайды немесе үшінші тараптарға қайта сатпайды. Компания 2023 жылы тұтынылған энергия көлемін есептеуге материалдық емес көлемдерге байланысты тұтынылған жылу энергиясының көлемін қоспайды.	TR-RA-110a.3.	V

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсетпеу себептері	SASB	Сыртқы растау
302-2	Энергияны ұйымнан тыс тұтыну	–	–	Энергия ресурстарын ұйымнан тыс тұтынуды есепке алу жүргізілмейді		
302-3	Энергия сыйымдылығы	92	Энергия сыйымдылығы			V
302-4	Энергия тұтынуды азайту	90	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			V
302-5	Өнімдер мен қызметтердің энергия тұтынуын азайту	90	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			
GRI 303 (2018): СУ ЖӘНЕ ТӨГІНДІЛЕР						
303-1	Көздер бойынша бөлінген алынатын судың жалпы мөлшері	93	Су ресурстарын басқару			
303-2	Суды ағызуға байланысты әсерлерді басқару	93	Су ресурстарын басқару			
303-3	Су алу	93	Су ресурстарын басқару			V
303-4	Су бұру	93	Су ресурстарын басқару			V
303-5	Су тұтыну	93	Су ресурстарын басқару			V
GRI 304 (2016): БИОАЛУАНДЫЛЫҚ						
304-1	Меншіктегі, жалға алынған, басқарылатын немесе оған іргелес қорғалатын аумақтардағы немесе қорғалатын аумақтардан тыс биоалуандылық деңгейі жоғары аумақтардағы жұмыс алаңдары	96	Биоалуандылықты сақтау			
304-2	Қызметтің, өнімдер мен қызметтердің биоалуандылыққа айтарлықтай әсерін сипаттау	96	Биоалуандылықты сақтау			
304-3	Сақталған немесе қалпына келтірілген мекендеу орындары	96	Биоалуандылықты сақтау			
304-4	Өндірістік қызметке ұшыраған және жойылу қаупі бар аумақтарда мекендейтін жерлері бар, Халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл кітабына және Ұлттық табиғатты қорғау тізіміне енгізілген түрлердің жалпы саны	96	Биоалуандылықты сақтау			

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсет- пеу себептері	SASB	Сыртқы растау
GRI 305 (2016): ШЫҒАРЫНДЫЛАР						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	79	Экологиялық жауапкершілік			
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарын- дылары (score 1)	84	Төмен көмір- текті даму тұжырымда- масы	Компания биогендік шыға- рындыларды жасамайды	TR-RA-10 a.1.	V
305-2	Энергетикадағы парниктік газдардың жанама шығарын- дылары (score 2)	84	Төмен көмір- текті даму тұжырымда- масы	Компания биогендік шыға- рындыларды жасамайды		V
305-3	Парниктік газдардың басқа жанама шыға- рындылары (score 3)	–	–	Парниктік газдар шыға- рындыларын есепке алу (score 3) жүр- гізілмейді		
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	84	Төмен көмір- текті даму тұжырымда- масы			V
305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту	84	Төмен көмір- текті даму тұжырымда- масы		TR-RA-110A.2.	V
305-6	Озонды бұзатын заттардың шығарын- дылары (ОБЗ)	–	–	Компания озонды бұзатын заттардың (ОБЗ) шығарынды- ларын жүзеге асырмайды		
305-7	Азот оксидтері (nox), күкірт оксидтері (sox) және атмосфераға басқа да айтарлықтай шығарындылар	84	Төмен көмір- текті даму тұжырымда- масы	Компания тұрақты ла- стаушы зат- тардың (ТЛЗ) шығарынды- ларын шығар- майды	TR-RA-120a.1.	V
GRI 306 (2016): ТӨГІНДІЛЕР МЕН ҚАЛДЫҚТАР						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	79	Экологиялық жауапкершілік			
306-1	Қалдықтардың пайда болуы және қал- дықтармен байланысты айтарлықтай әсер	94	Қалдықтарды басқару			V
306-2	Қалдықтармен бай- ланысты айтарлықтай әсерлерді жою	94	Қалдықтарды басқару			V
306-3	Пайда болатын қал- дықтар	94	Қалдықтарды басқару			V
306-4	Кәдеге жаратуға алын- баған қалдықтар	–	–	Кәдеге жаратуға алынбаған қал- дықтар жоқ.		
306-5	Кәдеге жаратуға жі- берілген қалдықтар	94	Қалдықтарды басқару			
GRI 308 (2016): ЖЕТКІЗУШІНІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ						
308-1	Экологиялық кри- терийлерді қолдана отырып, тексерілген жаңа жеткізушілер	96	Жеткізушіні экологиялық бағалау			

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсет- пеу себептері	SASB	Сыртқы растау
308-2	Жеткізу тізбегіндегі қоршаған ортаға теріс әсер және жасалған әрекеттер	96	Жеткізушіні экологиялық бағалау			
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР						
GRI 401 (2016): ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	103	Әлеуметтік жауапкершілік			
401-1	Жаңадан жалданған қызметкерлер және ка- дрлардың тұрақтамауы	112	Таланттарды тарту және сақтау			V
401-2	Толық жұмыспен қамту жағдайында қызмет- керлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту жағдайындағы қызмет- керлерге берілмейтін жеңілдіктер	120	Персоналды қолдау			
401-3	Ана/әке болуына бай- ланысты демалыс	121	Бала күтімі бойынша де- малыс			V
GRI 402 (2016): ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРЫ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	103	Әлеуметтік жауапкершілік			
402-1	Операциялық өз- герістер туралы хабарлама берудің ең аз кезеңі	120	Ұжымдық шарт			
GRI 403 (2018): ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	130	Еңбек қа- уіпсіздігі және еңбекті қорғау			
403-1	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі	130	Еңбек қа- уіпсіздігі және еңбекті қорғау			
403-2	Қауіпті сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеп тексеру	130	Қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау			
403-3	Денсаулық сақтау қыз- меттері	140	Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету			
403-4	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша қызмет- керлердің қатысуы, консультациялар мен коммуникациялар	59	Тұрақты дамуды басқару құрылымы			
403-5	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіптік даярлау	136	Персоналды оқыту			
403-6	Қызметкерлердің ден- саулығын жақсарту	142	Денсаулықтың кенеттен на- шарлауы			

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсетпеу себептері	SASB	Сыртқы растау
403-7	Іскерлік қатынастарға тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі салдарларының алдын алу және азайту	136	Іскерлік қатынастарға тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі салдарларының алдын алу және азайту			
403-8	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	130	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер			V
403-9	Өндірістік жарақаттар	133	Өндірістік жарақаттар		TERRA-540A.1.	V
403-10	Жұмысқа байланысты аурулар	130	Жұмысқа байланысты аурулар		TERRA-540A.1.	
GRI 404 (2016): ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	103	Әлеуметтік жауапкершілік			
404-1	Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны	124	Персоналды дамыту			V
404-2	Дағдыларды дамыту мен білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мансапты аяқтау кезінде қолдау көрсету бағдарламалары	124	Персоналды дамыту			
404-3	Мансаптың нәтижелілігі мен дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлер үлесі	117	Персоналды бағалау			V
GRI 405 (2016): ӘРАЛУАНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР						
405-1	Корпоративтік басқару органдары мен қызметкерлердің әралуандылығы	103, 104	Кадрлық саясат, Персоналдың құрылымы			V
405-2	Ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысының арақатынасы	108	Әралуандылық және тең мүмкіндіктер			
GRI 406 (2016): КЕМСІТПЕУШІЛІК						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	103	Әлеуметтік жауапкершілік			
406-1	Кемсітушілік жағдайлары және қолданылған түзету шаралары	73	Жедел байланыс желісі жұмысы туралы есеп			V

GRI стандарт	Мәнін ашу	Есептегі бет	Есептің бөлімдері	Ашып көрсетпеу себептері	SASB	Сыртқы растау
GRI 418 (2016): КЕМСІТПЕУШІЛІК						
418-1	Құпиялылықтың бұзылуына немесе деректердің жоғалуы бойынша негіздемесі бар шағымдар.	186	Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау			V
SASB	Авариялар мен инциденттер саны	80	Қоршаған ортаға эмиссиялар		TERRA-540A.2.	
SASB	Тексерулер нәтижесінде анықталған бұзушылықтың ұсынылған ақауларының саны	128, 140	Қозғалыс қауіпсіздігі, Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету		TERRA-540A.3.	
SASB	Темір жолдар тұтастығын ішкі тексеру жиілігі	128	Қозғалыс қауіпсіздігі		TERRA-540A.4.	



ГЛОССАРИЙ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
ҚОР	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім – өндіріс факторларының ұлттық тиесілігіне қара-мастан тұтыну, экспорттау және жинақтау үшін мемлекет аумағында экономиканың барлық салаларында бір жылда өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің (яғни тікелей тұтынуда, пай-далануға немесе қолдануға арналған) нарықтық құнын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш
ЖҮК АЙНАЛЫМЫ	белгілі бір уақыт ішінде тасымалданған жүк салмағы мен тасымалдау қашықтығының көбейтіндісіне тең көлік жұмысының экономикалық көрсеткіші (жүк тасымалы көлемінің көрсеткіші). Жүк айналымы тон-на-километрмен өлшенеді
ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖОҒАЛТУМЕН ТІР-КЕЛГЕН ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖИІЛІК КОЭФФИЦИЕНТІ	бөлімшеде немесе кәсіпорында бір жылдағы жиынтық жұмыс істелген жұмыс уақытына жатқызылған және 1 млн адам/сағ деп нормаланған жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларының санын анықтайды
МТЖ	магистральдық теміржол желісі
ЛТ	локомотив тартымы
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА	нетто түсім (өзіндік құнды шегергендегі түсім) мен негізгі қызмет бойынша шығындар (соңғысына тікелей және операциялық шығындар кіреді) немесе мағынасы бірдей, жалпы пайда мен опера-циялық шығындар арасындағы айырмашылыққа тең, кәсіпорынның негізгі қызметтен алған пайдасы
ЖОЛАУШЫЛАР АЙ-НАЛЫМЫ	жолаушылар тасымалы көлемінің жолаушы-километрдегі көрсеткіші, жолаушылар саны мен тасымалдау қашықтығының көбейтіндісі ретінде есептеледі
БАС ЖОЛДАРДЫҢ ТОЛЫҚ ҰЗЫНДЫҒЫ	- барлық бас жолдар (бірінші, екінші, үшінші және т.б.) ұзындығының қосындысы
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ОЭР	отын-энергетикалық ресурстар
ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМ-ДЫЛЫҒЫ	өнім (жұмыс) бірлігіне отын-энергетикалық ресурстардың үлестік шығындарын азайту көрсеткіші
ПАЙДАЛАНУ ҰЗЫНДЫҒЫ	екінші басты, станциялық және т.б. сияқты жолдарды есепке ал-мағанда, станциялар арасындағы теміржол желілерінің ұзындығы
EBITDA	пайыздарды, салықтарды, тозуды және есептелген амортизацияны төлеу шығындарын шегергенге дейінгі пайда көлеміне тең талда-малық көрсеткіш
EBITDA MARGIN	EBITDA мен түсім арақатынасы ретінде есептелетін компания табы-стылығының өлшемі
ЖФБ	жиырма футтық балама
GRI	Global Reporting Initiative (жаһандық есептілік бастамасы)
ТЖЫҰ	Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы
ХТЖО	Халықаралық темір жолдар одағы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ESG	environmental, social, and corporate governance, (экологиялық, әлеу-меттік және корпоративтік басқару)
БҰҰ ЕЭК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы
БҰҰ АТМЭК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған эконо-микалық және әлеуметтік комиссиясы

ТРАСЕКА УАК	«Еуропа – Кавказ – Азия» көлік дәлізі жөніндегі үкіметаралық ко-миссия
ТМҰ	Түркі мемлекеттері ұйымы
ЭЫҰ	Экономикалық ынтымақтастық ұйымы
ҚР ИИДМ	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
LCL	Less Than Container Load (контейнерді ішінара тиеу)
ТТҮК	Трансеуразиялық тасымалдау жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі
ҚШК	қызметтің шешуші көрсеткіштері
ХТТ	халық тұтынатын тауарлар
БКЛК-ЕРА	«Біріктірілген көлік-логистикалық компания – Еуразиялық теміржол альянсы» акционерлік қоғамы
ТХКМ	Транскаспий халықаралық көлік маршруты
АЕК	айлық есептік көрсеткіш
ЕТМ	ең төмен жалақы мөлшері
КТС	корпоративтік табыс салығы
ТМҚ	тауар-материалдық қорлар
ББП	бөлінбеген пайда
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ҚҚС	қосымша құн салығы
ЖӘШ	жалпы және әкімшілік шығыстар
ROACE	орташа пайдаланылған капиталдың рентабельділігі
NORAT	салықтан кейінгі операциялық пайда
АСЕ	тартылған капиталдың орташа мәні
СЕ	тартылған капиталдың орташа мәнінің рентабельділігі
FCF	еркін ақша ағыны
NAV	активтердің таза құны
АҚ	ақпараттық қауіпсіздік
БЖЖ	біріктірілген жоспарлау жүйесі
АТ	ақпараттық технологиялар
БҚКО	бірыңғай қызмет көрсету орталығы
ЖҚҚ	жеке қорғаныс құралдары
ӨҚБЖ	«Өндірістік қауіпсіздік» біріктірілген жүйесі
ҚМД	Қауіпсіздік мінез-құлығы диалогы
ЭҚА	электрондық құжат айналымы
TRIR	инциденттер жиілігі
FAR	өліммен аяқталған инциденттер жиілігі
NEAR MISS	салдарсыз инциденттер жиілігі
ЕТЕМ	ең төменгі еңбекақы мөлшері
USIC	Халықаралық спортшы-теміржолшылар одағы
ВУЗ	денсаулықтың кенеттен нашарлауы

TCFD	Task force on climate-related financial disclosures (Климатқа қатысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі мақсатты топ)
SASB	Тұрақты даму саласындағы есеп стандарттары жөніндегі кеңес
ҚОҚ	қоршаған ортаны қорғау
ҚОӘБ	қоршаған ортаға әсерді бағалау
ТҚҚ	тұрмыстық қатты қалдықтар
ПГ	парниктік газдар
МФЦА	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
ТСК	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет
СҚК	Стратегия және қаржы комитеті
ҚҚОҚК	Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті
АК	Аудит жөніндегі комитет
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ

GRI 2-1

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д.Қонаев к-сі, 6
Анықтама қызметі: +7 (7172) 93 01 13
Баспасөз қызметі: +7 (7172) 60 42 87
www.railways.kz,
kense@railways.kz

Инвесторлармен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша

ДӘУЛЕТ ҚАНАТҰЛЫ ИСМАИЛОВ
Тел.: +7 (7172) 60 37 22
Электрондық почта: lsmailov_DeRailways.kz

2023 жылға арналған қаржылық есептілікке
аудит жүргізген сыртқы аудитор

«ДЕЛОЙТ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Әл Фараби д-лы, 36
Тел.: +7 (727) 258 13 40
Электрондық почта: : almaty@deloitte.kz

Тіркеуші

«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов к-сі, 280,
«Almaty Towers» көп функционалдық кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат
Тел.: +7 (727) 237 53 00

Барлық мүдделі тараптарды мына сілтеме бойынша өтіп, елеулі тақырыптарды анықтауға арналған онлайн сауалнамаға қатысуға және осы Біріктірілген жылдық есеп туралы пікір білдіруге шақырамыз:

https://www.railways.kz/articles/sustainable-development/otchet_v_oblasti_ustoichivogo_razvitiya

Есепке қатысты сұрақтарды жіберуге арналған электрондық почта: Sustainability@railways.kz

